

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІКТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕСИТЕТІ

БАЙЖҰМАНОВА А.М., БАЙСУГИРОВА Ш.Т.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ҚҰҚЫҒЫ**

Оқу құралы

Алматы, 2025

ӘОЖ 342.4 (075.8)

КБЖ 67.400 я73

Б18

*Баспаға Халықаралық көліктік-гуманитарлық
университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған
(27.02.2025 ж. №7 хаттама)*

Пікір жазғандар:

Бекежанов Ғ.Б. – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Алибеков С.Т. – з.ғ.д., профессор, Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті

Б18 Байжұманова А.М., Байсугирова Ш.Т.
Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқу құралы./ Байжұманова А.М., Байсугирова Ш.Т. – Алматы: Халықаралық көліктік-гуманитарлық университеті, 2025 ж. – 260 б.

ISBN 978-601-216-744-3

Оқу құралы «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» оқу пәнінің қысқаша мазмұнын көрсетеді. Сондай-ақ, қазіргі уақытта студенттердің және магистранттардың кредиттік оқу жүйесі бойынша құрастырылған.

Оқу құралы толығымен Қазақстан Республикасы конституциялық құқығы бойынша оқу бағдарламасына сәйкес жасалынған. Өз мазмұнына жүйелі түрде аталған курстың барлық жекелеген тақырыптары бойынша: дәріс мазмұны, схемалар және де студенттерге және магистранттарға тақырып бойынша тест тапсырмаларын қамтиды.

Оқу құралы «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын жоғарғы оқу орындарының заң факультеті студенттеріне және дәріс беруші оқытушылар мен ізденушілерге арналған.

ӘОЖ342.4(075.8)

КБЖ 67.400 я73

ISBN 978-601-216-744-3

КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» пәнінің зерттеу объектісі – конституциялық-құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастардың аясы, конституциялық-құқықтық нормалар, институттар және қатынастар, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихы, мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық мәртебесі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы саласының және ғылымының негізгі даму тенденциялары болып табылады.

Осы пәнді зерттеу әдістері: конституциялық-құқықтық нормаларын және институттарын, конституциялық-құқықтық қатынастарын, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихын, демократиялық құқықтық мемлекеттілің қалыптастыру жағдайында конституциялық заңнамасын жетілдірудің негізгі тенденцияларын зерттейтін диалектикалық, формальды-логикалық, тарихи және салыстырмалы зерттеу әдістері болып анықталады. Диалектикалық әдіс студенттерге конституциялық құқық құбылыстары мен санаттарын қозғалыста, саяси, әлеуметтік және қоғамдағы өзге үрдістермен байланыста қарастыруға жәрдемдеседі.

Формальды-логикалық әдістің негізінде конституциялық-құқықтық жекеде шындықтан жалпыға, жалпыдан жекелендіру жолымен танылады. Тарихи әдістің көмегімен Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық институттарының тарихи дамуы зерттеледі. Конституциялық құқықтың маңызды әдісі салыстырмалы әдіс болып келеді, ол арқылы Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттердің конституциялық-құқықтық институттарына салыстырмалы зерттеу және талдау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқық ғылымы өзге қоғамдық және заң ғылымдары арасында жетекші рөлін атқарады және негізін қалаушы орнын алады. Конституциялық құқық ғылымының пәніне қазақстандық конституционализмнің теоретико-әдістемелік мәселелері, Қазақстан Республикалық конституциялық даму тарихы, конституциялық заңнамасы дамуының негізгі тенденциялары және заңдылықтары, конституциялық-құқықтық нормалар және институттары, сонымен қатар конституциялық құқықтық қатынастар жатады.

Қазақстанның конституциялық құқық тарихын шартты түрде екі кезеңге (периодқа) бөлуге болады:

1. Кеңестік кезең (период), сонда конституциялық құқықтық ғылым марксистік-лениндік идеология негізінде дамыды.

Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерінде партиялық және таптық қағидаларының басымдылығына қарамастан, қазақстандық ғалымдары (С.З. Зиманов, М.Т. Баймаханов, Ғ.С.Сапарғалиев, В.А. Ким, С.А. Амандықова және т.б.) конституциялық құқықтың негізін қалайтын ғылыми еңбектердің авторлары болып табылады.

2. Конституциялық құқықтың қазақстандық ғылымының дамуының қазіргі кезеңі біздің еліміздің тәуелсіздігін алу кезінен басталады. Оның қалыптасуына және дамуына конституциялық құқық бойынша монографиялық еңбектерін, оқулықтарын, Қазақстан Республикасының Конституциясына түсініктемелерін басып шығарған, қазақстандық ғалымдар, конституциялық құқық бойынша мамандар үлкен үлес қосуда.

Оқу құралында қамтылған тақырыптар:

- 1) Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының жалпы сипаттамасы;
- 2) Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы түсінігі, пәні және әдістері;
- 3) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері;
- 4) Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері;
- 5) Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бірлестіктердің ұйымдастырылуы және қызмет етуінің конституциялық негіздері;
- 6) Сайлау құқығы және Қазақстан Республикасының сайлау жүйелері;
- 7) Республикалық референдум;
- 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі;
- 9) Қазақстан Республикасының Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі;
- 10) Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі;
- 11) Қазақстан Республикасы Парламент депутаттарының конституциялық-құқықтық мәртебесі;
- 12) Қазақстан Республикасының Үкіметінің конституциялық-құқықтық мәртебесі;
- 13) Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының конституциялық-құқықтық негіздері;
- 14) Қазақстан Республикасындағы сот билігінің конституциялық негіздері;
- 15) Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздері.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ: ТҮСІНІГІ, ПӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ


1.1 Конституциялық құқықтың түсінігі, пәні әдістері және конституциялық-құқықтық нормалар: түсінігі, ерекшеліктері, түрлері

Конституциялық құқық - Қазақстан Республикасы құқық жүйесі салаларының бірі. Ол өзінің ішкі тұтастығымен сипатталатын құқықтық нормалар жүйесін білдіреді және басқа құқық жүйесінің нормаларынан ерекшеленеді. Ішкі тұтастық конституциялық нормалардағы қоғамдық қатынастардың ерекшеліктерімен белгіленетін, солар арқылы реттелетін жалпы белгілердің болатындығын білдіреді. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар оның **пәнін** құрайды.

Конституциялық құқық пәнінің өзіндік ерекшеліктері бар. Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар мемлекет және қоғам құрылымының негізін құрайды және мемлекеттік биліктің жүзеге асуымен тікелей байланысты жүргізіледі.

Конституциялық құқық пәнін түсіндірудің теориялық, сондай-ақ семинарлық мәні бар. Онсыз конституциялық құқықтың нормалары мен институттарына тән мәнін дұрыс түсінуге болмайды олардың құқықтық реттеудегі мәні мен рөлін ашып көрсету, құқықтық жүйедегі орнын анықтау мүмкін емес. Конституциялық құқық пәнін білмейінше оның нормаларын қолдану саласын да анықтау мүмкін емес. Өйткені, нақты құқықтық әрекеттерді талдау кезінде, ең алдымен қай саланың нормасын қолдану қажеттігін анықтап алу керек. Ал ол үшін, реттеудің нысаны болып табылатын қоғамдық қатынастар сипатын белгілеу қажет.

Конституциялық құқықты үш тұрғыда қарастырамыз: құқық саласы ретінде, ғылым саласы ретінде және оқу пәні ретінде (сурет 1).



Сурет 1. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы

Құқық саласы ретінде конституциялық құқық – бұл қоғам мен мемлекеттің құрылысының негіздерін, атап айтсақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен жеке адамның құқықтық мәртебесін, мемлекеттік билік пен оның қызметі, жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару негіздерін реттеп, бекітетін нормалардың жиынтығын білдіретін ұлттық құқықтың бір саласы.

Конституциялық құқық саласының пәні болып оның нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар ұғынылады.

Конституциялық құқықтың ұлттық құқық жүйесінде алатын орны ерекше: Біріншіден, құқықтың жектеші саласы ретінде танылған;

Екіншіден, ол жетекші сала ретінде мемлекеттегі барлық салалардың, оның ішінде экономика, әлеуметтік жағдай, саяси, мәдени қатынастарға да ықпалы болады. Сонымен қатар, конституциялық құқық сол салалардың барлық қатынастарын емес, тек негізгі, басты қатынастарын ғана реттеп, бекітеді. Ал басқа құқықтың салалары осы конституциялық құқықтың бекіткен қатынастарын жоғары қояды және сол арқылы реттеп отырады. Демек, конституциялық құқық өзге құқық салалары үшін негіз болатын нормалар белгілейді.

Жоғарыда атап кеткеніміздей конституциялық құқық қоғамдық қатынастардың нақты бір тобына конституциялық құқықтық нормалар арқылы әсер етеді. **Конституциялық-құқықтық норма** – бұл конституциялық құқықтың пәні болып табылатын қатынастарды реттеп, бекітетін жүріс-тұрыс ережесі. Ол конституциялық құқықтық қатынасқа қатысушылардың жүріс-тұрысын анықтайды.

Конституциялық құқықтық нормалар өзге құқықтық нормалардан бірқатар өзгешеліктермен ерекшеленеді. Нақты айтсақ, конституциялық құқықтық нормалардың **ерекшеліктері** болып келесілер табылады:

А) конституциялық құқықтық нормалардың негізінде белгілі бір құқықтық қатынастардың түрі пайда болады;

В) конституциялық құқықтық нормалар реттеу пәні бойынша ерекшеленеді. Яғни, конституциялық құқықтың нормалары ерекше сипаттағы, негізгі, фундаменталдық қатынастарды реттейді;

С) қайнар көздері (бастаулары) бойынша ерекшелінеді, яғни конституциялық құқықтық нормалар басқа құқықтық норма-ларға қарағанда мемлекеттің негізгі заңы - Конституцияда көбірек белгіленген. Тиісінше заңи күші де көбінесе жоғарырақ болып келеді;

Д) конституциялық-құқықтық нормалар бірнеше бағытты қамтуға арналған;

Е) конституциялық-құқықтық нормалар құрылымына қарай ерекшеленеді. Нақты айтсақ, конституциялық құқықтық нормаларда өзге құқықтық нормаларға қарағанда санкция өте сирек кездеседі;

И) конституциялық-құқықтық нормалар көбіне нақты реттеушілік емес, жалпы реттеушілік сипатта болады. Мұнда мақсат, міндет, анықтама, мәртебе, қағида нормалары көп болады;

К) конституциялық-құқықтық нормаларға құрылтайшылық немесе ұйымдастырушылық сипат тән.

Конституциялық-құқықтық нормалардың түрлері:

1) мазмұны немесе реттеу пәні бойынша:

- конституциялық құрылыс негіздерін бекітетін нормалар;
- жеке адамның құқықтық жағдайының негіздерін бекітетін нормалар;
- сайлау құқығы мен сайлау жүйесін бекітетін нормалар;
- мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидаларын бекітетін нормалар;
- жергілікті өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы негіздерін бекітетін нормалар.

2) заңи күші бойынша:

- конституциялық - конституцияда көрініс тапқан нормалар
- субконституциялық - конституциядан өзге актілерде, яғни заңдарда, Президенттің жарлықтарында, Парламенттің қаулыларында, Үкіметтің актілерінде, орталық және жергілікті атқарушы органдардың актілерінде, маслихаттың шешімдерінде, Конституциялық Кеңестің қаулыларында және т.б. актілерде көрініс тапқан нормалар. Субконституциялық нормалардың заңи күші конституциялық нормалардан төмен болады.

3) әрекет ету аумағы бойынша:

- республикалық - республиканың бүкіл аумағында әрекет ететін нормалар;
- жергілікті - республиканың белгілі бір аумағының шегінде әрекет ететін нормалар.

4) құрамында көрсетілген ережелердің сипатына байла-нысты:

- өкілеттік (құқық) беруші нормалар - субъектіге (мемлекеттік органға, қоғамдық бірлестікке, азаматтарға) қандай да бір жағымды әрекет жасауға құқық беретін нормалар;
- міндет жүктеуші нормалар - адамдардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың белгілі бір жағымды әрекеттер жасау жауапкершілігін, міндеттілігін белгілейтін нормалар;
- тиым салушы нормалар - қандай да бір әрекеттерді жасауға болмайтындығын белгілейтін нормалар.

5) құрамындағы көрсетілген ережелердің анықталғандық, нақтылық дәрежесіне байланысты:

- императивтік нормалар;
- диспозитивтік нормалар;

Императивтік нормаларға өте бір қатаңдық, өктемдік тән, оның орындалуы біржақты өктем болып келеді. Мысалы, Конституцияның 35-бабына сәйкес, азаматтардың салық төлеу міндеттілігі айқындалған.

6) құқықтық реттеу механизміндегі атқаратын рөлі бойынша:

- жалпы - анықтама, қағида, мақсат, міндет нормалары;
- материалдық - мемлекеттік органдардың және басқа да субъектілердің қызметтерінің негіздерін, олардың құқықтық мәртебелерін, құзыреттерін, құқықтарын т.б. жағдайларын айқындайтын нормалар;
- процессуалдық-материалдық норманың жүзеге асырылу процедурасын белгілейтін нормалар.

Конституциялық құқықтық нормалар конституциялық құқықтың пәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттейді. Конституциялық құқықтық нормалардың тиісті қоғамдық қатынастарға әсер етуінің нәтижесінде конституциялық құқықтық қатынастар пайда болады. Олай болса, **конституциялық-құқықтық қатынастар** – бұл конституциялық құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар.

Конституциялық құқықтық қатынастардың өзге құқықтық қатынастармен ұқсас жалпы белгілері:

- кез келген құқықтық қатынас – бұл құқықтық нормалардың қоғамдық қатынастарды реттеуінің нәтижесі;
- реттеу нәтижесінде тиісті субъектілер арасында заңи байланыс пайда болады;
- қоғамдық қатынастар арқылы ғана құқық нормалары пайда болады, таратылады.


Конституциялық құқықтық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері:

1. Өз мазмұнымен ерекшелінеді, яғни конституциялық құқықтың пәнін құрайтын қатынастар саласында пайда болады, қоғам құрылысы мен мемлекет құрылысының негіздерін білдіреді;
2. Басқа құқықтық қатынастардың негізі болып табылады;
3. Қоғам өмірінің барлық жақтарында болады, тиісінше қоғамдық қатынастардың алуан түрлілігінің көптігімен ерекшеленеді;
4. Кейбір субъектілері ерекше болып келеді. Яғни, кейбір субъектілер конституциялық құқықтық қатынастардан басқа ешбір қатынастардың субъектісі (қатысушысы) бола аламайды (мысалы, мемлекет, халық, ұлт, ұлыс т.б.)

Конституциялық-құқықтық қатынастың мазмұнын оның субъектілері арасындағы өзара құқық пен міндет нысанындағы заңи байланыс құрайды. Олай болса, конституциялық құқықтық қатынастардың мазмұнына келесі элементтер кіреді:

1. Субъект; 2. Объект; 3. Субъективтік құқықтар мен заңи міндеттер.

Субъектісі: мемлекет, халық, мемлекеттік органдар, ұлттар, әкімшілік аумақтық бірліктер, қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, азаматтар, депутаттар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, сайлаушылар корпусы, қоғамдық бірлестіктер (Сурет 1.1)



Сурет 1.1 Конституциялық құқықтық қатынастарға қатысушылар

2. Объектісі – конституциялық-құқықтық қатынастар неге байланысты пайда болып отыр, неге бағыттталып отыр сол оның объектісі болады (мемлекеттік билік, мемлекеттің аумағы, материалдық игіліктер, құнды заттар, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың әрекеттері, адамдардың жүріс-тұрысы, азаматтардың мүлiктік емес құқықтары және т.б.) (Сурет 1.2);



Сурет 1.2 Конституциялық құқықтық қатынастардың объектілері

3. Субъективтік құқықтар мен заңи міндеттер.

Конституциялық құқықтық қатынастар заңи фактілердің нәтижесінде пайда болады. Заңи фактілер – бұл тиісті қатынастарды пайда болғызатын, өзгертетін, тоқтататын (жоятын) жағдайлар (оқиға мен іс-әрекет) (сурет 1.3).




Сурет 1.3. Конституция құқық реттеу аясы

Конституциялық құқық, тұтас алғанда, құқықтың реттеу әдістері деп аталатын белгілі бір тәсілдер мен әдістердің көмегімен мемлекеттік және

қоғамдық қатынастарды реттейді. Конституциялық-құқықтық қатынастарды реттеу үшін төмендегідей:

- 1) міндеттеу әдісі;
- 2) тыйым салу әдісі;
- 3) рұқсат ету әдісі;
- 4) тану әдісі қолданылады (сурет 1.4).



Сурет 1.4. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының әдістері

Міндеттеу әдісі мемлекеттік органға сияқты, жеке тұлғаларға да қатысты, олардың барлық қызмет саласында қолданылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабында (3 тармақ): «Мемлекеттік органдар қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» деп жазылған. Ал, Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы (2 тармақ), бұл әдісті қолданудың тағы бір мысалы болып: «Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс» табылады. Аталған қағида мемлекеттік меншікке сияқты, жеке меншікке де қатысты. Тиісінше, конституциялық норма мемлекеттік органдарды да, жеке меншік иелерін де меншікті тек өз мүддесіне ғана емес, сондай-ақ қоғам мүддесіне де пайдалануға міндеттейді.

Сонымен қатар, конституциялық құқықта **тыйым салу әдісі** де кең қолданылады. Бұл әдіс, көбіне мемлекеттік органдарға, қоғамдық құрылымдарға қатысты қолданылады.

Тыйым салу әдісі азаматтарға қатысты шектеулі жағдайларда ғана қолданылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 3-

тармағында былай делінген: «Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді». Конституция заңда қаралмаған әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салады. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы демократияның шынайы көрінісі болып табылатын **рұқсат ету әдісін** де кең қолданады. Мұндай әдіс көп жағдайда адамның және азаматтың мәртебесін белгілеу үшін қолданылады. Мысал ретінде әркімнің заңмен белгіленгеннен басқа ретте, Қазақстан аумағында еркін жүріп-тұруын және тұратын орнын еркін тандауын айтуға болады. Рұқсат ету әдісінің өзіндік ерекшелігі мынада, Конституция белгілі бір ауқым, шекке дейін еркін әрекет ету мүмкіндігін бере отырып, субъектінің әрекетін айтарлықтай шектей алады.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, меніңше, құқықтық реттеудің тағы бір әдісін — **тану (танымау) әдісін** де қолданады. Кеңестік кезеңнен кейінгі конституциялық құқық жөніндегі әдебиеттерде мұндай әдістің қолданылу мүмкіндігі байқалмайды. Оның үстіне бұл әдіс объективті фактордан - адамдардың табиғи құқығын заң тұрғысынан танудан туындайды. Мемлекет адамдардың табиғи құқығына рұқсат етеді емес, дәлірек айтқанда, таниды. Құқықтық реттеуді әдіс ретінде тану да конституциялық құқықтың демократиялық және адамгершілік мәнін сипаттайды.

Белгілі ғалым з.ғ.д., профессор Ғ.С. Сапарғалиевтің ойынша, жалпы құқық теориясында құқық нормасы ретінде мемлекеттен туындайтын және сол арқылы қорғалатын, заң құқығына қатынасушылардың қатынасын білдіретін және оларға міндеттер жүктейтін жалпыға міндетті және заңда айқындалған тәртіп ережесі түсіндіріледі.

Дегенмен, конституциялық-құқықтық нормалардың құқықтың басқа салаларындағы нормалардан ерекшелігі мен айырмашылықтары қандай дегенге келсек бұған жауапты конституциялық құқықтармен реттелетін қоғамдық қатынастардың өзгешеліктерінен табамыз.

Конституциялық-құқықтық нормалар:

1. Мазмұнымен (реттеуге бағытталған қоғамдық қатынастардың аясымен);
 2. Неғұрлым көбірек заң күшіне ие болумен; Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне қайшы келетін нормалардың күшін жоюымен;
 3. Сол арқылы білдірілген дерек көздеріменен (неғұрлым маңызды нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында түзілген);
 4. Нормалардың өзіне тән түрлерімен (норма-қағидалардың, норма-міндеттердің, ресми мәлімделген (декларативті) ережелердің болуы);
 5. Жүзеге асырудың айрықша механизмімен (қоғамдық қатынастардың түбегейлі, басты тұстарын ғана реттейді);
 6. Қатынастарды реттейтін (халық, мемлекет, ұлттар, жоғары мемлекеттік органдар) субъектілердің өзіндік сипатымен;
 7. Құрылымдардың ерекшеліктерімен (ғылыми болжам мен диспозицияға және жекелеген жағдайларда ғана – санкцияға ие);
 8. Нұсқаулардан тұратын құрылтайшылық сипатпен өзгешеленеді.
- Нұсқаулардан тұратын сипаты бойынша:

1. Құқық жүктеуші нормалар – онда қаралған әрекеттерді жүзеге асыратын және олардың өкілеттік шеңберін анықтайтын субъектілер құқығын бекітетін нормалар. Бұл – азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік құқықтары туралы конституциялық нормалар. Мұндай нормаларға сондай-ақ ҚР Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, Конституциялық Кеңестің конституциялық өкілеттігін айқындайтын нормалар жатады;

2. Міндеттеуші нормалар - өзінің тәртібін, өзінің әрекетін аталмыш нормалардың нұсқауларына жатқызатын субъектілердің міндеттерін бекітетін нормалар. Мұндай міндеттер тек азаматтарға ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының Төрағаларына да жүктеледі;

3. Тыйым салушы нормалар - онда қаралған белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салудан тұратын нормалар. Мұндай нормалар мемлекеттің конституциялық негіздерін (бастауларын), заң ережелері мен құқық тәртібін қорғауға бағытталған.

Ондағы нұсқаулардың-айқындаушылық дәрежесі бойынша мынадай нормаларға бөлінеді:

4. Императивті нормалар - белгілеген ережелерді субъектілерге қолдану еркіндігін қорғауға рұқсат етпейтін нормалар;

5. Диспозитивті нормалар - нормада көрсетілген жағдаяттарды ескеру арқылы субъектінің әрекет ету вариантын таңдау мүмкіндігін қарайтын нормалар.

Құқықтық реттеу механизмі бойынша нормалар:

6. Материалдық нормалар - қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу бойынша әрекет етудің мазмұнын қарайтын нормалар;

7. Процессуалдық нормалар - сол арқылы жүзеге асырылатын тәртіпті анықтайтын нормалар болып бөлінеді.

Бірыңғай және өзара байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін және салыстырмалы түрде дербес топты құрайтын конституциялық құқық нормаларының жиынтығы конституциялық-құқықтық институт деп аталады. Мысалы: азаматтық институты, Президенттік институт, сайлау құқығы институты және т.б.

Демек, конституциялық құқықтық нормаларға құқықтық нормалардың барлық белгілері тән. Оларды мемлекеттік органдар қабылдайды. Олар қоғамдық қатынастарды ретке келтіретін құрал болып табылады. Олар басқа да заң нормалары сияқты, екі: *реттеушілік* және *қорғаушылық* нормаларды атқарады. Реттеуші нормаларға құқықтық қатынас мүшелеріне субъективтік құқық беру және оларға заңдық міндеттеме жүктеу жолы мен тәртіптің белгілі бір нұсқасын белгілейтін конституциялық-құқықтық нормалар жатады. Бұл, әсіресе, Конституцияның азаматтың құқығы мен бостандығы туралы бөлімінде анық көрінеді. Құқық қорғаушы нормаларға субъектілер тәртібін, олар тәртіпті бұзған жағдайда, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілеу жолы мен анықтайтын конституциялық-құқықтық нормалар жатады.

Конституциялық құқықтың нормаларын түсіну үшін конституциялық реттеуші нормаларды өкілеттік беруші, тыйым салушы, міндеттеуші нормаларға бөлудің айтарлықтай мәні бар.

Өкілеттік беруші конституциялық құқықтық нормалар субъективтік құқықты жағымды мазмұнда белгілейді. Жалпы айтқанда, субъектіге (мемлекеттік органға, қоғамдық бірлестікке, азаматтарға) қандай а бір жағымды әрекет жасауға құқық береді.

Конституциялық заңдарда *тыйым салатын* нормалар да бар. Олар адамдардың белгілі бір қасиеттегі әрекеттеріне ұстамдылық жауапкершілігін белгілейді. Тыйым салушы конституциялық нормалар мемлекеттің конституциялық негіздерін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қорғауды көздейді.

Міндеттеуші конституциялық нормалар адамдардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік органдардың белгілі бір жағымды әрекеттер жасау жауапкершілігін белгілейді. Конституция Парламент Палаталары Төрағаларына бірқатар жауапкершілік жүктейді. Сондай-ақ азаматтардың да конституциялық жауапкершілігін есте сақтаған жөн.

1.2 Конституциялық құқықтың қайнар көздері

Конституцияның құқықтық нормалары сала ретінде конституциялық құқықтың тура және тікелей қайнар көзі болып табылады.

Конституциялық құқықтың тікелей қайнар көздері:

- нормативтік құқықтық актілер;
- халықаралық шарттар;
- мемлекеттік органдардың қабылдаған нормативтік құқықтық актілері;
- Қазақстан Республикасы Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады.

Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылады.

Барлық заңдар Республика қатысушысы болып табыладың халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Конституциялық құқықтың қайнар көздері дегеніміз конституциялық құқықтық нормалардан тұратын актілер. Кеңірек ашып қарастырар болсақ, конституциялық құқықтың қайнар көздері болып конституциялық құрылыс негіздерін, жеке адамдардың құқықтық жағдайының негіздерін, мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен қызметінің қағидаларын, жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару негіздерін реттеп, бекітетін нормалардан тұратын актілер табылады. Олардың екі түрі бар: ішкі қайнар көздер және сыртқы қайнар көздер. Сыртқы қайнар көздерге конституциялық құқықтық нормалардан тұратын Қазақстан Республикасы бекіткен актілер кіреді (халықаралық келісімдер, шарттар, пактілер т.б.). Ішкі қайнар көздер болып конституциялық құқықтық нормалардан тұратын Қазақстан Республикасы халқымен, мемлекеттік органдарымен және лауазымды тұлғаларымен қабылданған нормативтік құқықтық актілер табылады. Олар:

- Конституция;
- Заңдар: конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар, конституциялық заңдар және жай заңдар;
- Президенттің Жарлықтары: конституциялық заң күші бар Жарлық, жай заң күші бар Жарлық, нормативтік Жарлық;
- Парламенттің және оның палаталарының Қаулылары;
- Үкіметтің қаулылары;
- Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының нормативтік Қаулылары;
- Орталық атқарушы органдардың басшыларының нормативтік құқықтық Бұйрықтары;
- Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік актілері;
- Декларация, регламенттер, ережелер және т.б. (Сурет 1.5).



Сурет 1.5 Конституциялық құқықтың қайнар көздері

Қазақстан Республикасы Конституциясы конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады. Өзге емес, нақ осы актінің негізгі қайнар көз ретінде анықталуы келесі жағдайлармен түсіндіріледі:

- 1) Конституцияда барлық басқа қайнар көздер үшін бастапқы болып табылатын жалпы сипаттағы құқықтық нормалар бекітіледі. Басқа қайнар көздер Конституция нормаларынан туындайды, оның ережелерін нақтылайды.
- 2) Конституция - онда белгіленген нормалардың мазмұнының кеңдігімен сипатталады. Конституция нормалары қоғам өмірінің барлық салаларына әсер етеді. Ал, басқа қайнар көздер қатынастардың қандай да белгілі бір саласын реттейді;
- 3) Конституция басқа қайнар көздерге қарағанда жоғары заңи күшке ие, Қазақстанның бүкіл аумағында тікелей қолданылады;
- 4) Конституцияда құқық саласы қайнар көздерінің басқа да көптеген түрлері анықталады;
- 5) Конституцияда бекітілген нормалар халықтың мемлекеттік еркін жүзеге асыру нысаны ретінде болады;
- 6) Конституция жоғары құқықтық мәні, жоғары қоғамдық маңызы бар

акт болып табылады. Оның нормалары әрбір азаматқа, қоғамдық қызметтің барлық субъектілеріне бағытталған.

Формаларына қатысты, конституциялық құқықтың барлық көздері мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзі.

2. Конституциялық заңдар. Қабылдау мен олардың тізімі конституциямен (Конституцияның 92-бабы) қаралған. Қарапайым заңдар тәртібімен салыстырғанда неғұрлым күрделі, Конституцияда арнайы ескертілген, мемлекет үшін аса маңызды мәселелер бойынша қабылданады. Депутаттардың жалпы санын 2/3 дауысымен қабылданады.

3. Әдеттегі заңдарды, негізінен қарапайым көпшілік дауыспен Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қабылдайды.

Демек, өзгеше заңдар, Республика Парламентінің әрбір Палаталары депутаттарының басым көпшілік дауысымен Парламентте қабылданған өзгертулер мен толықтыруларды және референдумда қабылданған, өзгертулер мен толықтыруларды Конституцияға енгізеді.

4. Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының Қаулысы.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, өз кезегінде:

а) Конституциялық заң күшіне ие Жарлықтарға.

ә) Заң күшіне ие Жарлықтарға.

б) Заңға бағынышты нормативтік Жарлықтарға бөлінеді.

Дегенмен, Президенттің барлық нормативтік жарлықтары конституциялық құқық көздері болып саналмайды, тек конституциялық-құқықтық нормалардан тұратын жарлықтар ғана конституциялық-құқық көздері болуы мүмкін.

6. Егемендік қағидаларын жариялаған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңда, 1993 ж. және 1995 ж. Конституцияларда және өзге конституциялық актілерде бекітілген, 1991 жылдың 25 қазанындағы мемлекеттің егемендігі туралы Декларациясы.

7. Нормативтік нұсқаулардан, құқықтық нормалардан тұратын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың актілері.

8. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімі.

9. Конституциялық-құқықтық нормалардан (шешімдер, жарғылар, ережелер) тұратын жергілікті өкілді органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік-құқықтық актілері белгілі бір жердің аумағынан аспайды.

10. Мемлекетаралық деңгейде бекітілген халықаралық шарттар.

Мемлекетішілік құқық нормалары мен халықаралық құқық нормаларының коллизиясы (бағыттар қақтығысы) кезінде басымдық соңғыға беріледі.

4. Конституциялық құқық жүйесі – оның ішкі құрылымын сипаттайтын және оны құқықтың басқа салаларынан өзгешелеп тұратын институттардың жиынтығы болып саналады.

Конституциялық құқық институттарының жүйесі мынадай түрде беріледі:

1. Конституциялық құрылыстың негіздері;
2. Жеке адамның (тұлғаның) конституциялық мәртебесі;
3. Әкімшілік-аумақтық құрылым;
4. Мемлекеттік органдар жүйесі.

Бақылау сұрақтары:

1. Конституциялық құқық саласы ретінде түсінігі неде?
2. Конституциялық құқықтың қайнар көздерін атаңыз.
3. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының түсінігі, пәні және әдістерін атаңыз.
4. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығына түсініктеме беріңіз.
5. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні және оның ерекшеліктерін көрсетіңіз.
6. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының әдістерін мысал келтіріп анықтаңыз (өкілеттік беруші, міндеттеуші, тыйым салу, тану).

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Конституциялық құқықтың пәнін құрайтын қоғамдық қатынастарды көрсетіңіз:
А) адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін қатынастар
В) мемлекеттік органдардың жүйесіне және өкілеттіктеріне қатысты қатынастар
С) мемлекеттің және қоғамның экономикалық негізін құрайтын қатынастар
D) мемлекетті және қоғамды ұйымдастыру негіздерін құрайтын қатынастар
E) мемлекет пен қоғамның саяси саласындағы қатынастар
2. Конституциялық құқық мемлекеттік және қоғамдық қатынастарды келесі әдістер арқылы реттейді:
А) диспозитивтік, императивтік, келісімдік
В) міндеттеуші, рұқсат беруші, конституциялық
С) міндеттеуші, рұқсат беруші, формальды-заңдық, статистикалық
D) салыстырмалы-құқықтық, функционалды, нақты-әлеуметтік
E) міндеттеу, тыйым салу, рұқсат беру, тану
3. Конституциялық-құқықтық нормалар өзінің құрылымы бойынша болады:
А) уәкілдік беруші болып келеді
В) көбінесе норманың гипотезасы көрсетілмейді
С) көбінесе норманың санкциясы көрсетілмейді
D) тыйым салушы болып келеді
E) рұқсат беруші болып келеді

4. Субъективтік құқықтарды бекітетін нормаларды көрсетіңіздер:

- A) міндеттеуші нормалар
- B) рұқсат беруші нормалар
- C) тыйым салушы нормалар
- D) диспозитивтік нормалар
- E) императивтік нормалар

5. Конституциялық құқықтық норма өзінің заңдық күші бойынша:

- A) ең жоғарғы норма болып табылады
- B) танушы норма болып табылады
- C) тыйым салушы норма болып табылады
- D) диспозитивтік норма болып табылады
- E) рұқсат беруші норма болып табылады

6. Конституциялық-құқық ғылымында қолданылатын зерттеу әдісін көрсетіңіз:

- A) императивтік әдіс
- B) диспозитивтік әдіс
- C) салыстырмалы-құқықтық әдіс
- D) тыйым салу әдісі
- E) рұқсат беру әдісі

7. Қазақстан Республикасы құқық жүйесінің негізін құрайтын құқық саласы:

- A) қаржылық құқық
- B) конституциялық құқық
- C) мемлекет және құқық теориясы
- D) азаматтық құқық
- E) әкімшілік құқық

8. Атқаратын міндеттері (мақсаты) бойынша конституциялық-құқықтық қатынастар жіктеледі:

- A) уақытша және тұрақты
- B) құқықтық және құқықтық емес
- C) жалпы және нақты
- D) құқық орнатушы және құқық қорғаушы
- E) диспозитивтік және императивтік

9. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар:

- A) Республика заңдарынан басымдығы болады
- B) қолдану тәртібін Президент бекітеді
- C) қолдану тәртібін Конституциялық Сот бекітеді
- D) Республика заңдарынан басымдығы болмайды
- E) ұлттық құқық жүйесінде маңызы жоқ

10. Төмендегілердің қайсысы конституциялық құқықтың субъектісі болып табылмайды:

- A) халық
- B) мемлекет және оның құрылымдық бөлімшелері
- C) мемлекеттік органдар
- D) ҚР-сының азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар және шетел азаматтары
- E) дебаттық және өзге клубтар

11. Конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзі:

- A) Конституциялық заңдар
- B) Конституциялық Соттың қаулылары
- C) Конституция
- D) Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары
- E) әдет ғұрып

12. Әрекет ететін аумақтық шегі бойынша конституциялық құқықтың қайнар көздері:

- A) Конституциялық заңдар және органикалық заңдар
- B) конституциялық әдет-ғұрып және конституциялық келісімдер
- C) мемлекеттік органдар мен референдумда қабылданған заңдар
- D) жалпы ұлттық және аймақтық
- E) заң шығарушы билікпен және атқару билігімен шығарылған заңдар

13. Конституциялық құқық ғылымындағы зерттеу әдісіне жатпайтыны:

- A) тыйым салу әдісі
- B) статистикалық әдіс
- C) салыстырмалы-құқықтық әдіс
- D) социологиялық әдіс
- E) жүйелі талдау әдіс

14. Конституциялық құқық субъектілеріне белгілі бір әрекеттерді жасауға ұйғаратын нормаларды көрсет:

- A) тыйым салушы нормалар
- B) рұқсат беруші нормалар
- C) міндеттеуші нормалар
- D) уәкілдік беруші нормалар
- E) императивтік нормалар

15. Конституциялық құқық ғылымының пәнін құрайды:

- A) адам және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі
- B) мемлекеттік органдардың жүйесі мен өкілеттіліктері
- C) конституциялық-құқықтық нормалар
- D) конституциялық құқықтың қалыптасуы, дамуы және қызмет етуінің заңдылықтары
- E) конституциялық құқықтың реттеу әдістері

16. Конституциялық құқықтың қайнар көздеріне жатпайтыны:

- A) Президент жарлықтары
- B) Үкімет қаулылары
- C) Сот шешімдері
- D) Парламент заңдары
- E) Мәжіліс және Сенаттың регламенті

17. Конституциялық құқық ғылымы:

- A) конституциялық-құқықтық нормалар мен институттарды зерттейді
- B) конституциялық қадағалауды жүзеге асырады
- C) конституциялық міндеттердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады
- D) ұлттық құқық жүйесіндегі негізгі құқық саласының рөлін атқарады
- E) оқу пәні ретіндегі негізгі қызметті жүзеге асырады

18. Конституциялық құқық оқу пәні ретінде:

- A) конституциялық қадағалауды жүзеге асырады
- B) ұлттық құқық жүйесіндегі негізгі құқық саласының рөлін атқарады
- C) конституциялық міндеттердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады
- D) заңгерлерді дайындау барысында оқытылатын кешенді курс болып табылады
- E) ҚР Конституциясы нормаларына ресми талдау жасайды

19. Конституциялық құқық ұғымы келесі аспектілерде қарастырылады:

- A) ғылым, оқу пәні және халықаралық құқықтың негізгі институты ретінде
- B) ғылым, оқу пәні ретінде
- C) ғылым, оқу пәні және құқық саласы ретінде
- D) құқық саласы және нормалар жиынтығы ретінде
- E) оқу пәні және негізгі құқықтық институт ретінде

20. Конституциялық құқықтың пәні болып табылмайды:

- A) саяси мәселелерден туындайтын кейбір мемлекетаралық қатынастар
- B) мемлекеттегі сайлау жүйесін ұйымдастырумен байланысты қатынастар
- C) мемлекеттегі заңшығару үрдісін реттеумен байланысты қатынастар
- D) мемлекеттегі әділсотты ұйымдастырумен байланысты қатынастар
- E) конституциялық бақылауды ұйымдастырумен байланысты қатынастар

21. Конституциялық құқық саласы қандай нормалардан қалыптасады:

- A) конституциялық-құқықтық нормалардан
- B) зерттеу әдістерінен
- C) салт дәстүрден
- D) тек Конституциядан ғана
- E) құқық теориясынан

2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТАРИХЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ - МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

2.1 Конституциялық құқық ғылым саласы ретіндегі орны және Қазақстан Республикасының Конституциясының нысаны мен құрылымы

Конституциялық құқық құқықтық ғылымның бір саласы ретінде оқытылады. Ғылым ретінде конституциялық құқыққа өз пәні, өз бастаулары, оны оқып-үйренуге өзіндік бағыт-бағдар тән. Ғылым конституциялық құқықты құқықтық ғылымның бір бөлігі ретінде қарастыратындықтан, ол салалық ғылымдардың қатарына жатады.

Конституциялық құқық ғылымы мемлекеттік басқару және мемлекеттік құрылыс нысандарын, Қазақстан мемлекеті механизмін, мемлекеттік органдардың өзара қарым-қатынасының нысандарын, әдістері мен тәсілдерін зерттейді. Ол конституциялық құқықтың мәнін, нормалары мен институттарының бағыттарын және оны жүзеге асыруға байланысты процестерді зерттейді. Осындай жұмыстарды жүзеге асырудың нәтижесінде конституциялық-құқықтық қатынастар туады, өзгертіледі және тоқтатылады. Сондықтан, конституциялық құқық ғылымы конституциялық-құқықтық қатынастардың сипатын және табиғатын, олардың басқа салалық-құқықтық қатынастармен салыстырғандағы ерекшеліктерін зерттейді. Конституциялық құқық ғылымы реттелетін қоғамдық қатынастардың конституциялық құқықтық нормалар әрекетінің тиімділігін зерттейді, ондай тиімділік әлсіреген жағдайда оны күшейту үшін ұсыныстар жасайды.

Аталған ғылым мәртебесі конституциялық заң арқылы белгіленетін мемлекеттік органдардың қызметін зерттейді. Сөйтіп, бұл мемлекеттік органдар, әрине, оқшауланған күйде емес, олардың өзара байланысы деңгейінде зерттеледі. Мұнда, сондай-ақ конституциялық-құқықтық нормалардың тиімділігі де қарастырылады. Конституциялық құқық ғылымы құқықтық нормалардың тиімділігін ғана қарастырып қоймайды, сонымен бірге қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелу шегін объективті түрде зерттейді. Демек, конституциялық-құқықтық нормалармен реттелуі мүмкін қоғамдық қатынастарды жалпылама анықтауға болғанмен, іс жүзінде олар реттейтін қоғамдық қатынастар шегін белгілеу оңай емес. Нәтижесінде конституциялық-құқықтық нормалар өз табиғатында құқықтың басқа салаларының нормаларымен реттелуі тиіс қатынастарды қоса барынша кең көлемдегі қатынастарды реттеуі мүмкін немесе, керісінше, өзінің әлеуметтік мәніне орай солар арқылы реттелуі тиіс қоғамдық қатынастар конституциялық-құқықтық нормалардың назарынан тыс қалдырылуы мүмкін. Ғылым мұндай мәселелердің жауабын іздеп, табуы тиіс.

Конституциялық құқық ғылымы халық өкілдігі, ұлттық, халықтық және мемлекеттік егемендік, мемлекеттік басқару мен құрылым, әкімшілік-

аймақтық бөлініс нысандары сияқты кешенді мәселелердің тұжырымдамасын жасайды. Жергілікті өкілетті және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүйесі де осы ғылым зерттейтін пән. Ғылым сайлау жүйесіне демократияның қайнар көзі ретінде ерекшеленеді. Аса маңыздылардың қатарына мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық принциптерін зерттеу жатады.

Конституциялық құқық ғылымы адам мен азаматтың құқығы, шетел азаматтары, конституциялық нормалардың адам құқығын халықаралық құқық нормаларымен өзара байланысы мәселелерін зерттеуге ерекше назар аударуы тиіс. Конституциялық құқық ғылымы, оның пәні болып табылатын объектілерді зерттейді. Оларды социологиялық, тарихи, логикалық және басқа да әр түрлі әдістерді қолдана отырып, ғылыми методологиялық принциптерге сүйене отырып зерттейді. Конституциялық заңдылықты оқып-үйрену, оның әлеуметтік табиғатын, бағытын ашып көрсету, іс жүзінде қолданылуын қарау негізінде ғылым теориялық ережелерді, тұжырымдарды, тұжырымдамаларды қалыптастырады. Бұл ережелер тек ғылымның дамуы үшін ғана емес, сонымен бірге заңдылықты жетілдіру, мемлекеттік органдардың қызметін жақсарту үшін де маңызды. Конституциялық құқық ғылымы тұтас құбылыс болғандықтан оның тұжырымдамалары, теориялық ережелері өзара байланыста болып қана қоймайды, сондай-ақ біртұтастығымен ерекшеленуі тиіс. Конституциялық құқық ғылымының бірлігі мен тұтастығы теориялық кешендердің шартты түрдегі дербестігін жоққа шығармайды. Ол дербес зерттелетін мынандай айтарлықтай кешендерден тұрады: билікті бөлісу, парламентаризм, президенттік басқару нысаны, сайлау жүйесі, азаматтық, егемендік, мемлекеттіліктің сипаты мен мәні, халық билігі, азаматтық қоғам мәселесі, саяси плюрализм және басқа теориялар жатады. Осы теориялар мен тұжырымдамалардың қай-қайсысы болсын дербес қалыптасады, бірақ сонымен бірге олар бір-біріне ықпал етеді.

Ғылым конституциялық деп аталғандықтан, онын қайнар көзі Конституция болып табылады. Ол Конституцияның негізінде өзінің басты теориялық ережелерін қалыптастырады. Сонымен бірге жинақталып келіп конституциялық заңдылықты құрайтын: конституциялық заңдар, жәй заңдар, Президенттің нормативтік жарлықтары, Үкіметтің қаулылары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шешімдері де конституциялық құқық ғылымының қайнар көздері болып табылады.

Қазақстандық белгілі ғалым, С.З. Зимановтың пікірінше, Конституция белгілі бір кезеңдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани және құқықтық дамуының нәтижесі ретінде демократияның даму деңгейін белгілейтін, аталмыш қоғамдағы жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын көрсететін, экономикалық және әлеуметтік өмірдегі мемлекеттің рөлін айқындайтын, халықтың қоғамдық белсенділігі мен саяси жүйесін сипаттайтын құжат болып саналады. Сондықтан, Конституция мемлекет пен тұтастай қоғамның тек негізгі заңы ғана емес, сонымен бірге жоғары заң күшіне ие және Қазақстан құқығының бүкіл жүйесі үшін

нормативтік база болып санала отырып, саяси-құқықтық құжат болып саналады, сондай-ақ қазіргі заманғы демократиялық және құқықтық мемлекет белгілері жүйесінде ерекше орын алады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы преамбуладан және 9 бөлімнен тұрады.

Преамбула Қазақстан халқын Конституция қабылдаған, ерекше субъекті ретінде атап көрсетеді; Конституцияны қабылдау себептерін ашып көрсетеді.

1 бөлім. «Жалпы ережелер» мемлекет құрылысының негіздерін айқындаушы қағидаларға арналған.

1-бап. Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып саналады.

2-бап. Қазақстан Республикасы – Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып саналады.

3-бап. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы-халық; мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот үш билік тармағына бөліну қағидалары бекітілген.

4-бап. Қазақстан Республикасындағы қолданылатын құқықтарға анықтама беріледі және Конституция арқылы ең жоғары заң күші танылады.

5-бап. Идеологиялық және саяси әралуандылық қағидалары танылады, қоғамдық бірлестіктер қызметінің тәртібі реттеледі.

6-бап. Мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

7-8-баптар. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі және Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың қағидалары негізінде басқа мемлекеттермен ынтымақтастық және тату көршілік қарым-қатынас саясатын жүргізеді.

2 бөлім. «Адам және азамат» жеке адамның құқықтық мәртебе негіздеріне арналған, бұл бөлімде адам және азамат құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ азаматтық институты негіздерінің тәртібі белгіленеді.

3 бөлім. «Президент» бөлімінде президенттік басқару нысандары бекітіледі.

4 бөлім. «Парламент» заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган ретінде Парламенттің құқықтық мәртебесін айқындайды, Парламент қызметінің ұйымдық-құқықтық нысандарын және оның депутаттарының мәртебесін бекітеді.


5 бөлім. «Үкімет» Республикадағы атқарушы билікті жүзеге асыратын Үкімет қызметінің негіздеріне арналған, Үкімет пен Премьер-министрдің құзырын бекітеді.

6 бөлім. «Конституциялық Сот» негізгі қызметінің бірі Конституция нормаларына ресми түсініктер беру болып саналатын конституциялық Кеңестің құқықтық ереже негіздеріне арналған.

7 бөлім. «Соттар және сот төрелігі» сот жүйесіне арналған, соттардың нормативтік-құқықтық актілерді конституциялық емес деп тану туралы Конституциялық Кеңеске жүгіну мүмкіндігін бекітеді. Конституция бұл бөлімде алдын-ала жүргізілетін әкімшілік тексерулер мен алдын ала тергеуді соттар мен прокуратуралардан бөледі.

8 бөлім. «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» 85-бапқа сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді және атқару органдарымен жүзеге асырылады. 89-бапқа сәйкес, Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару танылады, оның міндеті-жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде халықтың дербестігін қамтамасыз ету.

9 бөлім. «Қорытынды және өтпелі ережелер» (90-99 баптар), жекелеген конституциялық белгілеулерді жүзеге асыру процедураларын қамтамасыз етеді (сурет 2).



Сурет 2. Қазақстан Республикасының Конституциясының құрылымы

Конституцияның негізгі мәні мынада:

- Конституция барлық заңдардан жоғары тұрады: Демек жаңа Конституция қабылданса, басқа қабылданатын заңдар оған сәйкестендіріліп, қабылданады. Барлық заңдар қабылданған жаңа Конституцияға сай болмаса, онда бұл заң конституциялық емес деп танылады;

- Конституция - бұл қоғамның барлық мүшелеріне теңдей қолданылады;

- Конституция – конституциялық құқықтың негізгі қайнар көзі болып табылады. Конституцияның келесідей белгілері оны өзге құқықтық актілерден айырады:

- ерекше жолмен қабылданылуы. Конституция - халықтың тікелей ерік білдіруінің көрінісі, ол референдум арқылы Қазақстан халқымен қабылданған бірден-бір акт болып табылады.

- ерекше тәртіппен қорғалуы. Конституция ерекше қорғала-тын акт болып табылады. Конституцияға сәйкес оны қорғау Конституцияның мызғымастығының кепілі ретінде Президентке, конституциялық қадағалау органы – Конституциялық Сотқа жүктелген. Сонымен қатар, Республика Конституциясын сақтау әркімнің конституциялық міндеті болып табылады.

- қоғамның барлық субъектілеріне бағытталуы. Конституция бірмезетте қоғамның барлық субъектілерінің жүріс-тұрысын реттейді, ал өзге құқықтық актілер қоғамның нақты бір субъектілеріне арналып шығарылады. Мысалы, сайлау туралы заң тек сайлау қатынасына қатысушылардың, азаматтық туралы заң азаматтық қатынасына түсушілердің ғана жүріс-тұрысын реттейді, т.б.

- конституциялық реттеу пәнінің ерекшелігі. Конституция қоғамның ең негізгі, фундаменттік қатынастарын реттейді. Ол қатынастарға жалпы қамтушылық сипат тән.

- күрделендірілген тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі. Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу ерекше күрделі тәртіпте жүзеге асырылады. Ол екі түрлі жолмен жүргізілуі мүмкін: Парламентпен және республикалық референдум арқылы. Парламент Конституцияға өзгертулер мен толықтыруларды Президенттің бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен енгізеді. Конституцияға өзгертулер мен толықтыруларды референдум арқылы енгізу тәртібі Конституцияның 91-бабында реттелген (сурет 2.1).



Сурет 2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы

Қазақстан Республикасы Конституциясының ерекшеліктері:

- 1) қабылдау және өзгерту тәсілдері бойынша қатаң болып саналады;
- 2) заңдық формасы бойынша – жазылған;
- 3) қолдану уақыты бойынша – тұрақты.

2.2 Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдері

Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы террористік әрекеттердің салдарынан адам өлімі көп болса, сонымен қатар, соғыс жағдайында жасаған қылмысы үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Азаматтарды ұстау немесе қамау соттың санкциясымен ғана жүзеге асырылады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың

санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.

Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

Ғ.Д. Тайғамитовтің «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» пәнінен дәрістер жинағында төмендегідей сипатталған:

Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуы бірнеше кезеңнен өтті. Оның келесідей 3 кезеңін көрсетуге болады:

Қазақстан Республикасының конституциялық дамуының бірінші кезеңі: Қазақстанның егемендік алуымен, яғни, 1990 жылы 25 қазанна бастап, 1993 жылы 28 қаңтардағы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылдануымен байланысты;

Екінші кезеңі:

1993 жылы 28 қаңтардан бастап 1995 жылдың 30 тамызы аралығын қамтыды;

Үшінші кезеңі:

1995 жылдың 30 тамызынан бастап, осы уақыт аралығы, яғни Қазақстан Республикасы екінші Конституциясы кезеңін қамтиды.

Қазақстан Республикасындағы Конституцияның тарихи дамуы қоғам мен мемлекет дамуының негізгі кезеңдерімен байланысты және соған сай келеді.

Жоғарыдағы мәліметтерге сүйене отырып, мынандай қорытынды жасаймыз:

I. 1926 жылғы 18 ақпандағы Қырғыз Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы.

II. 1937 жылғы 26 наурызда Советтердің X Бүкілодақтық съезінде қабылданған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы.

III. Қазақ КСР-ның кезектен тыс IX шақырылған Жоғарғы Кеңесінің сессиясында 1978 жылдың 20 сәуірінде қабылданған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы.

IV. 1993 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясы.

Қазақ КСР Жоғарғы Советінің 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған конституциялық құрылысты жасаудың басы болып саналған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы».

Демек, қолданыстағы Конституциялық заңнаманың дамуы мен қалыптасуын зерттеуде, Конституцияға, заңнамаға жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекет пен қоғамды тұрақсыздандыруға, олардың рөлін түсіріп, беделін төмендетуге, айналып келгенде жалпыға бірдей құқықтық нигилизмге әкеліп соқтыратынына куә болдық. Себебі, тұрақсыз заңға қоғам мен азаматтардың сенімшілігі төмендей бастайды, ал бұдан кейін заңды құрметтемеу және құқыққа сенбеушілік (нигилизм) туындайды. Заңнамаға жиі енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекет органдарынан шығарылатын жаршыларда, республикалық газет-журналдарда, маңыздылығы жоғары болса ғана бұқаралық ақпарат беттерінде жарияланады. Ал, ол өзгерістер мен толықтырулардың мемлекет пен қоғамда қандай көлемде жұмыс жасап жатқандығы азаматтарға беймәлім күйде қалып отырады. Сондықтан да заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың халыққа кең көлемде жеткізілуін және оларға легальді түсініктеме беруді қажет деп санаймыз.

Мемлекеттің Негізгі заңының қабылдану тәртібі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, халықтың құқықтық санасын көтеру, насихаттау, мемлекеттің тарихын білу, қабылданған заңға сай әрекет ету, заңды білу, мемлекеттің Конституциясына құрмет көрсетуге баулу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы нормативтік қаулысында қарастырылды.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында адам құқығы мәселелері де көтеріліп, «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды», - деп қарастырылды. Осы заңды іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы Жарлығында: «Барлық деңгейдегі орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары Парламенттің, Үкіметтің және өзге де мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен жауапкершілігінің көлемін кеңейту жағдайында мемлекеттік аппараттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті

шараларды қабылдасын», - деп көрсетілді.

Мемлекет басшысының атап отырған азаматтарға тиесілі тең құқықтарды пайдалану мен оны жетілдіру ары қарай жалғасын табуда. Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің заңнамамызды жаңа жағдайға бейімдеу керек», - деп көрсетті. Сондықтан еліміздің конституциялық дамуы мен конституциямыздың тарихына үңіліп, даму кезеңдерін талдау, қазіргі Конституцияның ерекшелігі мен оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың негізгі бағыттарын білу, насихаттау маңызы жоғары тақырыптардың бірі деп санаймыз.

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялағанына тарихи өлшеммен онша көп уақыт өте қоймаса да, жаңа мемлекеттің конституциялық дамуының кейбір қорытындыларын шығаруға айтарлықтай негіз бар. Конституциялық заңнаманың дамуы 27 жыл бұрын Қазақстан Республикасы болып жарияланып, тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қазықтай қағып, нық белгілеп алғаннан бері қарай дамып келеді. Осыдан бері Қазақстанның тарихына талай беттер қосылып келеді, барлығын парақтап, Конституциялық заңнамамыздың дамуы қай кезден бастау алады деген сұраққа нақты да мәнді жауап іздеу барысында, еліміздің Конституциясының дамуын, қалыптасуын зерттеп, негізін қалаған ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің (Ғ.С. Сапарғалиев, С.З. Зиманов, С.С. Сартаев, Қ.А. Мами, И.И. Рогов және т.б.) және Ұлт көшбасшысының еңбектерін қарап, көп ізденіп, мынандай тұжырымдар ұсынғым келеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясының даму кезеңін анықтау;
- Конституциялық заңнаманың қалыптасуының мемлекеттегі қандай саяси өзгерістердің әсер етуінен негіз алатынын айқындау;
- заңнаманың дамуы мен қалыптасуына ірі мемлекеттердің тәжірбиесінен алынған қағидаттарды жұмыс барысына кірістіру;
- Қазақстанның болашақ дамуына конституциялық заңнаманың да мол әсері бар екендігін дәлелдеп ашып көрсеткім келеді.

Қазақстанның жаңа конституциялық заңнамасының даму тарихын төрт кезеңге бөліп қарастырдым. Әр кезеңнің өзінің тарихы мен қалыптасу жолдары бар. Қазақ елінің 20 ғасырдағы конституциялық даму тарихын бірнеше кезеңдерге бөлу үрдісі бар. Мысалы белгілі заңгер ғалым Ғ.С. Сапарғалиев Қазақстанның Конституциялық даму жолын мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Кеңес дәуіріне дейінгі (1900-1917 ж.ж. ұлттық демократиялық идеялардың Алаш конституциясының жобасына ұласу);
2. Кеңес дәуірі (20-шы жылдар мен 80 жылдардың аяғы);
3. Кеңес дәуірінің аяқталуы (80-ші жылдар мен 1990 жылдардың аралығы);
4. Кеңес дәуірінен кейінгі (1991-1993 жылдар);
5. Қазақстан дамуының алғашқы сатысы (1993 жылдың қарашасынан бастап).

Еліміздің Ата Заңы – мемлекеттің тұрақтылығы мен бақуаттылығының негізі, әрбір қазақстандықтың құқығы мен бостандығының кепілі.

Негізгі заңымыз қабылданып, мемлекет болып аяқтан тұрып, екі, үш ғасыр жасап кеткен ұлы державалармен тереземіз тең, көсегеміз кең болып өмір сүріп, тәуелсіздігімізді қазықтай қағып, ішкі саясатымыз бен сыртқы саясатымызды орнықтырып, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдайларымызды біршама түзеген елге айналды. Конституциямыз екі рет жаңартылып, қазіргі кездегі қолданыстағы 1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстан Республикасын шет мемлекеттерге танытып, өсіп келеді.

Қазақстан мемлекеттік егемендігі жарияланған сәттен мемлекетіміздің Конституциялық дамуының жаңа кезеңі басталды. 1990 жылғы 25 қазанда «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» қабылдануы өз алдына дербес және тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуының алғашқы қадамы, бастау жолы болды. Бұл Декларацияның ең басты ерекшелігі тәуелсіз мемлекеттің барлық негізгі элементтерінің одан әрі қалыптасуы үшін заңдылық негіздерін нақты айқындап берді.

Қазақстанда нақты, шынайы парламентаризмнің қалыптасуында Жоғарғы Совет 1991 жылғы 16 желтоқсан күні қабылдаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң маңызды белес болды. 9-бапта: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет билігі бұл биліктің заңдық, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі принципін басшылыққа ала отырып құрылады және жүзеге асырылады. Мемлекеттік органдар өздерінің өкілеттіктері шеңберінде дербес, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, өзара іс-қимыл жасайды», - деп көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық заңдары қалыптасуының үшінші кезеңі Жоғары Кеңестің 1993 жылғы қаңтарда қабылданған жаңа Конституциядан басталды. Бұл Қазақстанның мемлекеттік және қоғамдық құрылысын мүлдем жаңаша белгіген тарихи құқықтық акт болды. Әрине, Конституция Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жарияланған кезден бастап шығарылған Конституциялық заңдардың көптеген құқықтық нормаларын, принциптері мен идеяларын қабылдады. Халықтық егемендік, мемлекеттің тәуелсіздігі, билік бөлісу принципі, қазақ тілін мемлекеттік тіл деп тану, Президентті мемлекеттің және атқарушы биліктің біртұтас жүйесінің басшысы ретінде тану, сот органдарын-Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары Төрелік сотты, прокуратураны тану осының қатарына жатады.

2.3 Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформалар: жүзеге асырылуы және маңызы

Конституция мемлекеттің әлеуметтік-саяси жүйесін айқындайды. Әлемдегі көптеген елдердің Конституцияларының көбінесе алғашқы баптарының өзінде-ақ қысқаша түрде сол мемлекеттің мәні, ондағы биліктің

қайнар көзі болып табылатын табиғатының кең ауқымды, жалпылама және негізгі сипаты айтылады.

Мемлекеттің Негізгі заңының қабылдану тәртібі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, халықтың құқықтық санасын көтеру, насихаттау, мемлекеттің тарихын білу, қабылданған заңға сай әрекет ету, заңды білу, мемлекеттің Конституциясына құрмет көрсетуге баулу қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы нормативтік қаулысында қарастырылды.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында адам құқығы мәселелері де көтеріліп, «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды», - деп қарастырылды. Осы заңды іске асыру жөніндегі шаралар кешені туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 наурыздағы Жарлығында: «Барлық деңгейдегі орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары Парламенттің, Үкіметтің және өзге де мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен жауапкершілігінің көлемін кеңейту жағдайында мемлекеттік аппараттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын», - деп көрсетілді.

Мемлекет басшысының атап отырған азаматтарға тиесілі тең құқықтарды пайдалану мен оны жетілдіру ары қарай жалғасын табуда. Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің заңнамамызды жаңа жағдайға бейімдеу керек», - деп көрсетті.

Жалпы конституциялық реформалар Қазақстанның тарихында тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, жүзеге асырыла бастады.

Қазіргі демократиялық мемлекеттің құқықтық жүйесінде Конституция ерекше орын алады және құқықтық мемлекеттің аса қажетті белгілерінің бірі болып табылады. Конституция – заңдылықтың, құқықтық тәртіптің және билік институттарындағы тұрақтылықтың міндетті шарты. Демократиялық қоғам құруға бет бұрған кез-келген мемлекеттің Конституциясы халық пен мемлекет арасындағы өзара шарт болып табылып, қоғамдағы негізгі қатынастарды реттеуге бағытталады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы – жаңа саяси-заңдық құжат. Негізгі заңның мәндік жаңалығы ең алдымен оның барлық

институттарының мазмұны мен нысанын нақты анықтайтын принциптерден көрініс табады. Еліміздің Конституциясына қазіргі уақытта қоғам өмірінен лайықты орнын тауып жатқан бұрынғыдан мүлдем өзге жаңа идеялар тән. Олар мемлекеттік биліктің бөлінуін ұйғарушы халық билігі мен халық егемендігі, конституционализм, заңдылық және құқықтық мемлекет, адам және азаматтың табиғи, ешкім айыра алмайтын құқықтары мен бостандықтары, біртұтастық және ұлттардың даму еркіндігі; халықтар мен мемлекеттер арасындағы бейбітшіліктің нығаюы, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын сақтау, қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдум немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

Қазір әлем күн санап өзгеріп жатыр. Халықтың талап-тілектері мен сұранысының да сипаты өзгеріп, жаһандану процестері қоғамдық қатынастардың жаңа форматын қалыптастыруда. Сол себептен де, Президент еліміздің саяси жаңғыруын, билік тармақтары арасындағы өзара қарым-қатынастардың оңтайлы балансын, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның тиімді диалогын қалыптастыруды көздейтін саяси реформалар бағдарламасын ұсынды.

Конституциялық реформаның негізгі бағыты ретінде биліктің барлық тармақтары арасындағы өкілеттіктер мен құзыреттердің барынша оңтайлы тепе-теңдігін қалыптастыруды айтуымызға болады. Қазақстанның конституциялық құрылымын жүйелі трансформациялаудың ролі мен маңызы өте зор. Бұл жерде оның жауапкершілігінің де салмағын есте ұстауымыз қажет. Ата Заңға енгізілген өзгерістерді Әділетті Қазақстан ұстанымының бастамасы деуге толық негіз бар. Ықпалды Парламенттің, халық сайлаған мәслихаттардың, адамдарға есеп беретін Үкіметтің жұмыс істеуі үшін тиімді тетіктерді іске қосты. Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекітуі – саяси плюрализм мен бәсекелі демократиялық ортаны дамыту үшін қажетті жағдайлар қалыптастыратыны да күмәнсіз.

Президент 2022 жылғы наурыз айында жасаған Жолдауында суперпрезиденттік басқару формасынан қуатты Парламенті, есеп беретін Үкіметі бар президенттік басқару моделіне көшу қажеттігіне баса назар аударған болатын. Сол себептен де, Конституциялық реформаның негізгі бағыттарының бірі – Президенттің бірқатар өкілеттіктерін қысқарту болып табылады. Мәселен, Конституцияға Қазақстан Республикасы Президентінің өз өкілеттігі кезеңінде саяси партияға мүше болмауы туралы норма енгізілген болатын. Көптеген шет мемлекеттерде Президенттің кандидатурасын белгілі бір партия ұсынуы мүмкін, ал осы кандидатура Президент болғаннан соң өз өкілеттігі кезеңінде саяси партияға мүше бола алмайды. Бұл оның өзін ұсынған партияға басымдықтар бермеуін, саяси бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шара екендігі даусыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Президент адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылатынын ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысының жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметтерде лауазымдарды, квазимемлекеттік құрылымдарда басшылық лауазымдарды иеленуіне конституциялық деңгейде тыйым салу жөнінде ұсынысын айтты. Заңнамада жақын туыстарға ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, ата-әжесі, немерелері жатады.

Аталған заңдар шеңберінде саяси партиялардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметін реттейтін заңнамалық актілерге, сондай-ақ жердің, жер қойнауының, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің және басқа да табиғи ресурстардың Қазақстан халқына тиесілігі туралы конституциялық қағидатқа байланысты мәселелерге өзгерістер енгізілді.

Қазақстандықтар көптен күткен келесі өзгеріс – былтыр 18 қарашада қабылданған және күшіне енген Конституциялық сот туралы заң. Конституциялық сот өз қызметін осы жылдың 1 қаңтарынан бастады. Президенттің Жоғары сот кеңесінің құрамын жасақтауға қатысты өкілеттіктері өзгереді. Конституцияда белгіленген қолданыстағы тәртіпке сәйкес Жоғары сот кеңесінің құрамын, сондай-ақ Конституциялық кеңестің төрағасын Президент өзі тағайындайды. Енді Конституциялық соттың және Жоғары сот кеңесінің төрағалары қызметіне кандидатураларды келісу құқығын Парламент Сенатының депутаттарына беру ұсынылды.

Ендеше, Жоғары сот кеңесінің құрамын қалыптастыру заңмен айқындалатын болады. Мемлекет басшысы Жолдауында Президенттің артық өкілеттіктерін алып тастау және әкімдер мен мәслихаттарға жергілікті жерлерде шешімдер қабылдау кезінде көбірек дербестік беру арқылы «қолдан басқару» тәжірибесінен бас тарту қажеттігін атап өтті.

Конституциялық сот дегеніміз не, оның республиканың басқа соттарынан айырмашылығы неде екендігі туралы көптеген сұрақтар туындайды. Конституциялық сот – сот жүйесіне кірмейді, бұл конституциялық қадағалаудың дербес органы. Оның негізгі міндеті – кез-келген деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеру.

Егер Конституциялық кеңеске мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың кейбір тобы ғана – Мемлекет басшысы, Парламент палаталарының төрағалары, Парламент палаталары депутаттарының жалпы санының кемінде 1/5 бөлігі, соттар және басқалар жүгіне алатын болса, енді Қазақстан Республикасының азаматтары да Конституциялық сотқа жүгіне алады. Конституциялық соттың құрылуы ең алдымен, азаматтардың әділет саласына деген сенімін едәуір нығайтатыны сөзсіз.

Екіншіден, кез-келген азамат бере алатын жеке конституциялық шағым институтын енгізу ғана мемлекеттегі барлық үш биліктің іс-әрекеттерінің конституциялылығын бақылауды жалғыз, орталық соттың қолына береді.

Үшіншіден, жеке конституциялық шағым белгілі бір талапкердің құқықтарын қорғаумен қатар Конституцияның үстемдігін қадағалау қызметін атқарады. Конституциялық сот жалпы юрисдикция соттарының шешімдеріне шағымданатын орган емес. Сот шешімдеріне, бұрынғыдай, тиісті апелляциялық, кассациялық сатыларда шағым жасалуы мүмкін. Конституцияда айқындалған Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі айтарлықтай күшейтілді. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және оның өкілдерінің қызметіне кедергі келтіргені үшін жауапкершілік белгіленеді. Жалпы, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің – құқық қорғау институтын жоғары деңгейге көтереді.

Азаматтардың іргелі құқықтарын қорғау шеңберінде өлім жазасы біржола жойылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (немесе омбудсмен) соңғы жылдары қоғам үшін өзінің жоғары маңыздылығын көрсеткенін атап өткен жөн. Енді оның рөлі конституциялық деңгейде бекітіліп отыр.

Келесілер қарастырылды:

- Конституцияда өлім жазасына тыйым салынады;
- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі Конституция мен Конституциялық заң деңгейінде күшейтілді.

Сондай-ақ, Конституцияға енгізілетін түзетулер шеңберінде Парламенттің депутаттық корпусын жасақтау тәртібін, Парламенттің және оның Палаталарының заңдарды қабылдау және басқа да мәселелер жөніндегі құзыретін қайта қарау жүзеге асырылды. Түзетулерде заңдарды Парламент Мәжілісі қабылдайтыны, онда барлық депутаттар саяси бәсекелестік негізінде сайланатыны қарастырылған.

Конституцияға Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау кезіндегідей жергілікті өкілетті органдарға сайлау кезінде де аралас сайлау жүйесіне көшуге қатысты тиісті өзгерістерден туындайтын түзетулер енгізілді. Конституцияда жарияланған халықтың жер мен оның қойнауына, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне және басқа да табиғи ресурстарға меншік құқығы туралы норма да бекітілді. Бірақ, бұл ретте Ата Заңда бекітілген аталған норма қағидат сипатына ие екенін түсіну керек. Ол біздің әрқайсымызда жердің қандай да бір ауданына немесе жер қойнауы учаскесіне меншік құқығын туғызбайды, ол жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану Қазақстан халқының мүддесі үшін жүзеге асырылуы тиіс екенін айқындайды. Мысалы, ел Президенті Қазақстанның жер қойнауын пайдалану есебінен қалыптасатын ұлттық қордың табысының бір бөлігін балалардың мұқтаждықтарына жұмсауды ұсынды. Міне, бұл халықтың жерге меншік құқығын жүзеге асырудың бір мысалы.

Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір (қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының

келісімін ала отырып баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсыну арқылы) тағайындау жүзеге асырылуда. Бұл да әділеттілік принциптерін орнықтыру, осы саяси лауазымға барынша лайықты кандидатураны іріктеп алу мақсатында енгізілген норма болып табылады. Ол білімі, кәсіби дайындығы мен ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мамандарға саяси қызметтің тұтқасын ұстауға мүмкіндік берері анық.

Президент Конституцияға өзгеріс енгізілгенге дейін Сенаттың 15 депутатын тағайындайтын болған. Қазір Сенаттың 10 депутатын, оның ішінде 5-еуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындайтындығы туралы норма енгізілді. Бұл өзгеріс президенттік ықпалды азайту мақсатында қолданылып отырған шаралардың бірі. Парламентке заң шығару қызметінің тиімділігін арттыру және оны күшейту мақсатында бірқатар өкілеттіктер берді. Мысалы, халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.

Иә, соңғы кезде орын алған түрлі төтенше жағдайлар, қаңтар оқиғасы, осы жағдайларға жедел жауап қатуды шектейтін заң қабылдау ісіндегі бірқатар кемшіліктердің бетін ашты.

Конституцияға мұндай норманы енгізу заманымыздың түрлі тәуекелдеріне шұғыл ден қою қажеттілігінен туындап отырған шара деуімізге болады. Жалпы, Ата Заңымызға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға зер салсақ, сайып келгенде барлық нормалар суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне көшуге, мемлекеттік билік функцияларын монополиясыздандыруға, халықтың мемлекеттік басқару ісіне араласуын кеңейтуге, азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Өз Тәукенің өз заманында толықтырылып, бір жүйеге келтірілген ережелер жүйесі «Жеті жарғы» заңын қабылдау, мемлекеттік басқару жүйесіне қарапайым халықты тарту жаңашыл өзгерістерді енгізу, ішкі бірлікті бекемдеу, сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізу арқылы ел жадында жатталып қалған «алтын ғасыр» дәуірін орнатқаны белгілі. Ендеше, мемлекеттің жаңа даму жолдары мен мүмкіндіктеріне бағытталған ауқымды жұмыстарды қоғам болып атқару баршаның міндеті болмақ.

Қазақ елінің 20 ғасырдағы конституциялық даму тарихын бірнеше кезеңдерге бөлу үрдісі бар. Мысалы белгілі заңгер ғалым А.К. Котов Қазақстанның Конституциялық даму жолын мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Кеңес дәуіріне дейінгі (1900-1917 ж.ж. ұлттық демократиялық идеялардың Алаш конституциясының жобасына ұласу);
2. Кеңес дәуірі (20-шы жылдар мен 80 жылдардың аяғы);
3. Кеңес дәуірінің аяқталуы (80-ші жылдар мен 1990 жылдардың аралығы);
4. Кеңес дәуірінен кейінгі (1991-1993 жылдар);

5. Қазақстан дамуының алғашқы сатысы (1993 жылдың қарашасынан бастап).

Президентке Мемлекет басшысы ретіндегі бірқатар ерекше құқықтар берілді. Президентке Республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасының орнына кандидатураларды, Үкіметке және басқа да жоғары мемлекеттік органдарға талапкерлерді Жоғарғы Кеңеске ұсыну құдығы берілді. Ол Республика Министрлер Кеңесін отставкаға жіберу немесе оның отставкаға кетуін қабылдау туралы мәселені Жоғарғы Кеңес алдына қоюға құқылы болды.

Республика Бұл кезде парламенттік мемлекет сипатына ие болды, бірақ Президенттің мәртебесі мен құқықтарында президенттік басқару нысанының орнауына бірте-бірте жол ашқан маңызды белгілер мен элементтер орын ала бастады.

Заңға сәйкес жарияланған құқықтар, яғни оның егемендігін бекіткен құқықтардың көбісі 1993 және 1995 жылғы Республика Конституцияларына енді, осылар негізінде Республика егемендігі мен президенттік басқару нысанының құқықтық негізі құрылды деп түйіндеуге болады.

Бұл Конституциялық заңның негізгі идеялары келесіге тіреледі деп көрсетеді ғалымдар:

1. Егемендік идеясы. Конституциялық заң деңгейінде, яғни Конституциялық деңгейде шынайы, толық егемендік принципі бекітілді - бүкіл өзінің аумағында Республиканың толық билікке ие болуы, ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтауы және оны жүргізуі. Заңда Республика егемендігінің негізгі белгілері ашылып көрсетілді және бекітілді, бұл белгілер егемендікті қорғау тетігі ретінде қызмет етті. Заңда Республика егемендігінің Экономикалық негізі анықталды яғни жер, су, жануар, өсімдік әлемі және басқа да табиғи ресурстар, ғылыми-техникалық мүмкіндіктер Республика меншігін құрайтыны бекітіліп, дербес экономикалық жүйе, ұлттық банктің құрылуы, қаржылық-несиелік, салықты және кедендік жүйелері жарияланды. Заңда Республика аумағының - біртұтас бөлінбейтіндігі және қол сұғылмайтындығы ерекше аталып көрсетілді. Республиканың өзінің әскери күші бар, ол Республиканың аумақтық біртұтастығы мен тәуелсіздігін қорғау үшін құрылды.

2. Заңда Қазақстан халқының ұғымына тағы да анықтама берілді. Оның мағынасы, өзіне тән сипаты мынада - қазақ ұлтымен тарихи тағдырдың ортақтығының нәтижесінде біріккен барлық ұлттардың азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды. Бұл ережеден шығатыны, Қазақстан халқы - бұл тек Қазақстан аумағында тұру нәтижесінде құралған әр түрлі ұлттар өкілдерінің қарапайым жиынтығы емес. Ол (халық) - егемендіктің қайта орнауы барысында бірігіп күресу нәтижесінде қалыптасқан, біріккен тарихи қауымдастық, бірлік.

Сондай-ақ Заңда мемлекеттік билікті жүзеге асырудың барлық нысандары көрсетілді: билікті халықтың тікелей іске асыруы және билікті халық сайлаған мемлекеттік органдар арқылы іске асыру. Конституциялық Заңда мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөліну қағидаты қайта аталып бекітілді.

Заңда басты орында адаммен азаматтың құқықтары, бостандықтары тұрды. Заң әрбір адамға құқықтар мен бостандықтар тән екендігін мойындай отырып, Республиканың азаматтары ғана емес, сонымен қатар азаматтығы жоқ тұлғалар да, осы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлғаларға сәйкес заңдармен кейбір шектеулі құқықтар мен бостандықтарға ие екендігін бекітті.

Қазақстан Республикасының Конституциясына мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мына баптарды қамтыды:

III-бөлімнің 41-бабының 2-тармағында Қазақстан Республикасының Президенті болу үшін қойылатын талаптарға «жоғары білімі бар» деген талап қосылып, «Конституциялық заңда Республика Президенттігіне кандидаттарға қосымша талаптар белгіленуі мүмкін», - деп тұжырымдаған.

Осы бөлімде 44-баптың 3-тармағына:

- Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды;

- Сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін дербес тағайындайтындығы қосылған.

44-баптың 10-1 тармақ енгізіп, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық кеңеске өтініш жолдайды» - деп қосылған.

IV-бөлімнің 49-бабының 1-тармағындағы Парламенттің өкілеттілігі заң шығару қызметін емес, «заң шығару билігін жүзеге асыратын» өкілді орган болып өзгеріс енгізілді;

53-баптың 3-тармағы (парламенттің Президентке бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттілігін беру құқығы) алынып тасталды;

55-баптың 1 – тармағына 1-1 Парламенттің құқығына «Қазақстан Республикасының Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметкесайлау және оны қызметтен босату» туралы енді;

67-баптың 4-тармағына «Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады», - деп қосылды;

70-баптың 1-тармағына «Үкімет жаңадан сайланған Республика Мәжілісінің алдында өкілеттілігін төктатады»;

72-бапқа: Конституциялық Кеңес 78-баппен қоса, 44-баптың 10-1 тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін қарайды;

IX-бөлімде, 91-баптың 2 – тармағына мемлекеттің біртұтастығына қатысты мынадай толықтырулар енгізілген: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін

салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді»; сондай-ақ 3-тармағын қосып, «Республика конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдум немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады», - деп тұжырымдалған.

Конституция, мемлекеттік құрылыстың, адамның құқықтық мәртебесінің, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының қызметі және ұйымдастырылуының негізін баянды ете отырып, конфессиялар, халықтар, Этникалық топтар, азаматтық ұжымдар, азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынастарды құқықтық реттеу мәселерін көздейді. Бұл мәселелердің конституциялық кеңістікте шешімін табу, олардың арасындағы құқықтық тепе-теңдікті құрудың және одан әрі дамытудың, Конституцияда баянды етілген демократизм, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құру принциптерін бекітудің негізі болып табылады.

Конституциялық реформалардың басты мақсаты – демократиялық жолмен елдің дамуын жеделдету. Екіншіден, ел басқарудағы саяси жүйені нығайту, оны жетілдіру. Өйткені қоғам өзгерді, ал билік соған сәйкес болуы қажет. Үшіншіден, әлемнің ешбір мемлекетінде елді басқару, қалыптастыру, қандай саяси жүйені пайдалану керектігіне байланысты заңдылық жоқ. Оны әр мемлекет өзінің тәжірибесіне қарай қалыптастырады.

Жалпы Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалар мемлекеттік билікті жүзеге асырудағы үлкен бетбұрыс деп санаймыз.

Конституциядағы заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының «тежемілік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы олардың өзара қарым-қатынас жасайтындығы» туралы қағиданы да жаңа қағида деуге болады. Мұның қатарына Конституция Президенттің тыйым салуға қатысты институттарын, Президенттің тыйым салуын еңсеруді, Президенттің қызметтен кетірілуін, Министрлер Кабинетінің тұтас немесе әр мүшесінің жеке-жеке қызметтен босатылуын, Жоғары Кеңестің ұсынысы бойынша Президенттің Министрлер кабинетінің мүшесін лауазымынан алуды жатқызды. Көрінгендей, тежемілік және тепе-теңдік құралдарының жиынтығы билікті бөлу принципін толық жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіндей онша қомақты емес.

Конституция оның нормаларының тікелей қолдану туралы қағиданы орнықтырды. Конституция нормаларын тікелей қолданудың бірсыпыра қырлары бар.

Ол, біріншіден, Парламенттен, Президенттен және Үкіметтен бастап жергілікті мемлекеттік органдарға дейінгі мемлекеттік органдардың заң шығарушылық қызметіне ықпал жасау. Мұндай ықпал заң шығарушылық қызметінің анықтау жолымен сияқты, сондай-ақ мемлекеттік органдардың

нормативтік актілерінің конституциялық нормаларға сәйкестігін талап ету жолымен де жүзеге асырылады.

Екіншіден, Конституцияның тікелей қолданылуы оның нормаларының мемлекеттік органдар, ұйымдар арқылы тікелей жүзеге асырылатынын білдіреді. Конституцияда тура «Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін заңды қолдануға соттың құқығы жоқ» деп жазылған.

Үшіншіден азаматтар Конституцияға сүйеніп, өз құқықтары мен бостандықтарын пайдалануға және қорғауға құқылы. Тиісінше, Конституция адамдардың құқықтық санасын қалыптастырып, өмір салтына және қоғамдағы көңіл күйге осылайша ықпал етеді. Төртіншіден, Конституцияның тікелей қолданылуы институттық қайта құрулардан көрінеді. Ол, атап айтқанда, Парламент, жергілікті өкілетті органдар сайлауының, Президент сайлауының және басқа сайлаулардың қаралған мерзімде өткізілуі тиістігін білдіреді.

1993 жылғы Конституция Жоғары Кеңестің заң шығару өкілеттігін беру институтын қарастырған жоқ. Алайда, Президентке тек жай заңдық күші бар Жарлықтар шығарумен бірге, конституциялық заңдар шығару өкілеттігін бергендігіне қарамастан, республиканың Жоғары Кеңесі Президентке уақытша заң шығару өкілеттігін берді. Сондықтан Жоғары Кеңес 1993 жылғы 10 желтоқсандағы заңымен 1993 жылғы Конституцияға елеулі өзгерістер енгізді десек те болады.

Конституциялық заңның қалыптасуының төртінші кезеңі 1995 жылы қабылданған Конституциямен байланысты. Бұл кезең одан әрі жалғасуда. Осы Конституцияның жаңа қырлары болды, онда ССРО-ның да, Қазақ ССР-нің де Конституциялары, не заңдары еске алынбайды. Жаңа өмір жолын Жаңа Конституциямен бастаған Қазақстан ел танырлықтай, бүкіл әлем Мемлекет деп мойындарлықтай халге жетті.

Осы кезеңде қабылданған маңызды конституциялық-құқықтық актілерді келесі топтарға бөлуге болады:

Бірінші топ. Мемлекеттік егемендікті нығайтудың құқықтық негіздері құраған конституциялық-құқықтық актілер;

Екінші топ. Мемлекеттік органдар жүйесіне өзгертулер енгізген актілер;

Үшінші топ. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына байланысты актілер.

Әрине, мұндай бөліністің шартты екендігі түсінікті болса керек, өйткені актілердің көбісін тек бір топқа ғана жатқызуға болмайды. Бұл заңда егемендікті күшейту жөніндегі басқа да мәселелермен қатар мемлекет органдары және адам мен азаматтың құқықтары бостандықтары жөніндегі нормалар бар. Бұл актінің қатарына «ҚазССР Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды, басқа да көптеген мемлекеттік-құқықтық актілерді жатқызуға болады. Сонда да біз ол актілердің ең негізгі белгілері мен мазмұны бойынша жоғарыда келтірілген классификация бойынша қарастыруға болады деп есептейміз. Олай болса, актілердің бірінші тобы — мемлекеттік егемендікті нығайтудың құқықтық негіздерін құраған конституциялық-құқықтық актілер.

Қазақстан Республикасының 1993 және 1995 жылдардығы Конституцияларын әзірлеп, қабылдауды және мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың конституциялық негіздерін құру қажеттілігі талап етті. Конституцияның ережелері, идеялары, принциптері мен нормалары қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларын реттуге бағытталған. Аталған еңбекте Конституцияның қабылдануы мемлекеттік органдарды заң шығару, жалпы алғанда құқық шығармашылық қызметке ынталандырып қана қоймайтыны, оған қызмет ететіні көрсетілген.

Айтылғандардан мынадай қорытынды шығаруға болады. Конституцияның жай-күйі, оның жетілдірілуі немесе жетілдірілмеуі бүкіл ұлттық құқық жүйесіне әсер етеді. Барлық саяси күштердің, азаматтардың Конституцияға ерекше қарауын осымен түсіндіреміз. Қазақстан Республикасының Конституциясына қатысты сеніммен айтуға болады, ол конституциялық құрылысты дамытуға, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын орнықтыруға зор үлес қосты. Сөз жоқ, Конституция өзгермелі өмір талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сонымен бірге Конституцияға жат нормативтік құқықтық акт ретінде қарауға болмайды. Конституцияға конституциялық емес сипаттағы өзгерістерді енгізуге болмайды. Тұрақты өзгеріс енгізуге ұмтылу, біріншіден, Конституцияның қоғам мен мемлекет өміріндегі алатын орны мен маңызын ұға білмеумен түсіндіріледі, екіншіден, оның теріс салдары орасан, яғни саяси және құқықтық соғыстарға әкелуі мүмкін, үшіншіден, құқықтық нигилизмді қалыптастыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қалыптасты, дамып келеді және өзінің негізгі көріністері бойынша демократиялық, прогрессивті болып табылады, ол Қазақстанның дамуының тұрақты құқықтық негізіне айналды.

Ата Заңымыз - жарқын болашақ кепілі. Мемлекетіміздің аяққа нық тұрып, дұрыс саясат жүргізіп, көрші елдермен татулықта тұрып, халықаралық мәселелерді демократиялық жолмен шешуіміз Конституцияның арқасында деп білеміз. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиясы бойынша дамуымыз үшін де Конституциямыздың берері көп. Олай дейтініміз, Конституцияға енгізілген негізгі заңдарымызды мемлекетіміздің даму жолында дұрыс қолданып, күнделікті өмірімізге өмір заңындай енгізіп алуымыз болашақ Қазақстанның Елбасы стратегиясымен дамуына өз ықпалын тигізеді.

Бұл үшін мемлекеттік органдар өздерінің қызметтерін жете меңгеріп, ел үшін барын салып жатса қанекей! Ата Заңымыздың да керегі сонда: мемлекеттік билікті бөліп, олардың атқаратын міндеттері мен қызметтерін белгілейді; адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, сонымен қатар парызы мен борыштарын заңға тірек қылады; сайлау мен сайлану құқығын жете түсіндіреді және жалпы мемлекеттік мәселелерді қамтиды. Бұның барлығы да том-томымен жазылар мәселе болып елестесе де, ой мен өрісін жинақтап шағын кітапшаның ішіне сыйдырғанына таңдана қараймыз.

Қолданыстағы Конституциямыздың негізгі жетістігі - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын негізгі мәселе етіп белгілеп алуында. Себебі, адам мен азаматты қадірлемейінше, ел болып қанат жаймайды.

Саясаттанушылар мен ғалымдар тұжырымдағандай, Назарбаев президент, үкімет және парламент арасында өкілеттікті қайта бөлу үшін Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Елбасы, Қазақстан Ата Заңымызда көрсетілгендей, президенттік басқару формасы бар мемлекет болып қала беретінін атап өтті. Бұл ретте, Назарбаевтың сөзіне қарағанда, президент, үкімет және парламент арасында өкілеттікті қайта бөлу мәселесін қарастыратын кез келген.

Қазақстан Президентінің институционалдық реформаларын іске асыру Республикада Конституция үстемдігін одан әрі күшейтуге ықпал ететін болады.

Конституцияның қағидаттары мен нормаларын ұстана отырып, қоғамды, оның мүшелерін және ең бастысы адамның өзін өзі құрметтеуін жүзеге асырады.

Азаматтардың Конституцияны сақтауы және құрметтеуі Қазақстанның өркендеп, дамуына және елдің халықаралық қоғамдастықтағы беделінің аса түсуіне әсер етіп, мемлекет пен барша қоғамды нығайтып, дамытады.

Әлбетте, шынайы қадірлеуге лайық Қазақстан Конституциясының оң әсерін әрбір қазақстандық сезінуі үшін бұдан әрі де осы бағыт бойынша мақсатты әрі табанды түрде жұмыс жасалатын болады. Жалпы жүргізілген реформаның мәні билік тармақтарын қайта бөле отырып, саяси жүйені демократияландыруға, Қазақстанның даму бағытын айқындауға, билікті тиімді жүргізуге, жауапкершілікті күшейтуді көздеп отыр.

Қазақстанда Президенттік билік қала береді. Оның күші жойылмайды. Бірақ мемлекет басшысының кейбір құзыреттері Үкімет пен Парламентке берілді.

Конституция, конституциялық заңнамамыздың әлеуетінің дұрыс қолданылып, мемлекеттік дамуымызды жоғары сатыға көтеретініне сеніммен қараймыз. Және де өзгерген жаңа мемлекетіміздің түзу жолымен Конституциямызға да жаңа да маңызды өзгерістер енгізілуіне күмәніміз жоқ. Ең бастысы алдыңғы ұрпақ қалдырған рухани байлықты келесі ұрпаққа сол тұрпатымен қалдыру болып табылады. Дамушы мемлекеттер қатарына қосылған Қазақстан Республикасының, ондағы қызмет жасайтын мемлекеттік органдар, басты байлық саналатын халықтардың құқықтары мен бостандықтары, саяси, әлеуметтік, құқықтық және мәдени жағдайларымыздың, ең бастысы осының барлығына тірекші болар Конституциямыздың бой түзеп, одан әрі дамуына жауапты міндетті Қазақстан жастары өз мойнымызға жүктеуге тиіспіз.

Бақылау сұрақтары:

1. Конституция дегеніміз не?
2. Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдерін атаңыз.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясына (қолданыстағы) соңғы енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.
4. Қазақстанның ерекше сипаттарын және заңдық қасиеттерін көрсету.
5. ҚР Конституциясының нысанын және құрылымын анықтау.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясын құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету жолдары.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасы Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беретін орган:
 - A) Парламент
 - B) Үкімет
 - C) Конституциялық Кеңес
 - D) Жоғарғы Сот
 - E) Мәжіліс
2. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының келесідей көпшілік дауысымен енгізіледі:
 - A) елу пайызымен
 - B) жартысымен
 - C) бестен төртімен
 - D) төрттен үшінің көпшілік дауысымен
 - E) төрттен екісінің көпшілік дауысымен
3. Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:
 - A) Республикалық референдумда
 - B) Үкіметпен
 - C) Жоғарғы Сотпен
 - D) Конституциялық Кеңеспен
 - E) Сенатпен
4. Қазақстан Республикасы Конституциясында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын бөлім:
 - A) адам және қоғам
 - B) адам және азамат
 - C) жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі
 - D) жалпы ережелер
 - E) адам және жеке тұлға
5. Қазақстан Республикасы Конституциясы қабылданды:
 - A) 1995 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдуммен
 - B) 1993 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдуммен
 - C) 1998 жылы қазан айындағы конституциялық реформамен
 - D) 1995 жылы ҚР Президентімен
 - E) 1991 жылы 16 желтоқсанда ҚР Парламентімен
6. Конституцияның мызғымастығының кепілі болып табылады:
 - A) Президент
 - B) Конституциялық Кеңес
 - C) Жоғарғы Кеңес

- D) БҰҰ
- E) Парламент

7. Конституцияда көрсетілген мәселелер бойынша Конституциялық заңдар қабылданады:

- A) Маслихаттарда көпшілік дауыспен
- B) Әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісімен
- C) Сенат депутаттарының жартысымен
- D) Мәжіліс депутаттарының жартысымен
- E) Жоғарғы Сотпен

8. Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері бастама алады:

- A) Конституциялық заңдардан
- B) ҚР Президентінің Жарлықтарынан
- C) ҚР Конституциясынан
- D) Сот прецеденттерінен
- E) ҚР Үкіметінің қаулыларынан

9. 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Президент:

- A) заң шығарушы билік басшысы
- B) Жоғарғы Кеңес басшысы
- C) мемлекет және атқарушы билік басшысы
- D) заң шығарушы және атқарушы билік басшысы
- E) сот билігінің басшысы

10. Алғаш рет Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауға негіз болып табылды:

- A) Қазақ ССР-ң 25 қазандағы мемлекеттік егемендігі туралы Декларация
- B) 1993 жылғы ҚР Конституциясы
- C) Кеңестік шарт
- D) ТМД-ның жарғылық құжаты
- E) БҰҰ-ның Жарғысы

11. 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі:

- A) өзгертілген жоқ
- B) 4 жылдан 5 жылға ұзарды
- C) 5 жылдан 6 жылға ұзартылды
- D) тек кейбір депутаттардың мерзімі ұзартылды
- E) 2 жылдан 3 жылға ұзартылды

12. 1991 жылғы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң бойынша Конституцияның соттық тұрғыда қорғалуын қамтамасыз ететін жоғарғы органды көрсет:

- A) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі
- B) Қазақстан Республикасының Президенті
- C) Конституциялық Кеңес
- D) Прокуратура
- E) Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

13. 1993 жылғы Конституцияға сәйкес Жоғарғы Кеңестің өкілеттік мерзімі:

- A) анықталмаған
- B) 4 жыл
- C) 5 жыл
- D) 6 жыл
- E) 4 жыл 6 ай

14. Конституция өзге актілерден ерекшеленеді:

- A) қабылдану және өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі бойынша
- B) реттеу әдістерінің кеңдігі бойынша
- C) мемлекеттің барлық территориясына бірдей тарайтындығы бойынша
- D) жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін реттеуге байланысты
- E) нормаларының құрылысы бойынша ерекшеленеді

15. Конституция мазмұны бойынша өзге актілерден ерекшеленеді:

- A) қамту пәнінің кеңдігімен
- B) елеулі ерекшеліктерге ие емес
- C) қамту пәнінің тарлығымен
- D) кейбір қоғамдық қатынастарды реттемейді
- E) Конституция мазмұнында міндеттер көрсетілмеген

16. Қолданыстағы ҚР Конституциясы мына баптан тұрады:

- A) 99
- B) 98
- C) 77
- D) 48
- E) 97

17. 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзімі ұзартылды:

- A) 6 жылдан 7 жылға
- B) 5 жылдан 7 жылға
- C) 4 жылдан 7 жылға
- D) 5 жылдан 6 жылға
- E) 3 жылдан 7 жылға

18. 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасы Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарының өкілеттік мерзімі ұзартылды:

- A) 3 жылдан 5 жылға
- B) 4 жылдан 5 жылға
- C) 4 жылдан 6 жылға
- D) 5 жылдан 6 жылға
- E) Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі өзгерген жоқ

19. ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- A) 1995 жылы 30 тамызда
- B) 1990 жылы 25 қарашада
- C) 1998 жылы 7 қарашада
- D) 1998 жылы 7 қазанда
- E) 1998 жылы 17 желтоқсанда

20. 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді:

- A) ҚР Президентімен
- B) халықпен референдум арқылы
- C) ҚР Парламентімен
- D) ҚР Конституциялық Кеңесімен
- E) ҚР Парламенті Сенатымен

21. ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- A) 2007 жылы 1 қаңтарда
- B) 1995 жылы 30 тамызда
- C) 2007 жылы 21 мамырда
- D) 2006 жылы 25 қазанда
- E) 1991 жылы 16 желтоқсанда

Теориялық есептер.

№1 есеп.

Тақырып-2. «Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет және қоғамның Негізгі заңы»

1. Парламент палаталардың бірлескен отырысында Президенттің ұсынысы бойынша әрбір палата депутаттарының жалпы санының 3/4 дауысымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабының 1-тармағына өзгеріспен толықтыру енгізді. Ол жаңа редакцияда былайша жазылған: «Қазақстан Республикасы парламенттік басқару нысаны бар біртұтас, унитарлы мемлекет болып саналады». Аталған шешімнің заңды күші бар ма?

2. 2017 жылдың 10 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті еліміздің Конституциясына 43 түзетулер енгізді. Ұсынылған түзетулерге

қарсы шыққан депутаттар тобы Конституция республикалық референдумда қабылданған, сондықтан оның мәтініне кез-келген өзгерістер тек референдумда ғана енгізілуі тиіс деп, өздерінің қарсылықтарын түсіндірді. Сіздің ойыңызша, түзету енгізудің қандай әдісі заңды?

3. Парламент палаталардың бірлескен отырысында Бас прокурордың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-тармағына келесі мазмұндағы толықтыру енгізді: «Қазақстан Республикасының Прокуратурасы Қазақстан Республикасының бүкіл территориясындағы конституциялық қадағалау органы болып табылады». Аталған шешімнің заңды күші бар ма?

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

3.1 Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының түсінігі және Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекет нысанының негізгі белгілерінің бекітілуі

Конституциялық құрылыс – бұл мемлекетті құқыққа бағындыруды қамтамасыз ететін және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын мемлекетті ұйымдастыру формасы.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы – мемлекетті ұйымдастыру тәсілдеріне, оның тұлғамен қатынасына негіз болатын, Конституция нормаларымен бекітілген және оны конституциялық мемлекет ретінде сипаттайтын қоғамдық қатынастардың жүйесі.

Конституцияда Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына негіз болатын барлық принциптер бекітілген



Сурет 3. Конституцияда Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының принциптер.

Конституцияда Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына негіз болатын барлық принциптер бекітілген. Олар:

- халықтық билік,
 - мемлекеттік егемендік,
 - біртұтастық,
 - биліктерді бөлу принципі,
 - құқықтың үстемдігі,
 - мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық жолмен шешу,
 - идеологиялық және саяси әр алуандылық және т.б. (1 бап, 2 тармақ).
- (сурет 3.)

Қазақстан Республикасының мемлекеттілігін құру концепциясында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негізгі белгісі ретінде халықтық билікті атап айтуға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында биліктің бірден бір бастауы халық екендігі бекітілген.

Мемлекеттің егемендігі конституциялық құрылыс негіздерінің бірі ретінде Конституциямен жария етіледі. Егемендік республиканың бүкіл аумағын

камтиды, өз аумағында және одан тысқары жерлерде, Қазақстан Республикасы халқының ерік-жігері негізінде, басқа мемлекеттерге тәуелсіз жағдайда, өз алдына дербес мемлекет қызметтерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы егемендігінің негізін оның аумағы, жері, жер қойнауы, табиғи байлықтары, мәдени құндылықтары және барлық экономикалық негіздері құрайды. Егемендіктің бастауы - халық, сонымен қатар егемендік Қазақстан Республикасының әр бір азаматына таратылады. Мемлекеттік егемендік ең алдымен мынадан көрініс табады: Қазақстан Республикасы ішкі құрылымға қатысты және басқа мемлекеттермен арадағы қатынастарға байланысты барлық мәселелерді өз алдына дербес шешуге хақылы. Егемендік идеясы 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында да алдыңғы қатарда тұр.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болып табылады. Біртұтастық Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының маңызды бір белгісі болып табылады. Қазақстан Республикасында билік біртұтас, сонымен қатар, биліктің тежемелігі сақталып, билік заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып үш тармаққа бөлінген (3 бап, 4 тармақ).

Қазақстан Республикасының экономикалық құрылымы негізінде меншік нысандарының әр алуандылығы анықталған, сөйтіп нарықтық қатынастар конституциялық түрде бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясы бірдей дәрежеде мемлекеттік меншік пен жеке меншікті таниды және қорғайды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабының 3-тармағы «Жер заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» - деп мойындайды.

Меншіктің барлық нысандарын кімнің тарапынан болсын заңсыз араласушылығынан қорғай отырып, мемлекет оларды пайдалану және кеңейту үшін қолайлы жағдай жасайды. Мемлекеттік органдар заңдарда меншіктің субъектілері мен объектілерін, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шегін белгілейді. Сондай-ақ, мемлекет мемлекеттік кәсіпорындардың экономикалық қызметін тура және тікелей реттейді, мемлекеттік меншік объектілерін пайдаланудың құқықтық режимін айқындайды.

Конституцияға сәйкес, қоршаған орта және оның элементтері: жер және оның қойнауы, су көздері, флора және фауна, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану қоғам игілігіне де қызмет етуі тиіс. Мемлекет аталған экономикалық қатынас саласын тікелей басқару мен реттеуді жүзеге асырады.

Конституция, қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың негізгі принциптерін белгілейді. Оларға қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, идеологиялық және саяси әр алуандылық, қоғамдық, патриотизм және мемлекеттік институттарды бөлу сияқты принциптерді жатқызуға болады.

Конституциялық құрылыс негіздері – бұл мемлекеттің негізгі бастаулары, негізгі қағидалары. Жоғарыда айтқаны-мыздай олар Конституцияда бекітілген. Ашып қарастырсақ, Конституцияның жалпы

ережелер бөлімінің 1, 2 баптарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, яғни мем-лекет ретінде басқару нысаны, мемлекеттік құрылым нысаны, саяси режимі жарияланған, ал 3 бапта бүкіл биліктің халыққа тән болып табылатындығы бекітілген, кейін мемлекеттік билікті жүзеге асыру тетігі ашылған. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттің құрылысы (мемлекеттік құрылыс, мемлекетті ұйымдастыру) көрініс тапқан. Ал, қоғамның құрылысының, оның ұйымдас-тырылуының элементтері болып табылатын адамның және азаматтың мәртебесі, қоғамның экономикалық, идеологиялық, саяси, діни бастаулары 1 баптың 1 тармағынан бастап бірнеше баптарда көрініс тапқан.

1. Қазақстан Республикасы - демократиялық мемлекет. Демократиялық мемлекет – бұл билік халыққа тән болатын, биліктің жоғары эшалоны халықпен сайланатын, халыққа есепті болатын, саяси әралуандылық, өзін-өзі басқару танылатын мемлекет. Негізгі белгілері:

- 1) халық билігі (сайлау, референдум, демонстрация, митинг т.б.)
- 2) идеологиялық және саяси алуандылық;
- 3) жергілікті өзін-өзі басқару;
- 4) өкілді биліктің болуы;
- 5) сөз бостандығы;
- 6) т.б.

2. Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет. Құқықтық мемлекеттің мәні – барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтар-дың құқықтық нормаларға қатаң сәйкестікте әрекет ету тиістілігінде, яғни мемлекетте құқықтың үстемдік етуінде. Белгілері:

- 1) заңның (құқықтың) жоғарылығы;
- 2) соттың тәуелсіздігі;
- 3) жеке тұлғаның шынайы бостандығы, адамның және азамат-тың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі;
- 4) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мем-лекет мүдделерінен басымдығы;
- 5) биліктің бөлінуі;
- 6) мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауаптылығы.

3.2 Қазақстан Республикасы – зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Қазақстан Республикасының экономикалық негіздері

Қазақстан Республикасының саяси жүйесін билік үшін күресті, оны ұйымдастыруды және қызмет етуін жүзеге асырушы сан-салалы ұйымдар, институттар және мекемелер құрайды. Конституцияның ең алдымен мақсаты мен іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, т.б. бағытталған қоғамдық

бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салады. Саяси әр алуандылық деп қоғамда өмір сүруші түрлі әлеуметтік-саяси құрылымдардың болуы ұғынылады. Саяси әр алуандылық негізінде Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызмет нысандарының сан алуандылығы да жатады.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық құрылыстың негізін қалаушы принциптердің бірі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық болып табылады. Саяси жүйенің кез келген институтының қызметі қоғамдағы саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуға тиіс. Қазақстан Республикасының бір ерекшелігі оның көп ұлттылығы, сондықтан қоғамдық бірлестіктер өз қызметтерінің нысандары мен бағыттарын белгілеген кезде осы жағдайды есепке алуға және қоғамдық келісім орнатуға ұмтылуға тиіс.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп бекітеді.

Қазақстан Республикасы демократиялық мемлекет деп жариялайды (ежелгі грек сөзі «δημοκρατία - демократия» аударғанда халық билігі). Оның демократиялық сипаты келесіден көрінеді: онда халық билігін қамтамасыз ету; биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөлінуі; идеологиялық және саяси әр-алуандылық; меншіктің барлық формасын тану және тең қорғау.

Демократиялық мемлекетте биліктің бірден-бір бастауы және қорғаушысы халық болады. Бүкіл биліктің қорғаушысы халық деп тану халық егемендігін көрсетеді. Халық егемендігі халықтың толық билігін көрсетеді, яғни қоғам мен мемлекеттің істерін басқаруға халықтың шынайы қатысуы үшін халықтың әлеуметтік-экономикалық және саяси құралдарды иеленуі.

Халық өзінің билігін тікелей республикалық референдум және сайлау арқылы жүзеге асырады. Қазақстан Республикада ешкім билікке иелік ете алмайды. Халық пен мемлекет атынан билік жүргізу құқығы Президентке, сондай-ақ оның конституциялық өкілеттілігі шегінде Республика Парламентіне берілген. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып табылады. Қазақстан мемлекетінің зайырлық сипаты онда ресми, мемлекеттік діннің болмайтындығынан – көптеген діни уағыздардың бірде бірінің міндетті немесе басым болып табылмайтындығынан көрінеді. Қазақстандағы діни бірлестіктер мемлекеттің саясатына, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік органдардың және оның лауазымды адамдарының қызметіне ықпал етпеуі тиіс. Қазақстан мемлекетінің зайырлық сипаты діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуімен сипатталады. Бұл сонымен бірге мемлекет органдарының діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласуға, сондай-ақ діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол бермеу қажеттігін білдіреді.

Мемлекеттің зайырлық сипатын мемлекеттің діни ұйымдарды қаржыландырмауынан да көруге болады.

Одан әрі, Қазақстан мемлекетінің зайырлық сипаты саяси партиялардың діни негіздегі қызметіне жол бермеуден де көрінеді. Заң алдындағы діни ұйымдардың теңдігі ешқандай дін немесе діни ұйымдар ешқандай

артықшылықты пайдаланбайтындығынан және басқамен салыстырғанда ешқандай шектеуге тартылмайтындығынан көрінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан өзін құқықтық мемлекет деп бекітеді. Құқықтық мемлекет мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар түгелімен бағынуға міндетті әрекет ететін құқықтық нормалармен өзін шектеумен сипатталады. Осыған байланысты құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің негізгі принципі құқық жоғарылығы болып табылады. Бұл ең алдымен Конституция мен заңдардың жоғарылығын көрсетеді.

Құқықтық мемлекеттің мәні – оның жүйелі демократизмі, билік көзі ретіндегі халық егемендігін бекіту, мемлекетті қоғамға бағындыру құқықтық мемлекет болып өзінің міндетті ерекшелік қасиетін танытын және билікті бөлу институтын, соттың тәуелсіздігін, басқарудың заңдылығын, азаматтардың құқығын мемлекеттік биліктің бұзуынан оларды құқықтық қорғауды танытын мемлекет есептеледі.

Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының маңызды алғы шарты мен оның шегінің сипаты қоғам өмірінің барлық сферасын қамтитын толық заң шығару жүйесінің болуы. Сонымен қатар, барлық нормативтік актілер Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуі қажет.

Демократиялық мемлекетте құқық нормасы барлық азаматтар үшін тең болуы қажет, сондықтан шынайы құқықтық мемлекет болып, оның заңдарының алдында оның барлық азаматтарының теңдігін қамтамасыз ететін мемлекет есептелінеді.

Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет. Әлеуметтік мемлекет – бұл әлеуметтік саясаты адамның өмір сүруі мен оның еркін дамуына материалдық қатынастың еркін дамуына, ақталмаған әлеуметтік айырмашылықты жеңуде лайықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекет.

Әлеуметтік мемлекет өзінің әр бір азаматына адамға лайықты тіршілік минимумын қамтамасыз етуге ұмытылады және осыған байланысты әр бір есейген адамның өзін және өзінің отбасын асырауға ақша табу мүмкіндігі болуы қажет. Егер әр түрлі себептерге байланысты мұндай мүмкіндік жүзеге асырылмаса және адам қажеттілігі тиісті деңгейде қанағаттандырылмаса ғана мемлекет араласады.

Әлеуметтік мемлекеттің маңызды бір мақсаттарының бірі әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік теңсіздікке қарсы тұру құралы әлеуметтік қамтамасыз ету.

Әлеуметтік мемлекеттің ерекше сипатын, оның адамның еркін дамуы мен лайықты өмірін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік саясатынан көруге болады.

Әлеуметтік саясат қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістермен, азаматтардың жақсы тұрмысының өсуімен, олардың өмірінің жақсаруымен, олардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырумен, өмір түрін жоғары көтерумен байланысты әлеуметтік топтардың, қоғам мен оның мүшелерінің арасындағы қатынасты реттейтін мемлекеттің жалпы

саясатының бір бөлігін көрсетеді.

Әлеуметтік саясаттың басты мақсаты адам мен қоғамның жақсы тұрмысына жету, тұлғаның дамуы үшін тең және әділетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен қатар, 3. Қазақстан Республикасы – әлеуметтік мемлекет. Әлеуметтік мемлекет – бұл қызметі қоғамның жоғары әл-ауқаттылығына жетуге, қоғамның мүмкіндіктерін, мүліктік және рухани қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекет. Әлеуметтік мемлекет жекелеген топтарға (таптарға) емес, қоғам мен адамға тұтастай қызмет етеді. Міндеті – барлық азаматтарға мүмкіндігінше бірдей мөлшерде игіліктер көрсетіп, әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетуге, жоюға тырысу. Белгілері:

- 1) жұмыссыздықтан қорғау;
- 2) отбасыны, аналықты, балалықты, мүгедектікті, кәрі адамдарды қорғау;
- 3) әлеуметтік қызмет түрлерін дамыту (тегін білім беру, тегін дәрігерлік көмек т.б.)
- 4) адамдардың денсаулығын және еңбегін қорғау;
- 5) еңбек ақысының ең төменгі көлеміне кепілдік беру міндеті;
- 6) көп балалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға, асырау-шысынан айырылған отбасыларға, кедей тұратын отбасыларға жәрдем көрсету
- 7) т.б.

4. Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Зайырлы мемлекет – бұл мемлекеттің діннен бөлінуі. Белгілері:

- 1) дін мен мемлекет бір-бірінің ішкі істеріне араласпайды – діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, дін мемлекеттің саясатына, сайлауларға, мемлекеттік органдардың қызметіне, білім беру жүйесіне араласа алмайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды;
- 2) мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды;
- 3) барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында бірдей. Еш-бір дін немесе діни бірлестіктер басқаларға қарағанда ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды;
- 4) діни сипаттағы партияларды және өзге де саяси құрылымдарды құруға, сондай-ақ діни бірлестіктердің саяси партиялар қызметіне қатысуына немесе оларға қаржы жағынан қолдау жасауына жол берілмейді;
- 5) міндетті дін болмайды, әркім қандай дінді ұстанам десе, бала-ларын қандай дінде тәрбиелеймін десе өзі біледі, яғни діни сенім бостандығы танылады. Дінге деген, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді;
- 6) діни бірлестіктердің қызметшілері саяси өмірге барлық аза-маттармен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады;
- 7) діни бірлестіктер заң талаптарын және құқық тәртібін сақтауға міндетті. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен

тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді және т.б.

5. *Қазақстан Республикасы – егемен мемлекет.* Мемлекеттік егемендік – бұл мемлекеттің ішкі және сыртқы қатынаста тәуелсіз, дербес болуы. Оның белгілері:

1) мемлекет Конституциясын және өзге заңдарын дербес қабылдауға құқылы;

2) мемлекеттік биліктің жоғары органдарын дербес құрады;

3) бюджетті әзірлеу және бекіту құқығы болады;

4) қаржы жүйесін өзі анықтайды – ұлттық валютасы болады;

5) қарулы күштерін құрады;

6) өз азаматтығы болады;

7) сыртқы сауда және сыртқы экономикалық қатынас түрлеріне құқылы болады;

8) өзге мемлекеттермен сыртқы қатынасты жүзеге асырады;

9) мемлекеттік егемендігін көрсететін мемлекеттік рәміздері болады;

10) мемлекеттік тілі болады;

11) табиғи ресурстарын, табиғи құндылықтарын дербес пайдалану құқығы болады;

12) мемлекеттік шекарасына, оның қол сұғылмауына, тұтастығына және бөлінбеуіне құқығы, т.б.

6. *Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.* Президенттік басқару нысаны - ҚР Конституциясында бекітілген мемлекетті басқару жүйесі. Бұл жүйе бойынша мемлекет басшысы жалпы халық сайлаған Президент болады, ол өзінің алдында жауапты болатын Үкіметті тағайындайды. Бұл негіз Қазақстанның басқару нысанымен қоса оның мемлекеттік құрылымын да байқатады. Қазақстан – біртұтас мемлекет, яғни өз ішінде қандай да бір басқадай мемлекеттік құрылымы жоқ, елді және халықты үйлесімді басқару үшін өз аумағы әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлінетін мемлекет.

7. Экономикалық негіздері. ҚР-ның экономикасының негізі болып меншік нысандарының көптүрлілігі және теңдігі қағидаты танылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады (сурет 3.1).



Сурет 3.1. Қазақстан Республикасының құрылысы

8. Саяси жүйені ұйымдастыру негіздері.

Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады.

Мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

9. *Адам.* Конституцияда белгіленгендей, мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде адам және оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары, сондай-ақ бостандықтары танылған.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы қызметінің негізін қалаған қағидаларды атаңыз.
2. Конституциялық құрылым дегеніміз не?
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі: түсінігі, мазмұны және мәнін ашып көрсетіңіз.
4. Демократияның тікелей және өкілді нысандарына анықтама беріңіз.
5. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалыптасудың конституциялық негіздерін ашып көрсетіңіз. Жеке-жеке түсінік беріңіз.
6. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік саясат саласындағы реформалардың конституциялық негіздерін атаңыз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. 2007 жылғы Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жеке тұлғаны тұтқындауға және қамауға санкцияны береді:

- A) Прокуратура органдары
- B) Ішкі Істер органдары
- C) Конституциялық Кеңес
- D) Сот органдары
- E) Конституциялық Сот

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің бөліну қағидасы алғаш рет бекітілді:

- A) ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заңында
- B) 1993 жылғы Конституцияда
- C) 1995 жылғы Конституцияда
- D) Қазақ ССР-нің Конституциясында
- E) Кеңестік Шартта

3. Тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң қабылданды:

- A) 25 қазанда 1990 жылы
- B) 30 тамызда 1995 жылы
- C) 16 желтоқсанда 1991 жылы
- D) 7 қазанда 1998 жылы
- E) 16 желтоқсанда 1990 жылы

4. Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды:

- A) 16 желтоқсанда 1991 жылы
- B) 30 тамызда 1995 жылы
- C) 7 қазанда 1990 жылы
- D) 25 қазанда 1990 жылы
- E) 25 қазанда 1991 жылы

5. Конституциялық құрылым бұл:

- A) мемлекеттің конституциясымен немесе конституциялық құқық актілерімен бекітілген және қорғалатын әлеуметтік, экономикалық және саяси-құқықтық қатынастар жүйесі
- B) тек қана саяси-құқықтық қатынастар жүйесі
- C) белгілі бір құқықтық қатынастар
- D) Конституциямен анықталған, бірақ құқықтық тұрғыда қорғауды талап етпейтін қоғамдық қатынастар жүйесі
- E) мемлекетті құқықтық тұрғыда басқарумен байланысты қатынастар жүйесі.

6. Конституциялық құрылым келесі қатынастар жүйесін қамтиды:
- A) әлеуметтік, экономикалық
 - B) саяси, халықаралық, ұлтаралық
 - C) әлеуметтік, экономикалық, саяси-құқықтық
 - D) азаматтық, халықаралық, экономикалық
 - E) әлеуметтік, саяси, азаматтық
7. Конституциялық құрылымның қағидалары көрсетіңіз:
- A) халық билігі, мемлекеттік егемендік, біртұтастық, биліктің бөлінуі, құқықтық үстемдігі, идеологиялық және саяси әр алуандық
 - B) заңдылық, биліктің бөлінуі, соғысты болдырмау, мемлекеттік тілден басқа өзге тілдерді мемлекет территориясында мойындамау
 - C) біртұтастық, құқықтық үстемдігі және бір идеологияның басым болуы
 - D) халықаралық құқық қағидаларының барлығы тарайды
 - E) конституциялық құрылым қағидаларды айқындауды немесе бөліп көрсетуді талап етпейді
8. Экономикалық жүйенің қағидаларын көрсетіңіз:
- A) экономикалық жүйені реттеудегі мемлекеттің үстемдігі
 - B) меншіктің әр алуандығы және заңмен қорғалуы, еркін кәсіпкерлік, заңмен реттелген бәсекенің болуы және тағы басқалар
 - C) экономикада консервативтік позицияның болуы
 - D) әлеуметтік жүйенің негіздері тарайды
 - E) жоспарлы экономиканың кейбір қағидалары және нарықтық экономикалық барлық қағидалары тарайды
9. Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды кім енгізеді:
- A) Қазақстан Республикасының Парламенті
 - B) Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрі
 - C) Қазақстан Республикасының Президенті
 - D) Қазақстан Республикасының Үкіметі
 - E) Қазақстан Республикасының төтенше жағдай жөніндегі Министрі
10. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің қайнар көзі:
- A) Халық
 - B) Қазақстан Республикасының Президенті
 - C) Қазақстан Республикасының Парламенті
 - D) Қазақстан Республикасының Үкіметі
 - E) Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты
11. Қазақстан Республикасы басқару нысаны бойынша:
- A) президенттік
 - B) федеративтік
 - C) конфедерация мүшесі
 - D) монархиялық
 - E) азаматтық қауымдастық

12. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болғандықтан:
- A) жоғарғы моральдық - этикалық қағиданы ұстайтын мемлекет
 - B) саяси қызметте жоғары мәдениеттегі мемлекет
 - C) діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген
 - D) заң мемлекеттен жоғары тұруды мойындаған мемлекет
 - E) қоғамның ерекше құқықтарын мойындайтын мемлекет

13. Территориялық құрылысы жағынан Қазақстан Республикасы..... мемлекет:

- A) парламенттік
- B) конфедерациялық
- C) президенттік
- D) федеративтік
- E) унитарлық (біртұтас)

14. Халық билігін жүзеге асыру нысандары:

- A) Республикалық референдум және сайлау
- B) отырыстар
- C) мемлекеттік органдарға өз билігін жүзеге асыруды беру
- D) дөңгелек столдар
- E) дебаттар

15. Діни институттардың мемлекеттік институттардан бөлінуі тән:

- A) зайырлы мемлекеттерге
- B) демократиялық мемлекеттерге
- C) құқықтық мемлекеттерге
- D) клерикалды мемлекеттерге
- E) геократиялық мемлекеттерге

16. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері:

- A) Қазақстан Республикасының Конституциясы
- B) Қазақстан Республикасының территориясы
- C) Қазақстан Республикасының картасы
- D) Қазақстан Республикасының қолданатын мөрлері
- E) Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы, Туы, Әнұраны

17. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға жауаптарды мына тілде береді:

- A) ыңғайлы тілде
- B) мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде
- C) ағылшын тілінде
- D) орыс тілінде
- E) ауызша береді

18. Мемлекетке тән барлық элементтердің тәуелсіз мемлекет белгілеріне сәйкес келуі:

- A) мемлекеттік сәйкестілік
- B) мемлекеттік егеменділік
- C) мемлекеттік тәуелсіздік
- D) ұлттық егемендік
- E) халық егемендігі

19. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі:

- A) орыс тілі
- B) орыс және қазақ тілі
- C) қазақ тілі
- D) келісім шартта көрсетілген тіл
- E) халықаралық құқықтағы қолданылатын тіл

20. Қазақстан Республикасында демократияның келесі түрлері бекітілген:

- A) ашық демократия
- B) шектелген демократия
- C) өркениетті демократия
- D) президенттік демократия
- E) өкілетті және тікелей демократия

21. Саяси жүйенің қағидасын көрсетіңіз:


- A) саяси плюрализм және идеологиялық саналуандылық
- B) жерге жеке меншік
- C) кәсіпкерліктің заңмен қорғалуы
- D) мемлекеттік тілдің үстемдігі
- E) бәсекенің болуы

4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

4.1 Қазақстан Республикасында адам және азамат құқықтық мәртебесі негіздерінің түсінігі

Конституциялық құқық саласында маңызды орынды жеке адамның құқықтық мәртебесінің негіздерін бекітетін нормалардан тұратын институт алады.

Адамның және азаматтың құқықтық жағдайы – барлық құқық салаларының нормалары жүзеге асу процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастың субъектісі ретінде адам мен азамат ие болатын құқықтар, бостандықтар мен міндеттердің жиынтығы ретінде сипатталады (сурет 4).



Сурет 4. Адамның және азаматтың құқықтық жағдайының негіздері

Жеке тұлғаның құқықтық жағдайы:

Ең алдымен оның азаматтығына байланысты;

Олардың сайлау, сайлану, саяси парияға мүше болу құқығы, олардың белгілі бір мелекетке тиесілігіне бағыныпты;

Жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері келесідей элементтерді қамтиды. Бұл элементтер жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздерінің мазмұнын құрайды:

1) азаматтық. Азаматтық – бұл азаматтардың белгілі бір мемлекетке тиесілі болуы.

2) конституциялық (негізгі) құқықтары мен бостандықтарымен қатар, міндеттерінің болуы;

3) азаматтардың әрекетқабілеттілік пен құқыққабілеттілігінің болуы;

4) құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктің болуы..

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар заңды болуы үшін мына шарттарды сақтау қажет деп есептелінеді: оларды бекітетін Конституцияның халықпен не оның өкілді органымен демократиялық жолмен әрі заңи бекітілген тәртіпте қабылданылуы, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың және міндеттердің өзгеруі тиісті заң актілерінің негізінде ғана жүзеге асуы.

Жеке тұлғаның құқықтық жағдайының басты элементтерінің бірі – азаматтық. Республика Конституциясының ережелерін талдаудан келіп шығатыны: азаматтық тұлғаның Қазақстан мемлекетімен конституциялық-құқықтық байланысын білдіреді, ол ұзаққа созылатын және орнықты байланыстармен, олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы болуымен сипатталады. Азаматтықтың жалпы және өзіндік қағидаларын көрсетуге болады. Азаматтықтың өзіндік қағидаларына мыналар жатады:

1. Азаматтықтың бірыңғайлығы және теңдігі қағидасы – Азаматтықтың бірыңғайлығы туралы конституциялық қағида мемлекеттің біртұтастығынан келіп шығады және Республика азаматтарының бірыңғай конституциялық құқық субъектілікке негізделген, бірыңғай құқықтық мәртебеге ие екендігін білдіреді. Азаматтықтың теңдігі қағидасы Республика азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға (мысалы азаматтықтың алыну жолына) қарамастан құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің теңдігін білдіреді

2. Азаматтықтың еріктілігі қағидасы – азаматтық алу және одан шығу ерікті түрде жүргізіледі;

3. Азаматтықтың тұрақтылығы қағидасы - тұрған жеріне, отбасылық жағдайына, жас шамасына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматтығы тұрақты болып табылады;

4. Бір азаматтық қағидасы – Қазақстан Республикасында азаматтық біртұтас, қос азаматтық мойындалмайды;

5. Қазақстан Республикасы азаматтығынан айыруға болмайтындығы қағидасы – Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес, Республиканың

азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға болмайды;


6. Азамат пен мемлекеттің өзара жауаптылығы қағидасы – азаматтық байланысы жеке тұлға мен мемлекеттің арасында өзара құқықтар мен міндеттер туындап, өзара жауаптылық жағдайын белгілейді;

7. Қан және топырақ құқығының үйлесімдігі қағидасы – Қазақстан Республикасы азаматтығын тууы бойынша алу кезінде тиісті мәселе ата-анасының азаматтығына қарай және Қазақстан Республикасы аумағында тууына қарай шешілуі мүмкін;

8. Қазақстан Республикасы азаматын басқа мемлекетке бермеу қағидасы.

Азаматтық алу, оның тоқтатылуы, балалардың азаматтығы мәселелері, Қазақстан Республикасы Президентінің және мемлекеттік органдарының азаматтық мәселелер жөніндегі өкілеттігі «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 20 желтоқсан 1991 жылғы заңда толығырақ реттелген.

Азаматтық – бұл адамдардың дара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын көрсететін адам мен мемлекет арасындағы тұрақты саяси-құқықтық байланысы (сурет 4.1).



Сурет 4.1. Азаматтықтан айырылу шарттары

«Азаматтық ұғымы заң бойынша үш элементтен тұрады:

1) адамның мемлекетпен байланысы уақытша емес, тұрақты болуы тиіс. Адам өз қалауы бойынша азаматтықты біресе қабылдап, біресе одан бас тарта алмайды;

- 2) адамның мемлекетпен байланысы саяси-құқықтық сипатта болады;
- 3) мемлекет пен азаматтың арасында өзара құқық пен міндеттемелер белгіленеді.

Қазақстан Республикасы өзінің органдары мен лауазымды адамдары атынан өз азаматтары алдында жауапты, Ал Қазақстан Республикасы азаматтары өзінің республикасы алдында жауапты.

Қазақстан Республикасы азаматтығының негізгі мәселелері Конституциямен және 1991 жылы 20 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңымен реттеледі. Конституцияға азаматтық туралы негізгі қағидалар:

- барлық азаматтардың теңдігі туралы;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі туралы;
- құқықтар мен бостандықтардың шектелуіне жол берілмейтіндігі туралы;
- азаматтықтан айыруға, республика шегінен қуғындауға және басқаларына жол берілмейтіндігі туралы қағидалар енгізілген.

Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заң: қандай адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатынын, олардың құқықтық жағдайларын, азаматтықты алу және тоқтату тәртіптерін, ата-аналардың азаматтығы өзгерген және бала етіп асырап алған кездегі олардың балаларының азаматтығын, азаматтық мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өкілеттігін, азаматтық мәселелері бойынша арыздар мен ұсыныстарды қарау, шешімдерді орындау тәртібін, сондай-ақ азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерге шағымдану тәртібін белгілейді.

Азаматтық туралы Заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Қазақстан аумағында тұратын, Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмайтын және шетелдің азаматтығына жататындығына дәлелдемелері жоқ адамдар **азаматтығы жоқ** адамдар деп аталады.

Қандай да бір болсын шет мемлекетке жататындығына дәлелдемесі бар адамдар **шетел азаматтары** болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды. Демек, Қазақстан Республикасының аумағында қос азаматтыққа жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтығы:

- 1) тууы бойынша;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдану нәтижесінде;
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында қарастырылған негіздер бойынша;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заңда қаралған негіздер бойынша алынады.

Бала өмірге келген кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, қай жерде өмірге келгеніне қарамастан, Республика азаматы болып танылады;

Еге ата-аналарының азаматтығы әртүрлі болса да, олардың біреуі Республика азаматы болса:

1) Қазақстанда туылған болса;

2) Қазақстан Республикасынан сырт жерде туылғанына қарамастан, ата-анасының біреуінің тұрақты тұрғылықты жері болса, осы мемлекеттің азаматы болып табылады.

Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда, егер осы кезде ата-анасының екеуінің де Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері болса, Қазақстан Республикасынан тыс жерде туған баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады деп Қазақстан Республикасының Сайлау туралы конституциялық Заңында анықталған.

Бала туған кезде ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығында болып, ал екіншісі азаматтығы жоқ адам болса, не оның азаматтығы белгісіз болса, бала қай жерде туғанына қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрғылықты жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық туралы» Заңына сай, шетелдік азаматтар азаматтық алуға өтініш білдіру арқылы жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.

Жоғарыда аталған шарттардың болуы мынадай тұлғалар үшін талап етілмейді:


- кәмелетке жасы толмағандар;
- әрекетке қабілетсіздер;
- Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңіргендер;
- Қазақстан аумағынан кеткен адамдар мен олардың ұрпақтары, егер олар тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына қайтып орлағандар (репатрианттар);

2) Қазақстан Республикасы азаматтары ішінде жақын туыстарының бірі – баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болатындығы жоғарыда аталған конституциялық заңда анықталған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш жасауға мүмкіндігі жоқ адамдардың тізімі анықталған. Олар:

1) азаматқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса;

- 2) Қазақстан Республикасы территориясының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;
- 3) мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы іс-әрекет жасаса;
- 4) мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;
- 5) лаңкестік әрекеті үшін сотталған болса;
- 6) сот ерекше қауіпті баукеспе деп таныса;
- 7) басқа мемлекеттің азаматы болса, оның өтініші қабылданбайтындығы көрсетілген (сурет 4.2).



Сурет 4.2. Қазақстан Республикасының азаматтығы берілмейтін жағдайлар

Бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған адамның өтініші бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық туралы Заңына сәйкес, оның Қазақстан Республикасы азаматтығы қалпына келтірілуі мүмкіндігіде көзделген.

Демек, Қазақстан Республикасының азаматтығы:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу салдарынан тоқтатылады (сурет 4.3).



Сурет 4.3. Азаматтыққа қабылдау шарттары

Азаматтықтан шығу – бұл Қазақстан Республикасы Президентінің атына берілген өтініш бойынша жүзеге асырылатын, өз еркімен азаматтықты тоқтату.

Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығар кезде, егер өтініш беруші адам республика алдындағы міндеттемелерін немесе республика аумағындағы азаматтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің алдындағы мүліктік міндеттемелерін орындамаса, онда азаматтықтан шығуға рұқсат етілмеуі мүмкіндігіде көзделген.

Егер, азаматтықтан шығу туралы өтініш жасаушы адам айыпкер ретінде қылмыстық жауапқа тартылған болса немесе заң жүзінде күшіне енген сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе, ол адамның Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекет қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе, Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығуға жол берілмейтіндігі тағы да анықталған.

Қазақстан Республикасы азаматтығынан:

1) адамдардың, Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделгеннен басқа жағдайларды қоспағанда, басқа мемлекеттің әскери қызметінде, қауіпсіздік, әділет органдары немесе өзге де мемлекеттік өкімет және басқару органдарына орналасуы салдарынан;

2) егер Республика азаматтығы теріс мәліметтер немесе жалған құжаттар ұсыну нәтижесінде алынса;

3) Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша;

4) егер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұратын адам дәлелсіз себептермен үш жыл бойы консулдық есепке тіркелмесе;

5) егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса, айырылады делінген.

Қазақстан Республикасының заңдылықтары Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы істерді шешу тәртібін және азаматтық туралы істерді жүргізетін мемлекеттік органдардың шеңберін анықтайды.

Қазақстан Республикасында азаматтық мәселелер жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адам Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті азаматтыққа қабылдау, азаматтығын қалпына келтіру, азаматтықтан шығару туралы шешімдер қабылдай алады.

Басқа мемлекеттік органдар дайындық жұмыстарын жүргізеді. Бұл органдар – Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия.

Азаматтық мәселелері бойынша арыздар Қазақстан Республикасы Президентінің атына жазылады. Арыздарды қарау мерзімі алты айдан аспауға тиіс.

Тұлғаның құқықтық дәрежесі әрекет ететін құқықтың барлық салаларының нормаларында көрсетілген адам мен азаматтың құқығының бүкіл жиынтығымен анықталады.

4.2 Қазақстан Республикасында адам және азаматың конституциялық құқықтары, бостандықтары және міндеттері

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық-құқықтық мәртебесі олардың заң алдында тең бола отырып Конституциямен белгіленген құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің барлық кешеніне ие болуын көздейді.

Алдында атап кеткеніміздей, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы барлық құқық салаларының нормаларында көрініс тапқан құқықтар мен бостандықтардың, міндеттердің жиынтығымен анықталады. Ал, жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтарды, міндеттерді қамтиды. Олар конституциялық (негізгі) құқықтар мен бостандықтар және міндеттер деп аталады әрі олар барлық құқықтар мен бостандықтардың азымаз, негізгі бөлігін құрайды. Олар негізінен әркімге тумысынан тән болып табылады, сондықтан да олар адамнан бөлінбейтін, ажырамас құқықтар мен бостандықтар болып есептеледі. Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың өзге құқықтар мен бостандықтардан бірқатар ерекшеліктері бар. Олар:

1. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар мемлекеттің негізгі заңы – Конституцияда бекітілген.
2. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар адам үшін, қоғам үшін неғұрлым маңызды болып табылады.
3. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар адамға әдетте тумысынан тән болып табылады және ажырамайды;
4. Жалпы алғанда конституциялық құқықтар мен бостандықтар әрбір адамға, азаматқа тән.
5. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар жалпы құқықтар мен бостандықтардың ядросы, негізі болып табылады.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың түрлері. Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың 3 түрі бар:

А) жеке құқықтар мен бостандықтар - әркімнің құқығы болып табылады және адамның мемлекеттің азаматтығына тәндігімен байланысты емес, одан туындамайды; адамға тумысынан тән болады және одан бөлінбейді; адамның жеке өміріне, бас бостандығына, ар-ожданына байланысты өзге де табиғи құқықтарын қорғау үшін қажетті құқықтар мен бостандықтарды қамтиды.

Б) саяси құқықтар мен бостандықтар – мемлекеттің азаматтығында болуға байланысты және белгілі бір жасқа (18) толғанда туындайды, азаматтардың мемлекеттің саяси өміріне қатысуын байқатады;

В) әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар – адамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени қажеттіктерін қанағаттандыруға байланысты құқықтар мен бостандықтар.

Адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері – бұл конституциялық құқықтар мен бостандықтарды шынайы жүзеге асыруға арналған, оларды түрлі қол сұғушылықтардан қорғауға бағытталған амалдар.

Олардың келесідей негізгі түрлерін көрсетуге болады:

1. Әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер. Бұл кепілдіктер адамдардың құқықтар мен бостандықтарды еркін пайдалануын қамтамасыз ететін тиісті орта мен материалдық негіздің болуын анықтайды – мысалы, әлеуметтік тұрақтылық, дамыған экономика, өндірістік күштердің болуы, қоғамның барлық әлеуметтік қажеттіктеріне қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін мекемелер жүйесінің болуы т.б.

2. Саяси кепілдіктер – адамдардың еркін дамуы мен лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға бағытталған мемлекеттің саясаты – саяси тұрақтылық, саяси құрылымдардың тұрақтылығы мен олардың азаматтық келісімге қол жеткізу қабілеттігі, қоғамда тұрақсыздықты жою, азаматтардың саяси мәдениетінің тиісті деңгейі, т.б.

3. Заңи кепілдіктер – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғауды қамтамасыз ететін барлық құқықтық амалдар. Нақты айтсақ, әрбір құқықтың нақты кепілдіктерінің конституциялық, заңи бекітілуі; құқықтар мен бостандықтарды мемлекеттің қорғау міндеті, құқықтары мен бостандықтарын азаматтардың өзінің қорғау механизмінің болуы (арыздану, БАҚ-на жолдану, т.б.), соттық қорғау, халықаралық қорғау, зиянды өтеу т.б.

4. Идеологиялық кепілдіктер – азаматтардың құқықтары, бостандықтары және міндеттері туралы білім деңгейін көтеру.

Негізгі құқықтар мен бостандықтарға тән заңдық ерекшеліктер мыналар:

1. Конституциялық құқықпен бостандық, тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізін қалайды және басқа құқық салаларында бекітілген құқықтардың барлығына негіз әрі бастау болады.

2. Негізгі құқықтар мен бостандықтар әрбір азамат пен адамға беріледі.

3. Негізгі құқықтар мен бостандықтардың өзіне тән бір сипаты – бұл олардың ортақтығымен бейнеленеді. Олар барлық адамдар үшін бірдей әрі тең деп есептеледі.

4. Азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары өзінің пайда болуы және қалыптасуымен ерекшеленеді. Оған жалғыз ғана негіз ретінде оның Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығы бола алады.

5. Қазақстан Республикасының азаматының негізгі құқықтары мен бостандықтары азаматтың еркі бойынша алынбайды немесе кері қайтарылмайды. Бұл құқықтар оған азаматтығына байланысты беріледі, бұл құқықтар азаматтығы жоғалтылған жағдайда бірге өз күшін жояды.

6. Негізгі құқықтар мен бостандықтар оларды іске асыру механизміне байланысты ерекшеленеді. Барлық өзге құқықтары мен міндеттері нақты бір құқықтың қатынас барысында, құқықтық қабілеті арқылы өзінің жетістігі болып қалады.

7. Негізгі құқық, бостандық және міндеттерге тән тағы бір ерекшелік, мұнда олардың заңды түрде бекітілуіне де байланысты. Олар мемлекеттің құқықтық актілерінде тіркеледі, бұл құжат әрине жоғарғы заңды күші бар ел Конституциясы болып көрініс табады.

Жоғарыда айтылған белгілер, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары ұғымының ерекшеліктерін сипаттайды.

Бірінші рет Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке тұлғаның табиғи шығу тәркінің бекітті, сөйтіп 12-баптың 2-тармағында «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды» деп жариялады.

Жеке тұлға мен мемлекеттің, сондай-ақ адамдардың өздерінің арасында пайда болатын қарым-қатынастардың сипатына орай конституциялық құқықтар мен бостандықтар түрлі салаларға бөлінеді.

Конституциялық құқықтар мен бостандықтар үш топқа бөліп қарастырылады: жеке; әлеуметтік-экономикалық; саяси (сурет 4.3).



Сурет 4.3. Азаматтық құқықтар мен бостандықтар

Жеке бас құқығы мен бостандықтары іс-жүзінде әрбір адамның жеке құқығы болып есептеледі, оның тұлғаның мемлекетке қаншалықты байланысы барына ешқандай қатысы жоқ. Бұл құқықтар әрбір адамның бөлінбес құқығы, ол құқық оған туылған кезінен бастап тиісті болады. Адамның жеке құқығы болып есептелетін құқықтарға адамның табиғи құқығы жатады. Бұл құқық адамның жеке басы өмірімен байланысты көрінеді.

Адамның жеке басының бостандығы және еркін жүріп тұру құқықтары конституциялық түрде бекітілген. Кез келген конституциялық мемлекеттердегі сияқты Қазақстан Республикасында заңда көрсетілген реттерде ғана және тек соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Конституциялық құқықтарда бекітілгентағы бір жаңалыққа Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы барлығын жатқызуға болады. Әрбір адамның Республикадан тыс жерлерге кетуіне және Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық құқығы конституциялық құқық болып табылады. Адамдық қадір-қасиеттерге құрметпен қарау азаматтық қоғамның басты белгілерінің бірі.

Жеке құқықтар мен бостандықтар саласына адамның жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына конституциялық құқығы барлығын жатқызуға болады.

Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің маңызды конституциялық принциптерінің бірі заң мен сот алдында жұрттың бәрі бірдейлігі танылады. Ол тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы жайындағы конституциялық құқықтан анық көрінеді.

Сондай-ақ жеке құқықтар мен бостандықтарға әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылылығы да жатады.

Адам мен азаматтың негізгі құқығы мен бостандығының ерекше тобын **әлеуметтік-экономикалық құқықтар** құрайды. Конституциялық құқықтардың бұл тобы жеке тұлғаның азаматтық қоғамның мүшесі ретіндегі құқықтық жағдайын анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың маңыздылығы оның жеке меншікті иемдену және ұстау құқығы болып табылады. Конституцияның 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Бірінші рет 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы жерге жеке меншік құқығын бекітті.

Конституцияда меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

Еңбек ету бостандығы – азаматтардың негізгі құқықтарына жатады. Бұл құқық еңбекке қабілетті адамның өз еңбегімен өз өмірін асырауға заңды мүмкіндігі бар екендігін білдіреді.

Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар.

Азаматтардың тынығуға құқықтары бар. Тынығу уақыты – қызметкердің өзінің еңбек ету міндеттемесін орындаудан босаған кездегі уақыттарын оны өзінің қалауы бойынша пайдаланатын уақыты.

Қазақстан Республикасы азаматтарына әлеуметтік қамсыздандырылуға конституциялық құқық беріледі. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтауға құқығы бар. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы. Сондай-ақ мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

Денсаулықты сақтау құқығы, сондай-ақ азаматтардың әр түрлі жолдарды (бұқаралық ақпарат құралдары, өтініш, хат және т.б.) пайдаланып, халықтың қамтылуын жақсарту мәселесін көтере алатындығын білдіреді. Халықтың денсаулығының негізі – қоршаған табиғи орта. Оның жағдайы қандай болса, адамдардың денсаулығы да сондай. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына сәйкес мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарға азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуларына кепілдік берілу құқығы жатады. Бұл ретте орта білім алу міндетті. Ата-аналар орта білім алуды қамтамасыз етуге міндетті (сурет 4.4).



Сурет 4.4 Экономикалық және әлеуметтік құқықтар

Саяси құқықтар мен бостандықтар – бұл тек мемлекеттің азаматтарына берілетін және оларға елдің қоғамдық және саяси өміріне қатысуға мүмкіндік беретін конституциялық құқықтар мен бостандықтардың бір тобы.

Саяси құқықтардың ең маңыздысы азаматтардың белсенді және бәсең сайлау құқығынан тұратын сайлаушылық құқық субъектісі болып табылады.

Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар. Сайлау құқығына тек сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқықтары жоқ.

Саяси құқықтар мен бостандықтар қатарына Республика азаматтарының мемлекеттік істі басқаруға қатысу құқығы жатады. Азаматтар бұл құқықты әр түрлі жүзеге асырады. Азаматтардың белсенділігін танытудың, қоғам мүдделеріне ынтасын арттырудың бір құралы олардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы барлығы болып табылады.

Мемлекеттік қызметке кіруге тең құқық Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік қызмет туралы бірқатар негіз боларлық идеялар беріледі. Онда мемлекеттік қызмет лауазымына кандидатқа қойылатын талап тек лауазымдық міндеттер сипатымен ерекшеленіп, заңмен белгіленетіні көрсетілген.

Саяси құқықтар мен бостандықтар қатарына жатқызылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының маңызды құқықтарының бірі бірлесі бостандығы құқығы болып табылады.

Республика Конституциясы азаматтардың бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығын таниды. Дегенмен бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін екендігі ескертіледі (сурет 4.5).



Сурет 4.5. Саяси құқықтары мен бостандықтары

Адам мен азаматтарға көптеген құқықтық міндеттер жүктеледі. Адамдардың конституциялық міндеттері мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау;
- басқа тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, ар-қаданы мен қадір қасиетін құрметтеу;
- республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеу;
- заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу.

Ал азаматтрадың конституциялық міндеттеріне мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасын қорғау және әскери қызмет атқару;
- тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасау;
- табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау.

Бір қарағанда конституциялық міндеттер соншалықты көп емес сияқты көрінуі мүмкін, дегенмен олар қоғам мен мемлекеттің қалыпты дамуы үшін қажетті негізгі, маңызды салаларды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы Республика аумағына келген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін белгілейтін негізгі принциптерді бекітті. Сондай-ақ шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының 1995 жылы 19 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы» Заңымен реттеледі. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Азаматтықтың жалпы мәселелерін атаңыз.
2. Қазақстан Республикасы заңдары бойынша азаматтық алу тәртібі қандай?
3. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің дуализміне анықтама беріңіз.
4. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің құқықтық негіздерін көрсетіңіз.
5. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының құқықтық жағдайын атаңыз.
6. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының жауапкершілігінің ерекшеліктерін анықтаңыз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республкасының саяси жүйесінің негізін қалыптастырады:
 - A) Тек мемлекеттік институттардың болуы
 - B) Тек саяси партиялардың болуы
 - C) Тек қоғамдық ұйымдардың болуы
 - D) Тек халықаралық ұйымдардың болуы
 - E) Қоғамдық бірлестіктер (саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, діни бірлестіктер) мен мемлекеттік институттармен сипатталады

2. Қазақстан Республикасының азаматтығын беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді қабылдайды:

- A) ҚР-ның Үкіметі
- B) ҚР-ның Парламенті
- C) ҚР-ның Президенті
- D) ҚР-ның Жоғарғы Соты
- E) Тиісті әкімшілік-аумақтық әкімшіліктер

3. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар тобына жататын құқықты көрсетіңіз:

- A) өмір сүру құқығы
- B) ар-ождан бостандығы құқығы
- C) ақпаратты алу және сөз бостандығы құқығы
- D) еңбек ету, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы
- E) жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығы

4. Адам құқықтары өз мазмұны бойынша жіктеледі:

- A) адам және азаматтарға қатысты құқықтар
- B) бірінші, екінші және үшінші топтың құқықтары
- C) жеке, саяси және әлеуметтік-мәдени құқықтар
- D) негізгі және қосалқы құқықтар
- E) ажырамас құқықтар

5. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін элементтер құрайды:

- A) құқықтар мен бостандықтар
- B) тек-қана құқықтар
- C) тек-қана міндеттер
- D) міндеттер және азаматтылығы
- E) құқықтар, бостандықтар және міндеттер

6. Қос азаматтық Қазақстан Республикасында:

- A) барлық азаматтарға берілуі мүмкін
- B) рұқсат етілмеген
- C) Сыртқы Істер министрлігінің келісімімен беріледі
- D) ҚР Үкіметінің келісімімен беріледі
- E) тек-қана ТМД-ға кіретін мемлекеттер азаматтарына рұқсат етіледі

7. Азаматтықтан айырылуға негіз болып табылмайды:

- A) егер тұлға адамзатқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса
- B) ҚР-ның егемендігі мен тәуелсіздігіне саналы түрде қарсы шықса
- C) ҚР-сы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса
- D) басқа мемлекеттің қауіпсіздік, полиция және өзге де мемлекеттік органдарына қызметке тұрса
- E) Мемлекеттік нышандарды дұрыс қолданбаса

8. Тек Қазақстан Республикасының азаматтарына тиісті міндетті көрсетіңіздер:

- A) ҚР-сы Конституциясын және заңдарын сақтау
- B) басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеу
- C) Қазақстан Республикасын қорғау
- D) заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу
- E) еңбек ету міндеті

9. Санкциясыз жеке тұлғаны уақыттан аспайтын мерзімге ұстауға болады:

- A) 10 сағат
- B) 24 сағат
- C) 36 сағат
- D) 72 сағат
- E) бір тәулік

10. Жеке тұлғаның саяси құқықтарына жатпайды:

- A) сайлау құқығы
- B) сайлану құқығы
- C) Республикалық референдумға қатысу құқығы
- D) мемлекет ісін басқаруға тікелей және өз өкілдері арқылы қатысу құқығы
- E) еркін жүріп-тұру және тұрғылықты мекенді өз қалауы бойынша таңдап алу құқығы

11. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат беруден бас тартуға негіз болып табылмайды:

- A) ҚР-сы алдында өтелмеген міндеттемелері болса
- B) кәмілет жасқа толмаған азамат болса
- C) ҰҚК-нің қызметкері болса
- D) сот үкімі бойынша жазаны өтеп жүрсе
- E) азаматтықтан шығу ҚР-ның мемлекеттік қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келсе

12. Тұрғын үйге қол сұқпау құқығын адам құқықтарынын ... тобына жатқызамыз:

- A) еңбек ету құқықтарына
- B) экономикалық құқықтарға
- C) саяси құқықтарға
- D) конституциялық құқықтарға
- E) құқықтық қағидаларға

13. Қазақстан Республикасы азаматтығын алу негізіне жатпайды:

- A) ҚР-да тууы бойынша
- B) ҚР-ның азаматтығына қабылдау
- C) ҚР-ның халықаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша
- D) ҚР-ның азаматымен некеге тұру
- E) ҚР-сы азаматын асырап алу

14. Қазақстан Республикасында шетел азаматтары ретінде танылады:

- A) ҚР-ның азаматтары емес тұлғалар
- B) өзінің басқа мемлекеттің азаматы болып табылатынына қатысты дәлелі толық емес шетел азаматтары
- C) басқа мемлекеттің азаматы болып табылатынына қатысты дәлелі жоқ адамдар
- D) ҚР-ның азаматы емес және де басқа мемлекеттің азаматы екендігі туралы тиісті дәлелдері бар адамдар
- E) ҚР-ның азаматымен некеге отырған адамдар

15. Саяси баспана беру мәселесін шешеді:

- A) ҚР Парламенті
- B) ҚР Президенті
- C) ҚР Үкіметі
- D) ҚР Сыртқы Істер министірлігі
- E) ҚР Конституциялық Кеңесі

16. Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ адамдар ретінде танылады:

- A) ҚР-ның азаматтары емес тұлғалар
- B) өзінің басқа мемлекеттің азаматы болуына қатысты дәлелі жоқ тұлғалар
- C) ҚР-ның азаматы емес және де басқа елдің азаматы болуына қатысты дәлелі жоқ тұлғалар
- D) басқа елдің азаматтылығына қатысты тиісті дәлелі бар тұлғалар
- E) бұрын ҚР-ның азаматымен некеде тұрған тұлғалар

17. Ар-ождан бостандығы құқығы жатады:

- A) жеке бастың құқықтарына
- B) экономикалық құқықтарға
- C) әлеуметтік құқықтарға
- D) халықаралық құқықтарға
- E) саяси құқықтарға

18. Қазақстан Республикасы азаматын азаматтығынан айыруға:

- A) жоқ
- B) иә
- C) уақытша болады
- D) ішінара
- E) құқықбұзушылық жасаса

19. Азаматтық дегеніміз:

- A) жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің ерекше формасы
- B) құқықтық мәртебе
- C) міндеттер мен құқықтарды алып жүрудің өзіндік формасы
- D) мемлекет пен жеке тұлға арасындағы өзара құқықтар мен міндеттер жүктелетін тұрақты құқықтық байланыс
- E) құқықтарға ие болудың ерекше формасы

20. Қандай жағдайда азамат шет елге беріледі:

- A) шет мемлекеттің заңын бұзған жағдайда
- B) мемлекет қажет деп тапқан жағдайда
- C) халықаралық шарттарда белгіленген жағдайда
- D) аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда
- E) халықаралық ұйымдар талап еткен жағдайда

21. Қазақстан Республикасы азаматтығынан айыруға негіз болып табылады:

- A) әкімшілік құқықбұзушылық жасаса
- B) міндеттерін орындаудан бас тартса
- C) қылмыс жасаса
- D) басқа мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысса
- E) азаматтықты жалған, жасанды құжат беру алғандығы дәлелденсе

Теориялық есеп.

№2 есеп.

Тақырып-4. «Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері».

1. Мәдидің атасы Меккеге қажылыққа барып келгеннен кейін жалғыз жүру өте ауыр екенін сылтауратып, 16 жасар немересін күн сайын намаз оқуға, діни мейрамдар күні мешітке бірге баруға мәжбүрледі. Мәди мешітке әзірше барғысы келмейтінін айтып, атасымен мешітке баруға қарсылық білдірді және мешітке барғысы келмеуіне байланысты атасынан ұрсыс естіді. Бұл жағдайда Мәдидің қандай конституциялық құқығы бұзылды?

2. Нұржанның ата-анасы түрлі ұлт өкілдері, сәйкесінше, түрлі дінге сенеді: анасы – неміс, христиан дініне сенеді, ал әкесі - қазақ, мұсылман. Әрқайсысы ұлына өзінің дінін уағыздап, екеуі де өз дініне сенуге мәжбүрлейді. Аталған жағдайда Конституцияның қандай нормаларына нұқсан келтірілді?

3. Қазақстан Республикасының азаматтары Серік пен Алуаның Ресейде келісімшарт бойынша жұмыс істеп жүрген кезінде қыздары дүниеге келді. Қазақстан Республикасы азаматтарының некесінен туылған баланың азаматтығы қалай анықталады?

4. Шетелдің азаматы Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарының елшілігіне оған Қазақстан Республикасының азаматтығын беру туралы өтініш жасады. Құжаттарды тексеру кезінде оның Екінші Дүниежүзілік соғыста Польшаның бейбіт тұрғындарына қарсы жасаған қылмыстары үшін халықаралық сот арқылы 15 жыл бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған қылмыскер екендігі анықталды. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы өтінішін кері қайтаруға негіз болады ма?

5. Дубиноның жанұясы Қазақстан Республикасының Киевтегі елшілігіне Қазақстан Республикасының азаматтығын алу туралы өтініш жасады. Олар ешқашан Қазақстан Республикасында тұрған емес, алайда Алматы қаласында жанұя отағасының туған қарындасы тұрады. Бұл жағдай Дубино жанұясына Қазақстан Республикасы азаматтығын беруге негіз болады ма?

6. Иванов отбасында, әйелі – Қазақстан Республикасының азаматы, ал күйеуі – Қырғызстан Республикасының азаматы. Екеуі тұрақты Ресей Федерациясының аумағында өмір сүреді. 2010 жылы Қазақстан аумағында олардың балалары дүниеге келді. Некеден туылған баланың азаматтығы туралы мәселе қалай шешілуі қажет?

5 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

5.1 Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер және саяси партиялармен арақатынасының конституциялық қағидалары

Бірлесу бостандығына құқық адам мен азаматтың аса маңызды және конституциялық құқықтарының бірі болып табылады, оның іске асырылуы қоғам мүдделеріне сай келеді және мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығын іске асыруға, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар.

Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және аталған Заң мен оған қайшы келмейтін басқа да заң актілерінен тұрады.

Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңы азаматтардың бастамасымен құрылған барлық қоғамдық бірлестіктерге қолданылады, бұған діни бірлестіктер, құрылу тәртібі мен қызметі өзге заң актілерімен белгіленетін өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық ынталы органдар кірмейді деп белгілейді.

Бұл заңның күші Қазақстан Республикасы аумағында құрылған және жұмыс істейтін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметіне қолданылады, бұған діни бірлестіктер кірмейтіндігі анықталған.

Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге жол берілмейді. Қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтасуы және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасасуы мүмкін, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңдарда көзделген белгілі бір жұмыстар орындау мүмкіндігі көзделген.

Қоғамдық бірлестіктер аппараттарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады. Заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін

қозғайтын мәселелерді қоғамдық бірлестіктермен келісе отырып, мемлекеттік органдар шешу мүмкіндігі қарастырылған.

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып, жұмыс істейді.

Экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құруға тыйым салынады. Қазақстан Республикасы аумағында әскерилендірілген құрылымы, түрі, арнаулы айырым белгілері, гимндері, жалаулары, вымпельдері, ішкі тәртіп пен басқарудың ерекше ережелері, қаруы, соның ішінде қару іспеттес заттары бар әскерилендірілген құрамалар үлгісіндегі қоғамдық бірлестіктер құруға тыйым салынады.

Басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді. Азаматтардың денсаулығы мен адамгершілік негіздеріне қастандық жасайтын қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ тіркелмеген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

Қоғамдық бірлестіктер заң алдында тең. Қоғамдық бірлестіктер қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен өзге де заң актілері шеңберінде жүзеге асырады. Қоғамдық бірлестіктер өз мүшелерінің (қатысушыларының) еріктілігі, тең құқықтылығы, өзін-өзі басқару, қызметінің заңдылығы, есептілігі мен жариялылығы негізінде құрылып, жұмыс істейді. Азаматтың қоғамдық бірлестік қызметіне қатысуы немесе қатыспауы оның құқықтары мен бостандықтарын шектеу үшін негіз бола алмайды. Ресми құжаттарда қоғамдық бірлестікке мүшелік (қатысу) туралы көрсетуді талап етуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасында республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер құрылып, жұмыс істеуі мүмкін. Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер республикалық қоғамдық бірлестіктерге жатады. Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан азының аумағында өздерінің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар бірлестіктер аймақтық қоғамдық бірлестіктерге жатады. Жергілікті қоғамдық бірлестіктерге

Қазақстан Республикасының бір облысы шегінде жұмыс істейтін бірлестіктер жатады. Республикалық және аймақтық қоғамдық бірлестіктер өз мәртебесін растау үшін тіркелген күннен бастап бір жыл өткенге дейін осы бірлестікті тіркеген органға құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін табыс етуге міндетті.

Белгіленген тәртіппен құрылған және тіркелген қоғамдық бірлестіктер, түріне қарамастан, одақтар (қауымдастықтар) қабылдаған құрылтай шарттары мен жарғылары негізінде жаңа заңды тұлға жасай отырып, қоғамдық бірлестіктер одақтарын (қауымдастықтарын) құруға, сондай-ақ халықаралық одақтарға (қауымдастықтарға) қатысушы болуға құқылы. Қоғамдық бірлестіктер, соның ішінде халықаралық бірлестіктер одақтарының (қауымдастықтарының) қызметі мен мемлекеттік тіркелу тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) құрылып, жұмыс істей алады.

Халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері), егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, сол бірлестіктердің жарғыларын басшылыққа алады.

Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы азаматтарының жарғы қабылданып, басшы органдар қалыптастырылатын құрылтай съезін (конференциясын, жиналысын) шақыратын, кемінде он адамнан тұратын тобының бастамасы бойынша құрылады. Қоғамдық бірлестіктердің заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігі ол Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіп бойынша тіркелген кезінен бастап пайда болады.

Заңнамаға сәйкес, қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей және тең. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді. Конституцияда бекітілгендей мемлекеттік органдарда партия ұйымдарын құруға жол берілмейді. Бұл конституциялық ереже мемлекет пен саяси партияның бірігіп кетпеуіне, тиісінше саяси партияның мемлекет белгілеген заң ережелері шегінде дербес қызмет етуіне мүмкіндік береді. Қазақстанда саяси партия деп азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі танылады. Саяси партиялардың құрылуы мен қызметіне байланысты заңмен келесідей тыйымдар салынады:

- саяси партияның халық атынан билік жүргізуге құқығы жоқ;
- Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне жол берілмейді;

- мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер (саяси партиялар) құруға және олардың қызметіне тыйым салынады;

- әскерилендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құрамалар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады;

- Республикада саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді;

- азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

- білім беру ұйымдарының оқу процесінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді;

- саяси партияға ұжымдық мүшелікке жол берілмейді;

- саяси партиялардың қызметі адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс. Мемлекеттің саяси партиялардың істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейтіндігін қолданыстағы Қазақстан Республикасының Саяси партиялар туралы заңы (2002 жылы 15 шілдеде қабылданған) анықтап береді. Саяси партияларға мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге де жол берілмейді. Азаматтардан кез келген нысанда, оның ішінде ресми құжаттарда да, қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялар мен олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмайды. Саяси партиялар келесідей қағидалар негізінде құрылып, қызмет етеді:

1. Еріктілік;

2. Тең құқықтылық;

3. Өзін-өзі басқару;

4. Заңдылық;

5. Жариялылық. Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған азаматы саяси партияның мүшесі бола алады.

Саяси партияға келесілер мүше бола алмайды:

- шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар;

- әскери қызметшілер;


- ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері;

- құқық қорғау органдарының қызметкерлері;

- судьялар.

Парламент депутаттарының, мемлекеттік қызметшілердің саяси партиялардағы ақы төленетін қызметтерде болуына құқығы жоқ. Қайтыс болу,

партиядан шығу, партиядан шығарылу, басқа партияға кіру саяси партияға мүше болуды тоқтатуға негіз болып табылады. Саяси партия саны бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады. Құрылтай съезін әзірлеу және өткізу үшін құрамында кемінде он адам бар ұйымдастыру комитеті құрылуы мүмкін. Құрылтай съезінде (конференциясында) саяси партияны құру, оның атауы, жарғысы, бағдарламасы туралы шешімдер қабылданады және оның басшы органдары құрылады. Саяси партия жарғылық қызметін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес, саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әрқайсысында кемінде жеті жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде елу мың партия мүшесі болуға тиіс. Тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ партия құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзған, берілген құжаттар, соның ішінде оның құрылтай құжаттары мен партия мүшелерінің, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартады. Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда саяси партия тіркеуші органға үш ай өткен соң оны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қайтадан бере алады. Саяси партиялар туралы заңда саяси партиялардың жауаптылығы мәселелері қарастырылған. Саяси партиялардың ұйымдастырылуы мен қызметінде орын алған құқықбұзушылықтар олардың жауаптылығын туындайды. Саяси партиялардың жауаптылығы олардың қызметін тоқтата тұру және тоқтатуда (тарату) байқалады (сурет 5).



Сурет 5. Қоғамдық бірлестіктер

5.2 Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың конституциялық - құқықтық мәртебесі

Профессор Ғ.С. Сапарғалиевтің пікірінше: «Саяси әр-алуандылық қоғамда түрлі саяси партиялардың және ұйымдардың, сондай-ақ негізгі саяси партиялар мен ұйымдардың өзараәрекеттері мен тепе- теңдігіне негізделген билік жүйелерінің өмір сүретіндігін білдіреді» делінген.

Саяси партиялардың қызметін тоқтата тұруға негіз болып мына жағдайлар табылады:

- 1) саяси партияның Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзуы;
- 2) саяси партияның жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асыруы;

3) саяси партия басшыларының экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған жария шақыруы мен сөйлеген сөздерінің орын алуы;

4) саяси партия мүшелерінің санының Заңның талаптарына сәйкес келмеуі.

Осы аталған жағдайларда саяси партиялардың қызметі соттың шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Егер саяси партия белгіленген мерзімі ішінде қызметін тоқтата тұруға негіз болған тәртіп бұзушылықтарды жойса, онда ол партия өз қызметін қайта бастайды. Ал, егер саяси партия қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған тәртіп бұзушылықты сот белгілеген мерзімде жоймаса, онда ол таратылады.

Заңда саяси партияның таратылуының бұдан басқа да келесідей бірнеше негіздері қарастырылған:

- саяси партиялардың «Саяси партиялар туралы» заңның талаптарын орындамауы;

- саяси партияның өз жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асыруы;

- саяси партияның Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асыруы не қызметін Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше рет (кемінде 2 рет) немесе өрескел бұза отырып жүзеге асыруы;

- мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттардағы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған кезде саяси партияны мемлекеттік тіркеудің заңсыз деп танылуы не саяси партияны мемлекеттік тіркеудің күшінің жойылуы;

- саяси партияның Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатарынан екі рет қатыспауы;

- саяси партияны шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруы, саяси партияның Заңда тыйым салынған қайырмалдықтарды қабылдауы;

- саяси партияның оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қайта тіркеусіз жүзеге асыруы;

- Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда деп нақтылайды. Аталмыш жағдайлар орын алған жағдайда саяси партияны таратуды сот жүзеге асырады. Жалпы, саяси партияны таратуды саяси партияның жоғары органы тағайындайтын тарату комиссиясы да жүргізу мүмкіндігі анықталған.

«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес саяси партия:

- 1) өзінің жоғары органының шешімі бойынша;

- 2) аймақтардың кемінде жартысының өкілі болып табылатын мүшелерінің кемінде елу бір процентінің ұсынысы бойынша;

- 3) соттың шешімі бойынша таратылады Саяси партияның ұйымдастырылуы мен қызметінің мәселелері неғұрлым кең түрде «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңында құқықтық реттелуін тапқан.

Саяси жүйені көпшілік ғалымдардың көзқарасына сүйеніп көмегімен

халық өзінің мемлекеттік, саяси билігін жүзеге асыратын мемлекеттік, саяси және қоғамдық ұйымдардың жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Саяси жүйенің негіздері Конституцияның «Жалпы ережелер» бөлімінде бекітілген.

Саяси жүйенің негізгі элементі болып мемлекет табылады. Одан басқа элементтеріне саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары кіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабына қарап елімізде бір идеологияның үстемдігінен бас тартылатындығы бекітілген деп айтуға болады. Себебі, онда Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылатындығы анықталған. Бұл ереже ешбір идеологияның мемлекеттік немесе міндетті идеология ретінде анықталмайтындығын көрсетеді. Әдетте, мұндай ереженің бекітілуінің себебі болып кеңес заманында марксизм-ленинизм ілімінің мемлекеттік идеология ретінде анықталуы, мемлекеттік идеология бола отырып оның мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік негіздерін анықтап отырғаны табылды деп есептеледі. Марксизм-ленинизм идеологиясына сәйкестікте кеңестік социалистік мемлекет құрылды. Мемлекеттің саяси жүйесінің орталық элементі болып кеңестік Конституцияға сәйкес коммунистік партия танылды. Ол қоғамның дамуының басты бағыттарын анықтап, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгіледі.

Кеңес өкіметінің құлдырауымен оның қағидаттары да өзгеріп, бірқатары жойылды. Марксизм-ленинизм іліміне негізделген коммунистік партияның бағдарламасы мемлекеттік идеология болудан қалды. 1993 жылғы тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қоғамдық бірлестіктердің тең құқылы мүмкіндіктерінің болуына кепілдік бере отырып қоғамдық бірлестіктердің идеологиясы мемлекеттік идеология орнына жүре алмайтындығын бекітті.

Ал, 1995 жылы қабылданған Конституция жоғарыда атап кеткеніміздей Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әралуандылық танылатындығын бекітті.

Идеологиялық әр-алуандылық Қазақстанда түрлі идеологиялық көзқарастар мен ағымдардың өмір сүруі мен әрекет етуіне рұқсат берілетіндігін білдіреді. Бұл түсінік кез келген ағымдардың өмір сүруіне рұқсат етпейді. Олардың алдына қойылатын шарт – олар Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, Республиканың біртұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіру идеясын жарияламауы тиіс, сондай-ақ әлеуметтік, діни және ұлтаралық араздықты тудырмауы керек.

Саяси әралуандылық қоғамда түрлі саяси партиялардың және ұйымдардың әрекет етуі мүмкіндігін білдіреді.

Заңнамаға сәйкес қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей.

Конституцияға сәйкес, мемлекеттік органдарда партия ұйымдарың құруға жол берілмейді. Саяси партия деп азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті

өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін білдіретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі танылады.

Саяси партиялардың құрылуы мен қызметіне байланысты заңмен келесідей тиымдар салынады:

- Саяси партияның халық атынан билік жүргізуге құқығы жоқ;
- Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне жол берілмейді;

- Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер (саяси партиялар) құруға және олардың қызметіне тыйым салынады;

- Әскерилендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құрамалар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады;

- Республикада саяси партиялар мен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді;

- Азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

- Білім беру ұйымдарының оқу процесінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді;

- Саяси партияға ұжымдық мүшелікке жол берілмейді.

Мемлекеттің саяси партиялардың істеріне және саяси партиялардың мемлекет істеріне заңсыз араласуына жол берілмейді. Саяси партияларға мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге де жол берілмейді.

Азаматтардан кез келген нысанда, оның ішінде ресми құжаттарда да, қандай партияға жататынын көрсетуді талап етуге тыйым салынады. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялар мен олардың органдарының шешімдерімен байланысты болмайды.

Саяси партиялар келесідей қағидалар негізінде құрылып, қызмет етеді:

1. Еріктілік.
2. Тең құқықтылық.
3. Өзін-өзі басқару.
4. Заңдылық.
5. Жариялылық.

Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған азаматы саяси партияның мүшесі бола алады.

Саяси партияға келесілер мүше бола алмайды:

- шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар;
- әскери қызметшілер;
- ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері;
- құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- судьялар.

Парламент депутаттарының, мемлекеттік қызметшілердің саяси партиялардағы ақы төленетін қызметтерде болуына құқығы жоқ. Қайтыс болу, партиядан шығу, партиядан шығарылу, басқа партияға кіру саяси партияға мүше болуды тоқтатуға негіз болып табылады.

Саяси партия саны бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады.

Құрылтай съезінде (конференциясында) саяси партияны құру, оның атауы, жарғысы, бағдарламасы туралы шешімдер қабылданады және оның басшы органдары құрылады.

Саяси партия жарғылық қызметін мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әрқайсысында кемінде жеті жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде елу мың партия мүшесі болуға тиіс.

Тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ партия құрудың заңда белгіленген тәртібін бұзған, берілген құжаттар, соның ішінде оның құрылтай құжаттары мен партия мүшелерінің, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) тізімдері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келмеген жағдайда саяси партияны мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған жағдайда саяси партия тіркеуші органға үш ай өткен соң оны мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды қайтадан бере алады.

Саяси партияның қызметін тоқтата тұру. Саяси партияның қызметі соттың шешімі бойынша үш айдан алты айға дейінгі мерзімге:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған;
- 2) саяси партияның жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған;
- 3) саяси партия басшыларының экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған жария шақыруы мен сөйлеген сөздері орын алған;
- 4) саяси партия мүшелерінің саны Заңның талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер саяси партияның қызметін тоқтата тұрудың белгіленген мерзімі ішінде оның қызметін тоқтата тұруға негіз болған тәртіп бұзушылықтар жойылатын болса, саяси партия өз қызметін қайта бастайды.

Саяси партия:

- 1) өзінің жоғары органының шешімі бойынша;
- 2) аймақтардың кемінде жартысының өкілі болып табылатын мүшелерінің кемінде елу бір процентінің ұсынысы бойынша;
- 3) соттың шешімі бойынша таратылады.

Саяси партияны таратуды саяси партияның жоғары органы тағайындайтын тарату комиссиясы немесе Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен сот жүргізеді.

Соттың шешімі бойынша саяси партия мына жағдайларда таратылады:

- 1) саяси партиялар туралы заңның талаптарын орындамаған жағдайда;
- 2) саяси партияның қызметін тоқтата тұру үшін негіз болған тәртіп бұзушылықты сот белгілеген мерзімде жоймаған жағдайда;

3) саяси партияның жарғысына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не қызметін Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше рет (кемінде 2 рет) немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған жағдайда;

5) мемлекеттік тіркеу үшін табыс етілген құжаттардағы мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған кезде саяси партияны мемлекеттік тіркеудің заңсыздығы танылған не саяси партияны мемлекеттік тіркеудің күші жойылған жағдайда;

6) саяси партия Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатарынан екі рет қатыспаған жағдайда;

7) шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар қаржыландырған, саяси партия осы Заңда тыйым салынған қайырымалдықтарды қабылдаған жағдайда;

8) саяси партия, оның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қайта тіркеусіз жүзеге асырған жағдайда;

9) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларда.

Саяси партияның ұйымдастырылуы мен қызметінің мәселелері неғұрлым кең түрде «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңында реттелген (сурет 5.1).

САЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖАРҒЫ МЕН БАҒДАРЛАМАД А АЙҚЫНДАЛҒА Н МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТІРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ЗАҢДАРДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІП	Өз қызметі туралы ақпаратты тарату және өздерінің мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға
	Қауымдастықтарға (одақтарға), сайлау блоктарына ерікті негіздерде бірігуге
	Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар ұсынуға; Қазақстан Республикасының мәслихаттарындағы өз өкілдері арқылы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттар ұсынуға
	Бұқаралық ақпараттың басқа құралдарын құруға
	Баспа қызметін жүзеге асыруға
	Жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттер өткізуге
	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген шектерде шаруашылық серіктестіктер, мекемелер, қоғамдық қорлар құруға
	Осы Заңда Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген құқықтарды жүзеге асыруға құқылы

Сурет 5.1. Саяси партиялар жарғы мен бағдарламада айқындалған мақсаттар мен міндеттері

Бақылау сұрақтары:

1. Қоғамдық бірлестік ұғымы.
2. Саяси партия дегеніміз не?
3. Көппартиялы жүйеге анықтама беріңіз.
4. Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер және саяси партиялармен ара қатынасының конституциялық қағидаларын атаңыз.
5. Мемлекеттік және беймемлекеттік ұйымдардың қарым-қатынас принциптерін дараландырып көрстеңіз.
6. «Плюрализм» ұғымына анықтама беріңіз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Жеке тұлға өзінің қандай дінге және партияға жататынын көрсетуге:
 - А) міндетті емес
 - В) міндетті
 - С) өзгелердің мүддесіне қайшы келген жағдайда ғана міндетті
 - Д) Сайлау кезінде міндетті
 - Е) тек көпшіліктің өтініші бойынша ғана көрсетуге тиіс
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға рұқсат етіледі:
 - А) мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға мүмкіндік береді

- B) мемлекеттік органдардың келісімімен рұқсат етіледі
- C) Рұқсат етілмейді
- D) Мемлекеттік билік тармағына байланысты
- E) Нақты саяси институттық қызметінің бағытына байланысты

3. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін мүше болу:

- A) бір мың адамнан кем емес
- B) екі мың адамнан кем емес
- C) елу мың адамнан кем емес
- D) екі мың адамнан көп емес
- E) бес жүз адамнан кем емес

4. Саяси партияға мүшелікте болуына жол берілмейді:

- A) ғылыми қайраткерлерге
- B) азаматтығы жоқ адамдарға
- C) зейнеткерлерге
- D) оқытушыларға
- E) студенттерге

5. Үкімет мүшелерінің саяси партиядағы ақы төленетін қызметтерді атқаруға құқығы:

- A) жоқ
- B) бар
- C) басшылық қызметтен басқаларын атқаруға болады
- D) құрылтайшылардың келісімімен атқаруы мүмкін
- E) ішіара атқарады

6. Саяси партияларға Қазақстан Республикасының азаматы қанша жастан бастап мүше бола алады:

- A) 21 жастан
- B) 18 жастан
- C) 23 жастан
- D) 16 жастан
- E) 19 жастан

7. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган:

- A) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- B) саяси партияларды тіркеуден өткізу міндетті емес
- C) ҚР-сының Президент әкімшілігі
- D) Ішкі істер органдары
- E) ҚР-сының Парламенті

8. Саяси партияларды қаржыландыру көзіне не жатпайды?

- A) мүшелікке кіру жарнасы
- B) мүшелік жарна

- C) діни бірлестіктерден алған қаражат
- D) жарна
- E) заңмен рұхсат етілген басқа да кірістер

9. Қазақстан Республикасы Конституциясына сай азаматтардың бірлесу бостандығы жүзеге асырылады:

- A) Саяси партиялардың мүшесі болуы арқылы
- B) Сайлау құқығы арқылы
- C) Мемлекеттік органға сайлану арқылы
- D) Мемлекеттік қызметке өту арқылы
- E) Бірлесу бостандық құқығы ҚР Конституциясында бекітілмеген

10. Қазақстан Республикасында саяси партиялардың қызметін қаржыландыруға тыйым салынады:

- A) Азаматтарға
- B) Шет ел саяси партиялары мен шетел азаматтарына
- C) Қоғамдық бірлестіктерге
- D) Заңды тұлғаларға
- E) Тыйым салынбаған

11. Саяси партиялардың қоғамдық ұйымдардан айырмашылығы:

- A) Тек ҚР азаматтардың мүшелігімен қалыптасуымен
- B) Азаматтығы жоқ адамдардың мүшелігімен қалыптасуымен
- C) Босқындардың мүшелігімен қалыптасуымен
- D) Шет ел азаматтарының мүшелігімен қалыптасуымен
- E) айырмашылығы жоқ

12. Саяси партиялар фракциясы лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысады:

- A) ҚР Президентін тағайындауға қатысады
- B) Премьер – Министрді тағайындауға қатысады
- C) Бас прокурорды тағайындауға қатысады
- D) Ұлттық Банк төрағасын тағайындайды
- E) саяси партиялар фракцияларды мемлекеттік билік органдарының лауазымды тұлғалардың тағайындауға қатысу өкілеттілігі жоқ

13. Қазақстан Республикасының Саяси партия туралы Заңы қашан қабылданды:

- A) 11 шілде 2002 жылы
- B) 22 шілде 2002 жылы
- C) 15 шілде 2002 жылы
- D) 25 шілде 2002 жылы
- E) 22 шілде 2002 жылы

14. Саяси партиялардың құрылу принциптері:

- A) Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық принциптері

- B) Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық принциптері
- C) Саяси партиялардың қызметі демократиялық және жанама дауыс беру принциптері
- D) Саяси партиялардың қызметі әлеуметтік теңдік, құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам принциптері
- E) Саяси партиялардың қызметі жыныстық теңдік, ұлт бірлігі принциптері

15. Саяси партияның атауы мен рәмізі:

- A) Саяси партияның атауында «саяси партия» немесе «партия» деген сөздер болуға тиіс, оларды саяси партиялардың атауында ғана пайдалануға жол беріледі
- B) Саяси партияның атауында «саяси ұйым» немесе «ұйым» деген сөздер болуға тиіс, оларды саяси партиялардың атауында ғана пайдалануға жол беріледі
- C) Саяси партияның атауында «саяси бірлестік» немесе «бірлестік» деген сөздер болуға тиіс, оларды саяси партиялардың атауында ғана пайдалануға жол беріледі
- D) Саяси партияның атауында «қоғамдық бірлестік» немесе «діни ұйым» деген сөздер болуға тиіс, оларды саяси партиялардың атауында ғана пайдалануға жол беріледі
- E) Саяси партияның атауында «халықаралық ұйым» немесе «халықаралық партия» деген сөздер болуға тиіс, оларды саяси партиялардың атауында ғана пайдалануға жол беріледі

16. Саяси партияның Жарғысы:

- A) Саяси партияның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркелуге жатады
- B) Саяси партияның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік тіркелуге жатпайды
- C) Саяси партияның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілмейді
- D) Саяси партиялардың Жарғысы болмайды
- E) Саяси партиялардың Жарғысы мемлекеттік тіркеуден кейін заңдық күші жойылады

17. Саяси партияны мемлекеттік тіркеуге алатын орган:

- A) Қазақстан Республикасының Президент аппараты
- B) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- C) Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігі
- D) Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі
- E) Қазақстан Республикасының Үкіметі

18. Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар:

- A) Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуына, сондай-ақ саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) қызметінің Қазақстан Республикасының

заңдарына сәйкестігін бақылауды мемлекеттік кіріс органдары жүргізеді

В) Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуына, сондай-ақ саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін бақылау жүргізілмейді

С) Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуына, сондай-ақ саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүргізеді

Д) Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуына, сондай-ақ саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін бақылауды Қазақстан Республикасының Парламенті жүргізеді

Е) Қазақстан Республикасының саяси партиялар туралы заңдарының сақталуына, сондай-ақ саяси партия мен оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін бақылауды Әкімдер жүргізеді

19. Саяси партияның қызметін тоқтата тұру:

А) Қазақстан Республикасының бұқаралық құқықтарын бұзған жағдайда

В) ҚР Конституциясы мен заңдарын бұзған жағдайда

С) Адам және азаматтың заңды мүдделеріне нұқсан келтірген жағдайда

Д) Заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысаны сақталмаған жағдайда

Е) Қоғамдық бірлестіктер құрылған жағдайда

20. Саяси партиялардың халықаралық байланыстары:

А) Қазақстан Республикасының саяси партиялары халықаралық байланыстар орнатып, жасай алады, тиісті келісімдер жасасып, діни бірлестіктерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіре алады

В) Қазақстан Республикасының саяси партиялары халықаралық байланыстар орнатып, жасай алады, тиісті келісімдер жасасып, діни бірлестіктерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіре алмайды

С) Қазақстан Республикасының саяси партиялары халықаралық байланыстар орнатпайды

Д) Қазақстан Республикасының саяси партиялары халықаралық байланыстар орнатып, жасай алады, тиісті келісімдер жасасып, діни бірлестіктерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіруден бас тартуы тиіс

Е) Қазақстан Республикасының саяси партиялары халықаралық байланыстар орнатып, жасай алады, тиісті келісімдер жасасып, діни бірлестіктерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес

бірлестіктерге ұжымдық мүшелер ретінде кіруге тыйым салынады

21. Саяси партияның төрт жыл ішінде кемінде кемінде неше рет шақырады:

- A) 1
- B) 2
- C) 5
- D) 3
- E) 4

Теориялық есеп.

№3 есеп.

Тақырып-5. «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бірлестіктердің ұйымдастырылуы және қызмет етуінің конституциялық негіздері»

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты өмір сүретін Қырғызстан азаматы «Невада – Семей» қоғамдық бірлестігіне кіру туралы арыз берді. Шетелдің азаматы қоғамдық бірлестіктің мүшесі бола алады ма?

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының ынталы тобы облыстық әділет басқармасына «Азат партиясы» атты қоғамдық-партиялық бірлестікті тіркеу туралы арыз берді. Барлық қажетті тексеруден өткеннен кейін оны тіркеу туралы шешім қабылданды. Аталған шешімнің заңды күші бар ма?

6 САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

6.1 Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: түсінігі, қағидалары және әлеуметтік функциялары

«Сайлау құқығы» түсінігі көпмағыналы болып табылады. Біз оны екі мағынада қарастырамыз: объективтік және субъективтік. Объективтік мағынада сайлау құқығы – бұл мемлекеттің өкілді органдарын және жеке лауазымды тұлғаларын сайлау тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығы. Бұл мағынада ол конституциялық құқықтың бір институты, бөлімі болып табылады. Субъективтік мағынада сайлау құқығы – бұл азаматтың мемлекеттің сайланбалы органдары мен тұлғаларын құруға, қалыптастыруға қатысу құқығы. Азаматтың тиісті органдарды (тұлғаларды) қалыптастыруға қатысуы оның осы органдарға сайлауы және сайлануы арқылы байқалады. Олай болса, субъективтік тұрғыда сайлау құқығы екі мағынада анықталады:

1. белсенді сайлау құқығы – бұл азаматтың сайлау құқығы, яғни қандайда бір кандидатты жақтап немесе қарсы дауыс беру құқығы;
2. бәсең сайлау құқығы – бұл азаматтардың өкілді органдарға, сайланбалы лауазымдарға сайлануға құқығы (сурет 6).



Сурет 6. Сайлау құқығы

Қазақстанда сайлау туралы қатынастар Республиканың Конституциясымен, Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңмен реттеледі. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнамаға сәйкес сайлау құқығы – бұл азаматтардың Қазақстан Республикасы Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті және маслихат депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауы және сол қызметтерге сайлануы.

Жоғарыда атап кеткеніміздей сайлау құқығының екі түрі бар: белсенді сайлау құқығы (сайлау, дауыс беру құқығы) және бәсең сайлау құқығы (сайлану құқығы). Белсенді сайлау құқығы әдетте 18 жасқа толғаннан бастап пайда болады. Бұған қоса, Қазақстанның сайлау туралы заңнамасына сәйкес сайлауға қатысу үшін әрекет қабілеттігі болуы керек және соттың заңды

күшіне енген үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырмаған болуы қажет. Азаматта белсенді сайлау құқығы болғанымен, бәсең сайлау құқығы болмауы мүмкін. Олай дейтін себебіміз, 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы Президентін сайлауға қатысуға құқылы, бірақ өзі бұл жаста Президент болып сайлана алмайды: ол үшін оның 40 жасқа толуы, тумасынан Қазақстан Республикасы азаматы болуы, соңғы 15 жыл бойы Қазақстан Республикасының аумағында тұруы және мемлекеттік тілді еркін меңгеруі қажет. Белсенді және бәсең құқығының кері арақатынасы кездеспейді. Себебі, егер азаматта бәсең сайлау құқығы болса, ол белсенді сайлау құқығына да ие болады.

Қазақстанда сайлаулар белгілі бір қағидаларға сәйкестікте өткізіледі.

Сайлау құқығының қағидалары:

1. *Жалпыға бірдей сайлау құқығы*, яғни 18 жасқа толған азаматтардың тегіне, нәсіліне, лауазымына, мүліктік жағдайына, жынысына, ұлтына, т.б. қарамастан сайлауға қатысу құқығы. Сайлауға іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды. Сонымен қоса, сайлау құқығын Қазақстанда тұрып жатқан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар да иеленбейді.

2. *Тең сайлау құқығы* – сайлаушылардың (таңдаушылардың) сайлауларға тең негіздерде қатысуы әрі олардың әрқайсысының бір немесе тең дауыс санына ие болуы. Тең сайлау құқығының мазмұны екі элементті қамтиды:

а) сайлаушылардың (таңдаушылардың) сайлауға тең негізде қатысуы;

б) сайлаушылардың (таңдаушылардың) әрқайсысының бір немесе тең дауыс санына ие болуы. Бірінші элемент сайлауға қатысуға құқылы барлық азаматтардың сайлаушы (таңдаушы) ретінде де және кандидат ретінде де теңдей құқықтар мен теңдей міндеттерге ие болатынын білдіреді. Екінші элемент әрбір сайлаушының Республика Президентін, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламенті Мәжілісінің депутаттарын және мәслихаттарының депутаттарын, ал әрбір таңдаушының Сенат депутаттарын сайлау кезінде бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысқа, Республиканың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде тең дауыс санына ие болатынын және әрбір сайлаушының дауысының басқа сайлаушының дауысына тең болатынын, яғни сайлаушылар арасында қандай да бір басымдықтардың болмайтындығын білдіреді. Демек, тең сайлау құқығы – бұл сайлау қорытындысына әсер ету мен заң талаптарына сәйкес сайланудың сайлаушы үшін заңмен белгіленген теңдей мүмкіндігі.

3. *Төте сайлау құқығы* – Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтардың тікелей сайлауы.


Тікелей – бұл сайлаушылардың аталған тұлғаларды қандай да бір басқа тұлғалар (таңдаушылар) арқылы емес, дербес, жеке өздері қатыса отырып сайлауы.

4. *Жанама сайлау құқығы* – Сенат депутаттарын таңдаушылардың - мәслихат депутаттары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлауы. Жоғарыда атап кеткеніміздей, таңдаушылар Сенат

депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады әрі олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады.

5. *Жасырын дауыс беру* – сайлаушылардың Республика Президентін, Парламентінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі ерік білдіруіне қандай да болсын бақылаудың жасалуын болдырмау үшін олардың жасырын түрде дауыс беруі. Жасырын дауыс беру қағидасының мәні – сайлаушының ерік білдіруіне ешкімнің кедергі келтірмеуі, ерікті, дербес түрде өз еркін білдіруіне сырттан әсер етуді жою.

6. *Еркін сайлау қағидасы* – азаматтардың сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруы, яғни сайлаушының сайлауға қатысу немесе қатыспау мәселесін өзінің шешуі (Сурет 6.1).



Сурет 6.1. Сайлау қағидалары

Сайлау жүйесі дегенде мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің құрылу тәртібін түсінеміз. Мұның ішінде бізге ерекше таныс түрлері – бұл сайлаушы органдардың қалыптасуы кезіндегі принциптері мен қатысу шарттары болып табылады. Сайлау жүйесі – заңмен белгіленген ережелер, принциптер жиынтығы, олардың көмегі арқылы дауыс беру нәтижелері анықталады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық Заңға сәйкес Президентті, Парламент Сенаты депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астамының дауысын алған;

- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған.

Саяси партиялардан Парламент Мәжілісінің депутаттары біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдермен сайланады.

Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып саналады.

Өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс санаудың мынадай жүйесі қолданылады: басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көпшілігі жақтап дауыс берген кандидаттар сайланған болып саналады.

Президентті, Парламент Сенаты мен Мәжілісі, Мәслихат депутаттарын және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі принциптері бекітілген заңдық нормалар жиынтығы Қазақстан Республикасының сайлау құқығы болып табылады.

Сайлаулар азаматтардың мемлекеттік билік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құруға тікелей қатысуын қамтамасыз ете отырып, тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сайлау құқығы екіге бөлінеді: белсенді және бәсең.

Белсенді сайлау құқығы деп – Республиканың 18 жасқа толған азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығын айтамыз.

Бәсең сайлау құқығы деп – Қазақстан Республикасы азаматтарының ҚР Президенті, ҚР Парламентінің, мәслихатының депутаттары немесе өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығын айтамыз. Бәсеңдіктің мәні мынада, ол сайламайды, оны сайлайды.

Сайлауға іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар қатыспайды.

Тең сайлау құқығы деп – сайлаушылар Республика Президенті, партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламенті Мәжілісінің депутаттары және мәслихаттарының депутаттары сайлауына тең негіздерде қатысатыны, әрі олардың әрқайсысының бір сайлау бюллетеніне тиісінше бір дауысы болатынын айтамыз.

Қазақстан Республикасында Парламентке депутаттарды төте және жанама сайлау құқығы белгіленген.

Төте сайлау құқығы деп – Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және өзге де мәслихаттарының депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін азаматтардың тікелей сайлауын айтамыз.

Жанама сайлау құқығы деп – Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылардың, яғни мәслихаттардың депутаттары болып табылатын Республика азаматтарының қатысатындығын айтамыз. Таңдаушылар Сенат депутаттарын сайлауға тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысының Сенат депутатын сайлаған кезде бір дауысы болады.

Республика Президентін, Парламентінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауда жасырын дауыс беріледі әрі сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да болсын бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейді. Дауыс берілетін орындарда сайлаушылардың өз еріктерін еркін білдіруі үшін арнайы кабинеттер жабдықталады. Жасырын дауыс беруде сайлау бюллетеньдері нөмірленбейді және ешқандай белгі соғылмайды, сөйтіп дауыс берушінің жеке бастарын анықтауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық Заңының 3-бабында сайлау құқығының келесі принциптері бекітілген:

- Республика Президентін, Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі;


- Республика Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жағдайында өткізіледі;

- Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқтығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасындағы сайлауға әзірлік пен оны өткізуді мемлекеттік сайлау органдары ұйымдастырады. Бұл органдар бірыңғай жүйе құрады. Мемлекеттік органдардың бірыңғай жүйесіне төмендегі органдар жүйесі кіреді:

- 1) Республикалық Орталық сайлау комиссиясы;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясы;
- 3) округтік сайлау комиссиялары;
- 4) учаскелік сайлау комиссиялары кіреді (сурет 6.2).

Сайлау комиссияларының өкілеттіктерінің мерзімі бес жыл.



Сурет 6.2. Сайлау органдары

6.2 Қазақстан Республикасындағы сайлау органдары: түсінігі, жүйесі, өкілеттік мерзімдері

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық Заңына сәйкес, Орталық сайлау комиссиясы Республиканың сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Орталық сайлау комиссиясы комиссияның Төрағасынан және алты мүшесінен тұрады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады. Олар Президент, Парламент депутаттары және мәслихат депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді.

Аумақтық сайлау комиссиялары құрамы жеті адамнан тұрады. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін – он күннен, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланады.

Сондай-ақ, округтік сайлау комиссиялары сайлау округтерінде

мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді. Округтік сайлау комиссиясы жеті адамнан құралады. Олардың құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ал, учаскелік сайлау комиссиялары жеті адамнан тұратын құрамда құрылады. Олар тиісті сайлау учаскелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және Мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ұйымдастыру және өткізуді қамтамасыз етулері тиістігі жоғарыда аталған конституциялық заңда нақтыланған.

Президент, Парламент және Мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін – жеті күннен, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы үш күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланады.

Сайлауды әртүрлі негіздер бойынша бірнеше түрлерге бөлуге болады:

- *өткізілу аумағы бойынша*: жалпыұлттық (Президентті, Парламент депутаттарын сайлау) және жергілікті (маслихат және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау);

- *азаматтардың (сайлаушылардың) ерік білдіру әдісіне қарай*: тікелей (сайлаушылардың өздері сайлайды) және тікелей емес (Қазақстанда – жанама – сайлаушылар Сенатты жанама түрде таңдаушылар арқылы қалыптастырады);

- *өткізілу уақытына қарай*:

а) кезекті сайлау - тиісті органның не лауазымды тұлғаның өкілеттік мерзімінің аяқталуына қарай өткізілетін сайлау;

б) кезектен тыс сайлау - тиісті органның не лауазымды тұлғаның өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына орай өткізілетін сайлау. Қазақстанда кезектен тыс сайлау тек өкілді органдарға (Парламент, Маслихат) сайлауда ғана қолданылады;

в) қосымша сайлау - шығып қалғандардың орнына сайлау. Шығып қалғандардың орнына сайлау өткізу үшін депутат (жергілікті өзін-өзі басқару органының мүшесі) өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы, оны мандатынан айыру не оның қайтыс болуы негіз болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауда көрсете кететін бір өзгешілік: мұнда да шығып қалғандардың орнына сайлау (біздің анықтауымызша қосымша сайлау) бекітілгенімен, қосымша сайлау өткізу жағдайы ретінде өзге жағдай анықталады (Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңның 123 бабы);

г) ішінара сайлау – алқалы сайланбалы органды ішінара жаңарту (ротация) мақсатында өткізілетін сайлау. Мысалы, Сенаттың сайланған депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып жаңартылып отырады.

- *кімді сайлайтынына байланысты*: президенттік сайлау, парламенттік

сайлау, муниципалдық сайлау (маслихат және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау).

Сайлау жүйесі - бұл мемлекеттің өкілді, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен сайланбалы лауазымды тұлғасын (Президент) құрудың заңмен бекітілген тәртібі, яғни кандидаттарды ұсыну мен дауыстарды санаудың жүйесі. Басқаша айтқанда, сайлауларды ұйымдастыру мен өткізудің нақты амалы. Сайлау жүйесінің екі түрін көрсетуге болады: *мажоритарлық сайлау жүйесі және бара-бар өкілдік (пропорционалдық) сайлау жүйесі*. Тарихи тұрғыда алғашқы сайлау жүйесі болып мажоритарлық жүйе табылады. Оның негізінде көпшілік қағидасы жатыр, яғни белгіленген көпшілік дауыс санын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Бұл көпшіліктің қандай болатындығына байланысты мажоритарлық жүйе өз кезегінде әдетте үш түрге бөлінеді:

1. *Салыстырмалы көпшілік мажоритарлық жүйесі* – бұл ең қарапайым сайлау жүйесі. Мұнда қарсыластарына қарағанда дауыстардың ең көбірек санын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Қазақстанда Президентті және Сенаттың сайланатын депутаттарын сайлаудың екінші турында (қайта дауыс беру) және маслихат пен өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау кезінде салыстырмалы көпшілік жүйесі қолданылады.

2. *Абсолюттік көпшілік мажоритарлық жүйе* – сайлану үшін дауыстардың абсолюттік көпшілігін, яғни жалпы санының жартысынан астамын алу талап етіледі. Қазақстанда бұл жүйе бойынша кандидат дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) жартысынан астамының дауысын алуы қажет.

3. *Квалификацияланған көпшілік мажоритарлық жүйе* – тиісті сайлау жүйесінде квалификацияланған көпшілік дауыс санын алған кандидат сайланған болып есептеледі. Квалификацияланған көпшілік дауыс саны заңмен белгіленеді және ол абсолюттік көпшілік дауыс санынан жоғары болып табылады. Қазақстанда бұл жүйе қолданылмайды.

Бара-бар өкілдік (пропорционалдық) сайлау жүйесі бойынша Қазақстанда Парламент Мәжілісінің 98 депутаты сайланады. Бұл жүйенің басты идеясы мынада: әрбір саяси партия Парламентте сайлаушылардың өзі үшін берген дауысына бара-бар болатын (сай келетін) мандаттар санын иеленеді. Бұл жүйе салыстырмалы түрде шағын партиялардың да парламентте өкілдіктерінің болуына кепілдік береді және бұл жүйеде сайлаушылар дауысын нақты кандидаттарға емес партиялық тізімге береді.


Республикамызда сайлауларды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру үшін сайлау комиссиялары құрылып, қызмет етеді. Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесін мыналар құрайды:

- 1) Орталық сайлау комиссиясы;
- 2) Аумақтық сайлау комиссиясы;
- 3) Округтік сайлау комиссиясы;
- 4) Учаскелік сайлау комиссиясы.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі 5 жыл.

Орталық сайлау комиссиясы төрағадан және алты мүшеден тұрады.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен екі мүшесін Президент, екі-екіден төрт мүшесін Парламент палаталары тағайындайды. Қалған сайлау комиссияларын саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті маслихаттар сайлайды және олар жеті адамнан құралады (сурет 6.3).



Сурет 6.3. Сайлау комиссиясы

Қазақстанда сайлаулар өткізу кезінде сайлау округтері, сайлау учаскелері құрылып, пайдаланылады. Сенат депутаттарын сайлауда сайлау округтері құрылмайды. *Сайлау округтерінің* үш түрі болады:

А) бірмандатты (униноминальный) сайлау округі. Мұнда әр округтен тек бір ғана депутат сайланады. Бір округтегі кандидаттар саны көп болуы мүмкін, бірақ сайланған тұлға біреу ғана болады. Бірмандатты округ мажоритарлық жүйеге тән болып келеді. Мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде бір мандатты сайлау округтері құрылады.

Б) көп мандатты (полиноминальный) сайлау округі. Мұндай көп мандатты округ маслихаттан өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде құрылады. Мұнда әрбір округтен бірнеше тұлға сайланады.

В) біртұтас округ. Мұндай округ бүкіл мемлекеттің аумағын қамтиды. Мысалы, Республика Президентін және бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарын сайлау кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады. Мұндай сайлау округінде бүкіл сайлаушылар тек бір ғана бюллетеньге дауыс береді.

Қазақстанда сайлау округтерін аумақтық сайлау комиссиялары құрады, олар республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі мен сайлаушылардың шамамен тең саны ескеріліп құрылады.

Сайлау округтері әдетте сайлау учаскелеріне бөлінеді. Сайлау учаскелері – бұл сайлаушыларға барынша қолайлылық туғызу мақсатында құрылатын дауыс беру үшін арналған орын. Ол мына жағдайлар ескеріле отырып құрылады:

- әрбір сайлау учаскесінде 3 000 аспайтын сайлаушы болуы;
- әкімшілік аумақтық бөліністегі әкімшілік-аумақтық құрылым шекара-

сының сақталуы.

Қазақстанда Президентті, Парламент, маслихат депутат-тарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау процесін бірнеше сатыға бөліп көрсетуге болады. Сонымен, *сайлау процесінің сатылары:*

1. Сайлауды тағайындау және жариялау;
2. Кандидаттар ұсыну;
3. Кандидаттарды тіркеу;
4. Дауыс беру;
5. Дауыстарды санау;
6. Сайлау қорытындысын анықтау және жариялау.

Жоғарыда аталған органдар мен Президенттікке сайлау кезінде үгіт жүргізіледі. Сайлау алдындағы үгіт – бұл сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет. Сайлау алдындағы үгіт кандидаттар тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу қаржыландыруды қажет етеді. Заңға сәйкес сайлауды қаржыландырудың екі түрі болады: *мемлекеттік қаржыландыру және мемлекеттік емес қаржы-ландыру*. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын қоспағанда, Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутаттарының, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады. Сонымен қоса, Президентті және Парламент пен мәслихаттар депутаттарын сайлауда кандидаттардың сайлау алдындағы үгітін сайлау қорлары қаражатынан қаржыландыруға болады. Бұл мемлекеттік емес қаржыландыру болып табылады.

2007 жылы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін сол жылдың 19 маусымында тиісінше сайлау туралы заңнама да өзгертіліп, толықтырылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Сайлау еркіндігінің кепілдіктерін атаңыз.
2. Қазақстан Республикасында сайлау туралы заңнаманың дамуына қысқаша конспект жасаңыз.
3. Қазақстан Республикасының Парламентінің Сенат және Мәжіліс депутаттарын сайлау ерекшеліктерін ажыратып, салыстырмалы кесте құрастырыңыз.
4. Мәслихат депутаттарын сайлау ерекшеліктерін көрсетіңіз.
5. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау жүргізу тәртібін сипаттаңыз.
6. Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйелерін жіктеңіз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Пропорционалдық сайлау жүйесі бойынша депутаттық мандат бөлінісіне төмендегідей дауыс жинаған партиялар жіберіледі:
 - A) сайлаушылардың 10% кем емес дауысын жинаған
 - B) сайлаушылардың 5% кем емес дауысын жинаған
 - C) сайлау кедергісі айқындалмаған
 - D) сайлаушылардың 7% кем емес дауысын жинаған
 - E) сайлаушылардың 3% кем емес дауысын жинаған
2. Президенттің кезекті сайлауы қай уақытта өткізіледі:
 - A) қаңтар айының бірінші жексенбісі
 - B) желтоқсан айының соңғы тоқсаны
 - C) қазан айының бірінші жексенбісі
 - D) наурыз айының бірінші жексенбісі
 - E) желтоқсан айының бірінші жексенбісінде
3. Сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне кірмейтін орган:
 - A) орталық сайлау комиссиясы
 - B) территориялық сайлау комиссиясы
 - C) округік сайлау комиссиясы
 - D) аудандық сайлау комиссиясы
 - E) учаскелік сайлау комиссиясы
4. Орталық сайлау комиссиясының өкілеттілік мерзімі:
 - A) 5 жыл
 - B) 3 жыл
 - C) 10 жыл
 - D) 1 жыл
 - E) 2 жыл
5. Президенттікке кандидат келесі жағдайда сайланды деп есептеледі:
 - A) сайлауға қатысқан сайлаушылардың 50%-тен астам дауысын жинаса
 - B) сайлауға қатысқан кандидаттардаң ең көп дауыс жинаса
 - C) сайлаушылардың жалпы санының 50% дауысын жинаса
 - D) сайлауға қатысқандардың 2/3 дауысын жинаса
 - E) басқа кандидаттарға қарағанда дауыс жинамаса
6. Округтік сайлау комиссиялары мүшеден құрылады:
 - A) 5 мүшеден
 - B) 7 мүшеден
 - C) 10 мүшеден
 - D) 12 мүшеден
 - E) 15 мүшеден

7. Әр сайлау учаскесінде сайлаушылардың саны болу керек:

- A) 5 000 сайлаушылардан көп емес
- B) 2 000 сайлаушылардан көп емес
- C) 5 000 сайлаушылардан артық
- D) 3 000 сайлаушылардан көп емес
- E) 3 000 сайлаушылардан көп

8. Сайлау бюллетеньдері сайлау комиссияларына уақытта беріледі:

- A) сайлауға дейін 10 күн қалғанда
- B) сайлауға дейін 14 күн қалғанда
- C) сайлауға дейін 1 күн қалғанда
- D) сайлауға дейін 3 күн қалғанда
- E) сайлау күнінде

9. Қазақстан Республикасы Президентін сайлау нәтижесі туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану керек:

- A) сайлау өткізілген күннен бастап 14 күннен кем емес мерзімде
- B) сайлау өткізілген күннен бастап 10 күннен кем емес мерзімде
- C) сайлау өткізілген күннен бастап 7 күннен кем емес мерзімде
- D) сайлау өткізілген күннен бастап 5 күннен кем емес мерзімде
- E) сайлау күнінен кейінгі күні

10. Сенат депутаттарын сайлау кезіндегі қайта дауыс беру өткізіледі:

- A) алғашқы дауыс беруден кейін 7 күн ішінде
- B) алғашқы дауыс беруден кейін 5 күн ішінде
- C) алғашқы дауыс беруден кейін 3 күн ішінде
- D) алғашқы дауыс берілген күні
- E) мүлдем өткізілмейді

11. Сайлау комиссиясының біртұтас жүйесіне кіреді:

- A) аумақтық сайлау комиссиялары
- B) селолық сайлау комиссиялары
- C) аудандық сайлау комиссиялары
- D) қалалық сайлау комиссиялары
- E) ауданаралық сайлау комиссиялары

12. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасының:

- A) жоғарғы білімі болуы керек
- B) жоғарғы саяси білімі болуы керек
- C) жоғарғы заң білімі болуы керек
- D) жоғарғы білімінің болуы шарт емес
- E) жоғарғы арнайы білімі болуы керек

13. Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады:

- A) сайланушыға
- B) сайланушының сенім білдірген өкілдеріне
- C) сайланушының партияласына
- D) зейнеткерлерге
- E) судьяларға

14. Сенат депутатын сайлау өткізілуі тиіс:

- A) үш тәулік ішінде
- B) бір апта ішінде
- C) ҚР Президенті анықтаған уақыт аралығында
- D) бір тәулік ішінде
- E) Сенат депутаттарының көпшілік дауысымен анықталынады

15. Сайлау комиссиясының біртұтас жүйесіне кіреді:

- A) селолық сайлау комиссиялары
- B) округтік сайлау комиссиялары
- C) аудандық сайлау комиссиялары
- D) қалааралық сайлау комиссиялары
- E) ауданаралық сайлау комиссиялары

16. Сенат депутатын сайлауының қорытындысын Орталық сайлау комиссиясы:

- A) сайлау өткізілген күні шығаруы тиіс
- B) үш тәулік мерзімінен кешіктірмей шығаруы тиіс
- C) заңда көрсетілмеген
- D) жеті күн мерзімінен кешіктірмей шығаруы тиіс
- E) тиісті әкімшілік территорияның өкілді билік органы анықтайды

17. Мәжіліс депутаттарын сайлаудың Конституцияға сәйкестігін қарау күзіреті берілген:

- A) ҚР Президентіне
- B) ҚР Бас Прокуратурасына
- C) Парламент Сенатына
- D) Премьер - Министрге
- E) Конституциялық Кеңеске

18. Президенттікке үміткерлердің максималды саны:

- A) 10
- B) ҚР Парламенті депутаттары анықтайды
- C) Конституциялық Кеңес мүшелерінің басым көпшілігінің дауысымен анықталынады
- D) 3
- E) шек қойылмаған

19. Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Заңы қай жылы қабылданған:

- A) 15 қазан 1995 жылы
- B) 22 желтоқсан 1995 жылы
- C) 28 қыркүйек 1995 жылы
- D) 28 қыркүйек 1996 жылы
- E) 22 желтоқсан 1996 жылы

20. Орталық Сайлау комиссиясының төрағасын қызметіне кім тағайындайды:

- A) Қазақстан Республикасының Премьер Министрі
- B) Қазақстан Республикасының Мәжіліс Төрағасы
- C) Қазақстан Республикасының Президенті
- D) Қазақстан Республикасының Сенат Төрағасы
- E) Қазақстан Республикасының Парламенті

21. Республикалық Орталық Сайлау комиссиясы:

A) Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады

B) тек қана уақытша жұмыс істейді

C) Орталық Сайлау комиссиясы тек қана сайлау кезінде қызметі ұйымдастырылады

D) Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылмайды

E) Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының жергілікті жердегі қызметін ұйымдастырады

Теориялық есеп.

№ 4 есеп.

Тақырып-6. Сайлау құқығы және Қазақстан Республикасының сайлау жүйелері

1. Жергілікті билік органдарын сайлауға жіберілген адамдардың ішінде, сайлаушылар тізімінде Қазақстанда соңғы 5 жылда өмір сүретін Ресей азаматтары да қосылыпты. Басқа елдердің азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында жергілікті билік органын сайлауға қатысуға құқықтары бар ма?

2. Қазақстан Республикасының азаматы Жұмағұлов А.Н. Парламент Сенатына үміткер болған кезінде өз қолдауына 35 дауыс жинаған (400 сайлаушылардың арасынан). Аталған азамат үміткер ретінде тіркеуге алынады ма?

3. Шаяхметов 13 жасында ата-анасымен бірге Қазақстаннан кетіп қалған. 35 жылдан кейін ол Қазақстанға қайтадан оралып, өзінің саяси партиясын құрды және 1998 жылы Президенттікке үміткер ретінде тіркелу үшін Орталық сайлау комиссиясына өтініш берді. ОСК Президенттікке үміткерлерге заң бойынша қойылатын барлық шарттардың барлығын тексере келе, тіркеуден өткізді. ОСК әрекеті заңға сәйкес келеді ме?

7 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

7.1 Республикалық референдум: түсінігі және қағидалары

Республикалық референдум - Қазақстан Республикасы конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

Референдумның конституциялық негіздері 1995 жылы 2 қарашада қабылданған «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңымен реттеледі.

Референдум Республиканың бүкіл аумағында өткізіледі.

Республикалық референдум **талқысына қойылатын** мәселелер:

1) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

2) Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін (2 бап).

Республикалық референдумның **талқысы бола алмайтын** мәселелер мыналар:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;

2) мемлекеттік біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгерту;

3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекараларының;

4) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау;

5) бюджет пен салық саясаты;

6) рақымшылық пен кешірім жасау;

7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;


8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды (3 бап).

Сонымен қатар, қолданыстағы референдумның құқықтық негізін анықтайтын азнамаға сәйкес, Референдум өткізу принциптері төмендегідей анықталған:

1) азаматтардың референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі;

2) азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы;

3) жариялылық принциптеріне негізделеді (4 бап) (сурет 7).



Сурет 7. Референдум өткізу принциптері

Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрақтылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республиканың өзге азаматтарының референдумға қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланатындығы туралы ескерген.

Азаматтар референдумға тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа не тең дауыс санына ие болады.

Азаматтар референдумға тікелей қатысады.

Референдум - халық билігінің аса бір маңызды нысаны болып табылады. Референдумдар өткізілу аумағы бойынша бүкіл халықтық (республикалық) және жергілікті болады. Қазақстанда жергілікті референдум мәселесі реттелмеген.

Референдум – бұл қоғамдық өмірдің түрлі маңызды мәселелері жөнінде дауыс беру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың тікелей ерік білдірулері.

Республикалық референдум – мемлекеттік маңызы бар шара. Референдум арқылы халық мемлекеттік биліктің қайнар көзі ретінде Конституцияны, заңдарды қабылдайды, оларға өзгертулер енгізу ісімен республикамыздың заң шығармашылық қызметіне қатысады.

Референдум белгілі бір шешім қабылдау арқылы тек Қазақстан Республикасының нормативтік базасының қатарын толықтырып қана қоймай, ол азаматтардың құқықтық санасының өсуіне көмектеседі, мемлекеттің өкілді органының қызметінің жоғарылауына себепші болады. Өйткені, референдумда халық билігінің мынадай әлеуметтік қызметі жүзеге асады: өкілді органдардың қызметіне қоғамдық бақылау. Себебі, референдумда заң актілерінің жобаларына өктем баға беріледі. Ал, ол өз кезегінде мемлекеттік биліктің жоғары органдарының өз нормашығарушылық қызметін жетілдіруіне

әсер етеді. Сондай-ақ, референдум арқылы азаматтардың мемлекет ісіне араласуы өсіп, өмірдің барлық салаларына ықпалы мен әсері күшейеді.

Сонымен, референдумның бірнеше маңызды тұстарын көрсетуге болады:

1) референдумда халық тікелей заң шығарушы ретінде барлық азаматтар, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар үшін аса маңызды қоғамдық, құқықтық нормаларды бекітеді;

2) референдум азаматтардың құқықтық санасының өсуіне өз ықпалын тигізеді;

3) референдум – бұл қоғамдық пікірді білдірудің бір нысаны;

4) референдум мемлекеттік органдардың нормашығарушылық қызметінің жетілуіне өз септігін тигізеді;

5) референдум арқылы қоғамның мемлекеттік және қоғамдық істерге деген қызығушылықтары дамиды, өмірдің барлық салаларына ықпал етуі күшейеді.

Референдум қандай да бір мемлекеттік мәселелердің нақты шешілуінің өзіндік нысаны болып табылады. Ол – халықтың қандай да бір мәселені тікелей ақырғы шешуі.

Қазақстанның тәуелсіздігі тарихында референдум туралы екі заң қабылданды. 25 наурыз 2005 жылғы «Республикалық референдум туралы» Президенттің конституциялық заң күші бар жарлығына сәйкес «республикалық референдум – Қазақстан Республикасының мемлекеттік өмірінің неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған заңдар мен шешімдердің жобасы бойынша бүкілхалықтық дауыс беру». 1995 жылы 2 қарашада қабылданған «Республикалық референдум туралы» конституциялық заң референдум ұғымын толықтырды, яғни республикалық референдум - Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру. Демек, референдум – бұл 25 наурыздағы нұсқадағыдай тек мемлекет өмірінің неғұрлым маңызды мәселелері бойынша заңдар мен шешімдердің жобалары бойынша ғана дауыс беру емес, ең негізгісі, Қазақстан Республикасы Конституциясы мен конституциялық заңдарының жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

Халық билігін жүзеге асырудың бұл жоғарғы нысанын пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарында бекітілген. 1- бапта мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері демократиялық әдістермен - республикалық референдум арқылы шешілетіні ашылған, 3 бапта халықтың мемлекеттік билікті жүзеге асыру нысандары, оның ішінде республикалық референдум арқылы жүзеге асыру белгіленген,

- 44 баптың 10)-тармақшасында Президенттің республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдау жөніндегі өкілеттігі бекітілген;

- 54 баптың 2 тармағының;

- 3)-тармақшасында Парламенттің республикалық референдум тағайындау туралы бастама көтеру жөніндегі құзыреті анықталған;

- 72 баптың 1 тармағында Конституциялық Кеңестің дау туған жағдайда республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешу құқығы баяндалған;

- 91 баптың 1 тармағында Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару тәртібі бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында республикалық референдум мәселесінің аталғандай шешілуі, бекітілуі халықтың қазіргі қоғамда алатын орнының өскендігін, әрбір жеке адамның мемлекет ісіне шынайы қатысатындығын көрсетеді әрі осынша назардың бөлінуі оның бүкіл халықтың ерік білдіруінің, халықтың мемлекеттік билікті тікелей жүзеге асыруының жоғары нысанының бірі болып табылатындығымен себептелген.

Бүкілхалықтық дауыс беру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде халықтың өз еркін білдіруінің ең жоғары көрінісі болып табылады.

Сайлаулар секілді республикалық референдум да келесідей демократиялық қағидалар негізінде өткізіледі: азаматтардың еркін қатысуы, еркін түрде ерік білдіруі, азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, тікелей қатысу құқығы.

Референдум өткізіп онда шешім қабылдау ұзақ та күрделі процесті қамтиды. Оны бірнеше сатыға бөліп қарастырамыз:

Бірінші саты - республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылық. Референдум тағайындау бастамашылығы:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінде;
- 2) Қазақстан Республикасының Парламентінде;
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде;

4) сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында болады.

Екінші саты – республикалық референдум өткізу (тағайындау) туралы шешім қабылдау. Мұндай құқық Республика Президентіне тән.

Республика Президенті Парламент пен Үкіметтің немесе Республика азаматтарының бастамашылығы бойынша референдум тағайындау туралы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) референдум тағайындау туралы;

2) референдум өткізбей-ақ, оның талқысына ұсынылатын мәселе (мәселелер) бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, конституциялық заң, заң немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы;

3) референдум тағайындау туралы бастамашылықты қабылдамау туралы.

Референдум тағайындау туралы шешімді Республика Президенті тиісті Жарлық шығару жолымен қабылдайды.

Үшінші саты – референдумды өткізуге дайындық. Референдумға дайындық пен оны өткізуді мыналар жүзеге асырады:

- орталық референдум комиссиясының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы;
- аумақтық референдум комиссияларының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының аумақтық сайлау комиссиялары;
- учаскелік референдум комиссияларының функциясын орындаушы учаскелік сайлау комиссиялары.

Төртінші саты – дауыс беру және дауыс санау. Референдумда дауыс беру мерзімі, орны, ұйымдастыру мен өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда белгіленген ережелерге сәйкес айқындалады. Дауыс санауды учаскелік референдум комиссиясы жүзеге асырады.

Бесінші саты – референдум қорытындысын шығарып, оны жариялау. Дауыс берудің қорытындылары Орталық референдум комиссиясының мәжілісінде шығарылып, хаттамамен ресімделеді, оған Орталық референдум комиссиясының Төрағасы, Төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері қолдарын қояды және қаулымен бекітеді.

Егер референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан болса референдум өткізілген деп саналады.

Егер дауыс берудің нәтижесінде референдумға қойылған мәселе бойынша оның оң шешімін жақтап референдумға қатысқан азаматтардың жартысынан көбі дауыс берсе, ол жөнінде шешім қабылданды деп саналады.

Референдумның қорытындылары туралы Орталық референдум комиссиясының ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Алтыншы саты - республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені Республиканың Конституциялық Сотының қарауы.

Референдум – бұл заңдар шығару немесе өзге маңызды мәселе бойынша халықтың бір бөлігінің емес, бүкіл халықтың дауыс беруі болып табылады. Шынайы демократиялық және халықтың шешімін мойындайтын, бағалы құндылық ретінде танитын мемлекетте халықтың еркі әрқашан басым және жоғары болады. Сол себепті де референдумда қабылданған шешімнің бүкіл республика аумағында міндетті күші бар және мұндай жолмен қабылданған акт басқа актілерге қарағанда Президенттің немесе мемлекеттік өкімет органдарының қандай да бір қуаттауын қажет етпейді.

Сондай-ақ, референдум қабылдаған шешім мен Республика Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің арасындағы сәйкессіздіктер Конституцияны, конституциялық заңдарды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы жойылады.

Тәуелсіз Қазақстанда республикалық референдум екі рет өткізілді. Оның көмегімен 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының соңғы Конституциясы қабылданып, 1995 жылы 29 сәуірде Қазақстан Республикасының Президентінің өкілеттігі ұзартылды.

Референдум – бұл тікелей демократияның ең бір ықпалды және көрнекті нысанының бірі болып табылады. Ол мемлекеттік өмірдің белгілі бір мәселелерін халықтың тікелей шешуін, халықтың еркін анықтау мен заңи рәсімдеуді қамтамасыз етеді.

Тікелей демократияның өзіндік институтының бірі болып жергілікті өзін-өзі басқару табылады.

Қазіргі түрдегі жергілікті өзін-өзі басқару дамыған демократиялық мемлекеттерде негізінен XIX ғасырдағы муниципалдық реформалар нәтижесінде қалыптасты. Оның қалыптасуы феодалдық ұйымнан қазіргі индустриялық қоғамға өту процесстерімен байланысты болды.

Бір кездері жергілікті өкілді органдар үкіметке және оның орталықтағы, жергілікті жерлердегі органдарына бағынбайтын, заңмен және сот бақылауымен байланысты «төртінші билік» болып табылады деп есептелді. Кейінірек, атқарушы биліктің дамуы мен нығаюының нәтижесінде жергілікті өзін-өзі басқару ақырындап атқарушы қызметтің жалпы мемлекеттік саясат шегінде жүзеге асырылатын түріне айналды.

7.2 Республикалық референдумды белгілеу және оны дайындау мен өткізу тәртібі

Республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу тәртібі сайлау процесінің тәртібіне ұқсас. Бұл процеске мыналарды жатқызамыз:

1) Қазақстан Республикасының Президентіне референдум өткізу жөнінде бастамашылық енгізу (егер бастамашылық тікелей мемлекет басшысының өзінен шығатын болса, онда, бұл саты алынып тасталынады);

2) Референдум тағайындау туралы шешім қабылдау-референдумға шығарылған сұрақтың мәтіні мен референдум мерзімін көрсете отырып Президенттің сәйкесінше Жарлық шығаруы;

3) референдум комиссиясын құру және оның құрамын анықтау;

4) дауыс беру учаскелерін құру және олардың шекараларын анықтау;

5) референдумға қатысатын азаматтардың тізімін жасау;

6) үгіт-насихат жұмыстары;

7) дауыс беруді өткізу;

8) дауыс берудің нәтижесін шығарып оны ресми түрде жариялау.

Республикалық референдум ұйымдастыру мен өткізуге бірқатар мемлекеттік органдар қатысады. Олардың ішінде ең маңыздысы биліктің атқарушы органдары: Үкімет, әкімшіліктер. Бұл органдар Республикалық референдумды қаржылық, ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Үкімет референдум өткізуге кететін шығындардың сметасын жасайды. Әкімшіліктерге территориялық және учаскелік референдум комиссияларын құру және оның құрамын анықтау, дауыс беру орындарымен қамтамасыз ету, көлік және байланыс құралдарымен, инвентарь мен кеңсе заттары қажетті материалдармен,

референдум учаскелерімен қамтамасыз ету, референдум комиссияларына референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар жөнінде ақпарат беру, әр тоқсан сайын осы ақпараттарды тексеру міндеттері жүктеледі.

Референдум ұйымдастыру мен өткізуге қатысты биліктің жергілікті атқарушы органдардың рөлі өте төмен. Өйткені бұл органдардың референдум ұйымдастыру мен өткізуге енжар түрде қатысады. Егер бұрын олар әкімшілік басшысымен бірлесе отырып сайлау комиссиясының құрылуына қатысатын болса, қазір ол әкімдердің жеке құзыреті болып табылады.

Республикалық референдумға дайындық жасау мен оны өткізу барысында референдум комиссияларының рөлі ерекше. Олардың қызметін Орталық, территориалдық және учаскелік сайлау комиссиялары жүзеге асырады. Округтың құрылмауы себебінен, округтік референдум комиссиясы бұл жағдайда құрылмайды. Орталық референдум комиссиясының қызметін жүзеге асыру Орталық сайлау комиссиясына беріледі. Бұл тұрақты әрекет ететін және Президентке тікелей бағынатын орган болып табылады. Төрағасын, төраға орынбасарын, хатшыны және оның мүшелерін Президенттің ұсынуы бойынша Парламент мәжілісі сайлайды, қызметінен босатады. Референдумға дайындық пен оның өткізілуі барысын қадағалайтын басты орган ретінде Орталық референдум комиссиясы Президенттің референдум тағайындау жөніндегі Жарлығы шыққан күннен бастап, референдум қорытындысы шығарылып, ресми жарияланған күнге дейін әрекет етеді. Осылайша, бүкілхалықтық сайлауды тағайындау жөнінде және оны өткізуге бастамашылық білдіруге қатысты бірқатар құзыретті Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.

Территориалдық және учаскелік комиссияларды құру және оның құрамын анықтау сәйкесінше әкімдер арқылы жүзеге асырылады.

Өзге мемлекеттерде де осыған ұқсас органдар құрылады. Мәселен, Италияда Кассациаль сот жанынан референдум өткізу жөніндегі орталық бюро құрылады. Ол әр бөлімнің жасы үлкен азаматтарының үш төрағасынан тұрады. Төрағалардың жасы бойынша ең үлкені бюро төрағасы болып табылады, ал қалған екеуі оның орынбасарларының қызметін орындайды. Провинциалдық бюро трибунал жанынан провинция астанасының округінде трибунал төрағасы тағайындайтын үш судья референдум туралы декрет шыққаннан кейін 40 күн қызмет етеді. Үлкен судья төрағалық қызметті жүзеге асырады. Қосымша тағы екі судья, қандайда бір жағдайларға байланысты ауыстыру үшін тағайындалады. Хатшылық қызметін трибунал төрағасы тағайындайтын хатшы жүзеге асырады. Референдум өткізу жөніндегі учаскелік бюро төрағадан, үш санақшыдан, оның біреуі төраға орынбасары қызметін жүзеге асырады және хатшыдан тұрады.

Референдум комиссиясы, сайлау комиссиясы сияқты өзара бағыныстылық қағидасы негізінде әрекет ететін бірыңғай жүйе болып табылады. Дегенмен де, оны қалыптастырудың бұрынғы тәртібі неғұрлым оңай болатын, айталық, референдум комиссиясын құруға өкілді органдар мен (Жоғарғы Кеңес пен Маслихаттар) биліктің атқарушы органдары қатысатын.

Қазіргі қолданыстағы заңнама бойынша, Орталық сайлау комиссиясына мүшелікке сайлау, және одан босатуды тек қана жоғарғы өкілді орган, яғни, Парламент мәжілісі құзырлы. Ал, жергілікті өкілді органдар учаскелік және территориялдық референдум комиссиясын құруға мүлдем қатыспайды. Менің ойымша, бұл референдумның сайлау органдарының құрылуына қайшы келеді, ал екінші жағынан, жергілікті әкімшілік-аумақтық бірліктің мүддесін білдіреді. Ал, референдум болса тікелей демократияның нысаны бола тұра, нақты әкімшілік-аумақтық бірліктерде тұратын азаматтардың еркін білдіретін құралы болып есептелінеді. Маслихат осы азаматтардың еркін білдіретін өкілді орган болып табылады. Яғни, демократияның бұл екі нысанының арасында ешқандай айырмашылық жоқ, керісінше, олар бір-бірімен тығыз байланысты болады.

Мысалы, Ресейде, аумақтық және учаскелік референдум комиссиясының құрамы жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланатын органымен тағайындалады. Оның үстіне, бұл жердегі байланыс, жергілікті өкілді органның депутаттары, Парламент Сенатының сайлаушылары бола алатындығынан көрінеді. Сондықтан, аумақтық және учаскелік референдум комиссиясын құруда Маслихаттың толығымен қатыспауы заң шығарушы органның жіберген қателігі деп түсінуге болады. Бұл проблеманы шешудің екі түрлі жолын ұсынуға болады:

Бірінші жол - аумақтық және учаскелік референдум комиссиясының жартысы Маслихаттардың немесе оның хатшыларының ұсынуы бойынша, әкімдермен тағайындалады.

Екінші жол - комиссия құрамына Маслихат өкілдерін енгізу: депутаттарды және аппарат жұмысшыларын.

Егер екінші жолды таңдайтын болсақ, онда логикалық түрде бұл органның құрамына жергілікті атқарушы биліктің өкілдері қатыстырылады. Оның үстіне, бұл органдар басымдық сипатқа ие болуы тиіс.

1995 жылғы 13 қаңтардағы Орталық сайлау комиссиясы өткізген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда ұсынылған бірқатар баяндамаларда аумақтық, округтік және учаскелік комиссиялардың құрамына жергілікті әкімшілік маслихаттардың, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін кіргізу идеясы ұсынылды.

Саяси партиялардың қандай да бір ықпал ету арқылы сайлау органының жұмысына араласу көптеген өркениетті мемлекеттердің тәжірибесіне тән. Испанияда Парламентте өз өкілдері бар және Конгресске бүкілхалықтық сайлау кезінде үш пайыздан астам дауыс жинаған топтар сайлау Кеңесін тағайындау жөнінде өз ұсыныстарын енгізуге құқылы.

Заңнамалық реттелуінің тәжірибесі мен теориясы көрсетіп отырғандай, заңдарға түсініктеме беру ең алдымен заңшығарушылық билікті жүзеге асыратын органға, яғни, Парламенке тән. Парламент өзі шығарған заңдарды және Президентке уақытша заң шығару құқығын берген кезеңдегі актілерге талқылау жасауы тиіс. Парламенттің бұл қызметі қандай да бір деңгейде, Президентке берілген бұл құқықты ресми бақылау болып табылады.

Парламент сонымен қатар, Президенттің заң күші бар Жарлығын да ресми түсіндіруі тиіс, себебі, бұл нормативті құжаттың заңи күші, Парламент қабылдаған нормативтік құқықтық актінің иерархиясымен бірдей деңгейде. Оның үстіне жоғарғы өкілді орган оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

Президент өзі шығарған заңи күші бар Жарлықты талқылауға құқылы ма? Менің пікірімше, Президент уақытша болса да өзінің заңшығармашылық құқықтықпен айналысу арқылы, осы саланың субъектісі болғандықтан, оған, өзі шығарған заң күші бар Жарлыққа түсініктеме беру құқығы қамтамасыз етілуі тиіс. Әсіресе бұндай қызмет Президент тарапынан, Парламент таратылған кезде, немесе жоғарғы өкілді орган кезекті демалыста болған жағдайда талап етіледі. Бірақ, Президенттің талқылауы Парламент шығарған заңдарға тартыла алмайды.

Конституциялық Сотқа қатысты айтатын болсақ, Жоғарыда атап өткеніміздей, Конституциялық Сот Конституция нормаларына ресми түсініктеме беру құқығына ие. Заңдарға қатысты Конституциялық Сот бұл құқықты ішінара шектеулі түрде қолдана алады. Конституциялық Сотқа референдумның өткізілу заңдылығы туралы, Президент сайлауы, Парламент депутаттарының сайлауы кезінде сайлау немесе референдум нормалары қаншалықты деңгейде сақталғанын білу үшін құзырлы субъект жүгінген жағдайда, ол ресми баға береді. Дегенмен де, Конституцияға, Президент туралы, Парламент туралы, заңнамалық актілерге өзгертулер енгізу арқылы бұл кемшілікті жойған жөн.

Аудандар мен қалаларда дауыс беру үшін және дауыстарды санау мақсатында тиісті әкімдердің ұсынуы негізінде аумақтық референдум комиссиясы сайлау учаскесін құрады.

28 қыркүйек 1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 23-бабына сәйкес, аудандар мен қалаларда дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін тиісті әкімдердің сайлау комиссияларымен келісілген шешімдерімен сайлау учаскелері құрылады. Сайлау учаскелері сайлаушыларға барынша қолайлылық туғызу мақсатында, жергілікті және өзге жағдаяттар ескеріле отырып, құрылады.

2. Сайлау учаскелері мынадай жағдаяттар:

- 1) әрбір сайлау учаскесінде үш мыңнан аспайтын сайлаушы болуы;
- 2) әкімшілік-аумақтық бөліністегі әкімшілік-аумақтық құрылым шекарасының сақталуы ескеріле отырып құрылады.

Референдумға қатысатын азаматтардың тізімін, учаскелік референдум комиссиясы, Сайлау туралы Конституциялық заңның 24-26-баптарында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, жасайды. Аталған баптарға сәйкес, Президентті, Парламент Мәжілісі мен Маслихат депутаттарын, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаған кезде сайлаушылар тізімі жасалады. Сенат депутаттарын сайлау кезінде таңдаушылардың тізімдері жасалады. Нақтылы сайлау учаскесінде

азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады. Сайлаушылар тізімі әліпби тәртібімен немесе өзге тәртіппен жасалады. Тізімде сайлаушының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (18 жастағылар үшін - қосымша күні мен айы) және тұрғылықты мекен-жайы көрсетіледі. Таңдаушылар тізімі әліпби тәртібімен немесе өзге тәртіппен жасалады және тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, таңдаушы депутаты болып табылатын Маслихаттың атауы әрі оның тұрғылықты мекен-жайын қамтиды. Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган халықты есепке алуды жүзеге асыратын органдар ұсынған мәліметтердің негізінде жасайды. Әрбір сайлаушы сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы. Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмайтыны белгілі болса, оның өзінің болатын жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқығы бар. Осы тармаққа сәйкес азамат өтініш жасаған кезде жергілікті атқарушы орган азаматты тіркелу орны бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны сол азамат дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді ұйымдастырады. Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушыларды тізіміне тиісті әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын тиісті сайлау комиссиясына акт бойынша тапсырылады. Басқа құзыретті органдар мен ұйымдардың деректерімен алдын ала салыстырылған сайлаушылар туралы мәліметтерді жергілікті атқарушы орган әр жылдың 1 шілдесіне және 1 қаңтарына электрондық жеткізуші арқылы және қағазға түсірілген күйінде тиісті аумақтық сайлау комиссияларына тапсырады. Жергілікті атқарушы органдардық лауазымды адамдары тиісті сайлау комиссиясына тапсырылған сайлаушылар тізімдерінің, сондай-ақ сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады. Жатақханаларда тұратын күндізгі бөлімдерде оқитын студенттер мен аспиранттар сайлаушылар тізіміне жатақхананың орналасқан жері бойынша енгізіледі. Әскер бөлімдеріндегі сайлаушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын олардың отбасы мүшелері мен басқа сайлаушылардың тізімі әскер бөлімдерінің командирлері берген мәліметтер негізінде жасалады. Демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылардың тізімдері аталған мекемелердің басшылары, тиісті әкімдер, өкілдіктер басшылары мен кеме капитандары берген деректер негізінде жасалады. Уақытша болу

орындарында (демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасының иелігіндегі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде) құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері дауыс берілетін күннің алдындағы күндегі жағдай бойынша міндетті түрде нақтылануға тиіс. Парламент Сенаты депутаттарын сайлау бойынша таңдаушылар тізімдерін тиісті аумақтық сайлау комиссиялары тиісті облыстық, қалалық (республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасы) маслихаты хатшысының ұсынуы бойынша жасайды.

1. Сайлаушылар тізімдеріне:

1) Республиканың белсенді сайлау құқығы бар азаматтары;

2) тиісті сайлау учаскелері аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтар;

3) демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасына қарайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған сайлау учаскелері бойынша дауыс беруді өткізетін күні аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болған азаматтардың бәрі;

4) әскер бөлімдері бойынша әскер бөлімдерінде тұрған әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар енгізіледі. Әскер бөлімдерінен тыс жерлерде тұратын әскери қызметшілер сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша жалпы негізде енгізіледі;

5) шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республиканың жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекетке жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасы азаматы деген жарамды паспорты болса, сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Сайлаушылардың (таңдаушылардың) тізімімен таныстыру. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдерін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда тиісті сайлау комиссиялары танысу үшін сайлаушыларға береді.

Әскери бөлімдерде, Қазақстан Республикасына тиесілі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын жерлерде, алыс мал шаруашылығы

учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі шетелдік мекемелерінің жанынан құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері сайлаушыларға танысу үшін дауыс беруге бес күн қалғанда; өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау өткізілетін кезде құрылған сайлау учаскелері бойынша - дауыс беруге жеті күн қалғанда беріледі.

2. Сенат депутаттарын сайлау бойынша таңдаушылар тізімдері танысу үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жолымен сайлауға дейін кемінде жеті күн бұрын ұсынылады.

3. Азаматтарға (таңдаушыларға) тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар (таңдаушылар) тізімімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар (таңдаушылар) жөніндегі деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

4. Әрбір азамат (таңдаушы) сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы (таңдаушы) туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы. Тізімдерге түзетулер жасау қажеттігі туралы арыздарды тиісті сайлау комиссиясы сайлау комиссиясына арыз келіп түскен күні қарайды. Арыз мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы арызданушыға оның арызының мақұлданбағаны туралы дәлелді шешімнің көшірмесін кешіктірмей береді. Шешімге сайлау комиссиясы тұрған жер бойынша тиісті сотқа шағым жасауға болады, ол шағымды - арыз келіп түскен күні қарап, түпкілікті шешім қабылдайды. Арызданушы үшін дұрыс шешім қабылданған жағдайда сайлау комиссиясы сайлаушылар (таңдаушылар) тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді дереу жүргізеді.

Референдум ұйымдастыру барысында, халықтың арасындағы үгіт-насихат жұмыстары да ерекше маңызға ие. 2 қараша 1995 жылғы Конституциялық заңның 7-бабына сәйкес, Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылатын мәселе (мәселелер) бойынша жиналыстарда, митингілерде, азаматтар жиынында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығына кепілдік беріледі. Барлық баспа үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйымдар, оларды басып шығарған орын мен таралым, оларды шығаруға жауапты адамдар туралы мәліметтер болуы тиіс. Бұндай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады. Сонымен қатар референдум өткізуге қатысты үгіт жүргізу кезінде конституциялық нормаларды, қағидалардың сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық, және рулық астамшылыққа, сондай-ақ қатыгездік пен зомбылыққа табынуға, үгіттеуге жол берілмейді. Референдум қарсанындағы күн мен референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады. Дауыс беретін жағдайлардан басқа жерлерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдарының, плакаттардың бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.

Бұл принциптердің бұзылуы, дауыс берудің нәтижесіне теріс әсер етіп қоймай, кінәлі тұлғаларды анықтап, Конституциялық Кеңеске референдумның өткізілу заңдылығы туралы мәселені қоюға әкеп соғады.

Мемлекеттік органдарға, өзін-өзі басқару органдарына, өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында уәкілетті тұлғаларға, әскери бөлімдерге, әскери мекемелер мен ұйымдарға, сайлау комиссиясы мүшелеріне (референдум комиссиясы).

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін -өзі басқару органдарының, үгіт-насихаттарын жүргізуге тыйым салынады деп көрсетіп, республикалық референдум туралы заңға өзгерту енгізілуі қажет. Сонымен қатар, меншік нысанына қарамастан кез келген кәсіпорынға, мекеме, ұйымдарға , қоғамдық бірлестіктерге, референдумның қандай да бір мәселесін қолдап дауыс беруге тыйым салынады.

Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірлерін айтудың кепілдіктерін қарастырған жөн. Ең алдымен ол мемлекеттік телевидения, радио,баспа құралдарына қатысты. Әділет Министрлігіне ресми түрде тіркелген барлық саяси топтар және оның аумақтық бөлімшелері кедергісіз ашық түрде өз пікірлерін білдіруі керек. Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары болуы - саяси плюрализмнің маңызды көрсеткіші болып табылатыны сөзсіз. Дегенмен де, азаматтардың ауқымды бөлігі мемлекеттік баспа, телевидение және радио ақпараттарын тындап, назар салады. Осы тұрғыдан алғанда, әр түрлі қоғамдық бірлестіктерге азаматтарға мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірлерін білдіру құқығын бекіту бүкілхалықтық сайлаудың одан әрі демократиялануына әкеледі.

Референдумға қатысты маңызды мәселелердің бірі референдумды қаржыландыру мәселесі. 2 қараша 1995 жылғы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 8-бабына сәйкес, Референдум әзірлеу мен өткізуге байланысты шығындар тек қана республикалық бюджет есебінен жүргізіледі. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар референдум комиссияларының қарамағына референдум әзірлеу мен өткізу үшін қажет үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын береді. Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетел мемлекеттік органдарының, заңды тұлғалар мен азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгедей қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына тыйым салынады. Бұндай тәртіп, ең алдымен, референдум - мемлекеттік маңызы бар мәселелер шешілетін бүкілхалықтық дауыс беру формасы екендігін көрсетеді. Бұл референдумды қандай да бір саяси партиялар, корпоративтік топтар қаржыландырмауы үшін жасалынған.

Сонымен қатар, сайлау туралы заңнамаға жүгінсек, сайлау науқанын қаржыландыру көзі аралас формада болады. Қаржының белгілі бір бөлігі республикалық бюджеттен бөлінсе, ендігі бір бөлігі қоғамдық бірлестіктер, заңды және жеке тұлғалар ұсынған депутаттардың өз қаражаты есебінен

бөлінеді. Бірақ, заңнамалық деңгейде мемлекеттік емес ұйымдар мен жеке тұлғалардан бөлінетін қаржының жоғарғы шегі белгіленген.

Ресей Федерациясы Президентінің №1693 15 қазан 1993жылғы Жарлығы бойынша, азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге өз қаражаттарын қайырымдылық нысанында үгіт-насихат шараларын қаржыландыруға беруге рұқсат етілген. Референдум туралы заңның өзінде, негізінен федералды бюджеттен референдумды қаржыландыруға (бастамашылық топтардың азаматтардың қолдарын жинауға қатысты шығындар) рұқсат етілген, бірақ, Ресей Федерациясының Орталық банкінің немесе коммерциялық банктердің несиелерін пайдалануға тыйым салынған. Менің пікірімше, бұл жерде де құқықтық талқылауды қажет ететін мәселелер орын алған. Заң референдумға шығарылған мәселелер бойынша еркіндік береді. Бірақ, бүкілхалықтық дауыс беру процедурасы көп қаржыны талап ететін күрделі процесс. Қоғамдық бірлестіктердің, заңды тұлғалардың және азаматтардың құралдарын тарту барлық ерік білдіруші үгіт-насихат еркіндігін шектемейді. Менің ойымша, бұл жерде қаржыландырудың жоғарғы шегін анықтап алған жөн; шетелдік және халықаралық органдар мен ұйымдар мен органдар тарапынан, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар тарапынан мемлекеттік органдар, мемлекеттік қызметтегі уәкілетті тұлғалар тарапынан, діни бірлестіктердің жарғылық капиталында шетелдік тұлғалардың үлесі болатын заңды тұлғалардан, және өзін-өзі басқаратын органдар тарапынан референдумды қаржыландыруға тыйым салынуы тиіс. Қызмет көрсету арқылы, қандай да бір тауарларға жеңілдіктер беру арқылы көрініс табатын анонимдік қайырымдылыққа рұқсат берілмеуі тиіс. Қосымша қаржыландыру республикалық референдумды ұйымдастыруға кететін мемлекеттік шығындарды үнемдеуге, екінші жағынан, референдумға шығарылатын мәселе бойынша бүкілхалықтық дауыс беру мүмкіндігін кеңейтеді.

Сонымен қатар, ақша құралдарының жұмсалыу тәртібі, сондай-ақ, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізуге шыққан шығындарды жөнінде есеп беру тәртібі мен мерзімі нақты регламенттелінуі тиіс.

Референдумда дауыс беру сайлау заңнамасымен бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Дауыс берудің уақыты мен орны туралы учаскелік комиссия барлық азаматтарды дауыс беруге он күн қалғанда алдын ала ескертуі тиіс. Дауыс берушілер референдумға шығарылған мәселенің мәтіні, Конституцияның, Конституция жобасын және оған өзгерістер мен толықтырулар жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы дауыс беру орындарында көрінетін жерде ілінуі тиіс. Дауыс беру белгіленген уақыт кезеңі ішінде бір күнде жүзеге асады (заңнамада көзделген тәртіп бойынша алдын ала дауыс беру рұқсат етілген жағдайды қоспағанда). Оның үстіне сайлау сияқты референдумда дауыс беру демалыс күндері жүргізіледі.

Сайлау заңнамасы әрбір дауыс беруші бір дауысқа ие деп көрсеткенімен, тәжірибеде керісінше жағдай орын алады. Бұл мәселеге жоғарыда аталған ғылыми тәжірибелік конференцияда да назар аударылған. Мысалы, бір жағынан отбасылық дауыс беру санын кемітуге, екінші жағынан бұл мәселені

шешудің неғұрлым реалистік жолын қарастырумен болды. Сонымен қатар, тәжірибеде тек қана жексенбі күні дауыс бермей, аптаның барлық бес күні ішінде, сенімхат арқылы, почта арқылы дауыс беруге рұқсат етілсін деген ұсыныстар да болды. Пошта арқылы немесе сенімхат арқылы дауыс беруді кейбір шет мемлекеттердің заңнамасы рұқсат етеді. Мәселен, Швейцария. Біздің жағдайда, бұл ауру немесе қарт адамдардың үйіне баратын үміткер кандидаттардың, сайлау жәшіктеріне бақылаушыларына сенімсіздік тудырады. Дегенмен де бұндай дауыс беру кезінде, қоғамдық бірлестіктер өкілдері мен шетелдік бақылаушылар қатыса алады.

Сайлау туралы заңда, егер дауыс беруші сайлау күні өзін дауыс беруге келетініне күмән туатын болса, онда, онда Президент сайлауына жеті күн қалғанда, Парламент мәжілісі және Маслихат депутаттарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайлауына үш күн қалғанда алдын ала дауыс беру бюлетеньдерін алып оны толтыруға құқылы. Бюлетеньмен мөр басылған конверт учаскелік комиссияда сақталып дауыс берілген күні сайлау жәшіктеріне салынады.

2 қараша 1995 жылғы Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңында бұл мәселе реттелінбеген. Бірақ, Орталық референдум комиссиясының №6 3 сәуір 1995 жылғы «Республикалық референдумда дауыс беру тәртібі туралы» қаулысында, егер азамат дауыс беруге үш күн қалғанда өзінің дауыс беретін күні келе алмайтынын болжаса, дауыс беру үшін учаскелік референдум комиссиясына келуіне болады. Бірақ, бұл жерде мәселе жартылай түрде шешілген.

Жағдайға байланысты дауыс беруге пошта арқылы немесе сенімхат арқылы дауыс беруге рұқсат етілсе жөн болар еді. Дегенмен де, заң жүзінде бұл норманы енгізіп қана қоймай, оны жүзеге асырудың механизмін де қарастырған жөн. Бұл жағдайда берілген дауыстарды санау процедурасы созылып кететіні сөзсіз.

Заңнама бойынша, бюлетеньдерді толтыруға өз мүмкіндігі жоқ азаматтардың сайлау құқықтарын ол сенім білдіретін тұлғаға жүгіну арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастырады. Жоғарыда аталған қаулыда бұндай тұлға ретінде, референдум комиссиясының мүшелері бола алмайтындығы айтылған. Сайлау туралы Жарлық сонымен қатар, жергілікті өкілді немесе атқарушы органдарды лауазымды тұлғаларына, бұқаралық ақпарат өкілі болып табылады. Журналисттерге, қоғамдық бірлестіктер, шет мемлекеттері, халықаралық ұйымдар тарапынан бақылаушыларға, референдум бюлетеньдерін толтыруға мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмектесе алмайды. Біздің пікірімізше, субъектілердің бұл шеңберін, Республикалық референдумды ұйымдастыру тәртібіне де кең таралғаны жөн.

Жалпы, референдумды ұйымдастыру мен өткізудің нормативті құқықтық реттелінуі болсын, жүзеге асыру тәжірибесі болсын азаматтардың дауыс беру құқығын жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты ол көмекші топты ақылы негізде бұл жұмысты орындауға көмектесу үшін шақыру керектігі жөнінде ұсыныс айтты.

Референдум ұйымдастыру мен өткізу барысында заңдылықтың сақталуы қамтамасыз етілу үшін қоғамдық және халықаралық бақылау үлкен рөлге ие.

2 қараша 1995 жылғы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңының 6-бабына сәйкес, Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ашық әрі жариялы түрде жүзеге асырылады. Референдумды өткізу туралы шешім мен оған қойылатын мәселе (мәселелер) азаматтардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі. Референдум комиссиялары референдум ұйымдастыру мен өткізу жөнінде өзінің жұмысы туралы, дауыс беретін учаскелер құру, комиссиялардың құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы, референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі туралы азаматтарды хабарландырылады. Референдум өткізу кезінде Республикалық қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатыса алады, олардың өкілеттігі Орталық сайлау комиссиясы бекітілген тәртіппен куәландырылады. Өкілдер мен байқаушылардың референдум комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді. Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың референдум комиссиялары жанында тіркелген өкілдерінің Республикалық референдум өткізуге байланысты шараларына баруына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының №12 17 сәуір 1995 жылғы қаулысымен қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, халықаралық ұйымдар бақылаушыларының, және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің 29 сәуір 1995 жылғы Республикалық референдумда өкілеттіктерінің шеңбері көрсетілген. Бұл нормативтік құжатта, қоғамдық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдар өкілдерінің өкілеттігі, жауапкершілігі, оларды акредитациялау тәртібі көзделген.

Қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Орталық референдум комиссиясы жанынан Республика органдары мен аумақтық референдум комиссиясының ұсынуымен, ал халықаралық ұйымдардың бақылаушылары - Орталық референдум комиссиясы тарапынан акредитацияланады. Қоғамдық бірлестіктердің өкілдері мен халықаралық ұйымдардың бақылаушыларының мынандай құқықтары бар:

1) дауыс беру кезінде дауыс беретін орында болуға (референдум учаскесінде);

2) дауыс беру кезінде референдум комиссиясының жиналысына қатысуға;

3) дауыс берудің нәтижесін шығару кезінде дауыстарды санауға қатысуға.

Олар референдум барысын бақылауда және оның қорытындысын бағалау кезінде олардың адресіне айтылған сөздерге жауап бермейді. Орталық референдум комиссиясы қоғамдық бірлестіктер өкілдерінен және халықаралық ұйымдардың бақылаушыларынан, егер де олар тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе халықаралық құқық нормаларын бұзылғандығы анықталса акредитациялауды кері қайтарып алуға құқылы.

Осыған ұқсас Орталық референдум комиссиясының қаулысымен, өкілдер мен бақылаушылардың мәртебесі 30 тамыз 1995 жылғы референдумда анықталған.

Сонымен жаңа Конституция қабылдау жөніндегі референдумда келесі республикалардың өкілдері қатысты: Украина, Тәжікстан, Румыния, Польша, Египет, Венгрия. Учаскелерде дауыс берудің барысын 19 қоғамдық бірлестіктен 928 өкіл қатысты. Олардың ішінде:

- коммунистік партиядан – 318;
- кәсіподақтардан -149;
- «Лад» славяндық қозғалысынан -86;
- Қазақстан Халық Конгресі партиясының ардагерлер кеңесінен -8;
- Социалистік партиялардан - 6 адам қатысты.

Қатысқан өкілдердің көпшілігі референдум ұйымдастыру мен өткізуге қатысқан азаматтардың белсенділігіне өте жоғары баға берді.

Референдум ұйымдастыру мен өткізудің ең жауапкершілікті бөлігі дауыс берудің нәтижесін анықтап республикалық референдумның қорытындысын шығару болып табылады. Бұл жұмысқа барлық комиссиялар қатысады, және соңғы қорытындыны Орталық референдум комиссиясы жасайды.

Егер референдумға дауыс беруге құқығы бар азаматтардың жартысынан астамы қатысса референдум өткізілді деп есептеледі.

Референдумға шығарылған мәселе, егер де дауыс беруге қатысушылардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, шешім қабылданды деп есептеледі.

Референдум өткізудің мұндай тәртібі көптеген мемлекеттердің тәжірбиесіне тән. Сонымен қатар, жалпы ережелерден кейбір шегінушіліктер де байқалады. Венгрияда референдумға екі немесе үш мәселе бойынша референдум өткізілсе, олардың ішінде ең көп дауыс алынған сұрақтар қабылданған болып есептеледі. Ал Швейцарияда, бүкілхалықтық референдумда заңды қабылдау үшін азаматтардың салыстырмалы көпшілік дауысы қажет.

Республикалық заңнамамен қарастырылған дауыс беруге қатысқан азаматтардың көпшілігімен қабылданған шешім - мемлекет өмірінің аса маңызды мәселесі бойынша немесе заң жобасы бойынша дауыс беруге қатысқандардың негізгі бөліктерінің мүддесін білдіргендіктен неғұрлым ыңғайлы болып келеді.

Дегенмен де, бұндай тәртіп Конституцияны, конституциялық заңдарды, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде тиімсіз.

Конституция - қоғам мен мемлекеттік құрылымның негізгі ережелерін қамтитын, тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын негізгі заң болып табылады. Бұрын, Конституцияны қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді тек мемлекеттің жоғарғы өкілді органы көпшілік дауыспен: үштен екісі және төрттен үшінің дауысымен. Бүгінде, Конституция референдумда қабылдана алады. Оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Парламент арқылы әр палата депутаттарының үштен екісі дауыс берген

жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін. Конституциялық заңдарды қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәжіліс пен сенат мүшелерінің үштен екісінің дауысымен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда мынандай сұрақ туындайды, неліктен Конституцияға, конституциялық заңдарға және заңдарға қатысты Республикалық референдумға шығарылған сұрақтардың оң шешімін алу үшін берілетін дауыстарды сандары тең?

Осыған қатысты, С.Ю. Амбарновтың пікірімен келісуге болады. Конституциялық құрылымға қатысты мәселені дауыс беруге құқығы бар азаматтардың сараланған көпшілігінің дауысымен шешкен жөн.

Менің ойымша, Конституцияны қабылдау, конституциялық заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу дауыс беруге құқығы бар азаматтардың ғана үштен екісінің дауысымен емес, дауыс беруге қатысқан азаматтардың санының үштен екісінің дауысы бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Осындай тәртіпті қолдану арқылы, азаматтардың абсолютті көпшілігінің еркін білуге, конституциялық заңнаманың неғұрлым тұрақты болуына, сонымен қатар, қолданыстағы Қазақстан Республикасының құқығында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Республикалық референдумның пәні және пәні болып табылмайтын мәселелерін ажыратып көрсетіңіз.
2. Республикалық референдумды белгілеу және оны дайындаудың ерекшелігін сипаттаңыз.
3. Республикалық референдум комиссияларының жіктелуіне қысқаша конспект жасаңыз.
4. Республикалық референдум шешімдерін талдаңыз.
5. Референдумді өткізу тәртібін саралаңыз.
6. Референдум түрлерін атаңыз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың халқының кемінде дауыс берсе қабылданды деп есептеледі:

- А) Азаматтардың жартысынан астамы
- В) азаматтардың кемінде үштен екіден астамы
- С) азаматтардың кемінде екіден үш дауысы
- Д) азаматтардың жартысынан аз
- Е) азаматтардың бірден бес дауысы

2. Референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша референдум нәтижелері мерзімнен кейін күшіне енеді:

- А) ресми түрде жарияланған күннен бастап

- B) 10 күннен кейін
- C) 5 күннен кейін
- D) 1 күннен кейін
- E) 1 айдан кейін

3. Республика азаматтардың, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылған мәселе бойынша пікірлерін білдіру құқығы құқыққа кепілдік береді:

- A) өз пікірін білдіру
- B) сөз бостандығы
- C) өтініш жасау
- D) қарсы пікір айту
- E) тең құқығына

4. Референдумды әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар қаражаттар есебінен қаржыландырылады:

- A) тек қана республикалық бюджеттен
- B) тек облыстық және республикалық бюджеттен
- C) Президенттің қорынан
- D) Парламенттің қорынан
- E) Үкіметтің қорынан

5. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеттің Төрағасын және екі мүшесін қызметке ... мерзімге тағайындайды:

- A) 5 жыл
- B) 6 жыл
- C) 4 жыл
- D) 3 жыл
- E) 1 жыл

6. Республика Парламенті депутаттарын сайлау заңмен реттеледі:

- A) Конституциялық заңмен
- B) сайлау туралы заңмен
- C) конституциямен
- D) заңмен
- E) ҚР парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы заңмен

7. Қазақстан Республикасының Президентін, Парламент депутаттарын сайлау қорытындыларын анықтайды:

- A) аумақтық сайлау комиссиясы
- B) округтік сайлау комиссиясы
- C) аудандық сайлау комиссиясы
- D) ауданаралық сайлау комиссиясы
- E) орталық сайлау комиссиясы

8. Аумақтық сайлау комиссиясы қанша адамнан құралады:

- A) 5
- B) 6
- C) 4
- D) 7
- E) 8

9. Референдум өткізі туралы шешім қабылдау құқығына ие:

- A) Қазақстан Республикасының Парламенті
- B) Қазақстан Республикасының Үкіметі
- C) Парламент Сенаты
- D) Парламент Мәжілісі
- E) Қазақстан Республикасының Президенті

10. Республикалық референдумда келесі мәселелер қарастырылады:

- A) Конституцияны қабылдау
- B) рақымшылық жасау актісі
- C) мемлекеттік органдардың арасындағы қатынастарды шешу
- D) бюджет және салық жүйесі
- E) ұлттық қауіпсіздік мәселесі

11. Белгілі бір заңды, жалпы халықтық дауыс беру арқылы қабылдау үшін өткізілетін референдум ол:

- A) императивтік референдум
- B) заң шығарушы референдум
- C) факультативті референдум
- D) диспозитивтік референдум
- E) аймақтық референдум

12. Республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ адамдарды көрсетіңіз:

- A) ҚР-ның азаматтылығын өтініш арқылы алған адамдар
- B) 20 жасқа толмаған адамдар
- C) шетел азаматымен некеге отырған азаматтар
- D) әкімшілік жауапкершілікке тартылған азаматтар
- E) бас бостандығынан айырылған азаматтар

13. Республикалық референдумды тағайындау жөніндегі бастамашылықты білдіре алмайтын субъект:

- A) ҚР-сының Президенті
- B) ҚР-сының Парламенті
- C) ҚР-сының Үкіметі
- D) ҚР-сының Конституциялық Соты
- E) Республикалық референдумға қатысу құқығы бар, екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтары.

14. Референдумды өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап ол кешіктірілмей өткізілуі тиіс:

- A) 1 ай
- B) 2 ай
- C) 3 ай
- D) 4 ай
- E) 6 ай

15. Республикалық референдумның Конституцияға сай өткізілгені туралы мәселені мына мемлекеттік орган қарайды:

- A) Президент
- B) Парламент
- C) Жоғарғы Сот
- D) Конституциялық Сот
- E) Үкімет

16. Республикалық референдум туралы заңның орындалуына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды көрсетіңіз:

- A) Парламент
- B) Орталық сайлау комиссиясы
- C) Конституциялық Сот
- D) Жоғарғы Сот
- E) Президент

17. Республикалық референдумның пәні болып табылады:

- A) Республикалық бюджетті бекіту
- B) Жоғарғы Соттың Төрағасын тағайындау
- C) Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу
- D) ағымдағы заңдарды қабылдау
- E) халықаралық шарттарды ратификациялау

18. Қазақстан Республикасының Референдум туралы конституциялық Заңы қай жылы қабылданды:

- A) 22 қаңтар 2002 жылы
- B) 2 қараша 1995 жылы
- C) 2 қараша 1996 жылы
- D) 22 қараша 1995 жылы
- E) 22 қараша 1996 жылы

19. Республикалық референдум дегеніміз не?

A) Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

В) тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының мәртебесін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптерін және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесін өзгерту

С) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату

Д) Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республиканың өзге азаматтарының референдумға қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады

Е) Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылған мәселе (мәселелер) бойынша жиналыстарда, митингілерде, азаматтар жиынында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығына кепілдік беріледі

20. Республикалық референдумды қамтамасыз ету

А) Референдум әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар тек қана республикалық бюджет есебінен жұмсалады

В) Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар референдум комиссияларының қарамағына референдум әзірлеу мен өткізу үшін қажет үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын береді

С) Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетел мемлекеттік органдарының, заңды тұлғалары мен азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгедей қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына тыйым салынады

Д) Егер референдум өткізу туралы бастамашылықты азаматтар көтерген жағдайда құрамына Қазақстан Республикасының әр облысынан, астанасынан және республикалық маңызы бар қалалардан кемінде үш-үштен өкіл кіретін референдумның бастамашыл тобы құрылады

Е) Бастамашыл топты және ол референдумға ұсынған мәселені (мәселелерді) Орталық сайлау комиссиясы тіркеуге өтініш берілген күннен бастап он күн мерзімде тіркейді. Бұл жайындағы хабарды Орталық сайлау комиссиясы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды

21. Республикалық референдум өткізу мерзімі:

А) Референдум оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзімін белгілеуі мүмкін

В) Референдум оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзім белгіленбейді

С) Республикасының бүкіл аумағында референдум туралы заңның орындалуын бақылауды жүзеге асырады; оның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді; өз құзыреті шегінде Республиканың бүкіл аумағында міндетті шешімдер қабылдайды

Д) азаматтарды республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімімен таныстырады, тізімдегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды, оларға тиісті өзгертулер енгізу туралы мәселелерді шешеді

Е) Референдум комиссияларының өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдері тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларының орындауы үшін міндетті

8 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

8.1 Мемлекеттік орган: түсінігі, негізгі белгілері

Мемлекеттік басқару органдарына биліктік өкілеттіктер заңды түрде берілген және олар белгілі бір құзіретке ие. Мемлекеттік басқару органдар қызметінің ауқымына, құзіреттік сипатына, құрылу тәртібіне және қарауына жататын мәселелерді шешу тәртібіне, қаржыландыру көзіне байланысты түрлерге бөлінеді.

1. Қызмет аумағы бойынша мемлекеттік басқару органдары былай бөлінеді: жоғарғы органдар (олардың қызметі бүкіл республика аумағында жүреді). Мұндай органға Қазақстан Республикасының Үкіметі жатады. Орталық органдар (бұлардың да қызмет аясы республиканың бүкіл аумағына, бірақ нақты министрліктер – Ұлттық экономика, Ауыл шаруашылығы, Экология және қоршаған орта, Әділет министрліктері шеңберінде ғана тарайды); агенттіктер (мысалы, спорт және туризм жөніндегі агенттік және т.б.); мемлекеттік комитеттер (мемлекеттік мүлік жөніндегі және т.б.); комитеттер (ұлттық қауіпсіздік, кеден және т.б.); жергілікті басқару органдары, олардың қызметі белгілі бір әкімшілік-аумақтық құрылым - облыс; аудан, қала, ауыл (село) шегінде ғана жүзеге асады.

2. Құзіретінің сипаты бойынша мемлекеттік басқару органдары жалпы, яғни қызметі өздерінің құзіретіне жататын барлық мәселелер бойынша бағыныштылылардың бәріне тарайтын (Үкімет), салалық – нақты салалар бойынша басқарылатын (министріліктер) және арнайы, қызметі арнайы мәселелермен немесе мазмұнымен қатаң шектеліп, нақтыланған (агенттіктер, мемлекеттік комитеттер; жалпы алғанда – ведомстволар) органдар болып бөлінеді.

3. Мемлекеттік басқару органдарының құрылуы бір жағынан мемлекеттік билік органдары (өкімет) арқылы жүзеге асырады; мәселен, Парламент Призиденттінің Республика Премьер-Министрін, Республика Ұлттық Банкінің төрағасын тағайындауына келісім береді; екінші жағынан басқару органдарының өздерімен жүзеге асады.

4. Мемлекеттік басқару органдарының қарауына жататын мәселелерді тәртібі алқалы (Үкімет) және жеке-дара (министр, агенттіктің, мемлекеттік комитеттің төрағасы) болып бөлінеді.

5. Мемлекеттік басқару органдарының қаржыландыру көздері мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын (Үкімет, министрліктер) және басқару аппараты өздеріне қарасты құрылымдық бөлімшелері табыстары есебінен қаржыландырылатын қазыналық кәсіпорындар т.б. болып бөлінеді.

Мемлекеттік басқарудың сан – салалы органдарына жетекшілік жасауды қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік әкімшілік-аумақтық бөлінісіне орай Негізгі Заң мемлекеттік басқару органдарының жүйесіне атқару билігінің жоғары органдары, мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдары кіреді.

Атқарушы билігінің жоғарғы органдарына Қазақстан Республикасының Призеденті мен Үкіметі жатады.

Қазақстан Республикасының Призеденті мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғарғы лауазымды тұлға болып табылады. Сондай-ақ, Призедент бес жыл мерзімге сайланады. Ата Заңда Призеденттің құзіретіне қатысты мәселелердің кең ауқымы көзделген.

Республика Призеденті Конституцияға, Конституциялық заңға сәйкес Халық пен мемлекеттің билік бірлігіне, конституциялық заңның мызғымастығына, сондай-ақ адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік береді. Ол мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында шаралар қолданады. Халықаралық қатынастарда республиканың мүддесін қорғайды. Азаматтарға кешірім жасауды, заңға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі – Қазақстан Республикасы мемлекеттік билігінің жоғарғы атқарушы органы. Оның құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18-желтоқсандағы Конституциялық заңмен белгіленген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі – Қазақстан Республикасында атқарушы биліктің біртұтас жүйесін басқаратын алқалы орган. Қазақстан Республикасының Премьер Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Премьер–Министр Кеңесінің басшысы Үкімет мүшелері болып табылады.

Орталық басқару органдарына - миниистрліктер, агенттіктер, мемлекеттік комитеттер кіреді.

Қазақстан Республикасының министрліктері мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекте-салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республиканың орталық атқарушы органы болып табылады. Яғни Қазақстан Республикасының министрліктері нақты салалар: ішкі, сыртқы істер (сыртқы экономикалық байланыс), көлік және комуникация, білім және ғылым және т.б. бойынша басқаруды жүзеге асырады.

Қазіргі кезеңдегі министрлік тек салалық орган ғана емес, сонымен бірге салааралық орган ретінде де қызмет атқарады. Салалық басқару органы ретінде, министрлік өз ведомствасына қарасты мемлекеттік басқару саласында барлық басқару функцияларының кешенін жүзеге асырады.

Ал өз ведомствасына қарасты емес орталық атқарушы билік органдары, демек, осындай органдардың қарамағында болатын объектілер жөнінде, министрлік тек бір ғана басқарушылық функцияны – оның қызметінің аясына жататын мәселелер бойынша олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыра алады.

Қазіргі кезде Қазақстанда 20 министрлік бар. Олар: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және мәдениет министрлігі, Қазақстан

Республикасының ауылшаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Әлідет министрлігі, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі және Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі. Министрлік және оның органдары мен ведомствалық бағыныстағы кәсіпорындары, мекемелері және өзге де ұйымдары министрліктің бірыңғай жүйесін құрайды.

Министрдің жанынан құрамында министр, оның орынбасарлары, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болатын консультативтік – кеңесші орган – алқа құрылады, Алқаның сандық және жеке құрамын, оған төрағалық ететін Министр бекітеді. Алқаның шешімдері хаттамамен және қаулылармен ресімделеді де министрдің бұйрықтарымен жүзеге асады.

8.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі

Саясаттың негізгі мәселесі билік болғандықтан, саясатты билік теориясы үлкен орын алады. Билік саясаттың саяси институттар мен барлық саяси әлемнің мінін түсініп білуге көмектеседі. Шығыстың көрнекті ойшылы Ибн-Халдун (1332-1406) адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі – ол билік үшін күреседі деген екен. Ағылшын философы, қоғам қайраткері Бертран Рассель (1872-1970) физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деген. Американың әйгілі әлеуметтанушысы Талкотт Парсонс (1902-1979) экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те соншалықты орын алады деп тұжырымдаған (Сурет 8).



Сурет 8. Мемлекеттік атқарушы органдар жүйесі

Билік туралы мынандай тұжырымдамалар бар: теологиялық, бихевиористік, инструменталистік, структуралистік, конфликтілік. Сонымен билік деп белгілі бір әлеуметтік одақтардың (рудың, таптың, халықтың) немесе жеке тұлғаның түрлі әдістерді, соның ішінде мәжбүрлеу әдістерін пайдалана отырып, адамдардың өз еркіне бағындыру қабілетін қамтамасыз ететін ұйымдастырылған күш. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде билік қоғамдық сипатта болды. Мұнда қауым болып тайпаларды басқарды. Құл иеленушілік құрылыста құл иеленушілер және құлдар пайда болып, теңсіздік туды. Бір таптың екінші бір тапты бағындыру қажеттілігі туды. Осылай билік аппараты дүниеге келді, адамдарды еркінен тыс, ықтиярсыз еркіне көндірген мекемелер пайда болды.

Әйгілі неміс социологы, философ, тарихшы және саяси экономист Макс Вебер (1864-1920) биліктің көздерін келесідей жіктеп көрсеткен:

Күш көрсету (физикалық күш, қару-жарақ, ұйымдастырылған топ, күш қолдану қатері)

Бедел (отбасылық және әлеуметтік байланыстар, харизм, сараптамалық (арнайы) білім, сенім)

Құқық (ереже және өкілеттілік, ресурстарды бақылау, әдет-ғұрып және дәстүр)

Түрлі ғылыми еңбектерде «Билік» сөзі әр мағынада қолданылады.

Дегенмен оны ықпал ету бағыты мен объектісіне байланысты жалпылама түрде келесідей жіктеуге болады:

Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең негізгі түріне жатады.

Биліктің басқа түрлерімен салыстырғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар оның өктемдік сипаты, оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың мүддесін қорғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органдарының тәуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке-дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы, т.с.с. Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билеуге құқықты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті болып келеді.

Бірақ Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық және билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді деп көрсетілген. Сондай-ақ халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді. Конституцияның 3-бабының 4 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік біртұтас және заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары болып бөлінеді.

Республика Президенті мемлекеттік аппаратта ерекше орын алады, ол үш биліктің біріне де жатпайды. Ол мемлекет билігінің барлық тармағының келісіп жұмыс жасауын және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Президент – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін жоғары лауазымды тұлға. Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

Заң шығарушы билік органдары

Жоғарғы өкілеттік органдарды халық сайлайды. Парламент – заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың ең жоғарғы өкілді органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады. Сенат облыстардан, республикалық маңызы бар қаладан және астанасынан екі адамнан тиісінше барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын депутаттардан тұрады. Жеті депутатты Президент тағайындайды. Мәжіліс Республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып, құрылатын және сайлаушылар саны шамамен тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын алпыс жеті депутаттардан тұрады. Негізінде заң шығару тек парламенттің құзыреті, бірақ кейде басқа жоғарғы органдар осы жұмысқа кіріседі. Парламент кейбір заңдарды қабылдау құқығын Президентке береді, оны делегаттық заңдылық деп атайды. Қазақстан тарихында екі палаталық

парламент 1995 жылғы Конституциясында жарияланған. Бұл Парламенттің қабылдаған заңдарының сапасын көтеруге, парламентті біршама тұрақты және орнықты органға айналдыру үшін қолданған шара. Қазақстанның сайлау жүйесі мажоритарлық типке жатады, сайлауға депутаттар жиырма бес жасқа толуы керек.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 54-бабына сәйкес, Парламент палаталарының бөлек отырысында мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:

- 1) заңдар қабылдайды;
- 2) республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есептерді, бюджетке енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды талқылайды, мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;
- 3) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;
- 4) мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін белгілейді;
- 5) мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;
- 6) азаматтарға рақымшылық жасау туралы актілер шығарады;
- 7) Республиканың халықаралық шарттарын бекітеді және олардың күшін жояды.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңының 9-бабына сәйкес, Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат пен Мәжіліс сайлаған төрағалар басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады. Палаталар әр Палатада саны жетіден аспайтын тұрақты комитеттер құрады. Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен мәжіліс тепе-тең негізде бірлескен комиссиялар құруға хақылы. Комитеттер мен комиссиялар өз құзырындағы мәселелер бойынша қаулылар шығарады. Комитеттер мен комиссияларды құру, олардың өкілеттігі және қызметін ұйымдастыру тәртібі заңмен белгіленеді. Парламент Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

Атқарушы билік органдары

Атқару билігі Үкіметтің қолында болады. Президенттік республикаларда үкімет саяси және ұйымдық тұрғыдан Президент қамтитын атқарушы билік тармағына жатады. Парламенттің қатысуымен Президент басқарады әрі құрады, оның дербес құзыретті алқалы шешуші органы.

Кабинет мүшелері бүкіл халық сайлаған Президент және Парламент палаталары алдында дербес жауап береді. Үкіметтің нақты егеменділігі нақты мемлекет басшысының субъективтік пікіріне тікелей тәуелді. Қазақстан Республикасының үкіметі – атқарушы билікті жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық ететін мемлекеттік орган. Оның заңдық ауқым тұрғысынан – Конституцияда және қолданылып жүрген заңдарда белгіленген. «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық Заңның 1-бабына сәйкес, Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Үкіметті Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, орынбасарлары, Республика Үкіметінің аппаратының басшысы, Республика министрлері, мемлекеттік комитеттердің төрағалары құрамында Республика Президенті құрады.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық Заңның 4-бабына сәйкес, Республика Үкіметінің өкілеттік мерзімі төмендегідей: Республика Үкіметі Парламент Мәжілісінің өкілеттік мерзімі біткенше іс-қимыл жасайды және жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында өзінің өкілеттіктерін доғарады. Республика Үкіметінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін Республика үкіметі өз міндеттерін атқара береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 60-бабында Үкіметтің келесідей құзыреті берілген. Оларға қысқаша сипаттама беріп өтелік:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті әзірлеп ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолданылуын толық не бір бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен өзіне жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Үкімет құрылымы төмендегідей: Премьер-Министр, оның орынбасарлары, Үкімет аппаратының басшысы, 20 министрлік және 11 мемлекеттік комитет. Олар өздерінің құзыреті бойынша бұйрық және инструкция қабылдайды. Үкімет өзінің бүкіл қызметіне Конституцияда және Республика Президентінің алдында жауапты. Премьер – Министр және оның орынбасарлары, Үкімет

аппаратының басшысы Төралқаның құрамына кіреді. Премьер-Министр өзінің өкімімен Төралқа құрамына Үкіметтің басқа да мүшелерін кіргізуге хақылы. Министрлік тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекті-салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика орталық атқарушы органы болып табылады.

Республика Премьер-Министрі Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасындағы қызметтік міндеттерді бөледі; Республика Президентімен, Парламентпен, Конституциялық Сотпен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен, басқа мемлекеттік органдармен қарым-қатынаста Үкіметтің атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады; халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады; Үкімет мүшелерінің орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есебін тындап отырады; заңмен қарастырылған өзге де өкілеттіктерді атқарады.

Сот билігі

Қазақстандағы сот билігі біртұтас мемлекеттік биліктің дербес тармағы болып табылады. Ол Республика атынан жүзеге асырылады. Сот билігі өзіне азаматтардың, олардың бірлестіктерінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқықтармен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларды шешуде қолданылады. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының бүкіл Қазақстан аумағында міндетті күші болады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңының 3-бабына сәйкес сот жүйесі келесіден тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты
- 2) Жергілікті соттарға мыналар жатады: облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары); аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық сот, ауданаралық сот).
- 3) Мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа) соттар.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының ерекше мәртебесі бар.

Биліктің кең тарихи жолына қарамастан, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қалыптасқан биліктің үш тармағы да еліміздің Ата заңына және халықаралық декларацияларға сәйкес қызметін атқарған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ұлт мақсатына айналған «Дамыған 30 елдің қатарына енетіні» сөзсіз. Себебі кез-келген билік жүйесі ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан халқының мүддесін қорғауы

тиіс. Билік органдары бір қарағанда өзара байланыссыз болғанымен, ел ішіндегі тұрақтылық, экономиканың дамуы және өзге де әлеуметтік-экономикалық, құқықтық мәселелердің барлығы аталған билік тармақтары жүйесіндегі мемлекеттік басқару органдарына байланысты. Мәселен, ҚР Үкіметі мен Парламенті бірлесе белгілі бір бағдарламаны ойлап тапса, оны жүзеге асырылуын аталған билік тармақтары бірыңғай организм ретінде қадағалауы тиіс.

Министрліктің күрделі проблемалық мәселелерін қарау мақсатында оларда ғылыми-техникалық кеңестер құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының агенттіктері – спорт және туризм, денсаулық сақтау және т.б. нақты салалар бойынша басшылықты жүзеге асырады.

Республика Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша ҚР-ның Президенті құратын Қазақстан Республикасының агенттігі Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

Агенттік тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдарда белгіленген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырады. Бұлардың министрліктерден басты айырмашылығы, біріншіден, олардың Үкіметтің құрамына кірмейтіндігі және, екіншіден, олардың арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асыру болып табылады.

Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

Министрліктердегі сияқты, агенттіктер төрағасының жанынан консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құралады. Оның саны мен жеке құрамын агенттіктің төрағасы бекітеді. Агенттік төрағасының бұйрықтары агенттіктің актілері болып табылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеттері арнаулы функцияларды орындап, нақты салалар бойынша бірыңғай саясатты қамтамасыз етеді. Олар ведомствадан тыс заңдық биліктік өкілеттікке ие және қызметін өздеріне бағынбайтын мемлекеттік басқару органдарына қатысты жүзеге асырады. Комитеттер орындайтын міндеттер олардың атауларынан көрініс табады. Мемлекеттік мүлік саласы бойынша жетекшілікті - Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет жүзеге асырады. Осы сияқты Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет инвестицияларға қатысты қызметті, баға және Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет өзіне қатысты атауынан көрініс табатын тиісті қызметтерді атқарады және т.б. Мемлекеттік комитеттердің қаулылары барлық министрліктер мен өзге де басқару органдары үшін міндетті.

Қазақстан Республикасы Конституциясының VIII-бөлімінің нормалары бойынша тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтық мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесіне (Президент, Парламент, соттар, Конституциялық Сот) салыстырмалы түрде саралау.
2. Мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуын сипаттаңыз.
3. Мемлекеттік қызмет туралы түсінік алу.
4. Мемлекеттік қызметкерлердің түрлері және олардың жіктелуі
5. Мемлекеттік органдардың категорияларына сипаттама беріңіз
6. Мемлекеттік органдарды салалық сипатына қарай өкілеттіктерін атаңыз

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі:

- A) мемлекеттік қызмет
- B) өкілдік қызмет
- C) өкілетті қызмет
- D) лауазымдық қызмет
- E) саяси қызмет

2. Кадр резервіне іріктеудің, конкурстық іріктеудің, мемлекеттік қызметті өткеру мен тоқтатудың ерекше тәртібі, сондай-ақ арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар:

- A) «А» корпусы
- B) саяси қызметші
- C) бөлім басшысы
- D) «Б» корпусы
- E) төменгі лауазым

3. «А» корпусына енгізілмеген мемлекеттік әкімшілік лауазымдар:

- A) «Б» корпусы
- B) саяси қызметші
- C) бөлім басшысы
- D) «А» корпусының 1 санаты
- E) төменгі лауазым

4. Мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға білімі, жұмыс тәжірибесі және құзыреттері бойынша қойылатын талаптар:

- A) біліктілік талаптары
- B) мемлекеттік қызметшілердің құқықтары
- C) мемлекеттік қызметшілердің міндеттері
- D) мемлекеттік лауазым
- E) біліктілік санаттары

5. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәртібін айқындайды:

- A) Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
- B) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
- C) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
- D) тек Қазақстан Республикасының Үкіметі
- E) тек Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

6. Билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адам:

- A) лауазымды адам
- B) өкілетті адам
- C) құқылы адам
- D) мансапты адам
- E) құзіретті адам

7. Нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген, мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келетін құқықтар мен міндеттер:

- A) лауазымдық өкілеттіктер
- B) біліктілік талаптары
- C) өкілеттілік талаптары
- D) бонус
- E) лауазымдық қызмет

8. Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өз қызметін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші:

- A) әкімшілік қызметші
- B) лауазымды адам
- C) саяси қызметші
- D) бөлім басшысы
- E) төменгі лауазымды тұлға

9. Мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы:

- A) мемлекеттік қызметші
- B) саяси қызметші
- C) әкімшілік қызметші
- D) «А» корпусындағы лауазым
- E) «Б» корпусындағы лауазым

10. Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген лауазымдық өкілеттіктер шеңбері жүктелген мемлекеттік органның құрылымдық штат бірлігі:

- A) мемлекеттік лауазым
- B) мемлекеттік қызметшілердің құқықтары
- C) мемлекеттік қызметшілердің міндеттері
- D) біліктілік талаптары
- E) біліктілік санаттары

11. Тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға жауаптылықта болатын мемлекеттік қызметші:

- A) саяси қызметші
- B) мемлекеттік қызметші
- C) әкімшілік қызметші
- D) «А» корпусындағы лауазым
- E) «Б» корпусындағы лауазым

12. Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған мемлекеттік қызметшіге бекітілетін, оның кәсіби бейімделуіне практикалық көмек көрсететін мемлекеттік қызметші:

- A) тәлімгер
- B) маман
- C) бөлім басшысы
- D) лауазымды адам
- E) төменгі лауазым

13. Мемлекеттік қызметтің қағидаттарына қайсысы кірмейді:

- A) функцияларын өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес жүзеге асыруға
- B) заңдылық
- C) қазақстандық патриотизм
- D) мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы
- E) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының мемлекет мүдделері

алдындағы басымдығы

14. Мемлекеттік қызметтің қағидаттарына қайсысы кірмейді:

- A) қызметтік тәртіпті сақтауға
- B) мемлекеттік органдар қызметіндегі тиімділік, нәтижелілік, ашықтық
- C) азаматтардың мемлекеттік қызметке қол жеткізуге тең құқығы
- D) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі
- E) мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі

15. Мемлекеттік қызметтің қағидаттарына қайсысы кірмейді:

A) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді сақтауға

B) меритократия – мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету;

C) жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төмен тұрған мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін міндеттілігі

D) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі

E) мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы

16. Мемлекеттік қызметтің қағидаттарына қайсысы кірмейді:

A) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға

B) құқық бұзушылықтарға төзбеушілік

C) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру

D) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы

17. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда ҚР Президентінің өкілеттілігі қалған мерзімге 2 кезекте көшеді:

A) Қазақстан Республикасының Мәжілісінің Төрағасына

B) Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Төрағасына

C) Қазақстан Республикасының Үкімет басшысына

D) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес Төрағасына

E) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі Төрағасына

18. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі қалған мерзімге 3 кезекте көшеді:

A) Қазақстан Республикасының Үкімет басшысына

B) Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Төрағасына

- C) Қазақстан Республикасының Мәжілісінің Төрағасына
- D) Қазақстан Республикасының Конституциялық Сот Төрағасына
- E) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі Төрағасына

19. Мемлекеттік қызметтің қағидаттарына қайсысы кірмейді:

- A) біліктілігін арттыруға
- B) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекақыны тең төлеу
- C) мемлекеттік қызметшілерді лауазымдық міндеттерін үлгілі атқарғаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу
- D) мемлекеттік қызметшілерді оқытудың және қажетті құзыреттерін дамытудың үзіліссіз болуы
- E) мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың практикалық бағдарлануы қағидаттарына негізделеді

20. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілер қабылдайды:

- A) уәкілетті орган
- B) өкілетті елші
- C) комитеттер
- D) бақылаушы орган
- E) қадағалаушы орган

21. Конституцияда неше бөлім, бап бар:

- A) 9 бөлім, 99 бап
- B) 7 бөлім, 90 бап
- C) 8 бөлім, 88 бап
- D) 11 бөлім, 101 бап
- E) 10 бөлім, 95 бап

9 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ


9.1 Қазақстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері

Президент – бұл бірінші кезекте Ел басшысы, мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасы. Ол мемлекеттің негізгі ішкі және сыртқы саясатының бағыттарын айқындап береді.

Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесі ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясымен, 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық Заңмен реттеледі.

Мемлекеттік органның Конституциямен белгіленетін құқықтық мәртебесі мемлекеттік билік органдары жүйесінде бөлінетін орнымен анықталады. Конституция Президенттің ерекше жағдайын тани келіп, Президенттің мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді түрде жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ететіндігін орнықтырды.

Қазақстан Республикасы Президенті халық пен мемлекеттік биліктің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының рәмізі және кепілі болып табылады. Президенттің халық бірлігінің рәмізі болып табылатынының себебі, оны мемлекет басшылығына көпұлтты халық жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды. Президент халық еркінің бірлігін білдіреді. Сондықтан Президент халық атынан сөйлеуге құқылы. Президент Конституцияның, мемлекеттің басқа заңдарының сақталуында мемлекеттік билік органдарының жауапкершілігін қамтамасыз етуі тиіс (сурет 9).



Сурет 9. Республика Президенті

Конституция Президенттікке кандидат алдына қойылатын негізгі талаптарды белгілеп берді. Мемлекеттің басшысы және жоғары лауазымды тұлғаның қызметін тиісті деңгейде атқару үшін Президенттікке кандидат кемелденген жасқа келген, өмірлік мол тәжірибе жинақтаған болуы керек. Осыны ескере келе, Президенттікке Қазақстан Республикасының 40 жасқа толған азаматының сайлана алатындығы белгіленді.

Қазақстан Республикасы Конституциясы Президенттікке үміткер адам, міндетті түрде тумысынан Қазақстан Республикасының азаматы болуы керектігін белгілейді.

Конституцияда Қазақстанда соңғы 15 жыл бойы тұру қажеттігі Қазақстан Республикасының Президентіне қойылатын талаптардың бірі болып табылады. Мұндай талаптың қойылуы дұрыс, себебі мемлекет басшысы лауазымына үміткер адам елді, халықты, оның тарихын, экономикасын, ұлттық ерекшеліктерін және басқаларын жақсы білуі тиіс (сурет 9.1).



Сурет 9.1. Президентке қойылатын талаптар

Конституция Қазақстан Республикасы Президентігіне мемлекеттік тілді еркін меңгерген азаматтың сайлана алатындығын белгілейді. Мұндай талап, Қазақстан мемлекеті байырғы қазақ жерінде құрылғандықтан, қазақ ұлты сақталуын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі - оны сақтау болып табылатындықтан, тілдің өмір сүруін қамтамасыз ететін барлық қызметті

атқарудан туындайды. Ел Президенттігіне үміткер азамат қазақтармен еркін сөйлесу үшін, мемлекеттік тілді еркін меңгеруі тиіс. Бұл арада Қазақстан Республикасының Конституциясы Президент лауазымына үміткерге ұлттық шек қойып отырған жоқ. Кез келген ұлттың мемлекеттік тілді еркін меңгерген азаматы Қазақстан Республикасы Президенті бола алады.

Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Бұл шеткеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды (42 бап, 5 тармақ).

Президенттің кезекті сайлауы заңға сәйкес желтоқсанның бірінші сәрсенбісінде өткізіледі.

Президенттің қызметке кірісу рәсімі қаңтардың екінші сәрсенбісінде өткізіледі.

Президенттің өкілеттігі мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап;
- 2) Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған жағдайда;
- 3) қызметінен кетірілген жағдайда;
- 4) Президент қайтыс болған жағдайда.

Президентті лауазымынан босату және кетіру жөніндегі институты Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапты. Президентті лауазымынан бастау және кетірудің айтарлықтай күрделі тәртібі белгіленді. Науқастануына байланысты өз міндетін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда Президент мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысы және Конституциялық Соттың конституциялық рәсімінің сақталғаны туралы қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік дауысымен қабылданады.

Конституцияда Президентті лауазымынан кетіруге қатысты ерекше тәртіп белгіленген. Президент өзінің міндетін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді. Осы үшін Парламент Президентті лауазымынан кетіруі мүмкін. Кінә тағу және оны тергеу туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдануы мүмкін. Тағылған кінәні тергеуді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижесі Сенат депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және Конституциялық Кеңестің белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінші көпшілік дауысымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Егер кінә тағылған кезден бастап екі ай мерзім өткенше Парламент түпкілікті шешім қабылдаса, Президентке қарсы

қойылған кінә қабылданбай тасталған деп танылады. Мұндай жағдайда Президенттің мемлекетке опасыздық жасағаны туралы мәселе көтерген Мәжіліс депутаттарының өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтатылады.

Республика Президентін қызметінен кетіру туралы мәселе ол Республика Парламентінің немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қарап жатқан кезде қозғалмайды.

Президент өз міндеттерін атқара алмайтын барлық жағдайларда оны уақытша Парламент Сенатының Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы не Республиканың Премьер-Министрі ауыстырады. Бұл тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы бастамашылық жасауға құқығы жоқ. Аталған жағдай Қазақстан Республикасы Конституциясының 44 бабының 3 тармағында көрініс тапқан.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне де қатысты оның конституциялық-құқықтық мәртебесін анықтайтын заңнама 2000 жылғы 20 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы туралы» конституциялық заңда одан әрі дамытылды. Бұл заң Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің өз қызметін тоқтатқаннан кейінгі алатын құзыреттері мен кепілдіктерін анықтайды. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы туралы» конституциялық заңның қабылдануы Тұңғыш Президенттің Қазақстан мемлекеттігін қалыптастыру мен дамытудағы айрықша тарихи рөлімен негізделеді.

Қазақстан Республикасы Президентіне Конституцияда және 1995 жылғы 26 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық Заңда кең өкілеттіктер берілген:

1) Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды;

2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін антын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;

3) Парламент Мәжілісіне өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды; Республиканың Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, таратады және қайта құрады, Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына

төрағалық етеді; Үкіметке заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізуді тапсырады; Республика Үкіметі мен Премьер-Министрінің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 4 тармағына сәйкес:

1) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;

2) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарды құрады, таратады және қайта құрады, олардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Республика дипломатиялық өкілдерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады;

4) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;

5) Республикалық референдум өткізу жөнінде шешім қабылдайды;

6) келіссөздар жүргізеді және Республиканың халықаралық шарттарына қол қояды;

7) Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің жоғары қолбасшылығын тағайындайды және ауыстырып отырады;

8) Республиканың мемлекеттік наградаларымен марапаттайды;

9) Республиканың азаматтығы, саяси баспана беру мәселелерін шешеді;

10) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады;

11) Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;

12) Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды;

13) өзіне бағынысты Республика Президентінің Күзет қызметін және Республикалық ұланды жақтайды;

14) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды;

- 15) Республика Президентінің әкімшілігін құрады;
- 16) Қауіпсіздік Кеңесін және өзге де консультативтік-кеңесші органдарды, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жоғары Соты Кеңесін құрады;
- 17) Республиканың Конституциясы мен заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9.2 Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтарымен, басқа да мемлекеттік органдармен өзара қатынасы және құқықтық актілері

Президент институты Қазақстанда алғаш рет 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес құрылды. Сол күні ҚазССР-ң тұңғыш Президенті ҚазССР Жоғарғы Советімен алты жыл мерзімге сайланды. Бұл заңда Қазақстанда Президент қызметін тағайындаудың негізгі себептері ретінде келесілер көрсетілді: елімізде жүзеге асырылып жатқан терең саяси және экономикалық өзгерістердің одар әрі дамытылуын қамтамасыз ету; конституциялық құрылысты нығайту; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қауіпсіздігін нығайту; ҚазССР-ң мемлекеттік өкімет мен басқаруының жоғары органдарының өзара іс-қимылын жақсарту.

1991 жылғы 1 желтоқсанда бірінші рет бүкілхалықтық Президент сайлауы өтті. Президент Республика халқымен бес жыл мерзімге сайланды. 1990 жылғы заңда Президенттің мемлекет басшысы болып табылатындығы бекітілді. «Қазақ ССР-ң мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияда Президенттің Республиканың басшысы болып табылатындығымен қатар онда ең жоғары өкімшілік-атқару билік болатындығы реттелді. 1993 жылғы Конституция ҚР Президентінің мемлекет басшысы болып табылатындығын және республиканың атқарушы өкімет билігінің біртұтас жүйесін басқаратындығын жария етті. Ал, 1995 жылғы Конституцияға сәйкес, Президент атқарушы биліктің басшысы емес, ол енді Үкіметті басқармайды, оған тікелей басшылықты жүзеге асырмайды. 1995 жылғы Конституция бойынша Қазақстан Республикасы Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға; халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі. Президент мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Республика Конституциясына енгізілген 07.10.1998 жылғы өзгертуге сәйкес Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланды. 2007 жылы 21 мамырда қабылданған «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң бойынша Қазақстан Республикасы

Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды және 7 жылдық өкілеттік мерзімі 2022 жылғы 2 қыркүйектегі сайлауда сайланған Республика Президентінің бес жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты өткізілетін президенттік сайлау қорытындысы бойынша Республика Президенті болып сайланған адамға қолданылатын болады. Республика Президенті болып тумысынан республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады.


Республика заңнамасында Президентті сайлаудың тек кезекті түрі ғана өткізілетіндігі реттелген. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс. ҚР Президентін кезектен тыс сайлау өткізілмейді. Себебі, Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге келесі тұлғалардың біріне көшеді: Парламент Сенатының Төрағасы, Парламент Мәжілісінің Төрағасы, Премьер-Министр (биліктің транзиті деп аталады) (сурет 9.2).



Сурет 9.2. Билік транзиті

Президент халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі. Оның өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап, сондай-ақ Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген не ол қайтыс болған жағдайда тоқтатылады. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың барлық бұрынғы Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде ант береді.

Конституцияға сәйкес, бір тұлға қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды. Конституцияға енгізілген соңғы өзгертулерге сәйкес бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды (сурет 9.3).



Сурет 9.3. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігінің тоқтатылуы

Конституцияда және Президент туралы конституциялық заңда Президенттің өкілеттіктері айқындалған. Президенттің өкілеттіктері жеткілікті шамада кең және күшті болып табылады. Олар экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы терең реформаларды ары қарай жүргізудің, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау мен нығайтудың міндеті ретінде болады. Президенттің өкілеттіктерін жинақтап келесідей түрлерге бөлуге болады:

- сыртқы саясаттағы өкілеттігі;
- мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі;
- Парламентке және оның Палатасына қатысты өкілеттігі;
- Үкіметке қатысты өкілеттігі;
- Конституциялық Сотқа қатысты өкілеттігі;
- соттарға және судьяларға қатысты өкілеттіктері;
- прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі;
- Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі;
- Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі;
- Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне қатысты өкілеттігі;
- әкімдерге қатысты өкілеттігі;
- өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі;
- адам құқығы жөніндегі Уәкілге қатысты;
- республикалық референдумға қатысты өкілеттігі;
- Республика Президентінің өзге де өкілеттігі.

Бұл өкілеттіктер «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңда ашылып, нақтыланған.

1995 жылғы Конституцияға сәйкес, Президентке бірінші рет заң

актілерін шығару құқығы берілді.

Республика Президентінің Жарлықтарымен:

1) Президенттің Республика Президентінің актілерін шығаруды талап ететін конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады;

2) мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді жұмыс істеуін және өкімет органдарының Қазақстан халқы алдында Конституциямен және заңдармен белгіленген жауаптылығын қамтамасыз ету мәселелері шешіледі;

3) Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңмен белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

Республика Президенті шығаратын Жарлықтардың ғана нормативтік құқықтық акт күші болады.

Республика Президентінің өкімдерімен:

1) әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу жүзеге асырылады;

2) Республика Президентінің құзыретіне сәйкес конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды тұлғалар қызметке тағайындалады және босатылады.

Конституцияда және Президент туралы конституциялық заңда Президенттің өкілеттіктері айқындалған. Президенттің өкілеттіктері жеткілікті шамада кең және күшті болып табылады. Олар экономикалық, әлеуметтік және саяси салалардағы терең реформаларды ары қарай жүргізудің, қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау мен нығайтудың міндеті ретінде болады. Президенттің өкілеттіктерін жинақтап келесідей түрлерге бөлуге болады:

- сыртқы саясаттағы өкілеттігі;
- мемлекеттің қорғаныс қабілетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі;
- Парламентке және оның Палатасына қатысты өкілеттігі;
- Үкіметке қатысты өкілеттігі;
- Конституциялық Сотқа қатысты өкілеттігі;
- соттарға және судьяларға қатысты өкілеттіктері;
- прокуратура органдарына қатысты өкілеттігі;
- Орталық сайлау комиссиясына қатысты өкілеттігі;
- Ұлттық Банкке қатысты өкілеттігі;
- Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне қатысты өкілеттігі;
- әкімдерге қатысты өкілеттігі;
- өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі;
- адам құқығы жөніндегі Уәкілге қатысты;
- республикалық референдумға қатысты өкілеттігі;
- Республика Президентінің өзге де өкілеттігі (сурет 9.4).



Сурет 9.4. Қазақстан Республикасының Президенті

Бұл өкілеттіктер «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңда ашылып, нақтыланған.

Республика Президентінің жарлықтарымен:

- 1) Президенттің Республика Президентінің актілерін шығаруды талап ететін конституциялық өкілеттігі жүзеге асырылады;
- 2) мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісімді жұмыс істеуін және өкімет органдарының Қазақстан халқы алдында Конституциямен және заңдармен белгіленген жауаптылығын қамтамасыз ету мәселелері шешіледі;
- 3) Парламенттің заңдық құзыретіне кірмейтін, сондай-ақ Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың заңмен белгіленген құзыретіне жатпайтын мәселелерді құқықтық реттеу жүзеге асырылады;
- 4) Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуының стратегиялық мәселелері бойынша шешімдер қабылданады.

Республика Президенті шығаратын жарлықтардың ғана нормативтік құқықтық акт күші болады.

Республика Президентінің өкімдерімен:

- 1) әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке сипаттағы мәселелерді шешу жүзеге асырылады;
- 2) Республика Президентінің құзыретіне сәйкес конституциялық мәртебесі жоқ лауазымды тұлғалар қызметке тағайындалады және босатылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Президент институтына сипаттама беріңіз?
2. Президенттің құқықтық мәртебесін анықтаңыз?
3. Президенттің өкілеттілігі?
4. «Президент» және «Тұңғыш Президент» ұғымдарына салыстырмалы талдау жасаңыз.
5. «Импичмент» дегеніміз не?
6. «Вето» дегеніміз не?

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін қызметке тағайындайды:

- A) Президент
- B) Сенат
- C) Мәжіліс
- D) Сенат келісімімен Президент
- E) Мәслихат

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

- A) Атқарушы билік басшысы
- B) Заң шығарушы билігінің басшысы
- C) Сот билігінің басшысы
- D) Мемлекет басшысы
- E) Үкімет басшысы

3. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Президент:

- A) Қарулы Күштердің қызметкері болып табылады
- B) Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады
- C) Қарулы Күштердің үйлестірушісі болып табылады
- D) Қарулы Күштердің басшысы болып табылады
- E) Қарулы Күштердің Бас Штабының Бастығы болып табылады

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 21 мамырдағы Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өкілеттілік мерзімі:

- A) 7 жыл
- B) 5 жыл
- C) 10 жыл
- D) 6 жыл
- E) 4 жыл

5. Қазақстан Республикасы Президентінің құзіретінің аумағына кірмейтін мәселелер:

- A) Қазақстанның халқына елдегі жағдай туралы жыл сайын жолдау жасау
- B) Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындап қайта шақыртып алу
- C) халықаралық шарттарды бекіту
- D) республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдау
- E) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асыру

6. Қазақстан Республикасы Президентінің құзіретіне кірмейді:

- A) Қазақстан халқына елдегі жағдай туралы жыл сайынғы жолдауын арнайды
- B) Сенат Төрағасын бекітеді
- C) Ұлттық Банктің төрағасын тағайындайды
- D) Республикалық бюджетті бекітеді
- E) дипломатиялық өкілдіктердің басшыларын тағайындап қайта шақыртады

7. Төменде көрсетілген жағдайлардың қайсысы Президентті орнынан босатудың негізі болып саналмайды:

- A) Қылмыс жасау кезінде ұсталса
- B) Импичмент қабылданса
- C) денсаулығына байланысты өз қызметін жүзеге асыра алмау
- D) мемлекетке опасыздық жасау
- E) әкімшілік құқық бұзушылық жасаса

8. Қазақстан Республикасы Президентінің құзіретіне төмендегі қызметтер кірмейді:

- A) азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады
- B) Конституциялық Соттың Төрағасын тағайындайды
- C) қоршаған табиғи ортаны және ресурстарын тиімді қолдану мен қорғаудың бағдарламаларды дайындап және оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді
- D) Президент Әкімшілігін қалыптастырады
- E) Қауіпсіздік Кеңесін құрады

9. Қазақстан Республикасы Президенті мемлекетте қызмет атқарады:

- A) заңшығарушы билікті жүзеге асырады
- B) атқарушы билікті басқарады
- C) сот билігінің жалпы басқаруын жүзеге асырады
- D) мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді
- E) конституциялық қадағалау органының қызметін атқарады

10. Қазақстан Республикасы Президенті актілер қабылдайды:

- A) Бұйрықтар мен нұсқаулар
- B) Нұсқаулар
- C) Жарлықтар

- D) Қаулылар мен міндетті шешімдер
- E) Шешімдер

11. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына лауазымды тұлға қол қояды:

- A) Сенат төрағасы
- B) Президент
- C) Сыртқы істер Министрі
- D) БҰҰ-ның Бас Хатшысы
- E) Төтенше және өкілетті елші

12. Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне келуіне байланысты қойылатын шектеулерге жатпайды:

- A) өкілетті органның депутаты болуға құқығы жоқ
- B) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға құқығы жоқ
- C) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партиядағы қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ
- D) ғылыммен және ағарту ісімен айналысуға
- E) коммерциялық ұйымның басқарма кеңесінде мүше болуға құқығы жоқ

13. ҚР Президенті болуы үшін қойылатын талаптарға кірмейді:

- A) Қазақстан Республикасының азаматтығына туғаннан ие болу керек
- B) 40-тан жас болмауы керек
- C) Қазақстан Республикасының территориясында соңғы 15 жыл ішінде өмір сүруі керек
- D) Ұлты қазақ болу керек
- E) мемлекеттік тілді еркін меңгеруі керек

14. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 17 қыркүйек Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өкілеттілік мерзімі:

- A) 7 жыл
- B) 5 жыл
- C) 10 жыл
- D) 6 жыл
- E) 4 жыл

15. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кіретін құзіретті көрсетіңіздер:

- A) республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуын қамтамасыз етеді
- B) бюджет жобасын бекітеді
- C) Парламент жұмысына жауап береді
- D) Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы сұрақтарды шешеді
- E) Үкімет қызметін басқарады, ұйымдастырады және тұрақты түрде жұмысына жауап береді

16. Қазақстан Республикасы Президентіне импичмент жариялануы мүмкін:

- A) Еңбек заңдылығын бұзған жағдайда
- B) әкімшілік құқық бұзушылық үшін
- C) мемлекетке қарсы опасыздық жасаған жағдайда
- D) Парламентті таратқан жағдайда
- E) аса ірі мөлшерден мемлекеттік қаражаттарды ысарап еткен жағдайда

17. Қазақстан Республикасы Президентіне сайлануға үміткерге жас мөлшеріне байланысты келесі талап қойылады:

- A) 20 жасқа толған болуы керек
- B) 35 жасқа толған болуы керек
- C) 40 жасқа толған болуы керек
- D) 45 жасқа толған болуы керек
- E) 50 жасқа толған болуы керек

18. Қандай сәттен бастап Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі тоқтатылды деп есептеледі:

- A) Жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен сәттен бастап
- B) Республика Парламентті таратылған жағдайда
- C) Саяси партияға мүшелікке кірген сәттен бастап
- D) Өкілді органның депутаты болған сәттен бастап
- E) Кәсіпкерлік қызметпен айналысқан сәттен бастап

19. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентіне қандай құқық берілген:

- A) Үкімет отырыстарына төрағалық ету
- B) Ішкі саясаттын негізгі бағыттарын айқындау
- C) Конституциялық Кеңестің өмір бойлық мүшесі болу құқығы
- D) Халық алдында сөз сөйлеу
- E) Халықаралық шарттарға қол қою

20. Президент заң шығару құзіреттілігіне ие болады:

- A) Иә, Президент заң шығару билігін жүзеге асыратын тұлға
- B) Иә, Парламенттің жалпы отырысында Президенттің бастамасы бойынша 1 жыл мерзімге дейін заң шығару өкілдігін беруі мүмкін.
- C) Иә, Парламенттің әр палаталарының депутаттарының ы санының 2/3 бөлігінің қолдауымен және Президенттің бастамасымен 1 жыл мерзімге дейін заң шығару өкілдігін беруі мүмкін.
- D) Жоқ, мүмкін емес
- E) Ерекше шұғыл жағдайларда мүмкін

21. Қазақстан Республикасы Президентігіне Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неше рет сайлана алады:

- A) Бір рет
- B) Екі рет
- C) Үш рет
- D) Төрт рет
- E) Бес рет

Теориялық есеп.

№5 есеп.

Тақырып-9. «Қазақстан Республикасының Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі»

1. Қазақстанның бірінші Президенті 1991 жылдың 1 желтоқсанында 5 жылға сайланған. 1995 жылдың 29 сәуірінде қызметтегі Президенттің өкілеттілігін 2000 жылға дейін ұзарту туралы республикалық референдум өткізілді. 1999 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өткізіліп, оны 1991 жылдың 1 желтоқсанында сайланған үміткер жеңіп шықты. Аталған тұлғаның 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына сайлауға түсуге құқығы бар ма?

2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» конституциялық заңына түзетулер енгізгеннен кейін Парламент пен Конституциялық Кеңес арасында шиеленіскен, күрделі қайшылықтар туындады. Тараптар бір-бірін айыптай бастады. Республика Президенті Қауіпсіздік кеңесінің хатшысымен кеңесіп, Конституциялық Кеңестің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады. Қазақстан Республикасы Президентінің аталмыш әрекеті құқыққа сай келеді ме?

3. Республикалық бюджетті талқылау барысында Сенат депутаттары мен Қаржы министрлігінің арасында шиеленіскен қайшылықтар туындады. Президент сенаторлардың мәлімдемелері қалыпты құрылымды бұзатын сипатта деп есептейді және Конституциялық Кеңестің Төрағасымен кеңескеннен кейін Сенаттың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады. Қазақстан Республикасы Президентінің бұл әрекеті құқыққа сай келеді ме?

10 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

10.1 Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы, құру тәртібі және Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік органдардың өкілеттіктерінің жаңа шеңберін бекітіп, олардың мемлекеттік билік жүйесінде алатын орнын анықтап берді. Ерекше мәртебеге жаңа қос палаталы орган – Парламент ие болды. Ол Кеңес заманындағыдай республиканың қарауына жатқызылған кез-келген мәселені шеше алатын мемлекеттік өкіметтің жоғары органы емес, сондай-ақ 1993 жылғы Конституцияда бекітілгендей бірден-бір заң шығарушы орган емес, ол заң шығару қызметін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілді орган ретінде бекітілді. Қазақстан Республикасы Парламентінің 1993 жылғы үлгідегі Жоғарғы Кеңестен айырмашылығы оның заң шығарушы орган бола отырып, заңдар шығаруда монополиялық құқықты иеленбейтіндігінде. Конституцияда қарастырылған жағдайларда заң шығару құқығы Президентке де тән болады.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Парламенті - республика халқының еркін білдіретін, ұлттық, халықтық және мемлекеттік егемендікті байқататын өкілді орган. Өкілді сипат қай елдің болмасын Парламентіне тән қасиет. Халықпен тікелей және жанама құрылатын бұл орган бүкіл халықтың атынан өкілдік етеді, барлық халықтың біртұтастығын білдіреді және азаматтардың билікті жүзеге асыруының негізгі нысаны болып табылады. Ол халықтың, яғни мемлекеттегі барлық азаматтардың мақсат-мүдделері мен еркін бідіруші ретінде қарастырылады. Сондықтан да Парламенттің негізгі бағыты: тұрғылықты халықтың ерік-жігерін, мүдделерін тану, зерттеу және оларды заңдарда бейнелеу, өз депутаттары арқылы халықтың мемлекетпен тікелей, тұрақты байланысын қамтамасыз ету. Парламенттің халық өкілдігі деп аталуының мәні міне осында. Екіншіден, Парламент - бүкіл Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар заң актілерін қабылдайтын заң шығарушы орган. Парламенттің басты мақсаты – заңдарда халық мүддесін бейнелеу, ерік-жігерін заңи рәсімдеу. Ал, басты міндеті (саяси) - өзінің заң шығарушылық қызметі арқылы елдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайды түпкілікті тұрақтандыру үшін қызмет ету болып табылады.

1995 жылы қабылданған Конституция бойынша Парламент қос палаталы құрылымда құрылды: Сенат және Мәжіліс.

Парламенттің екі палаталық құрылымының қажеттігі мен артықшылықтары:

- біріншіден, екі палаталық құрылым заң жобасын палаталарда екі қайтара талқылаудан өткізуді мүмкін ете отырып қабылданатын заңдардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді;

- екіншіден, Парламенттің екі палаталы құрылымы жалпы мемлекеттік мүдделер шегінде түрлі аймақтардың өзіндік мүдделерін ескеруді қамтамасыз етеді;
- үшіншіден, депутаттардың талқылауларға тікелей қатысуын кеңейтеді;
- төртіншіден, Парламенттің жүргізетін жұмыстарының көлемін арттырады.

Палаталардың құрамы мен құрылу тәртібіне келсек, Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. 2007 жылы 21 мамырда Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген соңғы өзгертулерге дейін Президент Сенаттың жеті депутатын тағайындайтын әрі Мәжіліс 77 депутаттан тұрды. Алпыс жеті депутат бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланды, ал он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланды. Жаңартылған нұсқадағы 51-ші бап бойынша Мәжіліс бүгінде тоқсан сегіз депутаттан тұрады, сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс палатасында депутаттар санының өсуі оның потенциалын біршама көтереді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Республикасының заң шығарушылық қызметін атқаратын, ең жоғарғы өкілді органы болып табылады. Міне осылайша Конституция бойынша Парламент өкілеттілікке халық тарапынан ие болады және конституциялық өкілеттілігі шеңберінде халық атынан сөйлей алады (3-бап). Заң шығарушы орган бола отырып, Республика Парламенті атқарушы билікке қатысты бірқатар бақылаушылық қызметін де жүргізе алады.

Бақылаудың бұл түрін біз негізінен Республика бюджетін бекітуінен және оның орындалуын қадағалаудан және Үкіметке сенімсіздік білдіруден терең көрінеді. Аталған бақылау қызметтері еліміздің Конституциясында бекітілген.

Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен және 1995 жылы 16 қазанда қабылданған «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен реттеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-ші бабына сәйкес, еліміздің Парламенті тұрақты түрде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады.

Сенат жанама сайлау арқылы құралады. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасы астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. Әр бір үш

жыл сайын Сенат депутаттарының жартысы қайта сайланады.

Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі – алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 51 бабының 4 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғарғы білімді, еңбек стажы бес жылдан кем емес, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты болып сайлана алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

Палаталарды мемлекеттік тілді еркін меңгерген өз депутаттарының арасынан Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы Сенат және Мәжіліс сайлаған Төрағалар басқарады. Сенат Төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады. Мәжіліс Төрағасының қызметіне кандидатураларды Палатаның депутаттары ұсынады.

Парламенттің үйлестіруші органдары Палаталар Төрағаларының жанынан құрылатын Сенаттың Бюросы және Мәжілістің Бюросы болып табылады. Палаталар Бюроларының құрамына Палаталар Төрағаларының орынбасарлары, Палаталардың тұрақты комитеттерінің Төрағалары кіреді. Мәжіліс Бюросының құрамына Мәжілісте өкілдік ететін саяси партиялар фракцияларының жетекшілері де енеді.

Парламенттің жұмыс органдары Сенат және Мәжілістің тұрақты комитеттері, сондай-ақ Палаталардың бірлескен комиссиялары болып табылады. Палаталардың тұрақты комитеттері заң жобалары жұмысын жүргізу, Палаталардың құзырына қатысты мәселелерді алдын-ала қарап, дайындау үшін құрылады. Тұрақты комитеттер құрылған кезде Палаталар олардың тізбесі мен сандық құрамын белгілейді, содан кейін тұрақты комитеттердің мүшелерін сайлайды. Сенат және Мәжіліс құратын тұрақты комитеттердің саны әр Палатада жетіден аспауға тиіс.

Депутат Парламент сессияларында және ол оның құрамына кіретін органдарының отырысында қаралатын барлық мәселелер бойынша шешуші дауыс құқығын пайдаланады. Депутат Парламенттің және оның Палаталарының үйлестіруші және жұмысшы органдарына сайлауға және сайлануға құқылы; сессияның күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен өзгертулер енгізуге, Парламент сессиясында Палаталарға есеп беретін лауазымды адамдардың сауал салуға, Парламент қабылдайтын заңдар, қаулылар, басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге, азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерімен депутаттарды таныстыруға, басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асыруға құқылы.

Парламент депутатының өкілеттігі ол орнынан түскен, қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Парламент депутаты:

- ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты: депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған; конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылатындығын көрсетеді.

Ал, Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламенттің құзыреті оның сессияларында, Палаталардың, органдарының және депутаттарының қызметімен іске асырылады. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

Конституцияның 53-бабына сәйкес, Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:

- Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

- Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;

- Соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

- Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың қарулы күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

- Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

- палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерін тыңдайды;

- Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Парламенттің заң шығарушылық қызметі тек бірлескен отырыстарда ғана емес, сондай-ақ Палаталардың бөлек отырыстарында да, әуелі Мәжілісте,

ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:

- республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;
- Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;
- мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;
- мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;
- рақымшылық жасау мәселелерін шешеді;
- Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды;
- республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды, Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар, заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді, республикалық референдум тағайындау туралы бастаманы көтереді.

Сондай-ақ, Сенаттың және Мәжілістің ерекше қарауына жататын мәселелер Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-56 баптарында берілген.

Жаңартылған Конституция саяси партиялардың рөлін көтерді. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау партиялық тізім бойынша жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. Парламенттің өкілеттік мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен айқындалады. Кезекті сайланған Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады. Парламенттің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады. Ал, Парламент депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Екі палаталық құрылымның бекітілуіне орай Парламенттің қызметінің де екі нысаны анықталған – Палаталардың бірлескен отырысы және бөлек отырыстары. Олай болса, Парламенттің сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстары түрінде өткізіледі. Сессия – бұл Парламенттің өкілеттіктері жүзеге асырылатын оның қызметінің негізгі ұйымдық құқықтық нысаны. Оның екі түрі бар: кезекті және кезектен тыс.

Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші


жұмыс күнінен бастап, маусымның соңғы жұмыс күні біткенше өткізіледі. Тиісінше Парламенттің өкілеттік мерзімі ішінде бес кезекті сессия өткізілуі керек.

Парламенттің сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, Палаталар Төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін. Палата отырыстары заңды, құқылы болуы үшін кворум қажет етіледі. Кворум – бұл отырысты құқылы деп тану үшін оған тиісті палата депутаттарының белгілі бір санының қатысуы. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болады.

10.2 Заң шығару процессі

Парламент жүзеге асыратын негізгі қызмет – заң шығармашылығы. Заң шығару процесі келесідей сатылардан тұрады:

1. Заң шығару бастамашылығы;
2. Заң жобасын Мәжілісте қарау;
3. Заң жобасын Сенатта қарау;
4. Заңға Президенттің қол қоюы және оны жариялау (сурет 10).



Сурет 10. Парламенттегі Заң шығару процессі

Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады. Заң шығару бастамашылығы құқығы тек Мәжілісте ғана жүзеге асырылады және ол Республика Президентіне, Парламент депутаттарына және Республика Үкіметіне беріледі.

Жай заңдар әр Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Конституциялық заңдар әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен Конституцияда көзделген мәселелер бойынша қабылданады. Ал, Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен енгізіледі. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

Республика заңнамасына енгізілген соңғы өзгертулерге сәйкес Парламент тұтастай немесе Мәжіліс жеке таратылуы мүмкін. 10.03.2017 жылы Парламент туралы заңға енгізілген өзгертулерге дейін Республика Президенті мынадай жағдайларда Парламентті тарата алатын:

- 1) Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген;
- 2) Парламент Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден екі мәрте бас тартқан;

- 3) Парламент Палаталары немесе Парламент пен мемлекеттік биліктің басқа тармақтары арасында еңсерілмейтін келіспеушіліктер нәтижесінде саяси дағдарыс туындаған жағдайларда. Бүгінде Парламентті тарату жағдайлары анықталмаған. Соңғы өзгертулерге сәйкес Парламенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібіне жаңалық енгізілді, яғни Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Республика Президенті өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейін бір жыл өтпейінше Парламентті және Парламент Мәжілісін таратуға болмайды. Мәжіліс таратылған жағдайда Парламенттің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі қызметін уақытша, Мәжілістің жаңа құрамы сайланғанға дейін Сенат атқарады.

Заң шығару процессі – заңдылықтармен белгіленген заңдар шығару, заңдарға және Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының қызметін жүзеге асыру рәсімі.

Конституциялық заңдылықтарға сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады.

Заң шығарушылық процесстің бірінші сатысы Парламентте заң шығару процессі сатысынан басталады. Бұл сатыда заң шығару бастамасының субъектілері Мәжілістің қарауына заң жобаларын енгізеді. Тіркелген заң жобасы алдын ала қарап, онымен одан әрі жұмыс істеу тәртібі туралы ұсыныстар әзірлеу үшін Мәжіліс қаулысымен тиісті комитетке жіберіледі. Егер заң жобасы екі және одан да көп комитетке жіберілген болса, онда қаулыда бірінші аталған комитет бас комитет болып есептеледі. Қорытынды әзірлеуге қажетті мерзім тапсырмада көрсетіледі және ол тіркелген заң жобасы тиісті комитеттер мен Палата Аппаратының Заңнама бөліміне келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кем болмауға тиіс.

Егер Республика Президенті заң жобасын жедел қарауды арнайы жолдаумен жария етсе, Палата бас комитетінің қорытынды әзірлеуіне қажетті мерзім жеті күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

Заң шығару процессінің екінші сатысы – заң жобасын алдын-ала талқылаудан өткізу. Заң жобасын қарау, заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу тәртібін Палатаның тиісті комитеті дербес белгілейді. Заң жобасын комитеттерде талқылау ашық өткізіледі. Комитет заң жобасын талқылаудан бес күн бұрын депутаттарды хабардар етеді. Комитет заң жобасын қарау нәтижелері бойынша қорытынды қабылдайды.

Үшінші саты – заң жобасын Мәжіліс отырыстарында талқылау. Егер Палата нақты жобаға қатысты басқа шешім қабылдамайтын болса, Мәжілістің жалпы отырыстарында заңдардың,, оның ішінде конституциялық заңдардың жобаларын қарау бір оқылымда жүзеге асырылады. Кодекстің жобалары, оларға өзгерістер мен толықтырулар кемінде екі оқылымда қаралады. Заң жобасының бастамашысы тапсырған нұсқадағы заң жобасының мәтіні мен оған қоса тіркелген материалдар бұл заң жобасы жалпы отырыста қарардан кемінде он күн бұрын депутаттарға беріледі. Мәжілісте қарау сатысы заң жобасын көпшілік дауыспен қолдап, Парламент Сенатының қарауына тиісті қаулымен бірге жолдаумен аяқталады.

Төртінші саты – заң жобасын Сенатта қарау. Сенатта заң жобасы 60 күн ішінде қаралады. Заң жобасын Сенаттың қолдауы не толық немесе жартылай қайтарып беруі мүмкін.

Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған жоба заңға айналады және Президенттің қол қоюына беріледі.

Бесінші саты – заңдарға Президенттің қол қоюы және олардың жариялануы.

Парламент заң шығарушы орган бола отырып, Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, соның ішінде конституциялық заңдар, Парламенттің қаулылары, Сенат және Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды.

Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше немесе соғас жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейінгі бір жыл ішінде таратуға болмайды.

Дегенмен, Парламент Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Парламенттік тыңдаулар өткізуі мүмкін. Парламенттік тыңдауларды Палаталар Бюроларының шешімдері бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді әрі олар ашық және жабық нысанда өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Парламентінің актілері:

- Қазақстан Республикасының заңдары (жай заңдар, конституциялық заңдар және конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізетін заңдар);
- Парламенттің қаулылары;

- Палаталардың қаулылары;
- үндеулер, декларациялар, мәлімдемелер және заң сипаты болмайтын өзге де актілер.

Конституцияға сәйкес Парламенттің өкілеттіктерін мынадай түрлерге бөлуге болады:

А) Палаталардың бірлескен отырысында жүзеге асырылатын өкілеттіктер (53 бап);

В) палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы жүзеге асырылатын өкілеттіктер (54 бап);

С) Сенаттың ерекше қарауына жататын мәселелер (55 бап);

Д) Мәжілістің ерекше қарауына жататын мәселелер (56 бап);

Е) Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз жүзеге асыратын өкілеттіктер (57 бап).

Парламент жүзеге асыратын негізгі қызмет – заң шығармашылығы. Заң шығару процесі келесідей сатылардан тұрады:

1. Заң шығару бастамашылығы;
2. Заң жобасын Мәжілісте қарау;
3. Заң жобасын Сенатта қарау;
4. Заңға Президенттің қол қоюы және оны жариялау.

Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісінің Парламент қарауға міндетті заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізуі заң шығару бастамашылығы болып табылады. Заң шығару бастамашылығы құқығы тек Мәжілісте ғана жүзеге асырылады және ол Республика Президентіне, Парламент депутаттарына және Республика Үкіметіне беріледі.

Жай заңдар әр Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Конституциялық заңдар әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен Конституцияда көзделген мәселелер бойынша қабылданады. Ал, Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілік даусымен енгізіледі. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

Республика заңнамасына енгізілген соңғы өзгертулерге сәйкес Парламент тұтастай немесе Мәжіліс жеке таратылуы мүмкін. 19.06.2007 жылы Парламент туралы заңға енгізілген өзгертулерге дейін Республика Президенті мынадай жағдайларда Парламентті тарата алатын:

- 1) Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген;
- 2) Парламент Премьер-Министрді тағайындауға келісім беруден екі мәрте бас тартқан;
- 3) Парламент Палаталары немесе Парламент пен мемлекеттік биліктің басқа тармақтары арасында еңсерілмейтін келіспеушіліктер нәтиже-сінде саяси дағдарыс туындаған жағдайларда.

Бүгінде Парламентті тарату жағдайлары анықталмаған. Соңғы

өзгертулерге сәйкес Парламенттің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібіне жаңалық енгізілді, яғни Республика Президенті Парламент палаталары төрағаларымен және Премьер-Министрмен консультациялардан кейін Парламентті немесе Парламент Мәжілісін тарата алады.

Төтенше немесе соғыс жағдайы кезеңінде, Республика Президенті өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ осының алдындағы таратудан кейін бір жыл өтпейінше Парламентті және Парламент Мәжілісін таратуға болмайды. Мәжіліс таратылған жағдайда Парламенттің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі қызметін уақытша, Мәжілістің жаңа құрамы сайланғанға дейін Сенат атқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Парламент түсінігі?
2. Парламент палаталары: Сенат пен Мәжіліс?
3. Парламент палаталарының өкілеттіктерінің ерекшеліктері?
4. Қазіргі уақыттағы парламентаризмге түсініктеме беріңіз.
5. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандарын сипаттаңыз.
6. Қазақстан Республикасы Парламент Төрағаларына қысқаша сипаттама беріңіз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Заң шығармашылық бастама құқығына Парламент депутаттары мен Үкімет ие және бұл құқық тек қана:
А) Сенатта жүзеге асырылады
В) Парламентте жүзеге асырылады
С) Мәжілісте жүзеге асырылады
D) Үкіметте жүзеге асырылады
E) Конституциялық Сотта жүзеге асырылады
2. Қазақстан Республикасы Парламент палаталарының комитеттері мен комиссиялары өз құзыретінің мәселелері бойынша актілер қабылдайды:
А) Шешімдер
В) Қаулылар
С) Жарлықтар
D) Жолдамалар
E) Нұсқаулар
3. Қазақстан Республикасының Парламенті:
А) Қазақстан Республикасының жоғарғы органы
В) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі
С) Консультативті-кеңесші орган
D) Заң шығарушылық қызметті жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган

Е) Жоғарғы атқарушы орган

4. Заңдар жобасын қарауға қабылдау және қарау:

А) Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының құзіретіне кіреді
В) Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің құзіретіне кіреді
С) Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының құзіретіне кіреді

Д) Жоғарғы сот төрағасының құзіретіне кіреді

Е) Қазақстан Республикасының Үкіметінің құзіретіне кіреді

5. Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары әр палатада тұрақты комитеттер құра алады:

А) 7

В) 16

С) 8

Д) 14

Е) 19

6. Мәжілістің қарауына жататын мәселелер:

А) Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауын жариялайды

В) Заңдардың атқарылуын қамтамасыз етеді

С) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді

Д) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсырады

Е) Қауіпсіздік Кеңесін қалыптастырады

7. Парламент құзыретіне кірмейтін мәселелерді көрсетіңіздер:

А) Конституциялық заңдарды қабылдайды

В) Республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды

С) Республикалық бюджетті бекітеді

Д) Премьер-Министрді тағайындауға келісім береді

Е) Соғыс және бейбітшілік сұрақтарын шешеді

8. Парламент палаталарының отырысы өткізілетін жағдайлар:

А) Барлық депутаттардың қатысуымен

В) әр палата депутаттарының жалпы санының 1/3-ның қатысуымен

С) әр палата депутаттарының жалпы санының 2/3-ның қатысуымен

Д) әр палата депутаттарының жалпы санының жартысының қатысуымен

Е) әр палата депутаттарының жалпы санының 3/5-нің қатысуымен

9. Парламентті тарату құқығы:

А) Премьер-Министрмен Палата төрағаларымен Кеңесе отырып Президент

В) Конституциялық Сотына

С) Сенат Төрағасына

Д) Бас Прокурорға

Е) Парламентті таратуға болмайды

10. Сенаттың айрықша өкілеттігіне жатады:

А) Республиканың Бас Прокурорының, Жоғарғы Соттың Төрағасының және судьяларының оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру

В) Әділет біліктілік алқасының құрамына 2 депутатты жіберу

С) Республика Президентінің кезекті сайлауын хабарлау және кезектен тыс сайлауды тағайындау

Д) Республика Президентіне қарсы мемлекетке опасыздық жасады деп айып тағу

Е) Зандардың жобаларын қарауға қабылдау және қарау

11. Мәжіліс қанша мүшеден тұрады:

А) 147

В) Республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың саны бойынша құралады

С) 107

Д) Мүшелердің санын Қазақстан Республикасы Президенті анықтайды

Е) Саны айқындалмаған, бірақ Қазақстан Республикасы Парламентінің нақты сайлауларында айқындалады

12. Президент Сенаттың келесідей мүшесін тағайындайды:

А) 10 депутатын

В) 15 депутатын

С) 5 депутатын

Д) 3 депутатын

Е) Ешбір мүшесін тағайындамайды

13. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары құқылы:

А) Басқа өкілді органның мүшесі болуға

В) Кәсіпкерлікпен айналысуға

С) Ғылыми және оқытушылық қызметпен айналысуға

Д) Ақылы қызметпен айналысуға

Е) Басқа мемлекеттің азаматтығын алуға

14. Қазақстан Республикасы Парламенті қандай жағдайда таратылмайды:

А) Бюджет жобасын бекітпегенде

В) Премьер-Министрдің өтініші бойынша

С) Қазақстан Республикасының Үкіметіне сенімсіздік білдіргенде

Д) Үкіметтің заң жобасын бекітпегенде

Е) Соғыс және төтенше жағдайда

15. Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаттарының өкілеттілік мерзімі:

А) 2 жыл

В) 5 жыл

- C) 6 жыл
- D) 7 жыл
- E) 4 жыл

16. Қазақстан Республикасының Сенат депутаттығына үміткер азамат сайлана алады:

- A) 30 жастан бастап сайлана алады
- B) 35 жастан бастап сайлана алады
- C) 25 жастан бастап сайлана алады
- D) 40 жастан бастап сайлана алады
- E) 20 жастан бастап сайлана алады

17. Мәжіліс депутаты болып Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады:

- A) 20 жасқа толғанда сайлана алады
- B) 25 жасқа толғанда сайлана алады
- C) 30 жасқа толғанда сайлана алады
- D) 18 жасқа толғанда сайлана алады
- E) 35 жасқа толғанда сайлана алады

18. Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының құқықтарына жатпайды:

- A) кәсіпкерлік қызметпен айналысу
- B) оқытушылық қызметпен айналысу
- C) ғылыми қызметпен айналысу
- D) өнермен айналысу
- E) басқа өкілетті органның мүшесі болу

19. Мәжіліс депутаттары үшін қойылатын талаптар:

- A) ешбір талаптар қойылмайды
- B) талаптар әрбір сайлаудың алдында анықталады
- C) жас цензі, тұрғылықты тұру цензі
- D) бұл сұрақ тек қана Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауды тағайындау туралы жарлығымен айқындалады
- E) бұл сұрақ Орталық сайлау комиссиясымен айқындалады

20. Депутаттардың өкілеттілігі тоқтатылмайды:

- A) отставкаға кетуіне байланысты
- B) іс-әрекетке қабілетсіз ден танылған жағдайда
- C) Парламентің таратылуына байланысты
- D) депутаттық этика ережесін бұзған жағдайда
- E) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда

21. Парламент депутаттары сұрау сала алмайды:
- A) Президентке
 - B) Премьер-Министрге
 - C) Үкімет мүшелеріне
 - D) Ұлттық Банкінің Төрағасына
 - E) Орталық Сайлау комиссиясының Төрағасына

11 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ДЕПУТАТЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

11.1 Қазақстан Республикасының Парламент депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі

Қазақстан Республикасының Парламенті қос палата: Сенат пен Мәжілістен тұрады.

Парламенттің екі палаталы болуы:

1. шығарылатын заңдардың екі палатада қаралуы, оның сапалы қабылдануына мүмкіндік береді;
2. аймақтардың өз мүдделерін қорғауына жағдай жасайды;
3. депутаттардың талқалауларға қатысу мүмкіндіктерін ашады;
4. палаталардың жұмыстарының көлемін арттырады.

Палаталардың құрамы мен құрылу тәртібіне келсек, Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды. (сурет 11.1.).

Мәжіліс 98 депутаттан тұрады.



Сурет 11.1. Қазақстан Республикасы Парламент депутаттарының қызметке келу тәртібі.

Жаңартылған Конституция саяси партиялардың рөлін көтерді. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау партиялық тізім бойынша жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. Парламенттің өкілеттік мерзімі кезекті сайланған Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімімен

айқындалады. Кезекті сайланған Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысының басталуымен аяқталады. Парламенттің бірінші сессиясын Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады. Ал, Парламент депутаттарын сайлау қорытындылары туралы хабарды Орталық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен бастап он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Екі палаталық құрылымның бекітілуіне орай Парламенттің қызметінің де екі нысаны анықталған – Палаталардың бірлескен отырысы және бөлек отырыстары. Олай болса, Парламенттің сессиясы оның Палаталарының бірлескен және бөлек отырыс-тары түрінде өткізіледі. Сессия – бұл Парламенттің өкілеттіктері жүзеге асырылатын оның қызметінің негізгі ұйымдық құқықтық нысаны. Оның екі түрі бар: кезекті және кезектен тыс.

Парламенттің кезекті сессиялары жылына бір рет қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен бастап, маусымның соңғы жұмыс күні біткенше өткізіледі. Тиісінше Парламенттің өкілеттік мерзімі ішінде бес кезекті сессия өткізілуі керек.

Парламенттің сессиялары аралығындағы кезеңде Республика Президенті өз бастамасымен, Палаталар Төрағаларының немесе Парламент депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін. Палата отырыстары заңды, құқылы болуы үшін кворум қажет етіледі. Кворум – бұл отырысты құқылы деп тану үшін оған тиісті палата депутаттарының белгілі бір санының қатысуы. Палаталардың бірлескен және бөлек отырыстары оларға әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы болады.

Парламент депутатының өкілеттігі оны Республиканың Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутаты ретінде тіркеген сәттен басталады. Парламенттің бірінші сессиясында оның Палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Қазақстан халқына мынадай ант береді: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктелген депутаттың мәртебелі міндетін абыроймен атқаруға ант етемін». Антты Президент қабылдайды және ант беру Республика Үкіметі, Конституциялық Кеңесі мүшелерінің, Жоғарғы Соты судьяларының, экс-Президенттерінің қатысуымен салтанатты жағдайда өткізіледі.

Парламент депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметтен басқа, ақы төленетін өзге де жұмысты атқаруға, кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ. Осы ереженің бұзылуы Республика Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен депутаттың өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғады.

Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған,

соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен осы Конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады. Парламент Мәжілісінің Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлаған депутаттарының өкілеттігі оның шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Парламент Сенатының тағайындалған депутаттарының өкілеттігі Республика Президентінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Республика астанасының барлық мәслихаттары атынан өкілдік ететін депутаттар болып табылатын таңдаушылардың бірлескен отырысында сайланған Парламент Сенаты депутаттарының өкілеттігі осы таңдаушылардың шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Парламент депутаты:

- ол Қазақстаннан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен;
- оған қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан кезде өз мандатынан айырылады.

Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады (Сурет 11.2).



Сурет 11.2. Парламент Мәжілісі депутатының мандатынан айрылу тәртібі

Парламент депутатының өкілеттігі Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» заңында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде Орталық сайлау комиссиясы Парламент депутатының өкілеттігін тоқтатуға әкеп соғатын негіздердің басталу фактісін көрсетіп қаулы қабылдайды және Парламенттің тиісті Палатасына Парламент депутатының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыну енгізу туралы шешім қабылдайды. Орталық сайлау комиссиясының ұсынуы негізінде Парламент Палатасы тиісті Парламент депутатының өкілеттігін тоқтатады.

Депутат Парламент сессиясында және өзі құрамына кіретін оның органдарының отырыстарында қаралатын барлық мәселелер бойынша

шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Парламент депутаты:

1) Парламент пен оның Палаталарының үйлестіруші және жұмыс органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

2) сессияның күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен олардың мәні жөнінде ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге;

3) Парламент Палаталары сайлайтын немесе тағайындайтын не Парламент Палаталары тағайындауға келісім беретін лауазымды тұлғалардың кандидатуралары жөнінде өз пікірін айтуға;

4) Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында қарау үшін ұсынылатын мәселелер бойынша Палаталар Бюросына ұсыныстар енгізуге, ал оның ұсыныстары қабылданбаған жағдайда оларды Палаталардың пленарлық отырыстарының қарауына енгізуге;

5) Парламент пен оның Палаталары органдарының отырыстарында қарау үшін мәселелер ұсынуға;

6) Парламент Палаталарына есепті лауазымды тұлғалардың есебін немесе хабарламасын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;

7) заңда белгіленген тәртіппен депутаттық сұрау салуға;

8) жарыссөздерге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ отырысқа төрағалық етушіге сауалдар беруге;

9) дауысқа салу себептері бойынша өзінің ұсыныстарын негіздеп сөйлеуге, анықтама беруге;

10) Парламент қабылдайтын заңдардың, қаулылардың, басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге;

11) Парламент депутаттарын азаматтардың қоғамдық маңызы бар үндеулерімен таныстыруға;

12) Парламент отырыстарының стенограммалары мен хаттамаларындағы депутаттардың сөйлеген сөздерінің мәтіндерімен танысуға, Парламент пен оның Палаталарының регламенттеріне сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға хақылы.

11.2 Парламент депутаты қызметінің негізгі қағидалары және Парламент депутаттарына қолданылатын жауаптылық түрлері және ерекшеліктері

Депутат Парламенттің және өзі құрамына сайланған оның органдарының жұмысына қатысуға міндетті. Парламентте дауыс беруді депутаттың жеке өзі ғана жүзеге асырады. Палатаның Төрағасы, не тиісінше депутат мүшесі болып табылатын органның басшысы регламентпен белгіленген мерзімде депутатқа сессиялардың, орган отырыстарының өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ олардың қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутатқа хабарлайды, оған осы мәселелер бойынша қажетті материалдарды береді. Депутат мәжіліске келуге мүмкіндігі болмаған

жағдайда бұл туралы Палатаның Төрағасына не тиісінше Парламент органының немесе оның Палатасының басшысына күні бұрын хабарлайды.

Депутаттың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспауы, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға беруі депутатқа осы Конституциялық заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады. Палаталар Бюроларының, олардың тұрақты комитеттерінің, Парламент комиссияларының және оның Палаталарының құрамына кіретін депутат кез келген мәселелер мен ұсыныстарды қарауға енгізуге, мәселелерді қарауға әзірлеуге, олар бойынша шешімдерді талқылап, қабылдауға, сондай-ақ қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуын ұйымдастыруға, олардың орындалуын бақылауға қатысуға хақылы. Өзі құрамына кіретін Парламент органының шешімімен келіспеген депутат Парламент сессиясында өз көзқарасын баяндауға немесе ол туралы төрағалық етушіге жазбаша түрде хабарлауға хақылы.

Палаталар Бюроларының, олардың тиісті тұрақты комитеттерінің, Парламент комиссияларының және оның Палаталарының құрамына кірмейтін депутат аталған органдардың отырыстарына қатысып, ұсыныстар енгізе алады, қаралатын мәселелерді талқылауға және кеңесші дауыс құқығымен шешімдерді қабылдауға қатыса алады. Депутат Палаталар Бюроларының, тұрақты комитетінің немесе комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда өз ұсыныстарын заң жобасына, қаулы жобасына түзетулер ретінде енгізе алады. Депутат енгізген түзетулер Парламент сессиясында қаралады әрі оларды дауысқа салу өткізіледі.

Депутаттық сұрау салу Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады.

Парламент депутатының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банк Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне сұрау салуға құқығы бар. Бұл ретте Бас Прокурорға салынған сұрау қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сұрау Палаталардың жабық отырысында қаралады (Сурет 11.2.1).



Сурет 11.2.1 Депутаттардың сұрау салу құқығы.

Сұрау салу жазбаша түрде енгізілуі мүмкін және Парламент сессиясында жария етілуге тиіс.

Өздеріне сұрау салынған лауазымды тұлғалар Парламент сессиясында ол жөнінде ауызша немесе жазбаша жауап қайтаруға міндетті. Сұрау салуға жазбаша жауап әрі кеткенде бір ай мерзімде табыс етіліп, сессияда жария етіледі. Сұрау салуға қайтарылған жауап бойынша жарыссөз өткізілуі мүмкін. Депутат салынған сұрауына қайтарылған жауапқа өз пікірін білдіруге хақылы. Сұрау салуға қайтарылған жауап пен оны талқылаудың нәтижелері бойынша Парламенттің немесе оның тиісті Палатасының қаулысы қабылданады. Сұрау салу мен оған берілген жауап бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

Депутаттар Палаталардың бірлескен және бөлек отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметі мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне ауызша сауалдар қоюға хақылы. Сауалға жауап осы отырыста, ал жауап беру үшін қосымша даярлық қажет болған ретте үш күн мерзім ішінде қайтарылады.

Депутаттық қызмет мәселелері бойынша депутат мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік ұйымдарға бөгетсіз кіру құқығын, сондай-ақ олардың басшыларымен және басқа да лауазымды тұлғаларымен кідіріссіз қабылдану құқығын пайдаланады. Қызметі мемлекеттік құпияларға байланысты ұйымдарға депутаттың кіріп-шығу тәртібі заңмен белгіленеді.

Палаталар Бюролары депутатты Парламент қабылдаған құжаттармен, сондай-ақ Парламент пен оның органдарының, басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ресми таратылатын ақпараттық және анықтамалық материалдарымен қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, олардың лауазымды тұлғалары депутатқа оның депутаттық қызметінде туындаған мәселелер жөнінде консультациялық көмек көрсетеді.

Депутаттар жалақысын Республика Конституциясының 44-бабының 9-тармақшасында көзделген тәртіппен Республика Президенті белгілейді. Республика астанасынан тыс жерде тұратын депутаттарға олардың өкілеттігі

мерзіміне тегін пайдалану шартымен мемлекеттік тұрғын-үй қорынан және заңдарда белгіленген нормалар бойынша тұрмысқа жайлы және жиһазбен жабдықталған тұрғын үй беріледі. Парламент депутатының өз сайлаушыларымен өзара қарым-қатынас жасауы, оларды Парламент қызметі туралы ұдайы хабардар етіп отыруы, Парламенттің, оның Палаталары мен органдарының тапсырмаларын орындауы үшін әрбір депутатқа:

1) көлікпен жол жүру құжаттарын кезектен тыс алу;

2) сайлау округтеріне іссапарларға шығып тұру құқығы беріледі. Бұл ретте іссапар шығыстары Республика Конституциясы 44-бабының 9-тармақшасында белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражаттан өтеледі. Парламенттің, оның Палаталары мен олардың органдарының тапсырмаларын орындау үшін депутат іс сапарларға жіберілген жағдайда оған заңдарда белгіленген нормалар бойынша іс сапар шығыстары төленеді. Депутаттарға Қазақстан Республикасының астанасы шегінде автомобиль көлігімен қызмет көрсету, оларға емдеу-сауықтыру және санаторийлік-курорттық қызмет көрсету Республика Президенті белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады. Парламенттің депутатына оның өкілеттік мерзімі аяқталған соң, сондай-ақ ол отставкаға кеткен немесе Парламент немесе Парламент Мәжілісі таратылған жағдайда және ол жұмысқа орналасқан немесе зейнеткерлік жасқа жеткен кезге дейін ай сайын орташа айлық жалақысы мөлшерінде, бірақ өкілеттігі тоқтатылған немесе отставкаға кету туралы өтініш қанағаттандырылған күннен бастап үш айдан аспайтын уақыт жәрдемақы төленеді.

Депутаттық қызметін атқаруына бөгет жасау мақсатымен депутатқа немесе оның жақын туыстарына қандай түрде болмасын ықпал жасау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың депутат алдындағы өз міндеттерін орындамаған, оған көрінеу жалған ақпарат берген, депутаттық қызметтің кепілдіктерін бұзған лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылуға тиіс.

Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленген әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерден өзге, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Депутатты қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға немесе сот тәртібімен белгіленген әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Бас Прокурор Сенатқа не Мәжіліске ұсыныс енгізеді, оны Палаталар тиісті Палатаның отырысында қарауға әзірлеу үшін Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Ұсыныс депутатқа айып тағудың, оны қамауға алуға санкция берудің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді сотқа жіберудің алдында енгізіледі. Бас Прокурордың ұсынысы мен Орталық сайлау комиссиясының тұжырымы олар келіп түскен күннен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады және Палата тиісті лауазымды тұлғалар мен органдардың қосымша ақпарат тапсыруын талап етуге хақылы. Палата дәлелді шешім қабылдап, оны Республиканың Бас

Прокурорына және анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыратын Республика мемлекеттік органының басшысына үш күн мерзім ішінде жібереді. Депутат өзіне ешкімнің тиіспеу құқығы туралы мәселені Палата қараған кезде қатысуға хақылы.

Депутатқа қатысты қылмыстық істі анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыратын Республика мемлекеттік органының басшысы ғана қозғай алады және ол іс жүргізу аяқталысымен қадағалауды жүзеге асыру үшін Бас Прокурорға тапсырылуға тиіс. Орталық сайлау комиссиясы іс бойынша шешім қабылдаған тиісті соттан істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алады және айыптау үкімі шығарылған жағдайда тиісті Палатаға депутаттық мандаттан айыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

Депутат Палаталар мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз үш реттен артық қатыспаған жағдайда оған қатыспаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады. Депутат Палаталар мен оның органдарының отырыстарына дәлелді себептерсіз бір айдан артық қатыспаған жағдайда Қазақстан Республикасының Конституциялық заңның 30-бабының 1, 3, 4, 5-тармақтарымен өзіне берілген барлық материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету жағдайларынан айырылады. Бұл жөніндегі шешімді депутат Палата отырысына немесе Палаталардың бірлескен отырысына қатыспаған жағдайда тиісті Палатаның Төрағасы, ал Палата органдарының отырыстарына қатыспаған жағдайда тиісті Палатаның Бюросы қабылдайды.

Депутат өзінің даусын басқа біреуге берген жағдайда Палата Бюросының шешімімен оған дауысты басқа біреуге беруге жол берілген күн үшін жалақы төлеуден, ал дауыс басқа біреуге қайталап берілген жағдайда айлық жалақысын төлеуден бас тартылады. Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен белгіленген депутаттық әдеп ережелерін бұзған жағдайда тиісті Палата Төрағасының шешімімен депутатқа мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) парламенттік мінеу;
- 2) көпшілік алдында кешірім сұрауға мәжбүр ету;
- 3) Палаталардың бірлескен немесе бөлек бір отырысының бойында сөз бермеу;
- 4) Палаталардың бірлескен немесе бөлек үш отырысының бойында сөз бермеу;
- 5) Палаталардың бірлескен немесе бөлек бір отырысының уақытына отырыс залынан шығарып жіберу;
- 6) Палаталардың бірлескен немесе бөлек үш отырысы уақытына отырыс залынан шығарып жіберу;
- 7) бір күндік еңбекақысынан айыру.

Депутатқа аталған шараларды қолдануға байланысты мәселелерді әзірлеуді Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады. Депутаттардың Палаталар мен олардың органдарының отырыстарына келуін, сондай-ақ депутаттың өз даусын басқа біреуге беруіне жол берілмеуін бақылауды Орталық сайлау комиссиясының мүшелері жүзеге асырады.

Мәжіліс депутаттарына осы бапта көзделген жазалау шараларын қолдану туралы мәселеге Мәжілісте өкілдік ететін, құрамына депутаттар кіретін саяси партиялардың фракциялары бастамашы болуы мүмкін. Парламент депутаттары саяси партиялардың фракциялары мен депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы. Саяси партияның фракциясы - заңда белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиядан өкілдік ететін депутаттардың ұйымдасқан тобы, ол тиісті саяси партияның мүдделерін білдіру мақсатында Парламент Мәжілісінде құрылады. Саяси партия фракциясындағы ең аз адам саны Парламент Мәжілісінің Регламентімен айқындалады. Саяси партия фракциясының құрамына Парламент Мәжілісінің депутаттары кіре алады. Депутаттың бір ғана саяси партия фракциясының құрамында болуға құқығы бар. Депутаттық топ - депутаттардың өз өкілеттіктерін бірлесіп жүзеге асыруға арналған бірлестігі. Депутаттық топтың құрамында Парламенттің кемінде он бес депутаты болуға тиіс. Саяси партиялардың фракцияларын тіркеу - Парламент Мәжілісінің Бюросында, депутаттық топтарды тіркеу Парламент Палаталарының Бюроларында жүзеге асырылады. Саяси партиялардың фракциялары мен депутаттық топтарды тіркеу келіп тіркелу тәртібімен жүргізіледі. Парламент Мәжілісіндегі саяси партиялардың фракциялары мен Парламенттегі депутаттық топтардың өкілеттігі, ұйымдастырылуы мен қызметі, олардың жұмысын қамтамасыз ету Парламент пен оның палаталарының регламенттерінде айқындалады.

Бақылау сұрақтары:

1. Парламент палаталарының депутаттарының өкілеттіктерінің ерекшеліктері?
2. Депутаттық әдеп ережесі?
3. Депутаттық сауал дегеніміз не?
4. Депутаттың Президентке қатысты өкілеттігін анықтаңыз.
5. Депутаттың Үкіметке қатысты өкілеттігін атаңыз.
6. Сенаттың ерекше қарауына жататын мәселелерді атаңыз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарының өкілеттілік мерзімі:
A) 2 жыл
B) 5 жыл
C) 6 жыл
D) 7 жыл
E) 4 жыл
2. Қазақстан Республикасының Сенат депутаттығына үміткер азамат сайлана алады:
A) 30 жастан бастап сайлана алады
B) 35 жастан бастап сайлана алады

- C) 25 жастан бастап сайлана алады
- D) 40 жастан бастап сайлана алады
- E) 20 жастан бастап сайлана алады

3. Мәжіліс депутаты болып Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады:

- A) 20 жасқа толғанда сайлана алады
- B) 25 жасқа толғанда сайлана алады
- C) 30 жасқа толғанда сайлана алады
- D) 18 жасқа толғанда сайлана алады
- E) 35 жасқа толғанда сайлана алады

4. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының құқықтарына жатпайды:

- A) кәсіпкерлік қызметпен айналысу
- B) оқытушылық қызметпен айналысу
- C) ғылыми қызметпен айналысу
- D) өнермен айналысу
- E) басқа өкілетті органның мүшесі болу

5. Мәжіліс депутаттары үшін қойылатын талаптар:

- A) ешбір талаптар қойылмайды
- B) талаптар әрбір сайлаудың алдында анықталады
- C) жас цензі, тұрғылықты тұру цензі
- D) бұл сұрақ тек қана Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауды тағайындау туралы жарлығымен айқындалады
- E) бұл сұрақ Орталық сайлау комиссиясымен айқындалады

6. Депутаттардың өкілеттілігі тоқтатылмайды:

- A) отставкаға кетуіне байланысты
- B) іс-әрекетке қабілетсіз ден танылған жағдайда
- C) Парламентің таратылуына байланысты
- D) депутаттық этика ережесін бұзған жағдайда
- E) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда

7. Парламент депутаттары сұрау сала алмайды:

- A) Президентке
- B) Премьер-Министрге
- C) Үкімет мүшелеріне
- D) Ұлттық Банкінің Төрағасына
- E) Орталық Сайлау комиссиясының Төрағасына

8. Палаталарды басқаратын депутаттарға қойылатын талап:

- A) Еңбек стажы

- B) Мемлекеттік тілді меңгеру
- C) Ұлты қазақ
- D) Жоғары заң білімі бар
- E) Қазақстанда 10 жылдан астам тұратын

9. Сенат төрағасына кандидатураны кім ұсынады:

- A) Бас Прокурор
- B) Президент
- C) Палата депутаттары
- D) Мәжіліс депутаттары
- E) Премьер-Министр

10. Мәжіліс төрағасына кандидатураны кім ұсынады:

- A) Бас прокурорлар
- B) Президент
- C) Палата депутаттары
- D) Мәжіліс депутаттары
- E) Премьер-Министр

11. Депутаттар Парламентте ұйым құра алады:

- A) Қоғамдық бірлестік
- B) Саяси партия
- C) Діни бірлестік
- D) Партиялық фракция
- E) Депутаттарға қандай да ұйым құруға тыйым салынған

12. Депутаттық иммунитет дегеніміз:

- A) Депутаттардың партиялық фракция құру құқығы
- B) Депутаттардың сұрау салу құқығы
- C) Депутаттардың бақылау органдарын құруға қатыса алу мүмкіндігі
- D) Конституциялық заңнамаға сәйкес депутатқа қол сұқпаушылық
- E) Конституциялық құқықта депутаттық иммунитет қарастырылмаған

13. Парламент депутаты аманаттық мандатқа тәуелді ме:

- A) тәуелді
- B) Тек Сенат депутаты
- C) Тек Мәжіліс депутаттары
- D) Аманаттық мандатқа тәуелсіз
- E) Парламент депутаты қызметінен Президенттің шешімімен босатылады

14. Мәжіліс депутаты өз мандатынан айырылуы мүмкін:

- A) Өзі сайланған депутат саяси партиядан шыққан уақытта
- B) Айырылуы мүмкін емес
- C) Сенат депутаттарының шешімімен

- D) Сайлаушылар мандатты шақыртып алғанда
- E) Орталық Сайлау Комиссиясының шешіміне сәйкес

15. Заң шығармашылық бастама құқығына Парламент депутаттары мен Үкімет ие және бұл құқық тек қана:

- A) Сенатта жүзеге асырылады
- B) Парламентте жүзеге асырылады
- C) Мәжілісте жүзеге асырылады
- D) Үкіметте жүзеге асырылады
- E) Конституциялық Сотта жүзеге асырылады

16. Қазақстан Республикасы Парламент палаталарының комитеттері мен комиссиялары өз құзыретінің мәселелері бойынша актілер қабылдайды:

- A) Шешімдер
- B) Қаулылар
- C) Жарлықтар
- D) Жолдамалар
- E) Нұсқаулар

17. Қазақстан Республикасының Парламенті:

- A) Қазақстан Республикасының жоғарғы органы
- B) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі
- C) Консультативті-кеңесші орган
- D) Заң шығарушылық қызметті жүзеге асыратын жоғарғы өкілді орган
- E) Жоғарғы атқарушы орган

18. Заңдар жобасын қарауға қабылдау және қарау:

- A) Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының құзіретіне кіреді
- B) Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің құзіретіне кіреді
- C) Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының құзіретіне кіреді
- D) Жоғарғы сот төрағасының құзіретіне кіреді
- E) Қазақстан Республикасының Үкіметінің құзіретіне кіреді

19. Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары әр палатада тұрақты комитеттер құра алады:

- A) 7
- B) 16
- C) 8
- D) 14
- E) 19

20. Мәжілістің қарауына жататын мәселелер:

- A) Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауын жариялайды
- B) Заңдардың атқарылуын қамтамасыз етеді

- C) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді
- D) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсырады
- E) Қауіпсіздік Кеңесін қалыптастырады

21. Парламент құзыретіне кірмейтін мәселелерді көрсетіңіздер:

- A) Конституциялық заңдарды қабылдайды
- B) Республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдайды
- C) Республикалық бюджетті бекітеді
- D) Премьер-Министрді тағайындауға келісім береді
- E) Соғыс және бейбітшілік сұрақтарын шешеді

Теориялық есеп.

№6-есеп.

Тақырып-11. «Қазақстан Республикасының Парламент депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі»

1. Демалысқа шыққан Қазақстан Республикасы Президентінің уақытша міндетін атқарып отырған Сенат Төрағасы Парламент Мәжілісінің сайлауын тағайындады. Сенат Төрағасының бұл әрекеті Конституцияға сай келеді ме?

2. Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасының лауазымына Ибраев тағайындалды. Бұл жағдайда Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Төрағасын тағайындаудың конституциялық тәртібі сақталды ма?

3. Парламент Мәжілісі өзінің отырысында депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен Ұлттық Банк төрағасының кандидатурасын бекітті. Бұл шешімнің заңды күші бар ма?

4. Шетелде жүрген республиканың мемлекеттік делегациясына жетекшілік еткен Парламент Сенатының төрағасы Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша шет мемлекеттермен келіссөз жүргізіп, халықаралық келісімшартқа қол қойды. Сенат Төрағасы осындай өкілеттіліктерді жүзеге асыруға құқығы бар ма? Осындай келісімшарттың заңды күші бар ма?

12 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

12.1 Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік: түсінігі, негізгі белгілері

Қазақстан Республикасының Үкіметі – атқару билігін жүзеге асыратын, атқарушы органдардың жүйесін басқаратын және олардың қызметіне басшылық жасайтын алқалы орган болып табылады.

Үкіметтің құрамына Үкімет мүшелері - Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Республиканың өзге де лауазымды адамдары кіреді. Үкіметті Республика Президенті Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен құрады. Нақты қарастырсақ, Конституцияның 44 бабының 3)-тармақшасына сәйкес ол алдымен Премьер-Министрді тағайындайды. Премьер-Министрді тағайындау тәртібіне келсек, Президент Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді, Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды. Премьер-Министр өзі тағайындалған-нан кейін 10 күн мерзім ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Президентке ұсыныс енгізеді. Премьер-Министрдің тиісті ұсынысы негізінде ол Үкіметтің құрылымын айқындайды, мүшелерін қызметке тағайындайды.

Үкіметтің құрылымын министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар құрайды.

Үкімет мүшесі Қазақстан халқына және Президентіне ант береді. Үкімет мүшелерінің антын Республика Президенті қабылдайды.


Республика Үкіметінің өкілеттік мерзімі заңда анықталмаған. Ол Президенттің өкілеттік мерзімі біткенше іс-қимыл жасайды және жаңадан сайланған Республика Президенті алдында өзінің өкілеттігін доғарады. Республика Үкіметінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін Республика Үкіметі өз міндеттерін атқара береді.

Үкіметтің жаңа сайланған Президент алдында өкілеттігін тоқтату рәсіміне келсек, Үкімет Президенттің атына жолдап өтініш береді, оған Үкімет мүшелері қол қояды.

Соңғы конституциялық реформа бойынша Үкімет туралы заңға енгізілген бір жаңалық – Премьер-Министрдің жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселесін қоюы. Нақты айтсақ, Республиканың Премьер-Министрі жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселе қояды. Мәжіліс сенім білдірген жағдайда, егер Республика Президенті өзгеше шешім қабылдаса, Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді.

Үкімет туралы республика заңнамасында Үкіметтің орнынан түсуі мәселесі реттелген. *Үкіметтің орнынан түсуінің негізі* болып келесі жағдайлар табылады:

- 1) Үкімет пен оның кез-келген мүшесінің өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп санауы;
- 2) Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспеуі немесе оны жүргізбей отыруы;
- 3) Парламент Мәжілісінің немесе Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіруі;
- 4) Республика Президентінің бастамасымен Үкіметтің және оның кез келген мүшесінің өкілеттігінің тоқтатылуы (сурет 12).



Сурет 12.Қазақстан Республикасының Үкіметінің орнына түсу негіздері

«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы конституциялық заңға 19 маусым 2007 жылы енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Үкіметтің ұйымдастырылуы мен қызметіне байланысты бірқатар өзгертулер енгізді, нәтижесінде кейбір ережелер жойылып кетті. Нақты айтсақ, соңғы өзгертулерге дейін Республика Премьер-Министрі өзі тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде Парламентке Үкімет бағдарламасы туралы баяндама табыс ететін. Үкімет Бағдарламасын Парламент қабылдамаған жағдайда Премьер-Министр екі ай ішінде Парламентке қайталап баяндама табыс ететін. Республика Парламентінің Үкімет Бағдарламасын қайта қабылдамауы Үкіметке сенімсіздік вотумының білдірілгенін көрсететін. 2017

жылдың 10 наурызда енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес Үкіметтің бағдарламасы туралы норма алынып тасталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметі – атқарушы биліктің жоғарғы органы болып табылады және атқарушы органдар саласын басқарады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік биліктің жеке тармағы болып табылады. Конституция Үкіметтің мемлекеттік билік жүйесіндегі орнын анықтайды, биліктің басқа тармақтарымен өзара қарым-қатынасының нормативтік негіздерін белгілейді. Конституция Үкімет пен Парламенттің, Үкімет пен Президенттің өзара қарым-қатынасын анықтап, тежемелік және тепе-теңдік механизмін белгілейді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық мәртебесін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 қазандағы Конституциялық Заң реттейді.

Үкімет атқарушы биліктің бірыңғай жүйесіне кіретін министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да ведомстволардың жұмысының негізгі бағыттарын айқындайды.

Үкімет бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

Конституцияда көзделген тәртіппен Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті құрады. Премьер-Министрге кандидатураны Президенттің өзі іріктейді және кандидатураға келісімін алу үшін оны Парламент Мәжілісінің қарауына енгізеді. Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен Премьер-Министрді тағайындауға келісім алғаннан кейін Президент оны Премьер-Министр қызметіне бекітеді. Үкіметтің құрамына Үкімет мүшелері – Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Республиканың өзге де лауазымды адамдары кіреді. Үкімет мүшелері Қазақстан халқына және Президентіне ант береді.

Республика Үкіметінің өкілеттік мерзімі Қазақстан республикасы Конституциясының 70 бабына сәйкес:

1) Үкімет жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің алдында өз өкілеттігін доғарады. Республиканың Премьер-Министрі жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің алдында Үкіметке сенім туралы мәселе қояды. Мәжіліс сенім білдірген жағдайда, егер Республика Президенті өзгеше шешім қабылдаса, Үкімет өз міндеттерін атқаруды жалғастыра береді;

2) Республиканың Президенті өз бастамасы бойынша Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметтен босатуға хақылы;

3) Егер Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне жүктелген міндеттерді одан әрі жүзеге асыруы мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы;

4) Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдірген жағдайда Үкімет орнынан түсетіні туралы Республика Президентіне мәлімдейді.

Орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені Республиканың Президенті он күн мерзімде қарайды. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Ал Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда, Президент оған міндеттерін одан әрі жүзеге асыруды тапсырады.

Үкіметтің құрамына Үкімет мүшелері - Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Республиканың өзге де лауазымды адамдары кіреді. Үкіметті Республика Президенті Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен құрады. Нақты қарастырсақ, Конституцияның 44 бабының 3)-тармақшасына сәйкес ол алдымен Премьер-Министрді тағайындайды. Премьер-Министрді тағайындау тәртібіне келсек,

Премьер-Министр өзі тағайындалғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Президентке ұсыныс енгізеді. Премьер-Министрдің тиісті ұсынысы негізінде ол Үкіметтің құрылымын айқындайды, мүшелерін қызметке тағайындайды.

Үкіметтің құрылымын министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар құрайды.

Үкімет мүшесі Қазақстан халқына және Президентіне ант береді. Үкімет мүшелерінің антын Республика Президенті қабылдайды.

12.2 Үкімет Қазақстан Республикасындағы атқарушы биліктің ең жоғарғы органы

Атқарушы органның жоғарғы органы ретінде Үкіметке Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық Заңда кең өкілеттіктер берілген.

Экономика саласында Үкімет мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, экономикалық бағдарламаларды, Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады.

Әлеуметтік салада Үкімет мемлекеттік саясаттың, мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттарын әзірлейді; еңбекке ақы төлеудің жүйесі мен шартын, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын, мемлекеттік тұрғыдан әлеуметтік қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қамсыздандырылуын белгілейді; аймақтарды әлеуметтік дамыту мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

Ғылым, техника, білім мен мәдениет саласында - Үкімет ғылыми-техникалық даму жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады; Ғылым мен техниканы, мәдениет пен білімді дамыту, жаңа технологияны енгізу жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеп, жүзеге асырады.

Әкімшілік-саяси басқару саласында Үкімет консультативті-кеңесші органдарды құрып, таратады, Үкіметтің құрамына кірмейтін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, орталық атқарушы органдардың қызметін басқарады, олардың Президент пен Үкіметтің актілерін орындауын бақылайды; министрліктердің орынбасарларын қызметке тағайындап, қызметтен босатады; Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі қызметін басқарады, олардың заңдарды орындауын бақылайды.

Заңдылық пен құқық тәртібін нығайту саласында Үкімет құқықтық реформаның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін, республиканың қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, мемлекеттік шекараның аумақтық тұтастығы мен қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады.

Сыртқы саясат саласында Үкімет келіссөз жүргізіп, үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; республиканың шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру жөнінде шаралар әзірлейді; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы ұйымдармен өзара ынтымақты қарым-қатынас орнатады.

Премьер-Министрдің мынадай өкілеттігі болады:

- Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;
- Үкімет қаулыларына қол қояды;
- Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке баяндап отырады;
- Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі, біріншіден, Парламент депутаттары мен Президент жүзеге асыратын заң шығару процессіне қатысады; екіншіден, өз құзыреті шеңберінде норма шығарушылықты жүзеге асырады; үшіншіден, министрліктер мен ведомстволардың норма шығарушылық қызметін бақылайды; төртіншіден, атқарушы биліктің жергілікті органдарының норма шығарушылық қызметін бақылайтындығы анықталған.

Үкіметтің заң шығару бастамасы құқығы болады. Ол өз құзыретіне кіретін барлық мәселелр бойынша заң жобаларын әзірлеп, оны Мәжілістің қарауына енгізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыретінің мәселелері бойынша, Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар қаулылар шығарады.

Республиканың Премьер-Министрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар өкімдер шығарады.

Үкімет мүшелеріне Үкімет құрамында болуға байланысты шектеулер белгіленген. Нақты айтсақ, Үкімет мүшелері:

- 1) өкілді органның депутаттары болуға;
- 2) оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қыз-меттерден басқа ақы төленетін қызметтер атқаруға;
- 3) кәсіпкерлікпен шұғылдануға;
- 4) Үкімет шешімдерімен белгіленген жағдайларда жарғылық капиталына мемлекет қатысатын коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге хақы жоқ.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің конституциялық өкілеттіктері:

1. мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамта-масыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2. Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтама-сыз етеді;

3. Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4. мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5. Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шара-лар әзірлейді;

6. министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7. Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8. Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9. өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Үкіметтің актілері. Республика Үкіметі Республика Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және жеке қаулылар шығарады. Үкімет Қаулыларына Республика Премьер-Министрі қол қояды.

Республика Премьер-Министрі өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады.

Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрі өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Үкімет Қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметі жоя алады. Ал, Премьер-Министрдің өкімдерінің күшін Республика Президенті, Үкіметі және Премьер-Министрі жоя алады.

Республика Конституциясында және «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» заңда Үкіметке мүше болуға байланысты талаптар белгілен-

беген. Алайда, Үкімет мүшелері мемлекеттік қызметшілердің қатарына жататындықтан біз «Мемлекеттік қызмет туралы» заңды басшылыққа ала отырып мемлекеттік қызметші ретінде Үкімет мүшелеріне келесідей талаптар қойылады деп көрсетеміз:

1. 18 жасқа толуы;
2. Қазақстан Республикасы азаматы болуы;

Үкімет мүшелеріне Үкімет құрамында болуға байланысты шектеулер белгіленген.

Нақты айтсақ, Қазақстан Республикасының Үкімет мүшелері:

- 1) өкілді органның депутаттары болуға;
- 2) оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қыз-меттерден басқа ақы төленетін қызметтер атқаруға;
- 3) кәсіпкерлікпен шұғылдануға;
- 4) Үкімет шешімдерімен белгіленген жағдайларда жарғылық капиталына мемлекет қатысатын коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге хақы жоқ.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің конституциялық өкілеттіктері:

1. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2. Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3. Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4. Мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5. Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7. Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8. Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9. өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент акті-лерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

Республика Үкіметі Республика Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және жеке қаулылар шығарады. Үкімет қаулыларына Республика Премьер-Министрі қол қояды.

Республика Премьер-Министрі өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады.

Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрі өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Үкімет қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметі жоя алады. Ал, Премьер-Министрдің өкімдерінің күшін Республика Президенті, Үкіметі және Премьер-Министрі жоя алады.

Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты болып табылады.

Үкімет мүшелері өз құзыретінің шегінде өз бетінше шешім қабылдайды, Республика Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы немесе өздеріне тапсырылған жұмыс аясы үшін дербес жауап береді.

Үкімет Республика Конституциясында көзделген жағдай-ларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты болып табылады. Сонымен қоса, Республика Конституциясының 57 бабының 6) - тармақшасында көзделген ретте Үкімет мүшелері Парламент Палаталарына есеп береді.

Үкіметтің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіліп отырады. Үкіметтің отырыстарын Премьер-Министр не Республика Президенті шақырады. Үкіметтің отырыстарында Премьер-Министр төрағалық етеді, ол болмаған кезде міндеттердің бөлінуіне сәйкес Премьер-Министрдің міндетін атқаратын Премьер-Министрдің орынбасары төрағалық етеді. Үкімет ерекше маңызды мәселелерді қарағанда оның отырыстарында Республика Президенті төрағалық етеді.

Үкімет мүшелерінің кемінде үштен екісі Үкімет отырысына қатысса, отырыс құқылы болып саналады. Үкімет мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады. Үкімет отырыстары ашық болады. Президенттің не Премьер-Министрдің бастамасымен Үкіметтің жабық отырыстары өткізілуі мүмкін.

Республика Үкіметінің ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің өзге мәселелері Республика Конституциясымен және «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 18.12.1995 жылғы конституциялық Заңымен (19.06.2024 ж. өзгерістермен қоса) бекітілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғары мемлекеттік билік органдар жүйесіндегі орны мен рөліне схема құрастырыңыз.
2. Үкіметтің отставкаға кету мәселелерін сипаттаңыз.
3. Үкіметтің мемлекеттік органдарымен қатынастарын (Президентпен, Парламентпен) анықтаңыз.
4. Премьер-Министрдің негізгі міндеттерін атаңыз.
5. Үкіметтің заң шығармашылық құқығына тоқталыңыз.
6. Қазақстан Республикасындағы 2017 жылғы 10 наурыздағы конституциялық реформаға сәйкес, Үкімет өкілеттігіне тоқталыңыз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Үкіметтің шығаратын актілері:

- A) Өкім
- B) Қаулылар
- C) Бұйрықтар
- D) Өкімдер мен қаулылар
- E) Нұсқаулар

2. Конституция күшіне енген күннен бастап Үкіметтің құқықтарына, міндеттеріне, жауапкершілігіне ие болатын орган:

- A) Министрлер Кабинеті
- B) Агенттіктер
- C) Парламенттер
- D) Президент
- E) Үкіметтің өзі

3. Қазақстан Республиканың Үкіметі өз қызметінде жауапты болады:

- A) Қазақстан Республиканың Президентінің алдында
- B) Конституциялық Сот алдында
- C) Жоғарғы Сот алдында
- D) Конституциялық Сот алдында
- E) Бас Прокурор алдында

4. Үкімет мемлекеттік биліктің:

- A) заң шығарушы билігі
- B) атқарушы билігі
- C) сот билігі
- D) атқарушы және сот билігі
- E) заң шығарушы және атқарушы билігі

5. Үкімет құрамына кіретіндер:

- A) Прокурорлар
- B) Судьялар және сот процессіне қатысатын басқа да тұлғалар
- C) Экс Премьер-Министр
- D) Агенттіктер Төрағасы
- E) Премьер-Министр, оның орынбасарлары, министрлер және басқа да

лауазымды адамдар

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылады:

- A) Парламентпен
- B) халықпен
- C) Парламенттің қатысуымен Президентпен
- D) Конституциялық Сотпен
- E) Сенатпен

7. Үкімет мүшелері ант береді:
- A) Президентке
 - B) халық және Президентке
 - C) министрлерге
 - D) министрлер орынбасарларына
 - E) ешкімге
8. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметтің мүшесін қызметінен босата алады:
- A) тек қана Премьер-Министрдің ұсынысымен оның орынбасарларын
 - B) кез келген мүшесін
 - C) тек қана Үкіметтің келісімімен Премьер-Министрді
 - D) Парламенттің келісімімен Премьер-Министрді
 - E) ешкімді
9. Тағайындалғаннан кейін Үкіметтің құрамы мен құрылымы туралы ұсынысты Премьер-Министр Президентке енгізеді:
- A) 1 ай ішінде
 - B) 15 күн ішінде
 - C) 10 күн ішінде
 - D) 7 күн ішінде
 - E) барлық жауаптар дұрыс емес
10. Үкімет қаулысын өзгерту құқығына:
- A) Премьер-Министр
 - B) Президент
 - C) Жоғарғы Сот
 - D) Парламент
 - E) Бас прокурор
11. Атқарушы органдардың жүйесін басқаратын орган:
- A) Президент
 - B) Парламент
 - C) Үкімет
 - D) Президент және Парламент
 - E) Конституциялық Сот
12. Үкімет отырыстарының өткізілу уақыты:
- A) тоқсан сайын
 - B) айына бір реттен кем емес
 - C) жыл сайын
 - D) айына екі рет
 - E) апта сайын

13. Үкімет отырысы жағдайда өткізілген болып саналады:

- A) егер оған Үкіметтің $\frac{2}{3}$ ден астам мүшелері қатысса
- B) егер оған Үкіметтің 50% тен астам мүшелері қатысса
- C) егер оған Үкіметтің $\frac{3}{4}$ тен астам мүшелері қатысса
- D) егер оған Үкіметтің $\frac{1}{3}$ тен астам мүшелері қатысса
- E) егер оған Үкіметтің барлық мүшелері қатысса

14. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттік мерзімі:

- A) 4 жыл
- B) 5 жыл
- C) 2 жыл
- D) Парламент Мәжілісінің өкілеттілік мерзімі шегінде әрекет етеді
- E) 6 жыл

15. Премьер-Министр қабылдайтын заңға сәйкес акт:

- A) Үкімдер
- B) Бұйрық
- C) Заңдар
- D) Жарлықтар
- E) Өкімдер

16. Үкімет қаулысының күші жойылады:

- A) Қазақстан Республикасының Президентімен және Үкіметпен
- B) Қазақстан Республикасы Парламентімен
- C) Межіліс Төрағасымен
- D) Министрлермен
- E) Үкіметтің мүшелерінің шешімімен

17. Үкімет мүшелерінің өкілді органның депутаты болуға:

- A) құқығы жоқ
- B) заңда көрсетілген жағдайда рұхсат
- C) құқығы бар
- D) Президенттің келісімі бойынша құқығы бар
- E) Акті төленбеген жағдайда құқығы бар

18. Үкімет мүшелеріне шектеу қойылмайды:

- A) кәсіпкерлік іспен шұғылдануға
- B) коммерциялық органның басшы органының құрамына кіруге
- C) коммерциялық органның байқаушы кеңесінің құрамына кіруге
- D) шығармашылықпен және ғылыммен айналысуға
- E) депутаттық қызметті жүзеге асыруға

19. Үкімет мүшелері қызметін тоқтатады:
- A) Жаңа сайланған Президент алдында
 - B) Жаңа сайланған Парламент алдында
 - C) Парламент депутаттары сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойған сәттен бастап
 - D) Жаңа бюджет жылы басталған сәттен бастап
 - E) конституциялық Соттың шешімі бойынша
20. Қазақстан Республикасының Үкіметі:
- A) Сайланбалы орган болып табылады
 - B) Алқалы орган болып табылады
 - C) Құрылтайлық орган болып табылады
 - D) Акционерлік орган болып табылады
 - E) Ұжымдық орган болып табылады
21. Қазақстан Республикасы Үкіметі кімнің алдында жауапты болады:
- A) Президент және Сенат
 - B) Сенат және Мәжіліс
 - C) Президент және Парламент
 - D) Президент
 - E) Парламент

Теориялық есеп.

№7 – есеп.

Тақырып-12. «Қазақстан Республикасының Үкіметінің конституциялық -құқықтық мәртебесі»

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымынан шығуға арыз берді. Президент сол күні өзінің Жарлығымен бұл лауазымға басқа тұлғаны тағайындады. Қазақстан Республикасының Президентінің әрекеті құқыққа сай келеді ме?

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің құзіреттілігі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күшіне ие бірнеше заң шығарды. Аталған актілердің заңды күші болады ма?

3. Қазақстан Республикасының Президенті денсаулығына байланысты лауазымынан босатылды. Үкімет те лауазымын босатуы керек пе, егер босататын болса, қандай тәртіпте жүзеге асырады?

4. Қазақстан Республикасының Президенті өз еркімен лауазымынан босатылды. Республиканың Үкіметі елде өкіметсіздік болуы мүмкіндігін айтып, лауазымын босатудан бас тартты. Үкіметтің әрекеті заңды ма? Үкімет қандай жағдайда лауазымын босатуы керек?

5. Республика Үкіметі, өзінің конституциялық құқығын пайдалана отырып, Парламентке «Үкімет туралы» Конституциялық Заңына өзгерістер енгізу туралы заң жобасын ұсынды. Ол жобада «ерекше жағдайларда Президенттің шешімімен кейбір министрлер өздерінің міндеттерін депутаттық мандатпен бірге үйлестіре атқара алады» делінген. Бұл түзетулер Конституцияға сай келеді ме?

13 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

13.1 Қазақстан Республикасының Конституциялық Соттың құқықтық мәртебесі: құрамы және құрылу тәртібі

Билік тармақтарының қалыпты жұмыс істеуі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығы, конституцияның жоғарылығы мен сақталуы конституциялық қадағалау институты арқылы қамтамасыз етіледі деуге болады. Конституциялық қадағалау – бұл заңдар мен өзге актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеруді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жоғары деңгейде қорғауды, билікті бөлу қағидасын орындауды қамтамасыз ететін демократиялық институт. Басқаша айтқанда, конституциялық қадағалау – бұл әдетте сот органдары немесе арнайы құрылған мемлекеттік орган жүзеге асыратын, заңдардың және өзге нормативтік құқықтық актілердің Конституция ережелеріне сәйкес келуін бақылау. Конституциялық қадағалау билік бөлінісі мен саяси және идеологиялық әралуандылық орын алған және жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары кепілдендірілген құқықтық, демократиялық мемлекет үшін тән институт болып саналады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Конституциялық Сот конституциялық қадағалауды жүзеге асырады. Конституциялық қадағалау органдарының *тағайымы* мемлекет пен қоғамның Негізгі заңын қорғауда болып табылады. Конституциялық қадағалау органдары конституциялық заңдылық демократияның және оның саяси мәдениетінің табиғи элементі болып табылауына жәрдем жасау үшін құрылған деп айтуға болады. Жалпы алғанда Конституцияны қорғау өзге мемлекеттік органдармен де жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ құқықтың басты қайнар көзі ретінде оның жоғарылығын қамтамасыз ету – конституциялық қадағалау органдарының айрықша құзыры болып табылады.

Конституциялық қадағалау доктринасын алғаш рет Джон Маршаллдың басшылығымен АҚШ Жоғары Соты қалыптастырып, қолданды. 1803 жылы АҚШ Жоғары Соты «Сот құрылысы туралы» заңның 13 бөлімін АҚШ Конституциясына қайшы келеді деп танып, оның қолданылуына тыйым салды. Бұл конституциялық қадағалау жүйесінің өмірде қалыптасуының алғашқы қадамы еді. Осылайша АҚШ Жоғары Соты конституциялық қадағалау органдарын қалыптастыру қажеттігіне бастамашылық жасады.

Конституциялық қадағалаудың жүйесі туралы айтсақ, қазіргі жағдайда конституцияны қорғауды жүзеге асыратын органдардың үш үлгісін көрсетуге болады:

біріншісі – конституциялық қадағалауды жалпы юрисдикциялық соттардың жүзеге асыруы – соңғы инстанциясы Жоғарғы Сот болып табылады;
екіншісі – еуропалық үлгі - арнайы құрылған сот органдары жүзеге

асырады (конституциялық соттар);

үшіншісі – сот жүйесіне жатпайтын арнайы құрылған органдар жүзеге асырады (мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты), бұл органдарды «квазисот» органдары деп те атайды.

Жалпы соттар жүзеге асыратын конституциялық қадағалау негізінен англосаксондық құқық елдерінде тараған – АҚШ, Дания, Австралия, Бразилия т.б. (Ұлыбританияның өзі бұған кірмейді деп есептеледі). Мысалы, АҚШ Конституциясының 1 тарауының 3 бабына сәйкес сот билігі Жоғарғы Сотқа және төменгі соттарға берілген. АҚШ соты қылмыстық немесе азаматтық істі қарап жатқан кезде кез келген тарап оған процесте қолданылудағы заңның конституциялық еместігі туралы арыздануы мүмкін. Бұл жағдайда негізгі процесс тоқтатылуы немесе кейінгі қалдырылып, басқа мәселе – яғни заңның конституцияға сәйкес еместігі туралы іс басталуы мүмкін.

Континенталдық Еуропа мемлекеттерінің бірқатарында конституциялық қадағалауды арнайы құрылған Конституциялық соттар жүзеге асырады. Конституциялық соттар сот билігі жүйесіне жатқызылғанымен, өзге соттар секілді қылмыстық және азаматтық істерді қарамайды. Мұндай елдерге Испания, Австрия, Германия, т.б. елдер жатады.

Конституциялық қадағалаудың үшінші үлгісі - бұл сот органдарына кірмейтін арнайы құрылған органдармен жүзеге асырылатын қадағалау. Жоғарыда оларды «квазисот» органдары (конституциялық кеңес) деп аталады. Мұндай органның классикалық үлгісі болып Франция табылады. Қазақстан Республикасы да осындай үлгідегі елдердің қатарына жатады. Қазақстанда мұндай орган болып Конституциялық Кеңес табылған. Бұл үлгінің алдыңғы үлгімен ұқсастығы: Конституциялық сотта «квазисот» органы да қылмыстық, азаматтық сот істерін қарамайды. Екеуі де тек конституциялық қадағалау функциясын жүзеге асырады. Ал, ерекшелігі, квазисот органдары істі конституциялық іс жүргізу тәртібімен қарайды. Ал, конституциялық сот болса істі сотта іс қарау тәртібімен жүргізеді. Ондай істі жүргізуге куәлар, тараптардың өкілдері, БАҚ, өзге мүдделі емес тұлғалар қатысуы мүмкін, сотта іс қарағандай хаттама жасалады, т.б.

1995 жылғы Конституция Конституциялық Соттың орнына Конституциялық Кеңесті құрды. Ол бұрынғыдай республика Конституциясын қорғау жөніндегі сот билігінің жоғары органы емес, ешбір билік тармағына кірмейтін, мүшелері тәуелсіз қызмет ететін конституциялық қадағалау органы болып табылады.

Қазақстанда конституциялық бақылау институтын құру 1989 жылы Қазақ КСР Конституциясына Конституциялық қадағалау комитетінің құрылуын көздейтін толықтыру енгізумен байланысты, алайда ақыр аяғында бұл комитет құрылмады.

Кейінірек «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында Конституцияны сот арқылы қорғайтын жоғары орган Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты болып табылады деп белгіленді. Қазақстанда Конституциялық сот 1992 жылы 6 маусымда

қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» заңы негізінде құрылды. Бұл органды Республика Жоғарғы Кеңесі 1992 жылғы 2 шілдеде сайлап, ол 1995 жылғы қазанға дейін конституциялық бақылауды жүзеге асырды. Оған 11 адам: төраға мен он судья кірді. Конституциялық соттың алғашқы және жалғыз төрағасы Мұрат Баймаханов болды.

1995 жылы наурызда Конституциялық сот сол кездері парламент рөлін атқарған Жоғарғы кеңес сайлауын заңсыз деп танып, Жоғарғы кеңес таратылды. Сол жылы тамыз айында жаңа Конституция қабылданып, Конституциялық кеңес құрылды. Соған сәйкес Конституциялық сот жұмысы тоқтады. 1995 жылғы Конституцияның негізінде Конституциялық Кеңес 1996 жылғы ақпанда құрылды.

2022 жылы 5 маусымда жалпыұлттық референдум өтіп, Конституцияға өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Конституциялық соттың құрылуы да сол кездегі түзетулердің бір бөлігі болды. Соған орай 2023 жылы 1 қаңтарда Конституциялық сот жұмысын бастады

Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Конституциялық заңды басшылыққа алады, соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден қалыс қалады.

Конституциялық Сот Төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады.

Конституциялық Соттың Төрағасын лауазымға Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімімен тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

Конституциялық Соттың төрт судьясын Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары төрағаларының ұсынуымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісі тағайындайды.

Конституциялық Сот Төрағасы мен судьяларының өкілеттігі 8 жылға созылады. Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып бір реттен артық тағайындала алмайды.

Өз өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьялары Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Конституциялық Сот дау туған жағдайда:

- Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын;
- Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауын;

- республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді.

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2), 2-1) және 3) тармақшаларына сәйкес Конституциялық Сот:

1. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдардың;

1. Қазақстан Республикасының Парламенті және оның Палаталары қабылдаған қаулылардың;

2. ратификацияланғанға дейін Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды.

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес Конституциялық Сот:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына ресми түсіндірме;

2. тиісінше, Қазақстан Республикасының Парламенті Қазақстан Республикасының Президентін лауазымынан мерзімінен бұрын босату туралы шешім, Қазақстан Республикасының Президентін лауазымынан кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін – белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді.

- Конституциялық Сот:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 53-бабының 6) тармақшасына сәйкес конституциялық іс жүргізу практикасын жинақтап қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Қазақстан Республикасының Парламентіне Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жібереді;

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Қазақстан Республикасы Президентінің жолданымдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабында көзделген жағдайларда соттардың жолданымдарын қарайды;

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағына сәйкес азаматтардың жолданымдары бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарайды;

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жолданымдарын қарайды.

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жолданымдарын қарайды.

Конституциялық Сот тек қана құқық мәселелерін шешеді және жүгінуге себеп болған нақты мән-жайларға баға бермейді.



Сурет 13 Конституциялық Сотты құру тәртібі

Төраға және Конституциялық Сот судьяларының қызметке келу тәртібі және қызметінің ұйымдастырылуы конституциялық Заңмен айқындалады (сурет 13.1).



Сурет 13.1 Өкілеттілік мерзімі

Конституциялық Сотқа мүше болу үшін келесідей талаптар қойылады:

- қырық жасқа толуы;
- құқық саласында жоғары біліктілігі;
- жоғары заң білімінің болуы;
- заң мамандығы бойынша мінсіз беделі және кемінде он бес жыл жұмыс стажының болуы;
- Республика азаматы болуы.

Конституциялық Соттың мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және тек Конституция мен Конституциялық Сот туралы конституциялық заңға ғана бағынады. Олардың қызметіне қандай болса да араласуға, сондай-ақ оларға қандай түрде болса да қысым жасауға немесе басқадай ықпал етуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жауапкершілікке әкеліп соғады.

Конституциялық Сот туралы заңда Конституциялық Соттың қызметінің

кепілдіктері анықталған:

1. Конституциялық Сот судьяларының тәуелсіздігі (10 бап);
2. Конституциялық Сот судьяларына ешкімнің тиіспеушілігі (11 бап);
3. Конституциялық Сот судьялары құқықтарының теңдігі (12 бап);
4. Конституциялық Сот судьяларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету (13 б.);
5. Конституциялық Соттың судьяларын материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету (14 бап).
6. Конституциялық Соттың судьясы мертліккен немесе қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайдағы өтемақылар (15 бап);
7. Конституциялық Соттың судьяларын әлеуметтік қорғау (16 бап).

Конституцияда Конституциялық Соттың өкілеттіктерінің және оған жолдануға құқылы тұлғалардың шегі анықталған. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

1. Дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;
2. Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;
3. Парламент және оның палаталары қабылдаған Қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды;
4. Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;
5. Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;
6. Парламент тиісінше республика Президентін мерзімінен бұрын қызметінен босату туралы шешім, Республика Президентін қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін - белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытынды береді;
7. Соттардың өтініштері бойынша Республика Конституциясының 78 бабында белгіленген жағдайда белгілі бір актілердің конституциялығын қарайды (сурет 13.2).



Сурет 13.2. Республика Конституциялық Соттың Төрағасы мен судьяларының мәртебесі

Конституциялық қадағалау конституциялық іс жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Конституциялық іс жүргізудің бірінші сатысы болып өтініш беру табылады. Конституциялық Сотқа өтініш беріп жолдануға құқылы субъектілердің қатарына келесілер жатады: Республика Президенті, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, Премьер-Министр және Конституцияның 78-бабында көрсетілген жағдайда соттар.

Конституциялық Соттың Төрағасы:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, сондай-ақ шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың органдарымен қатынастарда Конституциялық Сот атынан өкілдік етеді;
- 2) Конституциялық Сот іс жүргізуге қабылдаған мәселелерді қарауға дайындауды басқарады;
- 3) Конституциялық Соттың отырыстары мен кеңестерін шақырады, оларға төрағалық етеді, олардың қарауына мәселелер енгізеді;
- 4) Конституциялық Сот судьяларының жұмысын ұйымдастырады;
- 5) отырыстар өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды;
- 6) Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық Соттың жолдауын жария етеді;

7) шешімдерге, сондай-ақ өзі төрағалық еткен Конституциялық Сот отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

8) Конституциялық Соттың бекітуіне оның Регламентін, Конституциялық Сот жанындағы ғылыми-консультативтік кеңес туралы ережені, ғылыми-консультативтік кеңестің хатшысы мен мүшелерінің кандидатураларын ұсынады;

9) Конституциялық Соттың Аппараты туралы ережені, бөлінген бюджет қаражаты шегінде – Конституциялық Сот Аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

10) Конституциялық Сот Аппаратының басшысын және оның орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

11) осы Конституциялық заңға және Конституциялық Соттың Регламентіне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституциялық Соттың Төрағасы өз құзыретінің мәселелері бойынша бұйрықтар мен өкімдер шығарады.

Конституциялық Соттың Төрағасы уақытша болмаған жағдайларда оның міндеттерін – Конституциялық Сот Төрағасының орынбасары, ал Төрағаның орынбасары уақытша болмаған жағдайда Конституциялық Сот Төрағасының бұйрығымен айқындалатын Конституциялық Сот судьяларының бірі атқарады.

2022 жылдың 5 қарашасының №153-VII Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы Конституциялық заңына сәйкес, конституциялық іс жүргізу және оны жүзеге асыру форматы:

- Конституциялық Соттың құзыретіне жататын мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Конституциялық Соттың регламентінде белгіленген конституциялық іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады;

- конституциялық іс жүргізу қағаз және электрондық форматтарда жүргізіледі.

Конституциялық іс жүргізудің электрондық форматының ерекшеліктері төмендегідей:

1. Конституциялық іс жүргізу толық немесе ішінара электрондық форматта жүзеге асырылуы мүмкін, бұл туралы қаулы шығарылады. Мұндай формат кезінде Конституциялық Соттың актілері мен оның лауазымды адамдарының, конституциялық іс жүргізуге қатысушылардың және жолданымды қарау кезінде тартылатын тұлғалардың әрекеттері электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделуі мүмкін.

2. Конституциялық іс жүргізу электрондық форматта жүргізілген кезде оның материалдары электрондық істе қалыптастырылады.

3. Конституциялық Соттың бастамасы бойынша конституциялық іс жүргізуге қатысушылар, жолданымды қарау кезінде тартылатын тұлғалар, олардың өкілдері және өзге де адамдар техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы Конституциялық Соттың отырысына қатыса алады.

4. Конституциялық іс жүргізу барысында техникалық құралдар мен ақпараттық сервистерді қолдану тәртібі осы Конституциялық заңның,

Конституциялық Сот регламентінің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып айқындалады.

13.2 Конституциялық Соттың және лауазымды тұлғалардың өкілеттігі

Конституциялық Соттың құрылуы мен қызмет атқаруы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған Конституциялық Заңымен реттеледі.

2023 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстанда Конституциялық Сот өз жұмысын бастады.

Конституциялық Сот Конституциялық кеңестің бүкіл өкілеттіктерін алды. Бұл –

- Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру;
- Парламент қабылдаған заңдардың Президент қол қойғанға дейін Ата заңның талаптарына сәйкестігін тексеру;
- халықаралық шарттарды ратификацияланғанға дейін Конституцияға сәйкестігін тексеру;
- Парламент пен оның палаталарының қаулыларының Конституцияға сәйкестігін тексеру;
- соттардың, азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін заңдардың конституциялығын тексеру туралы ұсыныстарын қарау;
- дау туындаған жағдайда Президент сайлауының және Парламент депутаттарының сайлауының дұрыстығын қарау. Сонымен қатар Конституциялық Сотқа жүгінетін субъектілердің қатары толығып, оларға Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас прокурор және азаматтар қосылды. Енді күшіне енген заңдарды Конституциялық Сотта – Бас прокурор, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және азаматтар қосылды.

Қазақстанда халықаралық тәжірибені ескере отырып, Конституциялық Сот жеке сот жүйесіне кірмейтін тәуелсіз мемлекеттік орган болады деген модель ұсынылды және ол қабылданды. Сондықтан қазір жалпы сот юрисдикцияларының жүйесіне Конституциялық Сот кірмейді, олардың шешімдерін қарастырмайды, бұл дербес мемлекеттік орган болып табылады.

Алайда, Конституциялық Соттың Конституцияда белгіленген өкілеттілігінен Конституциялық Соттың негізгі көздейтіні Конституцияны қорғау екендігі көрінеді.

Конституциялық Сот, оның ішінде Төраға бар, 11 адамнан тұрады. Конституциялық Соттың Төрағасын қызметке Республиканың Президенті Сенат депутаттарының келісімімен тағайындайды, қызметінен босатады. Конституциялық Соттың 4 мүшесін – Республика Президенті, үш-үш мүшеден тиісінше Сенат және Мәжіліс тағайындайды.

Конституциялық Сот мүшелерінің өкілеттігі – 8 жыл. Конституциялық Кеңес мүшелеріне мынадай талаптар қойылады:

- олар Қазақстан Республикасының азаматтары болуы тиіс;

- жасы қырыққа толған болуы керек;
- Қазақстан аумағында тұруы тиіс;
- жоғары заң білімі болуы керек;
- құқық саласында жоғары білікті және мінсіз беделі болуы тиіс;
- заң мамандығы бойынша кем дегенде 15 жыл жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Конституциялық Соттың қарауына жатқызылған мәселелердің сипатына орай, осы органның құзіреті өкілеттіктердің төрт тобынан тұрады.

Даулы мәселелерді шешу жөніндегі өкілеттіліктер бірінші топқа жатады. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:

- 1) Республика Президенті сайлауын;

- 2) Парламент депутаттары сайлауын;

- 3) республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы даулы мәселелерді шешеді. Конституциялық Кеңес аталған шараларды өткізу кезінде Конституцияның, сайлау жөніндегі және өзге де заңдардың бұзылған, бұзылмағандығы туралы мәселені қарайды. Егер жиналған материалдар заңның бұзылғандығына көз жеткізсе, онда Конституциялық Кеңес сайлауды және референдумды заңсыз деп таниды.

Конституциялық Сот өкілеттігінің екінші тобына:

- 1) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарау;

- 2) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарау;

- 3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарауға қатысты өкілеттіктер жатады.

Конституциялық Соттың өкілеттігінің үшінші тобына:

- 1) Конституция нормаларын ресми түсіндіруге;

- 2) Республика Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы Парламент шешімі шыққанға дейін Президентті қызметінен кетіру туралы түпкілікті шешім – белгіленген конституциялық рәсімдерді сақтау туралы қорытынды беруге қатысты өкілеттіктер жатады.

Конституциялық Сот өкілеттігінің төртінші тобына: егер сот қолдануға жататын нормативтік-құқықтық акт адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп шешсе, актінің Конституцияға сәйкес келмейтіндігін тану туралы сот жүгінісін қарауға байланысты өкілеттіктері жатады.

Конституциялық Соттың Төрағасы ерекше, жеке өкілеттіктерді иеленеді. Ол Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы конституциялық заңның 27 бабында төмендегідей айқындалған:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, сондай-ақ шет мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың органдарымен қатынастарда Конституциялық Сот атынан өкілдік етеді;

2) Конституциялық Сот іс жүргізуге қабылдаған мәселелерді қарауға дайындауды басқарады;

3) Конституциялық Соттың отырыстары мен кеңестерін шақырады, оларға төрағалық етеді, олардың қарауына мәселелер енгізеді;

4) Конституциялық Сот судьяларының жұмысын ұйымдастырады;

5) отырыстар өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды айқындайды;

6) Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Конституциялық Соттың жолдауын жария етеді;

7) шешімдерге, сондай-ақ өзі төрағалық еткен Конституциялық Сот отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

8) Конституциялық Соттың бекітуіне оның Регламентін, Конституциялық Сот жанындағы ғылыми-консультативтік кеңес туралы ережені, ғылыми-консультативтік кеңестің хатшысы мен мүшелерінің кандидатураларын ұсынады;

9) Конституциялық Соттың Аппараты туралы ережені, бөлінген бюджет қаражаты шегінде – Конституциялық Сот Аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

10) Конституциялық Сот Аппаратының басшысын және оның орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады,

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» конституциялық заңына және Конституциялық Сот Регламентіне сәйкес Конституциялық Сот Төрағасы басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сот туралы конституциялық заң Сот Төрағасы мен судьялары өкілеттігін тоқтата тұру жағдайы мен тоқтату жағдайын ажыратады.

Өкілеттілікті тоқтата тұру негізінен екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа мынадай:

- Конституциялық Соттың отырыстарына кем дегенде үш рет қатарынан дәлелсіз себепсіз қатыспау;

- Денсаулығына байланысты өз міндетін атқаруға ұзақ уақыт бойы қабілетсіз болу;

- Соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша хабарсыз жоқ болып кетуі танылған жағдайлары жатады. Мұндай жағдайларда Конституциялық Соттың өзі осы судьяны тағайындаған субъектіге ұсыныспен шығады.

Өкілеттігі тоқтатыла тұратын екінші топқа заңмен белгіленген тәртіп бойынша:

- тұтқындауға;

- әкімшілік жауаптылыққа тартуға;

- қылмыстық жауаптылыққа тартуға;

- сотта медициналық сипатта күштеу шараларын қолдану туралы өтініш түсіруге;

- сотта Конституциялық Сот Төрағасының немесе судьяларының қабілетсіз немесе қабілетінің шектеулі екендігін тану туралы өтініш түсіруге

келісім берілген жағдайлар жатады.

Конституциялық Сот Төрағасының немесе оның судьяларының өкілеттігін тоқтата тұру туралы шешім өкілеттікті тоқтата тұру үшін негіз белгілі болған кезден әрі кеткенде бір айдың ішінде қабылданады. Аталған адамдардың өкілеттігі оны тоқтата тұруға қызмет еткен негіздер дәлелденгенше тоқтатыла тұрады. Егер аталған негіздер дәлелденсе, ол олардың өкілеттігінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Конституциялық Сот Төрағасының немесе оның судьяларының өкілеттігі мынадай, егер:

- орнынан түсу туралы өтініш қабылданса;
- Жоғарғы Соттың ол туралы айыптау үкімі заңды күшіне енсе;
- ол қайтыс болған жағдайда;
- қызметінің Конституция бойынша белгіленген мерзімі біткен;
- алпыс жасқа, ерекше жағдайларда – алпыс бес жасқа толған;
- саяси мақсаттарды көздейтін саяси партияларға немесе өзге де қоғамдық бірлестіктерге кірген жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.

Өз құзыретін Конституциялық Сот конституциялық іс жүргізу түрінде жүзеге асырады. Конституциялық іс жүргізуге қатысушылар болып өтініштері бойынша конституциялық іс қозғап отырған мына адамдар мен органдар танылады:

- Республика Президенті;
- Парламент Сенатының Төрағасы;
- Парламент Мәжілісінің Төрағасы;
- өздерінің жалпы санының кемінде бестен бірі болатын Парламент депутаттары;
- Премьер-Министр;
- Республика соттары;
- актілерінің конституциялылығы тексерілетін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар (Сурет 13.2.1).



Сурет 13.2.1. Конституциялық Соттың іс жүргізуге қатысуы

Конституциялық Сот өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселені кейінге қалдыруға болмайтын болса,

Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

Конституциялық Соттың отырысында қабылданатын кез келген акт оның шешімі болып табылады. Конституциялық Соттың шешімдері мынадай нысандарда қабылданады: қаулылар, соның ішінде нормативтік қаулылар; қорытындылар; жолдаулар.

Бақылау сұрақтары:

1. Конституциялық Сот қызметіне сипаттама беріңіз.
2. Конституциялық Соттың өкілеттілік мерзімін анықтаңыз.
3. Конституциялық Соттың құрылу негіздері қандай?
4. Конституциялық бақылау дегеніміз не?
5. Конституциялық Соттың қабылдайтын актілері.
6. Конституциялық Соттың басқа мемлекеттік билік тармақтарымен арақатынасын сипаттаңыз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасында Конституциялық қадағалау органы болып:
А) Конституциялық Кеңес табылады
В) Конституциялық Сот табылады
С) Парламент табылады
D) Президент табылады
Е) Жоғарғы Сот табылады
2. Конституцияны ресми талқылау қызметі:
А) Парламентке жүктелген
В) Үкіметке жүктелген
С) Конституциялық Кеңеске жүктелген
D) Мәжіліске жүктелген
Е) Сенатқа жүктелген
3. Конституциялық Соттың төрағасын тағайындайды:
А) Премьер-Министр
В) Президент
С) Әділет Министрі
D) Бас Прокурор
Е) Халық сайлайды
4. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының мүшелер саны:
А) 9 мүшеден
В) 11 мүшеден
С) 7 мүшеден
D) 3 мүшеден
Е) 5 мүшеден

5. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сот мүшелерінің өкілеттілік мерзімі ұзартылады:

- A) 3 жыл
- B) 8 жыл
- C) 5 жыл
- D) 6 жыл
- E) 7 жыл

6. Қолданыстағы Конституцияға 2022 жылы жүргізілген реформаларға дейін конституциялық бақылауды жүзеге асырған орган:

- A) Парламент
- B) Конституциялық Сот
- C) Конституциялық Кеңес
- D) Президент
- E) Жоғары Сот

7. Конституциялық Сот мүшелеріне қандай қызметпен айналысуға шектеулер қойылмайды:

- A) шығармашылық қызметпен айналысуға
- B) депутаттық мандатпен байланысты қызметпен айналысуға
- C) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға
- D) коммерциялық ұйымның басшысы қызметімен айналысуға
- E) ақы төленетін қызметпен айналысуға

8. Мемлекеттік билік органдар жүйесінде Конституциялық Сот атқаратын қызмет:

- A) заң шығармашылық
- B) Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Конституцияға сәйкестігін қарайды
- C) әділ сот жүргізу
- D) мемлекеттегі халық шаруашылығын басқару
- E) елдің сыртқы және ішкі саясатын жүргізу

9. Конституциялық Сот судьяларына жасқа байланысты қойылатын талаптар:

- A) 25 жасқа толған болуы керек
- B) 40 жасқа толған болуы керек
- C) 20 жасқа толған болуы керек
- D) 30 жасқа толған болуы керек
- E) 35 жасқа толған болуы керек

10. Конституциялық Соттың қабылдайтын актілері болып:

- A) Жарлық саналады
- B) Регламент саналады

- C) Қаулы, қорытынды саналады
- D) Бұйрық саналады
- E) Қорытынды саналады

11. Конституциялық Сот өтініштерді қандай мерзім ішінде қарастырады:

- A) 1 ай
- B) 15 күн
- C) 20 күн
- D) 40 күн
- E) 2 ай

12. Конституциялық Сотқа өтініш жасау құқығы берілген субъект:

- A) Республика Президентіне
- B) ҚР азаматы
- C) Мәслихат депутаттарына
- D) Прокуратура
- E) әкімдер

13. Конституциялық Сот өз өкілеттігінің шегінде:

- A) ҚР Президентінің сайлауының конституцияға сәйкестігі бойынша дауларды қарайды
- B) азаматтардың арыздарын қарайды
- C) төменгі тұрған органдардың жоғарғы тұрған органдарға шағымдарын қарастырады
- D) Прокуратура органдарының шағымдарын қарастырады
- E) Жоғарғы Сот шағымын қарастырады

14. Президенттің талабына сай Конституциялық Сот шешімін шығару қандай мерзімге қысқартылуы мүмкін:

- A) 3 күн ішінде қарастырады
- B) 5 күн ішінде қарастырады
- C) 1 апта ішінде қарастырады
- D) 10 күн ішінде қарастырады
- E) 15 күн ішінде қарастырады

15. Конституциялық Сот судьяларын мына органның келісімімен қылмысқа тартуға болады:

- A) Президент
- B) Үкімет
- C) Парламент
- D) Бас Прокуратура
- E) Жоғарғы Сот

16. Конституциялық Соттың шешіміне наразылық білдіре алатын лауазымды тұлға:

- A) Бас Прокурор
- B) Жоғарғы Сот төрағасы
- C) Президент
- D) Мәжіліс Төрағасы
- E) Сенат Төрағасы

17. Конституциялық Сот судьясының заң саласында қанша өтілі (стажы) болу керек:

- A) 3 жыл
- B) 2 жыл
- C) 15 жыл
- D) 10 жыл
- E) 1 жыл

18. Конституциялық Сот судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, қай органның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды:

- A) Президент
- B) Үкімет
- C) Жоғарғы сот
- D) Бас прокуратура
- E) Парламент

19. Конституциялық Сот Төрағасы мен судьялары конституциялық іс жүргізу мәселелері бойынша кімге есеп береді:

- A) Президентке
- B) Министрлерге
- C) Сенат төрағасына
- D) Мәжіліс төрағасына
- E) Ешкімге есеп бермейді

20. Конституциялық сот судьясының өкілеттігін тоқтатқан жағдайда оның орнына басқа адам тағайындалады:

- A) 1 ай ішінде
- B) 5 ай ішінде
- C) 2 ай ішінде
- D) 3 ай ішінде
- E) 1 жыл ішінде

Теориялық есеп №8.

13-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының конституциялық-құқықтық мәртебесі


1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына республиканың Бас прокуроры Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабына ресми түсінік беру бойынша жүгінеді. Конституциялық Сот бұл мәселені қарастырмады. Конституциялық Соттың бұл әрекеті құқыққа сай келеді ме?

2. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық Заңына түзетулер енгізілгеннен кейін Парламент пен Конституциялық Сот арасында қарама-қайшылықтар туындады. Тараптар бірін-бірі баспа беттерінде айыптай бастады. Қазақстан Республикасы Президенті Премьер-Министрмен кеңесіп, Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады. Қазақстан Республикасы Президентінің бұл әрекеті құқыққа сай келеді ме?

14 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ БИЛІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

14.1 Қазақстан Республикасының билік жүйесіндегі сот билігінің алатын орны және рөлі

Конституциямыздың 3-бабының 4-тармағына сәйкес, Республикада мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленді. Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұруы демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік биліктік құрылымдардан бөлу мемлекеттің құқықтың жоғарылығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді (сурет 14).



Сурет 14. Қазақстан Республикасының сот жүйесі

Соттардың заң шығарушы билік органдарынан айырмашылығы олар заң шығармайды. Алайда олардың қызметі заңға тәуелді: сот Конституция мен заңның талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың мемлекеттік биліктің атқарушы органдары тармағынан айырмашылығы олар ұйымдастырушылық және атқарушылық-міндетті қызметпен айналыспайды. Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Сот билігі заңда белгіленген шеңберде азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға іс жүзінде өкілдігі бар біртұтас мемлекеттік биліктің түрі. **Сот билігі** деп, мемлекет атынан заңның үстемдігі мен әділеттілікті қалпына келтіру, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушы адамдарға мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдану мақсатындағы сот

құзыретіндегі жауапты биліктік өкілеттіктердің жиынтығын айтамыз, - деп тұжырымдайды заң ғылымдарының докторы, профессор К.Х.Халиков. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Сот билігі туралы конституциялық құқықтық нормаларға сүйене отырып сот билігінің мынадай белгілерін көрсетуге болады:

- сот билігі конституциялық тұрғыда бекітілген біртұтас мемлекеттік биліктің бір тармағы болып табылады;

- сот билігінің тек арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға тиесілі болады;

- сот билігінің тәуелсіздігі. Сот билігінің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсолюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың заңсыз шешімдерінің күшін тек сот жоя алады, ал басқа құрылымдар ондай құқықты иеленбейді.

- сот билігі мемлекеттің атынан жүзеге асырылады: үкімдер мен соттардың өзге де шешімдері Қазақстан Республикасының атынан жария етіледі;

- сот билігі Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер, республика халықаралық шарттарының негізінде туындаған дауларға ғана қолданылады. Сот мораль, діни, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға байланысты жанжалдарды қарамайды және шешпейді;

- сот билігінде оның қызметіне тән іс жүргізу жүргізіледі;

- сот билігінің құқық қорғау сипаты болады. Осыған байланысты оның қызметінің екі қыры бөлініп шығады: құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- сот билігінің шешімдері мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі. Ал, енді сот билігінің функцияларына келер болсақ, сот қызметінің мазмұны мен бағытталған қызметіне қарай оның функцияларын негізгі үш топқа бөлеміз: Соттық функцияның бірінші тобы – адамдар мен азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын қорғау, конституциялық құрылысты қорғау - соттардың қызмет ету бағытын айқындау сот қызметін белгілеу. Екінші топ - әділсот, соттық бақылау, жеке өндіріспен іс жүргізу тәртібі, Конституция мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының орындалуын қамтамасыз ету, т.б. Бұл бірінші топтан туындалады, яғни бірінші топтағы қызметтердің орындалуының процедурасын анықтау болып табылады. Үшінші топ соттардың басқарушылығына байланысты ішкі функциясын құрайды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 75-

бабында және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңның 1-бабында аталғандай, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Сот төрелігі – бұл адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы. Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз немесе Конституцияның 55 бабының 3-тармақшасында белгіленген жағдайда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды. Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Республика Конституциясы мен Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа соттар құрайды. Заңға сәйкес қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді. Жергілікті соттарға мыналар жатады:

- 1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары);
- 2) (қалалық сот, ауданаралық сот) (Сурет 14.1.).



Сурет 14.1 Жергілікті соттар

Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі (ювеналды) және басқа) соттар құрылуы мүмкін. Мамандандырылған соттарды облыстық немесе аудандық сот мәртебесімен Қазақстан Республикасының Президенті құрады. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотының ерекше мәртебесі бар.

Жоғарғы Сот жергілікті және басқа соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Қазақстан Республикасы Президентінің Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуы бойынша Сенат сайлайды. Жергілікті және басқа соттардың судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды. Жоғарыда аталған заң бойынша судьялыққа кандидаттарға келесідей талаптар қойылады:

1. Аудандық соттың судьясы болып тағайындалуы мүмкін:
 - жиырма бес жасқа толған;
 - жоғары заң білімі бар,
 - еңбек жолы мінсіз заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар;
 - біліктілік емтиханын, оның ішінде мамандандырылған магистратурада тапсырған;
 - медициналық куәландырудан өткен және судьяның кәсіби міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығын растаған;
 - сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және соттың жалпы отырысының оң пікірін алған Қазақстан Республикасының азаматы. Мамандандырылған магистратураны оқып бітірген адамдарға тағылымдамадан өту талап етілмейді.

2. Облыстық соттың судьясы болатын азаматқа жоғарыда аталған талаптар қойылады, өзгешелік:

- оның жұмыс стажында, нақты айтсақ, заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл жұмыс стажы бар немесе кемінде бес жыл судьялық жұмыс стажы бар азамат облыстық соттың судьясы болып тағайындалуы мүмкін.

3. Жоғарғы Соттың судьялығына да аталмыш талаптар қойылады. Мұнда да өзгешелік – жұмыс стажында. Заңға сәйкес, заң мамандығы бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс стажы бар немесе кемінде он жыл судьялық жұмыс стажы бар азамат Жоғарғы Соттың судьясы бола алады. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Ол Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

Конституциямыздың 3-бабының 4-тармағына сәйкес Республикада мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң

шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленді.

Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұруы демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік биліктік құрылымдардан бөлу мемлекеттің құқықтың жоғарылығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді.

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады.

Сот билігі заңда белгіленген шеңберде азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға іс жүзінде өкілдіктері бар біртұтас мемлекеттік биліктің түрі.

Сот билігі деп мемлекет атынан заңның үстемдігі мен әділеттілікті қалпына келтіру, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушы адамдарға мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдану мақсатындағы сот құзыретіндегі жауапты биліктік өкілеттіктердің жиынтығын айтамыз, - деп тұжырымдайды заң ғылымдарының докторы, профессор К.Х. Халиков.

Соттардың заң шығарушы билік органдарынан айырмашылығы олар заң шығармайды. Алайда олардың қызметі заңға тәуелді: сот Конституция мен заңның талаптарына (олардың нормаларын қолдануға және оларды басшылыққа алуға) бағынуға тиіс.

Соттардың мемлекеттік биліктің атқарушы органдары тармағынан айырмашылығы олар ұйымдастырушылық және атқарушылық-өкімгерлік қызметпен айналыспайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамта-масыз етуді мақсат етіп қояды.

Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Сот билігі туралы конституциялық құқықтық нормаларға сүйене отырып сот билігінің мынадай белгілерін көрсетуге болады:

- сот билігі конституциялық бекітілген біртұтас мемлекеттік биліктің тармағы болып табылады;

- сот билігінің тек арнайы мемлекеттік органдарға – Конституцияда белгіленген тәртіппен құрылған соттарға тиесілі болуы;

- сот билігінің тәуелсіздігі. Сот билігінің тәуелсіздігі оның басқа мемлекеттік органдарға бағынбайтындығын білдіреді. Сонымен бірге абсолюттік, толық тәуелсіз соттар да болмайды, өйткені олар Қазақстан

Республикасының Конституциясы мен басқа да заң актілерінің талаптарына бағынуға тиіс. Соттардың заңсыз шешімдерінің күшін тек сот жоя алады, ал басқа құрылымдар ондай құқықты иеленбейді.

- сот билігі мемлекеттің атынан жүзеге асырылады: үкімдер мен соттардың өзге де шешімдері Қазақстан Республикасының атынан жария етіледі;

- сот билігі Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқық-тық актілер, республика халықаралық шарттарының негізінде туындаған дауларға ғана қолданылады. Сот мораль, діни, қызметтік әдеп нормаларын бұзуға байланысты жанжалдарды қарамайды және шешпейді;

- осы билікте оның қызметіне тән іс жүргізу жүргізіледі (талап арыз ісін жүргізу, процеске айыптауға және қорғауға қатысу);

- сот билігінің құқық қорғау сипаты болады. Оның қызметінде осыған байланысты екі қыры бөлініп шығады: құқық пен заңның үстемдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- сот билігінің шешімдері мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етіледі (сурет 14.2).



Сурет 14.2. Сот билігін жүзеге асырудың негізгі принциптері

Ал, енді сот билігінің функцияларына келер болсақ, сот қызметінің мазмұны мен бағытталған қызметіне қарай оның функцияларын негізгі үш топқа бөлеміз:

Соттық функцияның бірінші тобы – адамдар мен азаматтардың

құқықтарын және бостандықтарын қорғау, конституция-лық құрылысты қорғау соттардың қызмет ету бағытын айқындау сот қызметін белгілеу.

Екінші топ – әділ сот, соттық бақылау, жеке өндіріспен іс жүргізу тәртібі, Конституция мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының орындалуын қамтамасыз ету, т.б. Бұл бірінші топтан туынды ретінде шыққан, яғни бірінші топтағы қыз-меттердің орындалуының процедурасын анықтау болып табылады.

Үшінші топ соттардың басқарушылығына байланысты ішкі функциясын құрайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабында және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңның 1-бабында аталғандай, «Қазақстан Респбликасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. **Сот төрелігі** – бұл адам мен азаматтың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, лауазымды адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға тікелей қатысы бар құқық қорғау қызметінің функциясы.

Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55 бабының 3-тармақшасында белгіленген жағдайда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады.

Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және жергілікті соттары құрайды. Заңға сәйкес қандай да болмасын атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол берілмейді.

Жергілікті соттарға мыналар жатады:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот – Қазақстан Республикасының Әскери соты, мамандандырылған қаржылық соттар және басқалар);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот – гарнизонның әскери соты және басқалар).

Қазақстан Республикасында мамандандырылған соттар құруға рұқсат етілген. Мамандандырылған соттарға әскери, қаржылық, экономикалық,

әкімшілік, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі және басқа соттар жатады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық, жергілікті және басқа да соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды. Ал, жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Ол Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы – Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган.

Ұлт жоспарында адамның және азаматтардың конституциялық құқығын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттіліктің біртіндеп тергеу берілуі арқылы сотта айыптау тарапы мен қорғау тарапы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету қажеттілігі көрсетілген.

Сотқа дейінгі өндірісте сот бақылауын кеңейту және қылмыстық процесте жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының тиісті кепілдіктерін құру тергеу судьясымен тікелей байланысты болмақ.

Тергеу судьясының мақсаты: өзіне қылмыстық қудалау функциясын қабылдамай, соттың бақылауын жүргізуді жүзеге асыру. Тергеу судьясы қылмыстық процестегі тараптардың мүмкіндігінің теңдігін, жеке адамдардың конституциялық құқығының қорғалуын, негізсіз айыптаудың және соттаудың, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының заңсыз шектелуінен қорғауды қамтамасыз ететін дербес тұлға.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық кодекс және Қылмыстық процестік кодекс қолданысқа енгізілді. Осы жаңа кодекстерде көп өзгерістер болды. Мысал ретінде айтар болсақ кодекстің 7-тарауында Тергеу судьясы деген түсінік пайда болды. Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 55-бабында тергеу судьясының өкілеттіктерін белгілеген нормалар бекітілді.

Тергеу судьясының жаңа процессуалдық кодекс бойынша өкілеттіктері кеңейді. Олар:


- 1) күзетпен ұстауды санкциялау;
- 2) ұйқамақты санкциялау;
- 3) лауазымынан уақытша шеттетуді санкциялау;
- 4) жақындауға тыйым салуды санкциялау;

- 5) экстрадициялық қамақты санкциялау;
- 6) күзетпен ұстау, ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту;
- 7) кепілді қолдану;
- 8) мүлікке тыйым салуды санкциялау;
- 9) күзетпен ұсталмайтын адамды сот-психиатриялық және (немесе) сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру;
- 10) бұрын өзіне қатысты күзетпен ұстау қолданылған адамның психикалық ауру фактісі анықталған кезде, оны ауруларды қатаң оқшаулау жағдайында ұстауға лайықталған, психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға ауыстыру;
- 11) мәйітті эксгумациялау;
- 12) күдіктіге, айыпталушыға халықаралық іздеу жариялау мәселелерін қарайды.

Сол өзгерістердің ішіндегі жаңалығы сотқа дейінгі тергеу барасында жәбірленушінің немесе куәнің көрсеткен айғақтарын сақтауға қоюы (депонирование). Мысалы қарапайым тілмен түсіндірсек, Астана қаласына әр түрлі себеппен (мәселен іс сапармен демалысқа) келген адамдар жәбірленуші болған жағдайда солардың көрсеткен айғақтарын тергеу судьясы жауап алып бекітеді. Жоғарыда аталған мәселелерге қатысты санкция берген кезде тергеу судьясы тиісті материалдарды тергеу органдарынан сұратып алдырады.

14.2 Қазақстан Республикасындағы прокуратураның конституциялық -құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының прокуратурасы – мемлекет атынан Республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге нормативтік құқықтық актілердің дәл және бірыңғай қолданылуына, жедел-ізвестіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік орган (Сурет 14.3).



Сурет 14.3 Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының жүйесі

Прокуратура органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің принциптері:

1. Бағыныштылық принципі. Қазақстан Республикасы прокуратурасы төменгі прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына бағынатын органдар мен мекемелердің біртұтас орталықтандырылған жүйесін құрайды.

2. Тәуелсіздік принципі. Қазақстан Республикасы прокуратурасы өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз жүзеге асырады.

3. Прокуратура қызметіне араласуға жол берілмейтіндігі принципі. Өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады.

4. Прокурорлық қадағалау актілерінің жалпыға міндеттілік принципі. Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті.

5. Прокуратура қызметінің жариялылығы. Прокуратура органдары Республиканың азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды. Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар

қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды. Бас прокурорды Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды. Облыстық және оған теңестірілген прокурорларды Республика Президентінің келісімімен Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайды. Қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорларды Республиканың Бас Прокуроры бес жыл мерзімге тағайындайды. Прокуратураның құқықтық актілерінің жүйесін:

1) прокурорлық қадағалау актілері: наразылық, қаулы, ұйғарым, өтініш, санкция, нұсқау, ұсыныс, үндеу, алдын ала ескерту, заңға түсіндірме;

2) прокуратураны ұйымдастыру және оның қызмет мәселелерін реттейтін актілер: бұйрықтар, нұсқаулар, өкімдер, ережелер, нұсқаулықтар құрайды. Прокуратура органдары жоғары қадағалауды заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл әрі бірыңғай қолданылуына тексерістер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Заңдардың қолданылуына тексерісті прокурор өз өкілеттігі шегінде тексеріс жүргізу туралы қаулы шығарылғаннан кейін:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсыруына;

2) заңды бұзушылық туралы өтініштерге, шағымдарға, хабарларға және басқа да мәліметтерге;

3) заң бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына;

4) жоспарлы тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жиынтық жоспарына;

5) жоғары тұрған прокурордың тапсыруына және сұрау салуына байланысты жүргізеді.

Прокурордың өз өкілеттігін жүзеге асыруына қандайда болмасын нысанда кедергі келтіруге, араласуға болмайды. Кедергі келтіру немесе оған заңсыз шешім қабылдату мақсатында қандай да болсын нысанда ықпал жасау, сондай-ақ прокурорлардың қаулыларын, ұйғарымдарын, нұсқауларын, талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Прокуратура кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды.

14.3 Қазақстан Республикасының Адам құқығы жөніндегі Уәкілдің конституциялық-құқықтық мәртебесі

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оларды сақтау мен құрметтеудің мемлекеттік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің міндеттері адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал ету болып табылады.

Қазақстан Республикасы конституциясының 1 бабына сәйкес, Қазақстан өзінің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Адам мүдделерін қорғау үшін, ең алдымен, оның негізгі құқықтары мен бостандықтарын, заң мазмұндарын көрсете отырып, олардың қамтамасыз етілуіне қатысты тиімді әрекеттерді қалыптастыру қажет. Бұл әрекеттер тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен бірге жалпы адамзат, халықаралық қауымдастық тұрғыда жүзеге асырылуы тиіс.

Дегенмен, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды тану соңғысының сақталуына кепілдік бермейді, неғұрлым жетілдірілген, құқық қорғау стандарттарына сай келетін заңдар қажет. Адам құқықтарын толыққанды іске асыру арнайы құқық қорғау мекемелері енетін біртұтас құқық қорғау инфрақұрылымы болған жағдайда ғана қамтамсыз етіледі.

Уәкіл институтының негізгі ерекшелігі – оның алдымен, сот, прокуратура немесе өзге де мемлекеттік органдармен бәсекелеспейтін құқық қорғаудың қосымша құралы ретінде болуы. Бұл институттың мәні – мемлекеттік билік органы бола отыра қоғам мен оның азаматтарының мүдделерін айқындаушы ретінде мемлекеттік билік органдарының қызметіне бақылау жасайтындығында.

Омбудсмен институты – жалпыға бірдей және тікелей дауыс беру арқылы сайланатын парламент немесе президент сияқты халықтан тікелей емес, қолданыстағы мемлекеттік билік субъектілерінің біреуінен өз өкілеттілігін алатын биліктің туынды субъектісі. Омбудсменнің орындалуы міндетті ұйғарымдарды шығаруға құқығы жоқ. Әкімшілік органдардың немесе олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттерімен азаматтардың құқықтары бұзылған жағдайда, омбудсмен әкімшілік шешімді өзгертуге не азаматқа келтірген залалды өтеуге қатысты ұсынымдарды ғана, сондай-ақ әкімшілік тәжірибені жетілдіруге, ізгілік сипат беруге бағытталған кең ауқымды ұсынымдарды енгізуге құқылы.

Қазіргі таңда дүниежүзінің әр түрлі елдерінде 100-ден астам омбудсмен бар. Бұл лауазымды тұлға әртүрлі атауларға ие: медиатор, провайдер, адам

құқықтары жөніндегі өкіл, т.б. атаулардың көп қырлығы, ең алдымен тарихи түрлі ортамен, конституциялық-саяси жүйелердің ықпалымен және философиялық көзқарастармен анықталады. Сол уақытта бұл институт нысандарының әр-алуандылығымен сипатталғанымен, әрқашанда біртұтастық бағытқа ие болады.

Омбудсмен алғаш рет 1809 жылы Швецияда құрылды, бірақ ол тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әртүрлі құқықтық жүйелер мен басқару нысандарына ие мемлекеттермен заңды тұрғыдан мойындалады. Бұл барлық елдер бюрократиямен күресу мәселелермен кездесетіндігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар олар тұрақтылықты сақтау мақсатында мемлекет пен азаматтың арасындағы шиеленісті төмендетуге мүдделі. Атқарушы билік әрекетін ұйымдастыратын ауқымы ең үлкені – мемлекет. Мемлекеттің әкімшілік қызметтерін кеңейтумен омбудсмон институтының кеңеюі оның дүниежүзінің елдерінің көбінде конституциялық саяси жүйеге енумен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының пайда болуына қоғам мен мемлекеттің дамуы, оны демократияландыру және елде құқық қорғау жүйесін қалыптастыру себеп болды. Жаңа мемлекеттік орган құрудың алдында осы институтты кеңінен түсіндіру, Уәкіл институтының мемлекеттік басқаруды жетілдіруге әсерін талдау мен жобалау бойынша көп жоспарлы жұмыстар атқарылды.

2002 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы» Жарлығын қабылдау арқылы Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды.

Біздің елімізде адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметі белгіленіп, оның жұмысқа кіріскеніне бірнеше жыл болды. Бірақ бұған қарамастан, біздің елімізде ол туралы түсініктері тым шектеулі. Шынын айту керек, Қазақстандықтар үшін Омбудсмен – Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сөзі әзірге түсініксіздеу естіледі. Біздің отандастарымыз әлі де болса Омбудсменнің немен шұғылданатыны туралы жеткілікті біле бермейді. Омбудсмен сөзі тұңғыш рет осыдан 150 жылдай уақыт бұрын Еуропада, оның ішінде Швейцариямен Финляндияда пайда болған. Алғашында ол мемлекеттік басқару стандарттарын жетілдіру мақсатын көздегендіктен мемлекеттік басқарудан қосымша механизмі қызметін атқарған. Тек кейін келе ғана ол адам құқықтарын қорғау құрал ретінде пайдаланыла бастайды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл дегеніміз – Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес адам құқықтарының сақталуына бақылау жасап, мемлекеттік органдар мен лауазым иелерінің адам құқықтарының бұрмалауына соқтырған іс әрекеттеріне қатысты арыз – шағымдарды қарайтын, сол сияқты, адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнамалардың халық аралық стандарттарымен қатаң үлесе отырып дамуына ықпал жасайтын тәуелсіз қызмет атқаратын орган.

Омбудсмен бүкіл дүние жүзінде кеңес беру құзыры арқылы жұмыс жүргізеді. Қазақстандағы омбудсменге де келіп түскен мағлұматтарға байланысты мемлекеттік органдарға азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру үшін не істеу керектігі жөнінде кеңес береді. Себебі омбудсмен мемлекетпен жеке адамдардың арасындағы құқықты қарым-қатнастарды бақылаушы болып табылады. Осы тұрғыда келгенде, омбудсмен мемлекет пен жеке адамдардың арасындағы делдал қызметін атқарады. Бұл бүкіл дүние жүзіне дерлік қалыптасқан дәстүр.

Өз қызметінде Уәкіл бес негізгі басымдықтарға айрықша назар аударады. Олар: балалар мен әйелдердің, аз ұлттардың, сотталғандар мен қамауда отырғандардың және халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтарын қорғау. Бұл жұмыста үкіметтік емес ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдармен және халықаралық ұйымдармен қызметтестікке үлкен көңіл бөледі.

Осы орайда біздің еліміздің адам құқықтары саласындағы бірқатар маңызды келісімдер бекіткенін атап көрсету қажет. Олардың қатарында бала құқықтары туралы, Ұлттық кемсітушіліктің барлық түріне жою туралы, Әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық түрін жою туралы және басқа да конвенциялар бар.

Құқық қорғау институты ретінде омбудсменнің қызметі де осы міндеттердің жүзеге асыруына ықпал жасау бағытында жүретін болады. Демек, 2022 жылдың 5 қарашасында қабылданған Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Конституциялық заңына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігі мерзімі ішінде қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтары шектеулерге жатпайды.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің заңды қызметіне араласу не кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жыл сайынғы баяндамасында көрсетіледі.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өзінің лауазымдық міндеттерін орындауына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы куә ретінде жауап алуға жатпайды.

5. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өз қызметін жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығына кепілдік беріледі.

6. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметтік куәлігін көрсеткен кезде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы мекемелер мен басқа да объектілерге кедергісіз баруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне барған уақытында өткізу және объектішілік режимдердің белгіленген талаптарын сақтайды.

7. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай режимі енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратындығы туралы кепілдік берілген.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы жүйесінде сот жүйесінің орны және рөлі: аудандық және оған теңестірілген соттар, облыстық және оған теңестірілген соттар, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының қызметіне схема құрастырыңыз.

2. Судья тәуелсіздігі және оның кепілдіктерін анықтаңыз.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот Кеңесін құру тәртібі, оның құрамы және өкілеттіктерін сипаттаңыз.

4. Мамандандырылған әділет алқасын құру тәртібі, оның құрамы және өкілеттіктерінің ерекшеліктерін сипаттаңыз.

5. Сот жүйесін реформалаудың құқықтық салдары мен ерекшеліктері.

6. Прокурорлық қадағалаудың түсінігі. Оның мәні және қажеттілігі.

7. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыретіне тоқталыңыз.

8. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің адамның бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу тәртібіне сипаттама беріңіз.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Төрағасын кім тағайындайды:

А) Сенат тағайындайды

В) Мәслихат тағайындайды

С) Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделі Президенттің ұсынуымен Сенат тағайындайды

Д) Парламент тағайындайды

Е) Конституциялық Сот тағайындайды

2. Қазіргі уақытта төменде көрсетілген органдардың қайсысы сот билігінің жоғарғы органы болып табылады:

- А) Конституциялық Сот
- В) Конституциялық Кеңес
- С) Жоғарғы Сот
- Д) Жоғарғы Соттардың пленумы
- Е) Республиканың жергілікті соттары

3. Судьялардың өкілеттік мерзімі:

- А) 7 жыл
- В) 5 жыл
- С) 3 жыл
- Д) ғұмыр бойы
- Е) 10 жыл

4. Жоғарғы сот:

- А) тұрақты судьялардан
- В) соттық алқалардан және төрағадан
- С) соттық алқалардың төрағаларынан
- Д) төрағадан, соттық алқалар төрағаларынан және тұрақты судьялардан
- Е) Әділет Министрі, Бас прокурор, тұрақты судьялардан тұрады

5. Жоғарғы сот судьяларының саны бекітіледі:

- А) Жоғарғы Сот Төрағасымен
- В) Әділет Министрімен
- С) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президентімен
- Д) Әділет Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президентімен
- Е) Бас Прокурормен бекітіледі

6. Жоғарғы сот органдары:

- А) Пленум
- В) Президент
- С) Сот Кеңесі
- Д) арбитраждық алқа
- Е) Пленум, президиум, алқалар болып табылады

7. Облыстық және оған теңестірілген соттардың барлық органдарын көрсетіңіздер:

- А) Сот президиумы
- В) Пленум

- C) Азаматтық істер бойынша сот алқасы
- D) Қылмыстық істер бойынша сот алқасы
- E) Қадағалау, азаматтық және қылмыстық істер бойынша алқалар, соттардың жалпы отырысы

8. Қылмыстық, азаматтық істер бойынша соттық алқалар басқарылады:

- A) алқалар төрағаларымен
- B) сот төрағасымен
- C) Жоғарғы сот төрағасымен
- D) тұрақты судьялармен
- E) прокурорлармен

9. Облыстық соттың жалпы отырысы:

- A) жылына кеміне үш рет өткізілуі керек
- B) жылына кеміне төрт рет өткізілуі керек
- C) тек қажетіне қарай өткізілуі керек
- D) қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізілуі керек
- E) жылына кеміне бір рет өткізілуі керек

10. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне төмендегілердің қайсысы кірмейді:

- A) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
- B) облыстық соттар
- C) арбитраждық соттар
- D) аудандық соттар
- E) әскери соттар

11. Қазақстан Республикасының сот жүйесі өзінің негізгі қағидалары мен сипаттары бойынша келесі жүйеге сәйкес келеді:

- A) англосаксондық соттық жүйеге
- B) континенталдық соттық жүйеге
- C) англосаксондық және континенталдық соттық жүйеге
- D) Қазақстан Республикасының ерекше соттық жүйе жоқ
- E) романо-германдық сот жүйесіне

12. Қазақстан Республикасындағы Жоғарғы сот судьяларының жалпы санын:

- A) Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты
- B) Жоғарғы сот Төрағасының ұсынысымен Қазақстан Республикасының Президентімен
- C) Президенттің ұсынысымен Жоғарғы Сот төрағасы
- D) Әділет біліктілік алқасы төрағасының ұсынысымен Президент
- E) Әділет біліктілік алқасы төрағасының ұсынысымен Парламент

13. Жоғарғы Соттың жалпы отырысы заңды деп табылады:

- A) жартысынан көбі болғанда
- B) 1/3 болғанда
- C) 2/3 болғанда
- D) санының мәні жоқ
- E) барлық мүшелері болғанда

14. «Сот билігі – мемлекеттік биліктің ең маңызды тармақтарының бірі» деп көрсеткен қазақстандық заңгер-ғалымды ата

- A) Қ.Сатбаев
- B) К.Халықов
- C) Б.П. Курашвили
- D) Д.Жанпейсов
- E) Е.Қаржаубаев

15. Адамдар тағдырындағы ең жоғарғы әділеттілік таразысы – ол

- A) атқарушы билік
- B) сот билігі
- C) ішкі істер органы
- D) халыққа қызмет көрсету орталығы
- E) Қазақстан Р құқық қорғау органдары

16. Империялық сот дегеніміз

- A) аудандық соттың жүйесі
- B) мемлекеттік сот жүйесі
- C) соттың құрамы
- D) ҚР Жоғарғы соты
- E) билер соты

17. Империялық сот жүйесіне қандай соттар кіреді

- A) мировой соттар, аумақтық соттар, сот палаталары және әскери-сот комиссиялары
- B) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Облыстық соттар
- C) аудандық және облыстық соттар
- D) Алматы және Астана қалаларының соттары, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
- E) аудандық және облыстық соттар, мамандандырылған соттар

18. Билер соты дегеніміз

- A) жергілікті халық соттары
- B) соттың құрамы
- C) аудандық мамандандырылған соттар
- D) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Е) Облыстық соттар

19. Кеңес өкіметінің ең алғашқы сот құрылысы туралы №1 декреті қашан қабылданды

- A) 1917жылы 17қарашада
- B) 1916жылы 15 қазанда
- C) 1918жылы 21 ақпанда
- D) 1919жылы 20 мамырда
- E) 1920жылы 5 желтоқсанда

20. 1917жылы судьялар және халық заседательдері қандай принцип негізінде сайланды

- A) демократиялық
- B) гуманизм
- C) жүйелеу
- D) теңдік принципі
- E) заңдылық

21. Кеңес өкіметі кезіндегі №3 декреттің негізгі мақсаты

- A) сот құрылысы жөнінде
- B) сот құрамы жөнінде
- C) аумақтық сот құру жөнінде
- D) сот ісі жөнінде
- E) халық сотын жүйелеу жөнінде

15 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

15.1 Жергілікті мемлекеттік басқару түсінігі

Қазақстан Республикасы Конституциясының 85-бабына сәйкес, мемлекеттік басқару шаралары жергілікті өкілетті органдар – маслихаттар және атқарушы органдар тарапынан іске асырылады. Ол мемлекеттің құрамдас бір бөлігі болып табылады және Республика үшін біртұтас мемлекеттік қызмет принциптерін басшылыққа алады. Бұл органдарды 2001 жылы 23 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заң реттейді. Бұл заң жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихат депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді.

Жергілікті мемлекеттік басқару жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті аумақта мемлекеттік саясатты жүргізу, оны аталған заң мен басқа да заңдық актілер белгілеген құзыреттер шегінде дамыту мақсатында жүзеге асыратын қызмет болып табылады. Заң мәслихаттар мен әкімияттар үшін ортақ негізгі талаптар мен шектеулер белгілейді.

Оларға төмендегілер жатады:

1. Мәслихаттар мен әкімшіліктер жалпы мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатқа, қаржы мен инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге тиіс;

2. Мәслихаттар мен әкімияттар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделерін сақтауға тиіс;

3. Мәслихаттар мен әкімияттар өз құзыреттерінің шектерінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

4. Мәслихаттар мен әкімияттарға қызметінің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстануға тиіс;

5. Мәслихаттар мен әкімияттарға Қазақстан Республикасының шегінде бірыңғай еңбек рыногын, капитал, қаржы нарқын қалыптастыруға, тауарлар мен қызметтермен еркін алмасуға кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға тыйым салынады;

6. Мәслихаттар мен әкімияттар өз аумақтарын дамыту жоспарларын әзірлеу және қабылдау кезінде Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық жоспарларын басшылыққа алуға тиіс.

Жергілікті өкілді орган (маслихат) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асуын бақылайтын сайланбалы орган болып табылады.

Мәслихаттарды халық жалпыға ортақ, тең, тура сайлау құқығы негізінде құпия дауыс беру жағдайында бес жыл мерзімге сайлайды.

Мәслихат тек мемлекеттік өкілді орган болып саналады; заңды тұлға болып табылмайды, яғни қандай-бір шаруашылық әрекеттер жасамайды. Мәслихат кіммен де болмасын шаруашылық қатынастарға кірмейді. Ол мемлекеттік, құқықтық проблемаларды шешетін мемлекеттік орган болып табылады және азаматтардың әлеуметтік, экономикалық, ұлттық және т.б. жай күйінен тәуелсіз бүкіл халықтың еркін білдіреді.

Мәслихат депутаты болып, 20 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады. Ол тек бір ғана Мәслихатқа депутат бола алады.

Мәслихаттың негізгі өкілеттіліктеріне мыналар жатады:

- аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекітеді;

- өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

- заң бойынша Мәслихат құзыретіне жатқызылған немесе атқарушы билікке жатқызылған мәселелердің орындалуы туралы жергілікті атқарушы органдардың басшыларының есебінен тыңдау;

- мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

- Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Тиісті мәслихат депутаттарының санын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шектерде: облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында – елуге дейін; қалалық мәслихатта – отызға дейін, аудандық мәслихатта – жиырма беске дейін белгілейді.

Мәслихат тұрақты әрекет ететін мемлекеттік басқару органы болып табылмайды. Мәслихат сессиялар бойынша жұмыс істейді, сессия мәслихаттар қызметінің негізгі нысаны болып табылады. Мәслихаттың өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шығаратын шешімдері мәслихаттың актілері болып табылады. Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейдейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Жергілікті мемлекеттік басқару мемлекеттік биліктің туындысы, мемлекет тетігінің ерекше бөлшегі болып табылады және белгілі бір дербестікке ие болады. Заңнамада жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті

аумақтағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жүзеге асыратыны бекітілген және олар үшін негізгі талаптар мен шектеулер белгіленген. Яғни жергілікті мемлекеттік басқару органдары өз қызметінде:

1) жалпы мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатқа, қаржы және инвестициялық саясатқа сәйкес келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтауға;

3) қызметтің қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстануға;

4) азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Оларға Қазақстан Республикасының шегінде бірыңғай еңбек рыногын, капиталды, қаржыны қалыптастыруға, тауарлар мен қызмет көрсетуді еркін алмасуға кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға тыйым салынады. Олардың қабылдайтын аумақты дамыту жоспарлары Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарларына сәйкес келуге тиіс.

Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы тиісінше облыстың (респуб-ликалық маңызы бар қаланың, астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы бес жыл мерзімге сайлайды. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады (Сурет 15.1).



Сурет 15.1. Мәслихат депутаттығы сайлану.

Мәслихат депутаттарының саны заңмен жеке мәслихаттар үшін әртүрлі белгіленген. Мысалы, облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында - елуге дейін; қалалық мәслихатта - отызға дейін; аудандық мәслихатта - жиырма беске дейін. Депутаттар санын аталған шектерде

Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы белгілеген оның депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үші сайланған жағдайда мәслихат заңды болып есептеледі.

Мәслихаттың өкілеттігі бірінші сессия ашылған кезден басталады және жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясының жұмысы басталғанда аяқталады. Әкімшілік-аумақтық бөлініс қайта ұйымдастырылған (біріккен, қосылған, қайта құрылған, бөліп шығарылған немесе бөлінген) жағдайда жаңадан сайланған мәслихат сессиясының жұмысы басталғанға дейін мәслихат депутаттары өз өкілеттігін сақтайды және құрамына өз сайлаушыларының басым бөлігі кірген, қайта ұйымдастырылған мәслихаттардың депутаттары болып табылады. Ал, әкімшілік-аумақтық бөлініс таратылған жағдайда тиісті мәслихат таратылады.

Жоғарыда аталғандай мәслихаттар жергілікті маңызы бар істерді шешеді және олардың жай-күйі үшін жауапты болып табылады. Оның құзыреті біршама кең болып келеді. Нақты конституциялық өкілеттіктерін қарастырсақ, оларға мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Мәслихаттардың өкілеттіктерінің шегі осы аталғандармен бітпейді. Олардың толық көлемі Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңда реттелген.

Мәслихат өз өкілеттігін сессияларда тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, мәслихат сессиясының төрағасы, мәслихаттың депутаттары мен хатшысы арқылы жүзеге асырады. Сессия Мәслихаттың қызметінің негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылады, онда мәслихаттың қарауына заңдармен жатқызылған мәселелер шешіледі.

Егер мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі сессияға қатысса, мәслихат сессиясы заңды болады.

Жаңадан сайланған мәслихаттың бірінші сессиясын осы мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үші болған ретте, мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.

Мәслихат сессиясының екі түрі болады:

1. Кезекті сессия;
2. Кезектен тыс сессия.

Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясын осы мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен бірінің, сондай-ақ әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының төрағасы шақырады және жүргізеді. Кезектен тыс сессияда оны шақыруға негіз болған ерекше мәселелер қаралады.

Сессияның ұзақтығын мәслихат белгілейді.

Жоғарыда аталғандай мәслихат өз өкілеттігін өзінің органдары, мәслихат сессиясының төрағасы, мәслихаттың депутаттары мен хатшысы арқылы жүзеге асырады. Мәслихаттың органдарының келесідей түрлерін көрсетеміз:

1. Тұрақты комиссиялар;
2. Тексеру комиссиясы;
3. Уақытша комиссиялар.

Тұрақты комиссиялар Мәслихаттың өкілеттігі мерзіміне оның өзімен құрылады. Олардың саны жетеуден аспауға тиіс. Тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелерін өз депутаттары арасынан тиісті мәслихат сайлайды. Тұрақты комиссиялар өздерін сайлаған мәслихат алдында жауапты және жылына кемінде бір рет өз қызметі туралы есеп береді, өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулылар қабылдайды.

Мәслихаттың тексеру комиссиясы жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау үшін мәслихаттың өкілеттігі мерзіміне құрылады. Мүшелерінің санын мәслихат белгілейді. Тексеру комиссиясының төрағасын мәслихат депутаттар арасынан сай-лайды. Тексеру комиссиясының жұмысына мәслихат депутаты емес адамдар да шарт негізінде тартылуы мүмкін.

Тексерулер мәслихаттың, тексеру комиссиясының не мәслихат хатшысының шешімдерімен, мәслихаттың сайланған депутаттары санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Тексеру нәтижесі бойынша тексеру комиссиясы акт жасап, ол туралы мәслихат пен әкімдікке хабарлайды. Тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Мәслихаттың құзырына жатқызылған мәселелерді сессия-ларда қарауға әзірлеу мақсатында мәслихат не мәслихат хатшысы уақытша комиссиялар құруға құқылы. Уақытша комиссиялардың құрамын, міндеттерін, өкілеттік мерзімдерін және құқықтарын мәслихат оларды құру кезінде белгілейді.

Мәслихаттың уақытша комиссиялары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қорытындылар қабылдайды.

Мәслихаттың ұйымдастырылуындағы ерекше жағдай – онда басқа органдардағыдай төраға болмайды. Мәслихатта мәслихат төрағасы емес, мәслихат сессиясының төрағасы қызмет етеді. Ол мәслихаттың тұрақты емес, кезеңдік түрде жұмыс істеуіне байланысты деп айтуға болады. Мәслихат сессиясының төрағасын мәслихат өз депутаттарының арасынан сайлайды.

Мәслихаттың әрбір кезекті сессиясының төрағасы мәслихаттың алдыңғы сессиясында сайланады. Сессияның төрағасы болмаған жағдайда

оның өкілеттігін мәслихат хатшысы жүзеге асырады.

Мәслихат депутаты мәслихат сессиясының төрағасы болып күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық сайлана алмайды және ол өз қызметін басқа жұмыстан босатылмаған негізде жүзеге асырады. Мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда, мәслихат сессиясының төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Мәслихатта тұрақты, басқа жұмыстан босатылған негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып мәслихаттың хатшысы табылады. Оны мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және қызметтен босатады. Мәслихаттың хатшысы мәслихат өкілеттігі мерзіміне сайланады.

Мәслихат хатшысының мәслихаттың тұрақты комиссияларында болуға құқығы жоқ. Ол болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бойынша мәслихат тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.

2007 жылғы 21 мамырдағы конституциялық реформа Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесіне өзгертулер енгізді. Тиісті реформа бойынша Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті тоқтататын болды, оған дейін мәслихатты тарату Парламент Сенатының құқығы болатын. Сонымен қоса мәслихат өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Мәслихат өкілеттігі мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын сот тәртібімен заңсыз деп танылған шешімдер қабылдау түрінде бірнеше рет (екі және одан да көп) бұзса;

2) егер жаңадан сайланған мәслихат бірінші сессиясы ашылған күннен бастап отыз күн өткенше өз құрылымын белгілемесе және тиісті органдарын құрмаса;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қайта ұйымдастырылса немесе таратылса;

4) мәслихат өз депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің жасырын даусымен өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаса;

5) жергілікті бюджетті, аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын екі рет бекітпеумен білдірілген әкімшілікпен арада еңсерілмейтін келіспеушіліктер болса;

6) әкімшілік-аумақтық бөліністі басқару схемасын екі рет бекітпеумен білдірілген әкіммен арада еңсерілмейтін келіспеушіліктер болса.

15.2 Жергілікті атқарушы органдар

Заң бойынша жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының біртұтас атқарушы органдары жүйесіне кіреді. Ол өз территориясында

мемлекет мүддесін қорғай отырып, жалпы мемлекеттік саясатты іске асырады.

Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

- аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

- коммуналдық меншікті басқару;

- жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарым,ен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жергілікті атқарушы органды әкім басқарады. Ол әкімшілік-территориялық бірлікті басқара отырып, жергілікті жердегі Президент пен Қазақстан Республикасының Үкіметінің өкілі болып табылады. Облыс әкімдері және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.

Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы.

Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғарғы тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.

Әкімдер тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін.

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру мен олардың қызметі заңмен реттеледі.

Сонымен қатар, жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын келесі орган – жергілікті атқарушы органдар. «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңға сәйкес жергілікті атқарушы орган (әкімият) – бұл облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мем-лекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Конституцияға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1. Аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2. Коммуналдық меншікті басқару;

3. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4. Жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Республика заңдарымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады.

Республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық (селолық), ауылдық (селолық) округтік әкімияттар құрылмайды.

Мәслихаттар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер, ал әкімдер - тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында орындалуға міндетті шешімдер мен өкімдер қабылдайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады (Сурет 15.2.1).



Сурет 15.2.1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тағайындау

Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірісін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығысын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған кезде ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.

Бақылау сұрақтары:

1. Мәслихаттар жергілікті өкілді органдар. Оларды құру тәртібі, құзыреті және қызметінің ұйымдастырылуына схема құрастырыңыз.
2. Әкіматтар – Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының негізгі субъектісі ретінде құқықтық мәртебесін ашып көрсетіңіз.
3. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметін ұйымдастыру тәртібін сипаттаңыз.
4. Мәслихаттар – жергілікті өкілді органдар ретіндегі құқықтық мәртебесі.
5. Әкіматтар – жергілікті атқарушы органдар ретіндегі құқықтық мәртебесі.
6. Мәслихат депутаттарына қойылатын талаптар және олардың өкілеттіктері.

Тақырып бойынша тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасында жергілікті атқарушы биліктің басшысы болып:

- A) Мәслихат
- B) әкім
- C) Бас Прокурор
- D) Президент
- E) Сот табылады

2. Мәслихат өкілетті мерзімінен бұрын қандай орган немесе лауазымды тұлғамен таратылады:

- A) Президентпен
- B) Премьер-министрмен
- C) Сенатпен
- D) Мәжіліспен
- E) әкіммен

3. Мәслихат өз құзыреті бойынша келесі актілерді қабылдайды:

- A) Қаулы
- B) Резолюция
- C) Өкім
- D) Ережелік хаттар
- E) Шешім

4. Мәслихат депутаты болып Қазақстан Республикасының азаматы:

- A) 25 жасқа толғанда сайлана алады
- B) 20 жасқа толғанда сайлана алады
- C) 30 жасқа толғанда сайлана алады
- D) 18 жасқа толғанда сайлана алады
- E) 35 жасқа толғанда сайлана алады

5. Мәслихаттың кезекті сессиясы оның төрағасымен:

- A) жылына 1 рет шақырылады
- B) жылына 4 рет шақырылады
- C) жылына 3 рет шақырылады
- D) жылына 2 рет шақырылады
- E) жылына 5 рет шақырылады

6. Облыс, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін:

- A) Тиісті мәслихаттардың келісімімен Президент тағайындайды
- B) Үкімет тағайындайды
- C) халық сайлайды
- D) Парламент тағайындайды
- E) Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Президент тағайындайды

7. Мәслихаттарды халық жалпыға бірдей, тең, төте сайлау арқылы:

- A) 3 жылға сайлайды
- B) 5 жылға сайлайды
- C) 4 жылға сайлайды
- D) 1 жылға сайлайды
- E) 2 жылға сайлайды

8. Мәслихаттар әкімге келесі жағдайда сенімсіздік білдіре алады:

- A) жалпы депутаттар санының 1/5 дауыс бергенде
- B) жалпы депутаттар санының 1/3 дауыс бергенде
- C) жалпы депутаттар санының 3/4 дауыс бергенде
- D) жалпы депутаттар санының 1/2 дауыс бергенде
- E) 3/5 дауыс бергенде

9. Мәслихат сессиясының қызметі заңды деп саналады:

- A) депутаттардың 3/4 бөлігі қатысқанда
- B) депутаттардың 2/3 бөлігі қатысқанда
- C) депутаттардың жалпы санының жартысы қатысқанда
- D) депутаттардың 3/5 бөлігі қатысқанда
- E) депутаттардың 1/2 бөлігі қатысқанда

10. Мәслихат депутаттарының саны:

- A) Орталық сайлау комиссиясы
- B) жоғарғы тұрған өкілетті орган
- C) заңда көрсетілген негізде сәйкес маслихат өз өкілеттілігінің шеңберінде
- D) Парламент
- E) жоғары тұрған әкім

11. Мәслихат шешімдерінің күшін тоқтатады:

- A) Мәслихаттың шешімдерінің күшін тек Парламент тоқтата алады
- B) Мәслихаттың шешімдерінің күшін жоғары тұрған маслихат тоқтата алады
- C) Мәслихаттың шешімдерінің күші мәслихаттың өзімен не соттың шешімі арқылы тоқтатылады
- D) Мәслихаттың шешімдерінің күші Маслихат сессиясының төрағасы тоқтатады
- E) Мәслихат шешімдерінің күшін Прокурор тоқтатады

12. Қандай жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдерінің өкілеттілігі тоқтатылады:

- A) жаңа шақырылымдағы Парламент жұмысы басталғанда
- B) жаңадан сайланған Республика Президенті лауазымын атқаруға кіріскен сәтте
- C) тиісті мәслихат қызметін тоқтатқанда
- D) Парламент Сенаты қызметін тоқтатса
- E) Мәжіліс қызметін тоқтатса

13. Әкімнің өкілеттігіне жатпайды:

- A) тұрғын үй қорын бөледі
- B) жергілікті жолаушылар тасымалдайтын транспорттардың маршруты мен қозғалыс графигін бекітеді
- C) бюджетті бекітеді
- D) денсаулық сақтау мекемелерін басқарады
- E) жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады

14. Мәслихат өзінің өкілеттілік мерзімінің ішінде қандай органдарын құрады:

- A) тұрақты комиссия
- B) департамент
- C) комитет
- D) агенттік
- E) бөлім

15. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органын көрсетіңіз:

- A) Әкімият
- B) Әкімнің аппараты
- C) Мәслихат
- D) Муниципалитет
- E) Жергілікті Әділет Департаменті

16. Әкімдер шығаратын акт:

- A) шешімдер, өкімдер
- B) қаулылар
- C) өкімдер, жарлықтар
- D) жарлық
- E) шешіммен қаулылар

17. Мәжіліс депутаттары жалпы қандай санымен әкімге сенімсіздік білдіре алады:

- A) 1/5
- B) 1/2
- C) 3/5
- D) 3/4
- E) 1/4

18. Әкімдерді қызметінен бұрын босата алады:

- A) Президент
- B) Мәжіліс депутаттары
- C) Жоғарғы тұрған әкім
- D) Премьер-Министр
- E) Сенат

19. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін мәслихат шешімдерінің күші жойылады:

- A) Шешім негізінде
- B) Сот тәртібімен
- C) Заң негізінде
- D) Президент Жарлығының негізінде
- E) Жойылмайды

20. Облыстық мәслихаттарда депутаттардың саны:

- A) 20-дан аспауы керек
- B) 25-тен аспауы керек
- C) 30-дан аспауы керек
- D) 40-тан аспауы керек
- E) 50-нан аспауы керек

21. Қалалық мәслихаттарда депутаттардың саны:

- A) 20-дан аспауы керек
- B) 25-тен аспауы керек
- C) 30-дан аспауы керек
- D) 50-ден аспауы керек
- E) 10-нан аспауы керек

Теориялық есеп №9.

15-тақырып. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері

1. Облыс Әкімі облыстық Мәслихатпен бірлесіп, облыстың атауын өзгерту туралы шешім қабылдады. Аталған шешімнің заңды күші бар ма?

2. Алматы облысының Мәслихаты облыс аумағында жергілікті референдумды белгіледі. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасы Конституциясының қандай бабы бұзылды?

3. Алматы облысының әкімі «қалалық жолаушылардың автокөлігін табиғи газға ауыстыру» туралы қаулы қабылдады. Бұл шешімнің заңды күші бар ма?

4. Алматы облысының Мәслихаты Президент Әкімшілігінің өкілдері мен Үкімет аппаратының қызметкерлері қатысқан өзінің кеңейтілген отырысында облыс Әкімін тағайындады. Әкімдерді тағайындаудың конституциялық тәртібі сақталды ма?

5. Қазақстан Республикасының Парламенті, Алматы облысы Әкімінің есебін тыңдай келе, 2/3 дауыспен оны лауазымынан босату туралы республика Президентіне ұсыныс жасады. Президент, ұсынысты қарастыра келе, депутаттардың пікірімен келісіп, бұл лауазымға жаңа әкімді тағайындады. Бұл шешімнің заңды күші болады ма?

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ» КУРСЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕР ТІЗІМІ

Нормативтік-құқықтық актілер:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2 «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы» 25 қазан 1990ж. қабылданған Декларациясы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

3 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан.// «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

4 «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

5 «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

6 «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

7 «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

8 «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

9 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

10 «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты» туралы 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

11 «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының

мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

12 «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

13 «Қазақстан Республикасындағы Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған Конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

14 «Прокуратура туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

15 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңы //«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

16 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

17 «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңы //«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

Әдебиеттер тізімі:

1 Ашитов З.О. Право суверенного Казахстана. –Алматы: Жеті жарғы, 2015. -256 с.

2 Ашитов З.О., Ашитов Б.З. Қазақстан Республикасының құқық негіздері. Оқу құралы. –Алматы: Жеті жарғы, 2013. -296 б.

3 Баишев Ж.Н. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2011. -245 с.

4 Баишев Ж.Н. Судебная защита Конституции. –Алматы: Жеті жарғы, 2008. 168.

5 Баққұлов С.Д. Құқық негіздері. Оқулық, 4- басылым. –Алматы, 2014. -248 б.

6 Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. –Алматы: Жеті жарғы, 2002. -277 с.

7 Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. -166 с.

8 Конституционное право Республики Казахстан. Терминологический словарь. -Алматы: Жеті жарғы, 2018. -568 с.

9 Конституция Республики Казахстан. Научно-правовой комментарий. / Под.ред. Г. Сапаргалиева. –Алматы, 2008. -235 с.

10 Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. –Алматы: Жеті жарғы, 2014. -120 б.

11 Қопабаев Ө.Қ. Шетелдердің конституциялық құқығы. –Алматы: Жеті жарғы, 2016. -188 б.

12 Назарбаев Н.Ә. Конституция – Қазақстанның өркендеуі мен тұрақтылығының негізі. // Егеменді Қазақстан, 2020 ж. 30 тамыз. №12, -Б.8.

13 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. -Алматы: Жеті жарғы, 2014. -544 б.

14 Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. - Алматы: Жеті жарғы, 2015. -276 б.

15 Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. - Алматы, 2016. -192 б.

16 Сагиндыкова А.Н. Конституционное право Республики Казахстан. Курс лекций. –Алматы: Білім, 2014. -96 с.

17 Сартаев С.С. и др. Конституционное право Республики Казахстан. Учебное пособие. -Алматы, 2014. -360 с.

18 Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. –Алматы: Жеті жарғы, 2005. -464 б.

19 Толковый словарь Конституции Республики Казахстан. –Алматы: Жеті жарғы, 2018. -150 с.

20 Тинистановна С.С. Құқық негіздері. Оқу құралы. –Талдықорған, 2012. -191 б.

21 Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы. –Талдықорған, 2013. -258 б.

22 Тинистановна С.С. Қазақстан Республикасындағы тергеу судьясының құқықтық мәртебесі. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми көпшілік журналы. -Астана, 2016.-№5 (41). 96-99 бб.

23 Смит К. Конституционное право. // Constitutionsl Rights. – Gengage Leaming, 2015. -263p.

24 Қазақстан Республикасының Конституциясы: ғылыми-практикалық түсіндірме. ksrk.gov.kz

25 Жарболова А.Ж. «Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» пәнінен семинар сабақтарына қосымша дайындық материалдары. Оқу құралы. –Алматы, 2015. -230 б.

26 Алимбаева А.А. Взаимоотношение государства и религиозных объединений в Республике Казахстан // ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Экономика және құқық: өзекті мәселелері мен даму келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Караганда 2011ж

27 Сатбаева Қ. Қазақстан Республикасының парламенттік құқығы. – Қарағанды, 2005ж.

28 Сатбаева Қ. 2017 жылғы конституциялық реформа аясында билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу // Конституцияқ-құқықтық дамудың өзекті мәселелері: Қазақстан Республикасының елордасы – Астана

каласының 20 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2018.

29 Сидорова Н.В., Сатбаева Қ. «Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» курсының интерактивті аспектілері // «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтында оқыту әдістемесін жетілдіру»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.- Қарағанды, 2017 ж.

30 Мусатаев С. Ш. Саяси билік /Жоғары оқу орнының студенттеріне арналған оқу құралы/. -Алматы, 2014. -135 б.

31 Умнова А.И., Алешкова И.А. Конституционное право. Учебник и практикум для академического бакалавриата. –М., 2017 г.

32 Авакьян С. А. Конституционный лексикон: Государственно-правовой терминологический словарь / С. А. Авакьян — М.: Юстицинформ, 2015.

33 Безруков А.В. Конституционное право России: учебное пособие. 3-е изд., перераб. и доп. М.: Юстицинформ, 2015.

34 Безруков А.В. Парламентское право и парламентские процедуры в России: учебное пособие. 2-е изд., перераб. и доп. М.: Юстицинформ, 2015.

35 Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформалар: жүзеге асырылуы және маңызы. Қазақстан ғылымы мен өмірі. – Астана, 2020 ж. №12 (23). -78 бб.

36 Байжұманова А.М. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқу құралы. –Талдықорған, 2021ж. – 242 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	1
1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ.....	3
1.1 Конституциялық құқықтың түсінігі, пәні әдістері және конституциялық-құқықтық нормалар: түсінігі, ерекшеліктері, түрлері.....	3
1.2 Конституциялық құқықтың қайнар көздері.....	10
2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТАРИХЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ-МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ.....	24
2.1 Конституциялық құқық ғылым саласы ретіндегі орны және Қазақстан Республикасының Конституциясының нысаны мен құрылымы.....	24
2.2 Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдері.....	30
3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	48
3.1 Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының түсінігі және Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекет нысанының негізгі белгілерінің бекітілуі.....	48
3.2 Қазақстан Республикасы – зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Қазақстан Республикасының экономикалық негіздері.....	52
4 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ.....	62
4.1 Қазақстан Республикасында адам және азамат құқықтық мәртебесі негіздерінің түсінігі.....	62
4.2 Қазақстан Республикасында адам және азаматың конституциялық құқықтары, бостандықтары және міндеттері.....	70
5 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	84
5.1 Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер және саяси партиялармен арақатынасының конституциялық қағидалары.....	84
5.2 Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың конституциялық-құқықтық мәртебесі.....	89
6 САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ.....	101
6.1 Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: түсінігі, қағидалары және әлеуметтік функциялары.....	101
6.2 Қазақстан Республикасындағы сайлау органдары: түсінігі, жүйесі, өкілеттік мерзімдері.....	107
7 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ.....	117
7.1 Республикалық референдум: түсінігі және қағидалары.....	117
7.2 Республикалық референдумды белгілеу және оны дайындау мен өткізу	

тәртібі.....	123
8 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	140
8.1 Мемлекеттік орган: түсінігі, негізгі белгілері.....	140
8.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі.....	148
9 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	155
9.1 Қазақстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктері.....	155
9.2 Қазақстан Республикасы Президентінің билік тармақтарымен, басқа да мемлекеттік органдармен өзара қатынасы және құқықтық актілері.....	160
10 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	170
10.1 Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы, құру тәртібі және Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары.....	170
10.2 Заң шығару процессі.....	177
11 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНІҢ ДЕПУТАТЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	186
11.1 Қазақстан Республикасының Парламент депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі.....	186
11.2 Парламент депутаты қызметінің негізгі қағидалары және Парламент депутаттарына қолданылатын жауаптылық түрлері және ерекшеліктері.....	188
12 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	199
12.1 Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік: түсінігі, негізгі белгілері.....	199
12.2 Үкімет Қазақстан Республикасындағы атқарушы биліктің ең жоғарғы органы.....	204
13 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	213
13.1 Қазақстан Республикасының Конституциялық Соттың құқықтық мәртебесі: құрамы және құрылу тәртібі.....	213
13.2 Конституциялық Соттың және лауазымды тұлғалардың өкілеттігі.....	219
14 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ БИЛІГІНІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	227
14.1 Қазақстан Республикасының билік жүйесіндегі сот билігінің алатын орны және рөлі.....	227
14.2 Қазақстан Республикасындағы прокуратураның конституциялық-құқықтық негіздері.....	235
14.3 Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің	

конституциялық-құқықтық мәртебесі.....	238
15 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ	
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ	
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....	242
15.1 Жергілікті мемлекеттік басқару түсінігі.....	242
15.2 Жергілікті атқарушы органдар.....	247
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	255